
Өнегелі Өмір

МАҚТАЙ САҒДИЕВ







ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МАҚТАЙ САҒДИЕВ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Алматы
«Қазақ университеті»
2019



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген

Бас редактор: Ғ.М. Мұтанов
Орынбасарлары: Б.Ө. Жақып
З.А. Мансұров
Жауапты хатшы: Н.Е. Қопабаева

Редакциялық жұмыс тобы:
Н.С. Колинко
Г.М. Сагдиева

Редакторлар: А. Ауанова
А. Суталиева

Беттеген және мұқабасын көркемдеген: Н. Қопабаева

Редакция мекенжайы: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ.,71, «Қазақ университеті» баспа үйі тел.: 221-11-74

Республикалық «Өнегелі өмір» сериялық кітап редакциясы қоғамдық кеңесінің мүшелері

Кеңес төрағасы: О.О. Сүлейменов

Әбдіжәміл Нұрпейісов
Әбілфайыз Ыдырысов
Болат Көмеков
Кенжеғали Сағадиев
Көпжасар Нәрібаев
Қуаныш Сұлтанов
Мәулен Әшімбаев
Мұрат Әуезов
Мұрат Жұрынов
Мұхтар Құл-Мұхаммед
Мырзатай Жолдасбеков
Нұрлан Оразалин
Роллан Сейсенбаев
Сағымбай Қозыбаев
Сауытбек Абдрахманов
Сейіт Қасқабасов
Сергей Терещенко
Сұлтан Сартаев
Төлеген Қожамқұлов
Уахит Шәлекенов

Арнаулы шығарылым

ӘОЖ 929.5
КБЖ 63.2
С 14

Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған

Сағдиев М.
С 14 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. Арнаулы шығарылым. – 344 б., сур.

ISBN 978-601-04-3801-9

Книга посвящена известному государственному и общественному деятелю республики Махтаю Рамазановичу Сагдиеву. В советские годы М.Р. Сагдиев работал на различных должностях: был министром рыбного хозяйства, председателем Костанайского облисполкома, первым секретарем Кокшетауского обкома партии. Затем был председателем Президиума Верховного Совета КазССР, советником президента страны. В 1991 году возглавил Совет ветеранов, которым руководил до своей кончины.

Книга содержит избранные труды М.Р. Сагдиева, статьи коллег, воспоминания соратников, друзей, родных, а также уникальные фото и архивные материалы.

560492

ӘОЖ 929.5
КБЖ63.2

ISBN 978-601-04-3801-9

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

Уважаемый читатель!

Казахский национальный университет имени аль-Фараби продолжает выпуск серии книг «Өнегелі өмір», посвященных выдающимся личностям, государственным и общественным деятелям, ученым, педагогам, организаторам науки и образования Казахстана. Данный выпуск посвящен видному государственному и общественному деятелю Махтаю Рамазановичу Сагдиеву.

Махтай Сагдиев родился 12 мая 1929 года в селе Ундрус Ленинского района Северо-Казахстанской области. Трудовую биографию начал в 14-летнем возрасте учетчиком тракторно-полеводческой бригады родного колхоза. Окончив в 1950 году Семипалатинский учительский институт. Махтай Рамазанович работает учителем истории в семилетней школе аула Караагаш, а потом и ее директором.

1 сентября 1957 года М.Р. Сагдиев стал слушателем дневного отделения Алма-Атинской высшей партийной школы и через четыре года вместе с дипломом о ее окончании получил еще и диплом об окончании заочного отделения Талгарского сельхозтехникума по специальности «агрономия». Служебная карьера его пошла по нарастающей – в июле 1961-го его избирают секретарем парткома совхоза «Явленский», а через год он назначается директором совхоза «Афанасьевский» тогдашнего Сергеевского района. В 1966–1971 годах М.Р. Сагдиев – первый секретарь Соколовского и Джамбулского райкомов партии.

За те четыре года, когда М.Р. Сагдиев был директором совхоза «Афанасьевский», он разительно преобразился – стал экономически крепким, многоотраслевым. Там были построены первая в районе типовая средняя школа, детский комбинат, жилые дома, сельский стадион, отделения соединены с центральной усадьбой гравийными дорогами. Опять-таки впервые в районе здесь были созданы совхозный хор и народный театр... За успехи в развитии хозяйства в марте 1966 года М.Р. Сагдиев был награжден орденом Ленина.

В августе 1971-го Махтай Сагдиев был назначен первым заместителем председателя облисполкома, образованной в ноябре 1970 года Тургайской области, где он проработал девять лет. Тщательно изучив ситуацию, он через два года, выступая на республиканском совещании работников сельского хозяйства, поднял важнейший на

то время для Казахстана вопрос – районной планировки. По инициативе М.Р. Сагдиева и под его непосредственным руководством были проведены исследования по землеустройству и аграрной экономике в каждом совхозе и колхозе, а затем разработаны рекомендации по системе ведения сельского хозяйства Тургайской области.

С таким же увлечением, творчески и заинтересованно М.Р. Сагдиев работал и на других должностях, – будучи министром рыбного хозяйства Казахской ССР, председателем Костанайского облисполкома, первым секретарем Кокшетауского обкома партии. В приоритете были не только вопросы экономики региона, но и строительства жилья, объектов культуры, школ, проблемы воспитания молодежи, охраны здоровья людей, благоустройства населенных пунктов.

В марте 1989 года Махтай Рамазанович Сагдиев был избран председателем Президиума Верховного Совета Казахской ССР, то есть в соответствии с Конституцией стал номинальным главой республики. По должности он также являлся и заместителем председателя Президиума Верховного Совета СССР. За недолгий период пребывания на этом высоком посту М.Р. Сагдиевым проведена важная работа по становлению и развитию парламентаризма; совершенствованию деятельности высшего органа законодательной власти республики, укреплению его авторитета.

Особая страница в жизни и деятельности М.Р. Сагдиева – работа в республиканском Совете ветеранов войны и труда. Возглавив эту организацию на заре независимости, в самые сложные годы экономических и политических преобразований, он внес огромный вклад в развитие ветеранского движения в стране, улучшение материальных, жилищных и бытовых условий жизни ветеранов.

В период своей трудовой и общественной деятельности М.Р. Сагдиев неоднократно избирался в состав партийных и советских органов Тургайской, Северо-Казахстанской, Костанайской и Кокшетауской областей. В годы, когда республика стала независимой, избирался депутатом Мажилиса Парламента, членом Ассамблеи народа Казахстана.

За свои трудовые заслуги М.Р. Сагдиев, кроме ордена Ленина, был награжден также орденом Октябрьской Революции, тремя орденами Трудового Красного Знамени, медалями «За освоение целинных земель», «За трудовое отличие», рядом других юбилейных и

памятных наград. В 1995 году Президент Казахстана Н.А. Назарбаев вручил ему орден «Парасат», а 8 декабря 2006 года – орден «Первый Президент РК» (Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті). М.Р. Сагдиеву присвоено звание почетного гражданина городов Кокшетау и Аркалык, Есильского района Северо-Казахстанской области. В Алматы на доме, где он жил, установлена мемориальная доска, одна из улиц в Наурызбаевском районе города названа именем Махтая Сагдиева. Его именем названа также одна из центральных улиц в городе Кокшетау – нынешнем центре Акмолинской области.

Учитывая особые заслуги Махтая Рамазановича Сагдиева в трудовой и общественно-политической деятельности страны, патриотическом воспитании молодежи, поддержке национальной культуры и науки нашего народа, в решении его социальных проблем, Редакционный совет при Казахском национальном университете имени аль-Фараби счел целесообразным издать посвященный ему выпуск из серии книг «Өнегелі өмір».

Главный редактор,
ректор ***Г.М. Мутанов***

М.Р. САФИЕВКЕ

Құрметті Мақтай Рамазанұлы!

Есіміңіз көпшілікке кеңінен танымал қозам қайраткері, қадірменді ақсақал ретінде Сізді 70 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Жұртшылық Сізді еліміздің басқару органдарында көп жылдар бойы жемісті жұмыс атқарған іскер ұйымдастырушы, әрдайым үлкенге іні, кішіге аға бола білген парасатты азамат ретінде құрмет тұтады. Еңбек жолыңызды ұстаз болып бастап едіңіз. Нағыз ұстаздарға тән осы шынайы зиялылық Сізге әдейі жақсы сөрік болып келеді. Ол еңбексүйгіштікпен, ізденгіштікпен және тиянақтылықпен ұштаса келе Сіздей есімі елге белгілі қозам қайраткері етіп шығарды. Ел сенімін ақтап, талай-талай жауапты қызметтерді абыроймен атқардыңыз. Сіздің бойыңыздағы іскерлік және ұйымдастырушылық қасиеттер жіпсе еліміздің халық шаруашылығы министрлігін, бұрынғы Көкшетау облысын және Қазақ ССР Жоғары Советінің Президиумын басқарған тұстарда айрықша жарқырай көрінді. Бірнеше мәрте еліміздің ең жоғары органдарына халық қалаулысы болып сайлануыңыз және еңбегіңіздің мәртебелі мемлекеттік наградамен атап өтілуі осының айқын айғағы.

Сіз зейнет жасына жеткеннен кейін де қозам өмірінен қол үзбей, еліміздің ардагерлер ұйымын басқарып келесіз. Бұл ұйым еліміздің тәуелсіз шешілген сындарлы сәттерде әрдайым ақылман ақсақалдарымыздың байсалды пікірін білдіріп, қоғамдағы тұрақтылықтың сақталуына лайықты үлесін қосуда.

Құрметті Мақтай Рамазанұлы, мерейтойыңыз тұсында Сізге тағы да зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға бақыт пен береке тілеймін.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

Н.Назарбаев

Астана, 1999 жылғы 12 мамыр



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

АЛҒЫСЫ

Мақтай Рамазанұлы САҒДИЕВКЕ

Сіз көптеген жылдар бойы қызметтік міндеттерді адал атқарып, мемлекеттік қызметтің жоғары дәстүрлерін қалыптастыруға үлкен үлес қостыңыз. Республика Президенті Әкімшілігінің басшысы қызметінен босатылуыңызға байланысты Сізге ерекше зор Мақтаныш сезімімен үлкен ризашылығымды жеткізуді жақсы дәстүрге айналдырған жөн деп санаймын.

Жеңіс Қазақстанда Сіз сияқты ақылды азаматтар болғанда ғана келеді, ал ақылды адам ақылды кеңес бергенде ғана.

Нұрсұлтан Назарбаев

Астана, 2004 жылғы мамыр



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

АЛҒЫСЫ

Махтай Рамазанұлы САҒДИЕВКЕ

Сіз кәсіптен басым қызметтер мен қоғамдық жұмыстарды атқара жүріп, елімізді экономикалық-әлеуметтік өркендеуімен қатар, халқымыздың отаншылдық тәрбиесін жетілдіруге де өзіндік үлес қосыпсыз.

Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің төрағасы ретінде ана ұйымға қайырымдылық көрсету ісіне де белсенді атсалысыпсыз.

Ардагерлер ұйымының 25 жылдық мерейтойы қарсаңында ризашылығымды білдіріп, зор денсаулық, ұзақ өмір, бақыт-береке тілеймін.

Нурсултан Назарбаев

Астана, Ақорда, 2012 жылғы сәуір

ЖОҒАРЫ
ҮКІМЕТТІК

ВЫСШАЯ
ПРАВИТЕЛЬСТВЕННАЯ

ЖЕДЕЛХАТ
ТЕЛЕГРАММА

Байланыс операторы

Қаб. сағ. мин. қабылданды
Прием го час. мин.

Бланк №

Қабылдаған:

Оператор связи

сағ. мин. жіберілді:
Передача: го час. мин.
Жұмыс орнының нөмірі:
Номер раб. места
Қабылдау пунктінің автожауабы
Автоответ пункта приема

АСТАНА 264135/1 144 28/08 1124=

Қазақстан Республикасының Президенті

М.Р. Сағдиев марқұмның
отбасы мен туған-туыстарына
Достық даңғылы, 302 А, № 5 коттедж,
Алматы қаласы

Көрнекті мемелкет және қоғам қайраткері Мақтай Рамазанұлы Сағдиевтің дүниеден озуына байланысты ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Мақтай Рамазанұлы ұзақ та ғибратты ғұмыр кешті. Аса жоғары лауазымды қызметтерді зор абыроймен атқарып, өзінің бар білімі мен ұйымдастырушылар дарынан туған елінің игілігіне жұмсады. Министр болды, облыс басқарды, республикамыздың ең мәртебелі органына депутат болып сайланып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумына басшылық жасады. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғам өмірінен қол үзбей, көп жыл бойы еліміздегі Ардагерлер кеңесінің жұмысына басшылық етті.

Қай қызметте де өзін қарапайым, жан-жүрегі адал әрі істің көзін білетін беделді тұлға ретінде танытып, халқымыздың шынайы құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленді.

Еңбегі жоғары мемлеткеттік наградалармен атап өтілді.

Ол кісінің еңбегі мен жарқын дидарын халқмыз ұмытпайды.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жаннатта болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Нұрсұлтан Назарбаев**

Астана, Ақорда 26.08.2012

МАХТАЙ РАМАЗАНОВИЧ САГДИЕВ

В Алматы 25 августа на 84-м году жизни скончался известный государственный и общественный деятель Махтай Рамазанович Сагдиев.

Махтай Сагдиев родился в 1928 году в селе Ундрус Ленинского района Северо-Казахстанской области. Трудовую биографию начал в 14-летнем возрасте учетчиком тракторно-полеводческой бригады родного колхоза. В 1950-м выпускник Семипалатинского учительского института направляется работать учителем истории в Караагашскую школу и скоро становится ее директором.

В 1962 году он назначается директором отстающего совхоза «Афанасьевский» и через 2 года выводит его в передовые.

Спустя четыре года, М. Сагдиева избирают первым секретарем Соколовского райкома партии. На этой должности открылись новые грани его организаторского таланта – район за короткое время становится одним из крупных производителей сельхозпродукции, укрепилась экономика его хозяйств, развернулось строительство жилья, дорог, производственных объектов.

Позже М. Сагдиев – руководитель нового, только что созданного Джамбулского района, а еще через некоторое время – первый заместитель председателя Тургайского облисполкома.

Своим повседневным трудом и энергией он способствовал значительному подъему сельскохозяйственного производства в этом регионе, находящемся в сложных природно-климатических условиях, укреплению его материально-технической базы, благоустройству и электрификации населенных пунктов, расширению сети автомобильных дорог и средств связи. Значительный прогресс был достигнут в деле народного образования, здравоохранения и культуры.

В центре области – городе Аркалыке – были открыты педагогический институт, Дом культуры и драматический театр, краеведческий музей, построены современные больничные комплексы, возникли предприятия по переработке сельхозпродуктов и ремонту техники.

В 1980 году руководство Казахстана выдвинуло его на должность министра рыбного хозяйства КазССР. Он быстро разобрался в положении дел и проблемах важной отрасли. В этом ему пригодился прошлый опыт хозяйственной деятельности и организаторской работы. Населению стали доступны наряду с рыбной продукцией внутренних водоемов морская рыба и рыбопродукты. В столице республики и в областных центрах расширилась сеть специализированных магазинов

«Океан», оснащенных современным торгово-технологическим и морозильным оборудованием.

С 1983-го по 1985 годы М. Сагдиев работает в должности председателя Кустанайского облисполкома. В тот период велась настойчивая борьба за повышение культуры земледелия, расширение строительства жилья и коммунально-бытовых объектов, дорожного строительства. На промышленных предприятиях, стройках уделялось особое внимание внедрению принципов хозяйственного расчета, а в сельском хозяйстве – повышению рентабельности и обеспечению расширенного воспроизводства за счет собственных средств. С присущей энергией и деловитостью Махтай Рамазанович настойчиво работал над проблемами обучения и воспитания молодежи, охраны здоровья населения, удовлетворения их культурно-бытовых запросов, развития торговли и благоустройства населенных пунктов, совершенствуя стиль и метод работы советских и хозяйственных органов, что требовало большого мужества и выдержки, дипломатического искусства.

С 1985-го по 1989 годы Сагдиев работал первым секретарем Кокчетавского обкома партии и вывел эту область на одно из первых мест в Казахстане. Потом он был председателем Президиума Верховного Совета Казахской ССР. На XII-XV съездах Компартии Казахстана избирался членом ее ЦК, был делегатом XXIV и XXVII съездом ЦК КПСС, депутатом Верховного Совета КазССР, народным депутатом СССР. Работал советником президента страны, избирался депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

В конце 1991 года Махтай Сагдиев возглавил Совет ветеранов РК и руководил им до последнего времени. Кроме того, он являлся членом совета Ассамблеи народа Казахстана, заместителем председателя Государственной комиссии при президенте страны по вопросам борьбы с коррупцией и соблюдения служебной этики государственными служащими, членом Национального совета.

Махтай Рамазанович прожил долгую и содержательную жизнь. Достойно работая на различных высоких должностях, он все свои знания и организаторский талант направлял на благо страны. М. Сагдиев внес большой вклад в укрепление независимости и становление суверенного Казахстана.

Светлая память о Махтае Рамазановиче навсегда останется в сердцах казахстанцев.

Правительство Республики Казахстан

ЖОҒАРЫ
ҮКІМЕТТІК



ВЫСШАЯ
ПРАВИТЕЛЬСТВЕННАЯ

ЖЕДЕЛХАТ
ТЕЛЕГРАММА

Байланыс операторы — Оператор связи

Қабылданды
Прием
сағ. мин.
го час. мин.

Бланк №

Қабылдаған: _____


____ да ____ сағ. ____ мин. жіберілді:
Передача: го час. мин.
Жұмыс орнының нөмірі _____
Номер раб. места
Қабылдау пункттің
автоожауабы _____
Автоответ пункта

АСТАНА-050ДОС 264050/033/05 178 26/08 1447=

ВЫСШАЯ ПРАВИТЕЛЬСТВЕННАЯ УВЕДОМЛЕНИЕ
ТЕЛЕГРАФОМ
ЗЭЭЭАЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ 302 А 5
КОТТЕДЖ САҒДИЕВТЕР ОТБАСЫНА=

ҚАДІРЛІ МАҚТАЙ РАМАЗАНҰЛЫНЫҢ ӘУЛЕТІ
ТУМА-ТУЫСТАРЫ СІЗДЕРДІҢ АУЫР
ҚАЙҒЫПАРЫҢЫЗДЫҢ САЛМАҒЫН БІЗ ДЕ
ЖАН-ЖҮРЕГІМІЗБЕН СЕЗІНЕМІЗ БАРША
ЕЛІМІЗ ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТТЕЙТІН АРДАҚТЫ АҒАМЫЗ ҚОҒАМ
ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ
ҚАЙРАТКЕРІ МАҚТАЙ РАМАЗАНҰЛЫ САҒДИЕВТІҢ
ДҮНИЕДЕН ОЗҒАНЫ БІЗДІҢ ДЕ
ЖАНЫМЫЗҒА БАТАДЫ ОСЫҒАН ОРАЙ ЖОЛДАП ОТЫРҒАН
КӨҢІЛ АЙТУЫМДЫ ҚАБЫЛ
АЛЫҢЫЗ ҰЗАҚ ТА МАҒЫНАЛЫ ҒҰМЫР КЕШІП ӨНЕГЕЛІ
ӨМІРІМЕН СОҢЫНА ӨШПЕС ІЗ
ҚАЛДЫРҒАН МАҚТАЙ АҒАМЫЗ ЕЛІМІЗДІҢ КӨПТЕГЕН
ОБЛЫСТАРЫНДА БАСШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР АТҚАРДЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕС ТӨРАЛҚАСЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫ ПРЕЗИДЕНТ
ЖАНЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ
ТӨРАҒАСЫ БОЛДЫ СОНЫМЕН
ҚАТАР ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ БОЛЫП
ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТТІ
ЗАҢДАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА АТСАЛЫСТЫ ЖИЫРМА
ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ БОЙЫ
ҚАЗАҚСТАН АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ ОРТАЛЫҚ КЕНЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ
ЕЛІМІЗГЕ ӨЛШЕУСІЗ ЕҢБЕК СІНІРДІ АЛЛАНЫҢ ІСІНЕ АМАЛ
ЖОҚ БОЛҒАН ІСКЕ
БОЛАТТАЙ БЕРІК БОЛЫҢЫЗДАР ОСЫ БІР ӨТЕ ҚИЫН
СӘТТЕ БҮКІЛ ЕЛІҢІЗ
СІЗДЕРДІҢ ОТБАСТАРЫҢЫЗБЕН ТУҒАН
ТУЫСҚАНДАРЫҢЫЗБЕН БІРГЕ ҚАДІРЛІ
АҒАМЫЗДЫҢ ИМАНЫ ЖОЛДАС БОЛСЫН АҒАМЫЗДЫҢ
ЕСІМІ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ
МӘҢГІЛІК САҚТАЛАРЫ АНЫҚ ҚАЙҒЫЛАРЫҢЫЗҒА
ОРТАҚТАС БОЛҒАН МЕНІҢ КӨҢІЛ
АЙТҚАН СӨЗІМДІ МАРҚҰМНЫҢ ТУҒАН ТУЫСТАРЫ МЕН
ЖОРА ЖОЛДАСТАРЫНА ДА
ЖЕТКІЗУІҢІЗДІ ӨТІНЕМІН КӨҢІЛ БІЛДІРУШІ=ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТУ МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ НҰР ОТАН ХДП
ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ
ОРЫНБАСАРЫ НҰРЛАН НЫҒМАТУЛИН=

ННПН 10250379 14.48 26.08.2012



ЖОҒАРЫ
ҮКІМЕТТІК

ВЫСШАЯ
ПРАВИТЕЛЬСТВЕННАЯ

ЖЕДЕЛХАТ
ТЕЛЕГРАММА

Байланыс операторы — Оператор связи

Қабылданды
Прием

Бланк №

Қабылдаған:

да саг. мин. жіберілді:
Передача: го час. мин.
Жұмыс орнының нөмірі:
Номер раб. места
Қабылдау пунктінің автожауабы
Автоответ пункта приема

АСТАНА-050ДОС 264050/033013 75 27/08 0931=

ВЫСШАЯ ПРАВИТЕЛЬСТВЕННАЯ УВЕДОМЛЕНИЕ
ТЕЛЕГРАФОМ
ЗЕЛЕНАЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ 302-А 5
КОТТЕДЖ САҒДИЕВТЕР
ӘУЛИЕТІНЕ=

ҚҰРМЕТТІ САҒДИЕВТЕР ОТБАСЫ ӘУЛЕТТЕРІҢІЗДЕГІ
КЕЛГЕН ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЗА
АСҚАР ТАУДАЙ АРДАҚТЫ ӘКЕ ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ
МАХТАЙ АҒАМЫЗДЫҢ ДҮНИЕДЕН
ӨЗҮЛІНА БАЙЛАНЫСТЫ КӨҢІЛ АЙТЫП ҚАЙҒЫЛАРЫҢЫЗҒА
ОРТАҚТАСАМЫН КӨРНЕКТІ
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ЕЛІМІЗДІҢ ҚАДІРЛІ
АЗАМАТЫ МАХТАЙ
АҒАМЫЗДЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ МӘҢГІЛІК ЖАДЫМЫЗДА
САҚТАЛАДЫ АБЗАЛ АҒАМЫЗДЫҢ
ЖАТҚАН ЖЕРІ ЖАРЫҚ ЖАҢЫ ЖАННАТТА ИМАНЫ
САЛАМАТ БОЛСЫН=ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
ҚАЙРАТ МӘМІ АСТАНА ҚАЛАСЫ
2012 ЖЫЛҒЫ 27 ТАМЫЗ-

ННҢН 10250537 09.33 27.08.2012

Политический совет Народно-Демократической партии «Нур Отан» выражает глубокое соболезнование родным и близким в связи с кончиной видного государственного и общественного деятеля Сагдиева Махтая Рамазановича.

Свои соболезнования семье М.Р. Сагдиева выразили также (на тот момент) заместитель Генерального секретаря ООН, Генеральный директор отделения ООН в Женеве Касым-Жомарт Токаев, аким г. Астаны Имангали Тасмагамбетов, акимы Акмолинской, Павлодарской, Костанайской, Кызылординской, Шымкентской, Кокшетауской, Северо-Казахстанской, Восточно-Казахстанской и других областей республики, министры, военачальники, председатели областных и городских филиалов Народно-демократической партии «Нұр Отан», руководители областных и многих городских Советов ветеранов, руководство и коллективы АО НК «КазМунайГаз», АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз», ОФ «Фонд образования Нурсултана Назарбаева», накопительного пенсионного фонда «ГНПФ», АО «Казпочта», ТОО «Корпорация Век», дочернего банка «Сбербанк» в Казахстане, компании «ПетроКазахстан», АО «Altynau Resourses» и многие другие.

АБЫЗДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

560492

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

Мақтай САҒДИЕВ

ТАБАНЫМДА ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЫСТЫҒЫ

Жетпіс жас – жеті белес. Елмен қоян-қолтық, еңбекпен етене болып, құдай ақы деп ағымнан жарылып айтсам, жарғақ құлағымыз жастыққа тимей жүріп өткізген өмірімнің жеті белесі. Маңдайыма жазылып, пешенеме бұйырған тағдырдың жеті асуы. Осы жеті белес, жеті асу аз ба, әлде көп пе? Мағына-мазмұны мен парасат-тәлімі қандай болды? Жеті белесте көкірек қазынасына жиған-тергеннің жаңбырдан кейінгі көктей қаулап өсіп, болашаққа озған жас ұрпаққа беретін ғибрат-үлгісі бар ма? Отызымызда орда бұза алдық па, қырқымызда қамал ала алдық па? Елуімізде елге аға бола алдық па? Алпысымызда сөзіне жұрт тоқтаған дана бола алдық па? Бұл сауалдарға мен төреші бола алмаймын, болмақ та емеспін. Бір ғана білерім, есейіп, оң-солымызды танып, ат жалын тартып мінгеннен-ақ, ұлан-асу өмірдің күрескерлік шеруінде «қара қазан, сары баланың» қамы үшін, солардың киер киім, ішер сүті, жейтұғын наны үшін еңбек етіппіз. Бойдағы күш-жігерді бүкілхалықтық мақсаттарға арнаппыз, ел мен жердің көсегесін көгертіп, көркейткен үстіне көркейте, өркендеткен үстіне өркендете түсуді армандаппыз. Сол арман асыл емес еді, сол мақсат мәнсіз еді деп айтуға кімнің аузы бара алады? Ет керек, жүн керек, сүт керек, май керек, астық керек!.. деп ұрандаппыз. Жасыратыны жоқ, осы ұран құранымызға айналған жылдар да болды. Бірақ осылар нашар ұран ба еді? Біле білген адамға «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп тұр ғой ол. Тіпті халық даналығы мен шариғаттың өзінде де құранның үстіне шығып нанды алуға рұқсат етіледі, ал нанды басуға болмайды, кепиет-киесі атады делінеді...

Ендеше, мына мен де өз өмірімнің жетпіс жастық жеті белесінің тобықтай түйінін бейнелеп айтар болсам, оның негізгі мән-мағынасы ел ырысын, жалпы халық ырыздығын мәпелеген еңбекке, берекесі мен бірлігі мол саялы да аялы шат тұрмыс орнатуға келіп тоғысады екен. Ырыс пен ынтымақ. Береке мен бақ. Бұлар біздің ұлттық тіліміздегі ең ұлы ұғымдар болып саналады. Өмір бақи осы қасиетті де қастерлі мұдделер үшін өлшеусіз тер төккен, аянбай еңбек еткен адам өзін бақытты санауға хақылы болса, өзім жайында мен де осылай деп батыл әрі кәміл сеніммен айта аламын. Себебі, қиын асулы күрделі жолдардан өттік. Бүкіл елімізге танымал ардагер

азаматтармен тізе қоса жұмыс атқардық. Елу жылдан астам тынымсыз еңбекпен өткізген саналы ғұмырымда, қарапайым мектеп мұғалімінен Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы, кеңшар директорлығынан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы немесе үлкен бір облыстың бірінші басшысына дейінгі өмірлік өсу сатыларымда еңбегім, жігерім, білімім, ар-намысым тек халқыма, Отаныма, биік ізгі мұраттар жолына арналды, сол жолда шырағдан етіп жағылды және ендігі жерде. келешек өмірімде көрер жарығым таусылғанша, дәм-тұзым біткенше солай бола бермек деп есептеймін. Бұл жылтыр сөз емес, Отаны мен халқын шын жүректен сүйген перзенттің ұлы мұраты деп ұғыну керек.

Халайық, ел-жұртым, мені дұрыс түсінулеріңізді өтінемін. Мен бұл арада он бес республиканы бұғалықтап, ондаған ұлттарды тәуелділіктің темір құрсауында ұстаған бұрынғы Кеңес дәуіріне қолпаш-марапат айтып, Коммунистік партияның шашбауын көтергелі тұрған жоқпын. Мен дәл сол зымиян заман, қиын-қыстау уақыттарда да Азаматтық пен Ар туын жоғары ұстаған, Әділет пен Адалдық жолынан адаспаған, өз бойларындағы Ерлік пен Күрескерлік рухын, асқақ Адамшылық қасиеттерін жоғалтпаған Аға ұрпаққа ырзалық пен сүйініш сезімді ғана білдірсем деймін. Бүгінгі келіп қалған жетпіс жас – жеті белесім де мені осы ақжолтай һәм аққөйлек аға ұрпақтың қатарына қосып тұрғаны ақиқат. Данышпан Абайдың ешқашан өлмейтін аталы, әзиз сөздерімен толғайтын болсақ: «Дүние үлкен көл, заман соққан жел. Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» демекші, алдыңғы толқын – аға ұрпақтың атынан үн қататын күншуағы байыған өмірдің байсал мезгіліне, ақсақалдық парасатты тұғырға мен-дағы келіп қалған екенмін. Уа, жаратқан! Бергеніңе шүкіршілік. Тәубе, тәубе деймін. Тағдырыма ризамын. Олай болса. өткен өміріміздің жеті белесін зерделеп толғағанда ел-жұрттың, қалың қауымның, әсіресе кейінгі жастардың кәдесіне асарлық бір ауыз сөз қалдыра алсақ – мақсатымыздың орындалғаны деп бағамдаймыз.

Өз басым туған жерді кереметтей қасиет тұтамын, аса қадірлеп қастерлеймін. Осы орайда аяулы ақын Қасым Аманжолов:

Уа, дариға, алтын бесік – туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр.
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасын болсам мен егер! –

деп қалай дәл тауып, жүрек қылын, көңіл сырын қалай тап басқан десеңізші... Дегенмен де әркімнің өз туған жері, өз туған елі – өзіне Мекке. Осы тұрғыдан келгенде, менің Меккем, менің қанат қаққан тұғырым, аялап тербетіп өсірген алтын бесігім – Солтүстік Қазақстанның құйқалы бір пұшпағындағы, сайын сақаралы Сарыарқаның нулы төсінде сыңғыр қаққан бір шолпысындай ғана кішкентай Сәмембет ауылы. Аяулы да ардақты ауылым!... Осы Сәмембет ауылы десе, жүрегім әлі күнге дейін шүпілдеп шуақты сезімдерге толады, әсем әндей әуелеген ғажап күйлі сырларға бөленеді. Көз алдыма балалық шақтың күйлі де мұңды, сырлы да сағынышты, асыл естелікке толы жарқын суреттерін әкеп, көңілді мың толқытады. Маңайы шоқ-шоқ орман-тоғаймен алқаланған, Веселая Крутинка деген орман шаруашылығының аумағына орналасқан бұл Сәмембет ауылы қазір Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының аумағында жатыр. Отызыншы жылдары сол жерде ұжымшардың атымен Өндіріс ауылы деп аталып кетті. Осы өңірге табиғат-ана өзінің барша сыйлығы мен тарту-таралғысын аскан жомарттықпен аямай төгіп берген деп айтсақ, жарасты да сыйымды болар еді... Асылы, аталарымыз коныс таңдай білген-ау.

Майы шыққан құйқалы да қыртысты, құнарлы қара топырақ көктем келгенде кеудесін кере бүлкілдей тыныстап жатқан сияқты болатын. Бұл атыраптың суы да, соған орай нуы да мол болып келеді. Саздауытты шілік-томары көп өңір. Көктем мен күзде қайтқан құс пен қаз-үйрек жыртылып-айырылады. Ақ балтырлы қайыңдар, сыланған көк теректер, сұңғақ бойлы қарағайлар кейде топталып, кейде араласа өскен ойдым-ойдым, шоқ-шоқ ормандар әсіресе масаты жаз айларында қызықтыра қол бұлғап, әлдебір қызық думанға шақырғандай, сәнді суретімен көздің жауын алар еді. Сол самсаған қалың ормандардың атақты «Мың бір түн» ертегілеріндей әдемі қойнаулары, қызық құпиялары, шілік-талдары, қарақаты мен жидегі, бүлдіргені мен шиесі, белуардан келер жасыл шалғыны – бәрі қосылып, көз алдыңа мөлдіреп тұна қалғанда ғажайып бір әлемнің ішіне кіргендей рақатқа бөленер едіңіз. Солардың ортасында атшаптырым аумақты алып, айнадай жарқырап, көгілжім сағымдай жалтырап жарықтық Жалтыр көлі жатады. Бұл Жалтыр көлі қай кезде де жағасы жайлау, елдің құты, ырысы мен берекесі. Үй орнындай жерден үлкен мая шөп алатын. Ерте көктемнен-ақ аққу-қазын, құс-үйрегін қаңқылдата шулатып базар қылып, айнала

төнірегін сәулелі аппақ мұнарға малындыра бусандырып, көлбей түсіп толықсушы еді-ау қайран Жалтыр, балалық шағымның балдан тәтті, оттан ыстық мекені! Кей жылдары кемерінен асып жайылып, арғы жағалауына көз жетпей кететін. Әлі есімде, 1941 жылы көл жан-жағына тасып, айдыны шалқарланып көп жерге жайылды. Сонда оның ұзындығы шамамен алты, көлденеңі бес шақырым жерді алып, айнала-аймағын, ауқымындағы шоқ-шоқ орман-тоғай, шілік-томарларын тегіс құшағына қаусырып, албырап, балбырап жататын суреті менің әлі күнге дейін көз алдымда тұрады. Мүмкін туған жердің перзент жүрегінде мәңгілік сақталатын құпия, киелі құдіреті деген осы болар. Осындай кезде үстінен өтіп бара жатқан құс атаулы бұл көлге тоқтамай, қонбай кетпеуші еді. Жалтыр көлдің басынан өзім де талай құс аттым, қызыққа кенелдім. құс базарын маңайдағы ауыл-селолардың жігіттері мен тісқаққан кәнігі саятшылары да құр жібермейтін. Сәмембет маңының, жалпы Жалтыр көл айналасының қыста қызықтайтын аңдары қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян, елік болатын... Міне, менің жадымда қасиетті жәдігердей жатталып, көзіме оттай басылып, сақталып қалған айналайын туған жер суреттерінің бір парасы осындай...

Әрине, көпшілік оқырман қауым түсінетін болар, мен туған жер дегенде жалғыз бұрынғы Сәмембет, қазіргі Өндіріс ауылдарын ғана оңаша бөліп, оқшау бөлектеп алып айтып тұрған жоқпын. Асылы ондай өзімшілдіктен мен әзелден аулақ жүретін жанмын, туған жер дегенде мен жаңағы Өндіріс – Сәмембетке сол атыраптағы көршілес, қойы қоралас, өрісі аралас Өрнек, Жарқайың және Ерназар ауылдарын да қоса айтып отырмын. Осылардың бәрі бір кезде іргедегі Ильинка деген орыс селосымен білек біріктіріп, бір арнада тоғысып, үлкен кеңшар болғаны да көз алдымызда. Ол үшін ағынан жарыла қуанғанымыз да есімде. Міне, осы ауылдардың барлық көшелерінде менің балалық, жігіттік, азаматтық жылдарымдағы жүріп өткен іздерім жатыр. Өндірісте туып-өсіп ер жетсем де жаңағы тағдырлас төрт-бес ауылдың тыныс-тіршілігі, сүйініш-күйініші – бәрі де менің өмірбаяныммен, жан-дүниеммен бірге кірігіп кеткендей. Жалғыз бұл ауылдар ғана емес, туған жер деген қасиетті ұғымды есіме алғанда, менің көз алдыма бүкіл Қызылжар-Көкшетау өңірінің, ерке Есілдің, сырбаз Сарыарқаның сымбатты суреті көлбеңдеп келіп тұра қалғандай болады.

Ойымды өрбіте түссем, ата қазақтың, алаш жұртының қоныстанып жайлаған, орда тігіп, түтін түтеткен жерінің бәрі де маған

туған жер. Солардың бәріне мен кіндігім байланған кішкентай ғана Сәмембет ауылынан жол тартқан едім. Табанымнан әрдайым тұла бойға тараған туған жердің ыстығын сезінуім сондықтан болар. Туған жер қашан да туған ел деген киелі ұғыммен сабақтасып, астасып жатса керек. Күні кешегі тоталитаризмнің тоңмойын идеологиясынан құтылған біздер қазір бұрынғыдай емес, «Қай ел боласың, шырақ?» деген сұрауға таңданып, немесе ер-тоқымымызды мойынға алып тулап, не болмаса, теріс түсініп томсырайып жатпаймыз. Бұл арадағы тәуелсіздігіміз қайтадан жолға салып, жөнге түсіріп берген ежелден келе жатқан қазақи әділ қағидамыз мынадай: жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін, ал бірақ, жеті атасын білмеген – жетесіз. Осы қанатты қағидаға өзім де қол қоямын. Сонда менің руым Орта жүзде Арғын тайпасының ішінде Атығай болып шығады екен. Өз руым мен шыққан ататегімді мақтап, ұпай жинап қалайын деген ойдан аулақпын, әйтсе де қазақтың он екі ата Атығайы да тарихта өзіндік орны бар, қол бастаған көсемдері мен сөз бастаған шешендері шыққан іргелі руларының бірі екендігін реті келгенде атап көрсетіп айта кетудің еш әбестігі болмас деп пайымдаймын. Жоңғар шапқыншылығы кезінде шамамен 1730 жылдардың басында бір ірі шайқаста үлкен ерлік көрсетіп қол бастаған Сабалақ-Әбілмансұрды атақты Абылай атандырып, Орта жүздің сұлтаны етіп алып келгенде Көкшетаудан қоныс беріп іргесін кеңейтіп, алдына мал салған, басына орда тіккен негізінен осы қалың атығай-қарауыл рулары болатын. Бұл істің мұрындығы болып басы-қасында жүрген адам от ауызды, орақ тілді кемеңгер шешен Қарауыл Қанай би. Қанай бидің тарихта алатын орны Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында едәуір ашып көрсетіледі. Ал, Абылай өмірінің бетбұрыс кезеңіндегі осы жайларды Бұқар жырау «Жиырма беске келгенде, Бақыт берді басыңа, Тақыт берді астыңа» деп жырлайды. Кейінгі заманда Абылай ханның немересі Кенесары ханның қолына кінәратты болып түсіп қалған атығай Арыстанбай ақын:

Кенеке, мен де өзіннің алашыңмын
Соңыңа еріп жүрген қарашыңмын.
Атаңа алты қатын алып берген
Атығай-Қарауылдың баласымын! –

деп қысылғанда өткендегі еңбегін алға тартып, қаһарлы ханның жүрегін солай жібітіп, аталы сөзбен тоқтатып, жансауға алған екен.

Құлагерді жоқтаған жырында алаштың ардагері Ақан сері Атығай-Қарауылдың атын бір көтеріп әйгілеп өтеді.

Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.
Атығай, Қарауылға олжа салған
Бота тірсек, қыл сағақ, сандал көрім.

Хош, сонымен менің аталарым осы азулы да айдынды Атығай руынан тарайды екен. Қазақша шежіремен таратқанда әулетіміздің басында Зілғара-Шопан тұрады. Олардан – Қосшығұл, Қосшығұлдан – Сандыбай, Сандыбайдан – Тілеужан, Тілеужаннан – Сағди, Сағдидан – Рамазан, Рамазаннан – мен Мақтай және Болат. Ел аузындағы және басқа қағазға түскен әңгімелерге қарағанда ата-бабаларым да тегін адамдар болмағанға ұқсайды. Бұның өзі бүгінгі біздер сияқты ұрпақтары үшін де сүйініш һәм заңды мақтаныш емес пе. Олар заманында мыңғырған малы бар бай, сән-салтанаты асқан бекзада, сөйлесе сөздің шешені, бастаса көптің көсемі әрі ән-жыр төккен өнерпаз болыпты. Мен міне осынау Арқа өңіріне, бүкіл Орта жүзге әйгілі Зілғара, Шопандардың әулетіненмін. Оны біреу біліп, біреу білмейді. Әрі партияның қиямпұрыс әмірі жүрген кешегі кеңес заманында «мен сондай асылтектердің ұрпағы едім» деп кімге дабырлап жайып жария қыларсың? Сырымызды ішке бүгіп, іштен тынып жүрдік қой, әйтеуір. Жаңа аталған екеуі де менің жетінші аталарым. Екеуі де әулетті, өз заманының бай да бағлан, батыр һәм сері адамдары. Ал, Зілғара атамыздан қалған өлең-жырлар, ән-әуендер, шешендік дуалы сөздер қаншама. Ол арнайы зерттеуді керек ететін, өмірі әлденеше хикаят-романдарға арқау болатын ғибраттық ғұмыр иесі екендігіне еш күмән болмаса керек...

Алашқа атым кеткен Зілғара едім,
Ешкімге сөз бермеген ділмар едім.
Кешегі жиырма бесім қайта келсе,
Төрт бұрышын дүниенің былғар едім, –

деп қалықтатып жүрген уақытында сері де, серке де болған екен деп аңыз етіп айтысып отырар еді бала күнімізде көнекөз қариялар. Иә, халық арасында кең тараған серпінді де сәулетті атақты «Жиырма бес» әнін шығарған дегдар, асылтек, ақсүйек өнерпаз хақында осылай демеске әддіміз қайда! Бір кездегі Құнанбай сықылды

қарадан шығып хан атанған осы Зілғараның Көкшетау дуанына бірталай жыл аға сұлтан болып, билік жүргізіп, дүйім елді аузына қаратқан айдынды шағы да бар еді. Бұл Зілғара атамыздың кезінде ақ патшаға кілең бір түсті, асыл тұқымды үш жүз арғымақты сыйға тартып, небір шонжар-бекзадаларды өзінің тапқырлығымен, кеңкол мырзалығымен таңғалдырғаны да өзінше бір жосын. Ал, әкесінің атақ-айдынын қазақ сахарасына жайып жалғастыра түскен, батыр атанған Зілғараның Әлібегі әннің ақсұңқары Ақан серіні жақсы көріп бауырына тартты, қолдау көрсетті, алғаш бәйгеге қостырып бағын сынатып, қазақ даласында бұрын-соңды болып көрмеген ерен жүйрік Құлагердің атағын ең алғаш үш жүзге түгел жайды. Сөйтіп, кезінде Ақан серідей ақиықтың, Құлагердей қолтығына қанат байлаған тұлпардың маңдайы ашылып, қалың қазақ еліне бар құдірет-қасиетімен жарқырай танылуына жол ашқан біздің Әлібек батыр атамыз екен. Бұл жайлар қазақтың көрнекті жазушысы Сәкен Жүнісовтің Ақан сері романында да кеңінен баяндалған. «Жақсы десе жан сүйінеді» деген ғой, аталарымыздың осындай игілікті істеріне бүгінгі алғыскер ұрпағы біздердің мәртебеміз көтеріліп мерейленеді. Өзім жария қыла бермесем де, бірақ менің ататегімді ел ішіндегі сұңғыла құлақ, кеніш көкіректер жақсы білетін болып шықты. Қазақстанның халық ақыны көкшетаулық Көкен Шәкеев бір алқалы жиында жыр нөсерін соқтыра отырып маған қарата былай дегені бар:

Елің үшін туған ердің бірісіз,
Тұлғаңыз да ұсақ емес, ірісіз.
Еңбегінде еске алатын жайлар бар,
Ақындардың жазылмаған жырысыз.

Атаң Шопан, Зілғарадан тараған,
Ерлігіне таңғалатын сан адам.
Аға сұлтан Зілғараның мәрттігін
Ел атады: «хан боп туған қарадан».

Несі бар, риза болып, текті жердің ұрпағы екенімізге тебіреніп қуанып қалдық. Арқалы ақынға ақжарма көңілмен алғысымызды айттық. Әкем Рамазан қапсағай келген, денелі, біртоға адам еді. Сөзді орнымен айтатын. Менің балалық шағым ауыр ашаршылық жылдарымен тұспа-тұс келді. Соған орай әкей аудандағы орман шаруашылығының Мальцево деген кордонында қорықшы-орманшы

болды. Естияр болған шақта естіген әңгімелерден білетінім әрі көзбен де көргенім, сол жылдарда Ленин ауданына шоғыр-шоғыр қарағай егілді. Осы жұмысқа әкей де үлкен үлесін қосқан, бірталай алқаптарға жас өрімтал ағаш көшеттерін өз қолымен отырғызып, күтіп баптаған. Әкеміз осы жайларды, өзі өсірген ормандарды кейін әрдайым «бұл сендерге, ұрпаққа қалған мұра» деп мақтаныш сезіммен баяндайтын. Орман шаруашылығының директоры Дмитрий Синенко деген кісі екені есімде сақталыпты. Осы Мальцево кордонында тұрғанымызда анамыз Рахиманың жыраның бойына еккен жиырма үш түп терегі бар. Соларды шешей өзі ылғи суарып, екі жыл бойы мәпелеп күткен еді. Сол теректер анамыздың көзіндей әлі жайқалып тұр. Анда-санда араға уақыт салып елге барғанда машинаны арнайы сол шоқ теректерге қарай бұрғызамын. Теректердің саясында аяулы анаммен іштей сырласқандай боламын. Ойға естеліктер оралады. Көзге еріксіз жас келеді. Бұрынғы ертерек уақыттарда да осы арадан ат-арбамен өткенде тоқтап, бірер сағат демалып отыратынымыз болатын. Бір айта кететін жай, анамыздың руы Арғын ішінде Қарауыл, Ақан серінің жақын ағайындары болып келеді. Қазір де негізгі нағашы туыстар бұрынғы Көкшетау облысы Айыртау ауданындағы Сырымбетке жақын Құмтеккен, Өскен ауылдарына шектес Қарағай, Бұлақ ауылдарында тұрып жатыр. Жаның жаннатта болғыр жарықтық Рахима анамыз он үш құрсақ көтерген адам еді, содан көзі тіріміз інім Болат екеуміз ғанамыз. Өзі 57 жасында, 1962 жылы дүниеден өтті.

Бір әңгімені бір әңгіме тудырады, ойды ой қозғайды. Жаңа ғана ашық аспан асты, табиғат аясында анамызға қойылған жаратылыстың өз ескерткіші сияқты шоқталып өскен, бойларын көкке қарай, күннің нұрына ұмсынып соза түскен бәйтеректер туралы айттық. Өз еңбегімен, маңдай терімен туған жер төсіне орнатылған осындай ғажайып табиғат ескерткішінен, бір ғажабы, әкеміз де құралақан емес. Шамасы, 1933 жыл болар, Орталық, Жаңалық, Алқа, Қарағаш ауылдары қоныс тепкен тоғайлы атырапта жаңадан орманшылық ашылып, оған осы салада бұған дейін де табандатқан сегіз жылдық тәжірибесі бар әкейді бірінші ұйымдастырушы етіп жібереді. Жаңа жерде де сол баяғы тынымсыздық, сол баяғы тиянақтылық, еңбекқорлықпен көрінеді. Содан өзі отырғызған бір орман алқабы әкейдің атымен «Рамазан шоғы» (орысшасы «Рамазанова роща») аталып, ол сол бойы картаға түсіп мәңгілікке ескерткіш болып

қалды. Міне, өмірдегі ең қымбатты, ең аяулы жандар әкеміздің де, анамыздың да есімдері сүйікті туған жермен, туған жердің таңғажайып табиғатымен осылайша жарасып, егіз өрім болып тамаша үйлесім тапты.

Балалық шақ елестері, балалық шақтан көкейде жатталған суреттер дегенде не айта аламын? Менің балалық шағымның суреттерінде жарқылдаған салтанат, шалқыған шаттық күй жоқ. Есімде жұпыны тірлік, жүдеу жүздер көбірек сақталыпты. Тағы да бір есімде еміс-еміс қалған және кейінгі үйішілік әңгімелерден білетінім – балықтың қылқан сүйегіне өлімші болып қақалғаным. Ашаршылық нағыз асқынған 1932–1933 жылдар. Менің үш-төрт жастағы сәби бала кезім. Бар жейтін тамағымыз негізінен Есілден, маңайдағы кішкене көлдерден ауланған балық. Сірә, өзім де тамақсау, ашқарақтау болсам керек әрі үнемі ашқұрсақ болғасын да солай ма, шешей де аңғармай қалған, әйтеуір бірде балықты қомағайлана асағанда қылқан сүйегіне оңбай қақалыппын. Содан үй-іші у-шу болысып қалады. Ол екі ортада көгеріп-сазарып қаным қашып мен өліп бара жатырмын. Сөйтсе, тамаққа қадалған сүйекті суырып алатын жез керек екен. Әкем үйдегі жалғыз жандәрмен ескі самауырды бұзып жезін алып, оны аршып тазалап, ілгешектеп иіп, көмейімдегі қылқанды өлдім-талдым дегенде суырып алып тастайды. Одан соң жарақаттанып, іріңдеп ісіген тамағымды керосинмен жуып шаяды. Міне, халайық, өстіп Қазақстанның Болашақ министрі үш жасында балықтың қылқанынан жантәсілім ете жаздап, құдайдың құдіретімен осылай әрең дегенде аман қалғаны бар.

Мен аяғымды апыл-тапыл басып, есім кіре бастаған шақта әкемнің үйде бүркіт ұстағанын білемін. Қыстың күндері ағаш аралағанда тұғырына қондырып, бүркітті өзімен бірге ала жүреді. Сондай шақтарда әкейдің талай рет бүркіт салып, саят құрғанын, түлкі, қоян алғанын көзіммен көрдім. Бір жолы аш бүркіт түскен қоянын жарып тастап, қызылдап қанын іше бастаған. Көзіне қан толып, жан ұшыра жеткен әкейге айбат шегіп, болат тұяғының шеңгелімен алақанын тесіп жібереді.

1936 жылы қайтадан өзіміздің туған Сәмембетке көшіп келдік. Көп ұзамай сол арада жаңадан «Өндіріс» атты колхоз орнап, әкейді соған басқарма етіп сайлады (Қазір тіл өрнегіне сай колхоз төрағасы немесе ұжымшар басқармасының төрағасы дейміз ғой, ал бұрын осы «колхоз төрағасы» деген сөзді қазақ ортасында «басқарма» деп бір-ақ

қайыратын). Әкем осында басқарма болып 1947 жылға дейін істеді. Соғыс кезінде трудармияға алынып, шамалы уақыт Челябі трактор зауытында жұмыста болып, екі айдан соң облыстың шақыртуымен елге қайтып оралды да сол бұрынғы міндетін одан әрі қайтадан жалғастыра берді. Соғыстың қысталаңы қалың елге де, мұндағы өртенген әр-әр жерде қалған сояу қамыстардай қатары селдіреген басшыларға да, біз сияқты бұғанасы әлі беки қоймаған қара сирақ балаларға да ауыр тиеді. Техника жоқ. Көктемгі егіс уақтысында күнде таңертең жекеменшіктің сиырларын зар илетіп айдап әкеліп, соқаға жегеді. Түнде екінші сменада айдың жарығында қолмен уыстап шашылып тұқым себіледі. Әліміз келетін, шамамыз жететін жұмыстан біздей кішкене балалар да шет қалған жоқ. Өгіз бен сиыр басына отырдық, соқа ұстадық, егін салдық, арамшөп отадық. Егінді күзге салым лобогрейкамен шауып, қыста оны сарайдың ішінде комбайнмен соғатынбыз, жазатайымда содан менің қолым да кесілген еді. Үлкендермен, әйелдермен қатар осылардың бәрін оқуымызды оқи жүріп істедік.

Өндірілген астық та, өсірілген малдың еті де түгелдей Отан соғысының қажетіне жөнелтіліп отырылды. Бұларға қосымша мен әкейдің ағасы – Мәлгаждар атаммен бірге қыс айларында аңға шығып, қоян, құр атыстым. Бұл аң еттерін суықта қатырып, азықтүлік орайында майданға жіберу үшін аудандық тұтынушылар одағының арнайы бөліміне тапсыратынбыз. Бізге аңшылық үшін қажетті оқ-дәріні де осы мекеме беріп тұрды.

Ал, шешей, яғни апам марқұм ауылдың барлық әйелдері мен бойжеткен қыздарын жинап алып, әйтеуір қолдарынан іс келетіндерінің бәрінің басын біріктіріп, биялай, шұлық тоқытатын, басқа да киімдер тіктіретін. Сөйтіп, олар да майдан мұқтажы үшін арнайы мемлекеттік тапсырысты орындайтын. Соғыс кезінің заңы қатаң. Мәймөңкені көтермейді. Міндетті тапсырысты кешіктіруге, орындай алмай қалуға, әлсіздік танытуға әсте болмайды. Өл. Тіріл. Бірақ орында. Мұндай қатаң тәртіпті біз, балалар да білетінбіз. Ол тәртіппен ойнауға болмайтынын түсінетінбіз. Бәрі де майдан үшін, барлық күш-жігер Отанды қорғау үшін тас-түйіндей жұмылдырылған кез еді бұл.

1944 жылы он бес жасымда трактор-егіс бригадасында есепші болып істедім. Ол кезде техникамен қамтамасыз ету, қосалқы бөлшектермен жабдықтау түгелдей машина-трактор стансалары арқылы жүзеге асырылатын. Сондағы атқарылатын жұмыстың

тиянақтылығына, есеп-қисаптың тап-тұйнақтай мұқияттылығына, тәртіптің жолға қойылған беріктігіне кейде әлі күнге дейін өзімнен-өзі отырып таңғаламын. Мәселен, егер бір подшипник немесе басқа бір торап әлде бөлшек істен шықты дейік. Міне, нақ сол қосалқы бөлшекті қоймаға өткізбей тұрып, өлдім десең, сізге соның жаңасы ешқашан берілмейтін. Бұдан бірнеше жылдар өткеннен кейін дәл осы Ильичевск МТС-інде парторг болып істеймін деп сол кезде мүлде ойлаған жоқ едім.

Ақыры, сұм соғыс та аяқталып, көптен күткен Жеңіс те келіп жетті-ау... Мен бұл екі ортада әжептәуір таралып бойшаң болып өсіп, өз ауылымыздағы бастауыш мектепті, көршілес Жарқайың деген ауылда жетіжылдықты бітіріп, одан сол кезде Сталин атындағы колхоз деп аталатын Ильинка селосында орысша жетінші класқа қайтадан түсіп, сонда сегізінші класты тамамдап шыққан болатынмын. Албырт арман әр қияға тартып тұратын. Соның себебі ме, өзіміздің Ленин атындағы Покровка селосында ауылшаруашылығы техникумы болушы еді, соған түстім. Бірақ оны бітіріп үлгерместен Петропавлдағы, қазақша айтқанда, кәдімгі Қызылжар қаласындағы №5 қазақ орта мектебінде интернатта тұрып оқып, орта білім, үлкен өмірге жолдама алып шықтым. Бұл 1947 жыл еді. Сол мектептің директоры Мәті Құсайыновтың жарқын бейнесі, білікті ұстаздық істері жадымда жатталып қалыпты. Ол Ұлы Отан соғысынан келген бойда Қызылжар қаласындағы бірден-бір қазақ мектеп-интернатының оқу-материалдық базасын көтеру, білім беру сапасын жақсарту орайында ұтымды жұмыстар жүргізіп, пәрменді шараларды жүзеге асыра білді. Сол кездің жағдайында ұлтжанды майдангер ұстаз-директордың мұнысы ерлікпен пара-пар еді. Бұған дейін де, бұдан кейін де бірнеше білім ордасында оқығаныммен болашақ өмірімнің негізін қалаған нақ осы қазақ орта мектебі болды деп есептеймін.

Тегі, әкемізаудандағы тәуір, білікті де тәжірибелі басқармалардың санатында болса керек. Сол кезде Отан соғысынан жеңіс салтанатын жалаулатып небір қасқыр жігіттер, қажырлы азаматтар елге оралып келіп жатты ғой, міне соларға амалсыздың күнінен, лайықты ер-азаматтың жоқтығынан басқарма болып жүргендер орындарын босатып берісті. Ал, осыған дейін де табандатқан он екі жыл колхоз басқарған біздің әкей былқ етпеді. Тың күштер, жігерлі жастар келді ғой деп орын босатудың орнына, керісінше, одан әрі

жоғарылап, 1947 жылы осы өзіміздің Ленин ауданындағы «Еңбек» деген үлкен, бай колхозға басқарма боп барды. Дәлірек айтсақ, өзі тіленіп барған жоқ-ау, аудан басшылары аттай қалап өздері жіберді. Оларға да жұмысты жүргізе алатын, істің ығытын білетін, халықпен тіл табысып жұмыс істейтін адам керек. Біздің әкей, міне, нақ осындай адам еді. Байсалды. Парасаты мол. Қарапайым халықтың мұңын, тіршілігін жақсы түсінеді. Жұртты өзі де сыйлайды, өзін де сыйлатады. Кейбір басбұзар тентектер мұндайда әкейден ығынып жүретін. Сыншыл, талапшыл кісі еді. Үйде де, түзде де бір мінезден айнымайтын. Сол салада ұзақ жылдар істегендіктен колхоз өндірісінің қыр-сырын, ұңғыл-шұңғылын жетік білді. «Әке балаға сыншы» дейді, бірақ баласы да әкенің ісін, мінез-құлқын, қас-қабағын, ортадағы абырой-беделін іштей өзінше бағамдап, бағып жүруі де табиғи жай ғой деп ойлаймын. Осы тұрғыдан келгенде, өзімнің сол тұстағы да және қазіргі де пайымдауымша, әкейдің жаңадан неғұрлым ірі, күрделірек шаруашылықтың басшылығына жіберілуіне оның бойындағы жоғарыда айтылған жақсы қасиеттері себеп болғаны анық. Сол кезде «Еңбек» колхозындағы жылқы саны 1300-ден астам еді. 120-дан артық түтін бар. Салып отырған егіндігі де аз емес. Өскен, өркендеген ауыл. Ол жылдарда осындай мол үйлі, ұйысқан, тығыз отырған іргелі қазақ ауылдары кемдекем болатын. «Еңбектің» осы атырапқа түгел белгілі атақты орта мектебі де бар. Ол кезде өзінің маңдайына біткен орта мектебі бар ауылдар да саусақпен санарлық. Әкем «Еңбекке» барған жылдың жазында демалысқа келгенімде аз уақыт жылқы фермасында есепші болып, бұл колхоздың тыныс-тіршілігіне, қам-қарекетіне қадарихәлімше мен де араластым. Әрине, бұл орайдағы ұсыныс-талап мені бос қаратып отырғызбаудың, құр селтеңбаймен күн өткіздірмеудің амалын қарастырған әкейдің тарапынан шыққан еді. Әкей содан «Еңбекте» 1950 жылға дейін колхоз төрағасы болды да, зейнетке шықты. Бірақ зейнетақысы аз болғандықтан, қайтадан туған ауыл Өндіріске көшіп келіп, жасы жетпіске жеткенше Веселый орман шаруашылығында өзінің бұрынғы сүйікті кәсібімен шұғылданып, орманшы болып істеді. Тек жақсылыққа тәрбиелеген, дәйім өмірдің адал өнегесіне үйреткен, берген ғибраты өте көп, жатқан жері торқа, иманы жолдас болғыр әкем Рамазан 1980 жылы жасы 81-ге қараған шағында фәниден бақиға көшті. Өмірлік қосағы Рахима шешемізбен туған ауылы Сәмембетте, ағайын-туманың ортасында, бір зиратта

қатар жатыр. Дұғамыз періштенің құлағына шалынып, аруақтарға тие берсін!

Ақылман қариялардан естіген халық даналығы ма екен, әлде отбасымыздағы осы бір ұқсастықты өзінше жорып, ырым көрді ме екен, әйтеуір жарықтық анамыз ылғи «Егер бір үйде үш адам жылдас болса, олардың жұлдызы биік, өмірі өрелі, тұрмысы бақуатты болады. Ешқашан қарны ашып, өзегі талмайды» деп айтып отырушы еді. Бұлай дейтін себебі, анамыздың да, менің және інім Болаттың да жылымыз бір – жылан еді. Іштен шыққан баласына кім жамандық тілейді, перзентінің болашағын кім жақсылыққа жорымайды? – бірақ, күпірліктен сақтасын, анамыздың осы айтқаны келді де тұрды. Құдайға шүкір, анамыздың әзиз жүрегінен шыққан сол бір таза тілегінен бе екен, әке өнегесінен бе екен, ақ сүт және ата қайратымен берілген ғибратты тәрбиеден бе екен, әлде адал еңбегіміздің сыбағасы ма екен – қалай болғанда да, біз, Болат екеуміз де өмірдің, туған халқымыздың салиқалы салқар көшінен қалған жоқпыз, ешкімге «әй, кәпір!» атанған жоқпыз. Елімізге, халқымызға, Отанымызға, мемлекетіміздің ұлы мұраттары жолында еңбек етіп, қызмет жасадық. Ұл-қыз өсірдік. Өзіміз де немере сүйдік. Әке мен ана аманатын орындадық. Бұл ретте мен жеткен мансабымды емес, жүріп өткен өмір және еңбек жолының мән-мағынасын айтып отырмын.

Сөйтіп, 1947 жылы менің кеңпейіл ата-ана бауырындағы емес, сыншыл да міншіл, қатал, бірақ түптің түбінде әділетті өмір аясындағы өзімнің дербес жолым, өз еңбегіммен жасалатын, жеке тағдырым басталды деуіме болады. Осы жолы Семей мемлекеттік мұғалімдер институтына түсіп, оны үш жылдан кейін тарихшы мамандығы бойынша бітіріп келдім де, Қарағаш жеті жылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып алғашқы еңбек өмірбаянымды бастадым. Мектептің жанында басқа елді мекендерден келіп оқитын балалар тұратын интернаты бар. Көп ұзамай мектептің директоры болып тағайындалдым. Қазіргі кездің өлшемімен безбендеп, бір сәт салыстыра саралап көрейікші. Жиырма жасар директор! Ақылға онша қона бермейтін сияқты. Солай емес пе? Менің жиырма жасымда, институтты бітіріп келе сала бірден мектеп директорының «тағына» отыруыма негізінен сол қырқыншы-елуінші жылдардағы мұғалім кадрлары тапшылығының септігі болар. Сондағы байқағаным, ауылдық жердегі мұғалімдердің басым көпшілігінің жас шамасы 50 мен 60-тың

аралығында болатын. Араларында жоғары білім алғандары некен-саяқ қана ұшырасатын. Бірақ, әділетке жүгінсек, мақтанғаным емес, жас болғаныммен, директорлық міндетімді жаман атқарған жоқпын. Бұған әкем жастайымнан баулыған табандылық пен ықтияттылық көмектескені анық. Кім білген, осы қалпында кете барғанда білім мен оқу-ағарту саласының қызметкері, мұғалім де болып қалар ма едім. Өйткені ұстаздықты, әсіресе тарихшы мамандығын жастайымнан жаным сүйетін. Алайда, менің пешенеме жазылған тағдырдың бұйрығы, мен жүретін өмір жолы басқаша болып шықты.

1950 жылы ойда жоқ жерден бұйдаланған тайлақтай міндетті әскери борышымды өтеуге жетелеп алды да жүре берді. Осы арада өзімді көптен мазалап жүрген мәселе жөнінде бір пікір білдіргім келеді. Ел арасында, әсіресе жастар арасында көптен бері құлаққа сіңісті болған, ойынды-шынды айтылатын мынадай сөздер бар: «Армия жақсы мектеп, бірақ одан сырттай өткен жақсы». Шынымды айтсам, осы сөздер маған ұнамайды. Ұнамайтын себебі, бұл сөздер ешбір шындыққа сәйкеспейді. Екінші жағынан, мұның астарында Отанын сүйетін, туған елін қорғауға әркашан дайын тұратын әрбір азаматтың ар-намысына тиетін, жанын жәбірлейтін сайқымазақ, келеке жатыр. Өз басым әскерде болып келген ешбір ер азаматтың аузынан «осыным жаман болды» деген сөзді естіген емеспін. Қайта олардың әрқайсысы шыңдалғанын, шыныққанын, өмір сүруге, киындықтардан қаймықпауға үйренгенін қуана баяндап айтып отырады. Әскери борышты өтеу қашан болсын халық пен Отан алдындағы ең асыл парыз, абыройлы міндет. Әсіресе, тәуелсіз Қазақстан өз алдына дербес армия жасақтаған қазіргі кезде бұл мәселенің маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түспек. Әскери борышты өтеуге ерлер асығады, ездер қашады. Қазақстандық әрбір жас азаматқа айтарымыз: Ез емес, ер бол!

Жасымыз жетпіске келіп, ақсақал атанған қазірдің өзінде Армия мектебінің сабағын сырттай емес, іштей оқып алғаныма дән ырзамын. Әскери борышымды Белоруссияның Гродно қаласында өтедім. Сонда жүргенде радиотелеграфшылар мектебін тамамдадым. Содан кейін қараңғыда ұшақтардың көтеріліп ұшуына көмектесетін прожекторшылар взводында бөлімше командирі және ротаның үгітшісі болдым. Әскерде жүрген кезімде Коммунистік партия қатарына кірдім. Сол жылдарда әуе арқылы шекара бұзушылар толас таппаушы еді. Біздер әрі шекара күзетімен де шұғылданамыз. 1953 жылы

міндетті мерзімді аяқтап, енді үйге қайтамыз ба деп жүргенде бір жолы шекара бұзған бөтен самолет Киевке дейін жетіп, одан кері қайтып кетіп қалады. Әрине, үлкен шу болды. Зерттеу жүргізілді. Кінәлілер іздестіріліп табылды. «Тамашада» айтылатындай, бәрі сценарий бойынша атқарылып жүзеге асырылды... Ең өкініштісі, елге ораламыз деп алабұртып, сағынышымыз сақылдай қайнап үміттеніп жүрген біздердің әскери қызмет мерзіміміз бір жылға ұзартылды. Жазалы болғасын жағымызды аша алмадық.

Әскерде есімнен кетпейтін бұдан басқа бір қанды оқиға болғаны бар. Онда қару-жарақ қоймаларын күзетіп тұрғанбыз. Бұл нысанға да шабуыл жиі жасалатын. Сондай бір жолы күзетке біздің кезек шығардан бір күн бұрын бендеровшылар сыбысын білдіртпестен түн жамылып келіп, бейқамдықты пайдаланып, жиырма бес жас қыршын жауынгерді бауыздап кетті. Жазықсыз кеткен қайран қыршын жігіттер-ай! Осы боздақтарды ойлағанда жүрегім әлі күнге дейін дір ете түседі. Көңілді бір мұңның сұрғылт бұлты торлайды. Солардың әрқайсының орнында менің де болуым әбден мүмкін, әбден ықтимал еді. Соғыстың аяқталғанына бірнеше жыл өткеніне қарамастан Белоруссия мен Украинада, жалпы батыстағы республикалар аймағында мұндай төтенше, қанды оқиғалар, қауіпті жағдайлар жиі болып тұратын. Бұл ол кезде бізге таң болудан қалған. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, сондай оқыс жайлардан періштеміз қағып, әскери борышымды абыройлы өтеп болған мен 1954 жылдың күзінде аман-есен, он екі мүшем түгел сау, жауырыным қақпақтай, жұдырығым тоқпақтай, еңгезердей жігіт болып, сағына күткен ата-анамның көз қуанышын молайта түсіп, туған елге оралдым.

Осы келісімде менің бағым да, беделім де өсіп келіп еді. Ондағыдай кадр тапшылығы тұсында, әсіресе, мен сықылды жігіттердің «түкірігі» жерге түспейтін. Ойлап қараңыз: темір тәртіп советтік әскери мектептен өтіп шыңдалған, жоғары білімді, бұрын мектеп директоры сияқты басшы қызметте болып, тәжірибе жинақтаған, ең бастысы, коммунист, партия мүшесі... Осындай қылаусыз өмірбаяндық анкета деректері бар мені Қазақстан Компартиясының Ленин аудандық комитеті еш бөгетсіз өзіне нұсқаушы етіп жұмысқа қабылдады. Партиялық осынау беделді мекемеде нұсқаушы болып екі жыл істеп, партиялық ұйымдастыру жұмыстарының қыр-сырына қанығып, адамдармен жұмыс істеуге төселе бастағанда Ильичев

машина-трактор стансасына партия ұйымының хатшысы етіп жіберді. Жылы кабинеттен кеткеніңе қарамастан, бұл – өсу сатысы, көрсетілген үлкен сенім болатын. Мен оны жақсы түсіндім.

Мен үшін өмірдің үлкен мұхитына шәкірттік алғашқы барлау сияқты болған осы кезеңнен ісімен, өнегесімен орасан ықпал жасап, тағылым берген, өзіме деген сенімімді нығайтып, ағалық қолдау көрсеткен бір-екі азамат жайында жылы лебіз білдіргім келеді. Бұларды менің еңбек жолындағы, партиялық-қоғамдық жұмысты бастаған шақтағы алғашқы тәлімгер ұстаздарым десе де болады. Оның біреуі Ленин аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Қанаш Шөкенов еді. Кезінде Мәскеуде КОКП Орталық Комитетінің жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясынан дәріс алған, экономика ғылымдарынан кандидаттық дәрежесі бар Қанекең өзінің биік мәдениетімен, үлкен ақыл-парасатымен әр кез ерекшеленіп тұратын. Бұлтақтатпай, көлтектетпей, турасын кесіп айтып салып маңқиып отыра беретін шешімтал азамат болды. Осыған қоса қарапайымдылығы, «жүрегінің түбіне кір жасырмайтын» адалдық-тазалығы оның азаматтығын одан әрі айқындай, даралай түсетін. Жолдасқа деген әрі сенім, әрі қамқорлығы, әрі талабы бөлек болатын. Осы кісінің өнегесі мен үлгісі менің санамда, азаматтық қалыптасуымда, бүкіл өмірімде өшпестей айқын із қалдырды. Әрі жолдасыңдай, әрі туғаныңдай болып кететін қасиет ілуде бір адамда кездеседі. Міне, мен айтып отырған дәл осы сирек қасиет Қанаш ағаның бойынан молынан табылар еді. Сол бір жылдардан бері еш бұлтармай да жалтармай, бір мінезден айнымай сыйласып келе жатқан қадірменді Қанекең кейіннен әуелі Петропавл педагогикалық институтының проректоры болды да, сосын осы білім ордасына табан аудармастан ширек ғасыр басшылық жасады. Есіл өңірінің білім-ғылымын еселеп дамытуға өлшеусіз үлес қосқан, мыңдаған жоғары білімді жас талаптарды өз қолынан түлетіп ұшырған осынау ардақты азамат қазір құрметті зейнетте.

Аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып жүргенімде «Бірлік» ұжымшары да мен шұғылданатын аймаққа кірді. Осы ұжымшардың төрағасы Дүйсен Аяғанов Ұлы Отан соғысына қатысып келген, көптеген өткелектен өткен, өмірлік тәжірибесі бай кісі еді. Маған осы Дүйсекеңнің де ықпалы, іс-әрекеті, өнегесі, жалпы кісілігі, адамдармен қарым-қатынасы үлкен өмір мектебі сияқты болды. Ол қандай қиын, даулы мәселеде болсын әлдебір

қарапайым даналықпен бірден-бір дұрыс, әділ шешімді таба білетін. Сонысы қашанда мемлекеттік, елдік, адамдық, жалпы көпшілік, ұжымдық тұрғыдан ойлаудың жемісі болатын. Осындай мінездеріне қарай өзін қалың көпшілік, ел де қатты сыйлаушы еді. Өсу, өрлеу белестерімде әрдайым адамшылықтың, қарапайым халықтық даналықтың темірқазық нысанасындай болып осы Дүйсенбай ағамның да жарқын бейнесі маған жол көрсетіп, күлімсірей ақыл-кеңесін айтып тұратын-ды. Әттең, абзал да әз ағаның өмірден ерте, алпысқа келмей жатып, жұмыс үстінде өтіп кеткені қатты өкініш болды.

МТС-та жұмыс істеген кезім де мен үшін көптеген пайдалы жайлардың бетін ашты деп айта аламын. Аталмыш мекеменің Виктор Букатин, Дмитрий Матюшенко сияқты директорларымен қоянқолтық жүріп, өндірістегі жұмыстың әліппесін ежіктеп үйренуіме, игеруіме тура келді. Бұрынғы МТС-тар еңбек ұйымдастыруда, жұмыс тиімділігін арттыруда, әркімнің жеке жауапкершілігін жолға қоюда және еңбек тәртібін сақтауда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Ұқыпты жұмыс істеу дегеннің не екенін мен алғаш осында көрдім. Мұнда үнемшілдік бірінші орында тұрды. Әрбір килограмм жағармай, әрбір қосалқы бөлшек, бір қарағанда түкке тұрғысыз кішкентай бұрандаға дейін бәрі тіркеулі, қатаң есепке алынатын. Егер тракторшы мен комбайншы немесе басқа бір жұмыскер жұмыс межесін орындай алмаса, қалтасы қағылатын. МТС экономикасына келтірілген кез келген зиян үшін қатаң сұралатын. Адамдар мұнда жұмыстың түпкі нәтижесі үшін мүдделі болды. Жасыратыны жоқ, кеңестік дәуірдің ұжымшарлары мен кеңшарларында босбелбеулік пен ынтасыздыққа, ысырапшылдыққа бастайтын саңылаулар жеткілікті еді ғой. Сондықтан да мен әлі күнге дейін қырқыншы-елуінші жылдардағы машина-трактор стансалары ауылшаруашылығында ұжымдық еңбекті ұйымдастырудың өзін-өзі толық ақтап шыққан ұтымды үлгілердің бірі деп есептеймін.

Бірақ, әрине сол бір жастық шақта көңілде жатталып қалатын да, есте ұзақ сақталатын да, ең алдымен, адамдар еді. Мәселен, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Григорий Иванович Плеваконың дәйім үлгі тұтарлық үлкен адамгершілік, салиқалы басшыға тән дарқан қасиеттері күні бүгінгідей көз алдымда. «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» дегендей, біздің әкейдің ескі жолдастары, қызмет бабында өзім де құрдастардай-ақ жарқын сөйлесіп, еркелей әзілдесіп, сыйласып кеткен колхоз төрағалары Нығметжан

Жолдыбаев, Сарбас Аткиндер де кейін іздерін басып өсіп келе жатқан жастарға ықпалдарын көп тигізген ауданның сыйлы азаматтарынан саналды.

Сөйтіп жүргенде шуақты нұрын себелетіп, менің өмірімді жаңа арнаға бұрған, тағдырыма елеулі өзгеріс әкелген бір оқиға болды. 1956 жылдың қысында аупарткомда нұсқаушы болып істеп жүрген кезімде кезекті аудандық партия конференциясына облыстық партия комитетінің хатшысы Ілияс Омаров келді. Неге екенін білмеймін, әлде сол кезде кейбір өресі төмен, ойы тайыз, адамшылығы жұқалау қызметкерлердің бойынан байқалып қалатын ұлыорыстық тәкаппар менмендіктің салқыны ма екен, әйтеуір аупарткомның бірінші хатшысы Федор Тимофеевич Супрунюк кешкілік іңір қараңғысымен келген мәртебелі мейманды өзі қарсы алмай, бұл міндетті маған тапсырды. Мен Ілекеңді қарсы алып, аупартком үйінің арнайы дайындалған бір бөлмесінде түннің бір уағына дейін ертеңгі конференция материалдарымен таныстырып, әңгімелесіп отырғанда үлкен кісі маған сынай, бажайлап қарап отырып жеке өз жағдайларымды сұрастырды. Содан бір мезетте: «Әлі жас екенсің, болашағың алда. Ары қарай неге оқымайсың?» деді. «Партия мектебіне түсіп оқығым келеді. Бірақ стажың толмайды деп жібермей отыр» деп мен шынымды айттым. Ілекең қасын керіңкіреп сәл ойланып қалды да сосын нық дауыспен шапшаңдата: «Егер өзіңнің шын оқығың келіп, мәселе стажға ғана тіреліп тұрса, онда маған өмірбаяндық деректеріңді түгел бір парақ қағазға жазып бер» деп шешті. Жұлдызы биікте жарқырап тұрған ірі мемлекет қайраткері Ілияс Омарұлы сияқты кеңінен толғайтын, оңы мен солы, өрі мен ылдиы бірдей парасат иесі, шешімтал да уәдешіл адамдарды өмірде сирек ұшыраттым. Осыдан көп ұзамай облыстық партия комитетінің бюросында мені 1957 жылдың кезекті легімен Алматыдағы партия мектебіне оқуға жіберуге шешім қабылданды. «Жақсыдан – шарапат» деген осы-ау...

Сағдиев М. Биік арман айғағы. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999.

М. САГДИЕВ,
председатель Президиума Центрального Совета организации ветеранов Республики Казахстан

В ТРЕВОГЕ И ПЕЧАЛИ

В Казахстане 2 млн 800 тыс. ветеранов войны, труда и Вооруженных Сил. Они объединены в 8334 первичные ветеранские организации. Функционируют 281 городской и районный Совет, 19 областных Советов ветеранов. Центральный Совет организации ветеранов Республики Казахстан избран II-ой конференцией ветеранов Казахстана в ноябре 1991 года.

Молодым – дорога, старикам – почет. Такова нравственная установка каждого народа, которая в обыденной жизни реализуется в традициях и обычаях почитания матери и отца, уважения старших, памяти предков.

Родину и родителей не выбирают. «Ер туған жеріне», – говорят казахи. «Где родился, там и пригодился» – русская пословица. Отчий дом святыня, которую каждый человек, если он действительно человек, носит в сердце. И какой бы ни был этот дом – большой или малый, богатый или бедный, красивый или неказистый – он единственный, потому что родительский.

Каждому дорога родительская любовь и страшно родительское проклятье. Сегодня мало любви и много проклятий.

Кто такие сегодняшние ветераны? На пенсию выходят уже родившиеся в тридцатых. Самые старшие, родившиеся в начале века, детьми вступили в новую эпоху, которая войдет в историю и навсегда останется в ней, как эпоха советская, социалистическая. Эпоха бурная, противоречивая, конфликтная с научно-техническими чудесами, небывалым энтузиазмом и героизмом, но с небывалой же жестокостью и кровью. Но это наша эпоха, в ней вся наша жизнь.

Какими только нынче нас не изображают! Какие только издевательские названия нам не придумывают! «Совки», «агрессивно-послушные», «красно-коричневые».

Да люди мы! Такие же люди, какие были до нас и будут после нас. С восторгами и печалями, с комедиями и трагедиями, с мудростью и глупостью. У каждого времени свои песни.

И нам никак не понять злобные нападки нынешних некоторых политиков, журналистов на нашу жизнь, на нашу молодость, на наш труд. Сами-то мы знаем, что сделано нами немало. Делалось все, может быть, не на том материально-техническом уровне, чем сейчас, но делалось! И темпы роста были.

А нынче? Сжимается стариковское сердце, разрывается от боли за судьбу детей и внуков при виде катастрофического спада производства.

По сообщению Госкомстата Республики Казахстан, за первый квартал этого года валовый общественный продукт снизился против невысокого, уже резко сниженного прошлогоднего уровня на 23 процента. Да и без статистики каждый видит разруху.

Много новых терминов осваивали нынешние ветераны на своем веку: «коллективизация», «индустриализация», «электрификация», «механизация», «химизация», были и «ликвидация», потом «реабилитация»... Не все делали умно, но всегда на первом месте было производство.

Нынче в моде другие термины: «приватизация», «либерализация», «инфляция»... Каждый норовит без труда вынуть рыбку из пруда при помощи коммерции, банковских процентов. А производство товаров, естественно, сократилось. Перекос чудовищный! Та же статистика сухо констатирует: в 3,4 раза возрос товарооборот в фактических ценах при физическом его сокращении в три раза. За ростом цен не поспевают ни повышенные зарплаты, ни пенсии, исчисленные из прошлых нищенских зарплат, даже с компенсациями...

Хотите узнать, как живут в сегодняшних условиях ветераны, встаньте с утра пораньше в длинную очередь за молоком. Ведь им не спится, ветеранам. Здесь, в очередях, сегодня их ветеранские клубы. Они вам расскажут, как им живется в условиях, когда обещанное повышение с января этого года цен в 2-3 раза фактически обернулось невиданным скачком. Мясо – в 17 раз, масло – в 15, макароны – в 16 раз и т. д. Пока пенсионерам доступны только молоко и хлеб. Но за молоком надо вставать в очередь с ночи, и то может не хватить.

Потому и не спится ветерану. Ладно, рассуждает он, одежду как-нибудь доношу старую, но без телефона не обойдешься, а он стал дороже намного. Ездить по городу тоже стало накладно. А у кого машина – проблемы с бензином и стоянкой, плата за которую поднялась с 6 до 90 и выше рублей. Про санатории надо забывать: цена несусветная – до 10 тысяч.

Но даже не само по себе всеобщее подорожание жизни не дает спать ветерану. Видит он, например, в Алма-Ате по улице Каблукова бензозаправку, возле которой нет длинного хвоста очереди, подъезжай, заправляйся, но по цене в 10 раз дороже. Тот же бензин, изготовленный на тех же заводах государством. Но кто прикарманивает разницу в цене, разрешает наглую спекуляцию?

Помимо объективной рыночной дороговизны идет нахальная игра ценами новоявленного класса нуворишей. Вот для кого либерализация!

Не надо нас представлять, что мы против рынка. Все или почти все ветераны понимают его универсальный характер для экономики любой общественной формации, любого политического строя. Игнорирование объективных рыночных законов пагубно для экономики – в этом уже убеждать никого не надо. Но нельзя же надеяться только на стихию рынка и отправляться в плавание без навигационных приборов, без руля и без ветрил?

Оскорбляется стариковское чувство справедливости: ведь подрывается вековечная истина, что труд – всему мерило. Но дети и внуки не внемлют уже старикам: отсталые вы, мол, несовременные. Сегодня хорошо живет не тот, кто трудится, а тот, кто спекулирует. Твой пример, дед, никуда не зовет.

А куда зовет? В преступность? В наркоманию? В проституцию? И эти новые «цветы» распускаются махровым цветом вместе с новыми песнями. Вернее, не с новыми, а с чужими, на других языках.

Вот почему не спится ветеранам. И хочется послать все ко всем чертям, пустить вдогонку уходящему поезду с новыми поколениями черное родительское проклятье, но разрывается сердце между черным словом и любовью к этим брокерам и менеджерам, коммерсантам и кооператорам – родные же, кровные!

Радуемся уже хотя бы тому, что Республика Казахстан сохраняется материком относительной стабильности в охватившей СССР – СНГ стихии межнациональной розни.

Как говорит Президент Н.А. Назарбаев, надо входить в мировое сообщество приличным, цивилизованным субъектом. Политика нашего Президента, направленная на создание сплоченного полиэтнического общества, правового государства с равными правами каждого гражданина и каждого национального меньшинства, уважается и поддерживается всей ветеранской общественностью. От первого

Указа, которым передавались бесплатно в собственность квартиры участникам Великой Отечественной войны, до недавнего, который поднимает пенсии, исчисленные из бывших низких зарплат, до уровня сегодняшних, а также решений некоторых глав местных администраций о бесплатной приватизации квартир пенсионерами – во всех этих шагах ощущается целенаправленная политики правительства Республики Казахстан: достойно и без радикальных рывков и стрессов пережить болезненный переход к рынку.

Указ Президента «О дополнительных мерах по социальной поддержке населения Республики Казахстан», другие его указы могли бы намного облегчить положение пенсионеров при четкой их реализации на местах.

Но что видят и что чувствуют пенсионеры?

Почти все ветераны прикреплены к столам-заказам. И если до нынешнего повышения цен в них еще был хоть кое-какой ассортимент, то теперь ничего, кроме того, что получают все по карточкам и по тем же ценам.

Намечалось создание специальных промтоварных магазинов по благотворительным ценам. Но как же формально они созданы! По моим сведениям, только в Шымкенте ветеран может купить дешевые ботинки или тапочки за 6 рублей. Во всех же остальных – всей его пенсии не хватит на один ботинок.

Или бесплатные столовые. За исключением Восточно-Казахстанской и Актюбинской областей, где такими столовыми охвачены тысячи людей, во всех других регионах отнеслись формально, по-казенному. Нужно самокритично признать, что и наши ветеранские организации не проявляют настойчивости в постановке вопросов перед властями.

Переход к рыночным отношениям, к правовому государству закономерен и необратим. В связи с этим встает необходимость ветеранское дело переводить на государственную основу, как во многих цивилизованных странах. Почему бы Республике Казахстан не иметь Государственный комитет по делам ветеранов, а не маломощную общественную ветеранскую организацию?

2,8 миллиона ветеранов – это значительный трудовой и духовный потенциал Республики, который по-настоящему еще не востребован. Ветеранские кооперативы и малые предприятия слабосильны, ими некому заняться, чтобы оказать помощь в материально-техническом

снабжении. Много было разговоров о создании консультационных центров из высококлассных специалистов, но дело так и осталось на уровне разговоров. Не получают пока распространения ветеранские клубы по интересам, хотя общепризнано, что это одна из лучших форм работы в ветеранском движении.

Думается, именно государственная основа ветеранского дела поставит все на место.

О социальной защите стало модно нынче говорить. Со всех страниц и трибун только и слышишь: мы – за социальную защиту! Ею же клянутся и все партии, даже те, кто стоит за ликвидацию самой социальной защиты, замену ее частной или общественной благотворительностью, попечительством. А ведь социальная защита – не попечительство, не благотворительность, не меценатство! Это обязанность справедливо устроенного общества – дать каждому своему гражданину уверенность в завтрашнем дне на все случаи жизни: при увечье, потере кормильца или нетрудоспособности по возрасту. О каком попечительстве речь, если меры социальной защиты будут заложены в обязанности государства?!

Ветеранские организации Казахстана будут ратовать именно за такую Конституцию нашего государства, где ветеран или инвалид твердо знали бы гарантии государства, а не ждали подачки от снизошедшего до них предпринимателя и потом по гроб ему кланялись.

Ведь если положиться на одну частную инициативу, то вскоре все Дома и Дворцы культуры превратятся в дома проката порнофильмов, потому что на кружках бального танца и хорах ветеранов много не заработаешь; газетно-журнальные киоски будут забиты одной «желтой» прессой, и ветерану нечего будет читать не стыдясь внуков, не боясь при несовершеннолетних включать телевизор. Уже это происходит? То ли еще будет!

А что станет с нашей фундаментальной наукой, серьезным искусством, изданием научной и художественной литературы без государственного «попечительства»?

А сельское хозяйство без него? У него остается один способ: поддерживать свое благополучие перед вероломными ценами промышленности – повышать свои. А это бьет все население и, в первую очередь, – живущих на пенсии и стипендии.

Вот над чем задумываются, чем страдают ветераны. Но они любят своих детей и внуков. Песни у тех другие. Ну и пусть. Они будут

обустраивать по-новому свою жизнь. Пусть только помнят один общий закон человечества: кто плюнет в прошлое, в того выстрелит будущее.

«Социальная защита», 1992. – № 1.

ГЛАВНОЕ БОГАТСТВО СТРАНЫ

Выступление председателя Центрального Совета организации ветеранов Республики Казахстан М.Р. Сагдиева на торжественном заседании в г. Акмоле 25 февраля 1994 года, посвященном 40-летию освоения целинных и залежных земель.

Уважаемые целинники!

Разрешите от имени ветеранов целины и всех ветеранов Казахстана приветствовать вас, собравшихся в этом зале, и поздравить со знаменательным юбилеем – 40-летием с начала освоения целинных и залежных земель.

Мы от всей души благодарим инициаторов этого собрания, прежде всего Президента, чувствующего историческую, экономическую и политическую значимость целины.

Историческое событие может нравиться кому-то или не нравиться, но оно состоялось, отражено в документах, песнях и людских судьбах. И уже никому не удастся зачеркнуть или перекрасить в черный цвет яркую реальность.

Юбилей – не обязательно праздник. Но обязательно – осмысление. 40 лет назад над великой степью родного Казахстана начался слышный во всем мире шум паровозов, митингов, санно-тракторных поездов, ветров, пронизывающих первые палатки, шум комсомольских собраний и нелицеприятных планерок, заседаний бюро, пленумов, семинаров, селекторных совещаний партийных, советских и хозяйственных начальников всех уровней.

Это был не пропагандистский шум, хотя пропаганды тоже было немало. Это был шум работы. Не какие-то мифические добровольцы, а вполне реальные волгоградские и ленинградские, киевские и смоленские, минские, московские и алматинские парни и девчата с реальными комсомольскими путевками приехали сюда «хлеб давать стране». Не один, не десяток, не сотня – сотни тысяч. Не в ГУЛАГ,

не под конвоем – добровольно. Не в тепло и достаток – на трудную работу в экстремальных условиях. В число этих первоцелинников надо включать и те сотни тысяч, а то и миллионы казахстанцев, которые жили издавна на этих ковыльных землях и вместе с приезжими людьми и прибывшей техникой взялись за преображение своей земли.

За короткий срок только в Казахстане было распахано около двадцати пяти миллионов гектаров, создано около пятисот новых совхозов с тысячами отделений, ферм и бригад, производство зерна увеличено со ста тысяч пудов до миллиарда. Первый миллиард пудов был получен 38 лет назад, в 1956 году. Взрастили и собрали его нынешние ветераны, многие из них находятся в этом зале. По сути, была возделана, построена и заселена новая страна, не побоюсь сказать и больше: создана новая целинная цивилизация, могучий хлебный материк Востока.

Вот это главное, что нужно иметь в виду, осмысляя целину как историческое событие, а не только те издержки, ошибки и просчеты, которые почти неизбежны в делах такого масштаба.

Среди голосов – хулителей целины слышался и такой: дескать, целина испортила вековой казахстанский пейзаж. Покажите ему, этому критикану сельские западноевропейские или японские картины, где на маленьких клочках ютятся домики их жителей, пусть поразмышляет о красоте возделанной казахстанской земли. Да, были и недостатки: и бездорожье, и головотяпство, и очковтирательство, и приписки, и орденомания. Но был и результат работы!

Сегодня в докладе Президента прозвучало много теплых лестных слов в адрес целинников, наших сверстников. От имени всего поколения спасибо вам, Нурсултан Абишевич, за теплоту чувств, за оценку труда и таланта целинников!

Ветераны целины никогда не станут бросать камни в свое прошлое. Командно-административная система изжила себя, но в прошлом ничего не убавить, ни прибавить. Руководила и направляла всю целинную эпопею Коммунистическая партия, в руках которой была реальная власть и функционеры, которые не только понимали всю масштабность поставленной задачи, но и несли на себе весь груз ответственности – от первого секретаря ЦК КПСС до директора и секретаря совхозного парткома. Нам, казахстанцам, в этот юбилей нельзя не сказать о заслугах перед целиной проектировщика

и прораба «казахстанских миллиардов» Динмухамеда Ахмедовича Кунаева.

Руководителей надо оценивать по плодам их. Сколько бы сегодня не лили грязи на обкомы и райкомы, но народ знал и признавал, слушал и слушался, почитал и любил своих вожаков, работавших зачастую в предынфарктном режиме на благо людей. В партии были и подвижники и карьеристы. И сегодня народ отдает должное подвижникам.

Целина дала не только хлеб. Для целинного поколения она обернулась большими достижениями в экономике, культуре, науке, воспитании подрастающего поколения, в развитии дружбы народов.

Во-первых. Большие целинные агрофабрики – совхозы в лучших своих проявлениях вплотную приблизились к ликвидации различий между сельскохозяйственным и промышленным трудом, с нормированным рабочим днем, гарантированным отпуском и другими льготами, что импонировало трудящейся молодежи, детям и внукам первоцелинников.

Во-вторых. Опережая рост колосовых, на целине шел бурный рост культуры. На первое место выдвинулись требования строительства домов и дворцов культуры, музыкальных и художественных школ, библиотек и музеев, кинотеатров и телевизионных ретрансляторов. И они стали появляться, эти красавцы-дворцы с их светом и музыкой.

В третьих. Дети, народившиеся на целине. Много детей! Рожденные в трудовых семьях, с малых лет приобщенные к технике и сельскохозяйственному производству, они были предвестниками новой генерации жителей целины, способной вывести ее на новый виток развития. Кто был в ученических производственных бригадах целинных хозяйств, тот предощущал это чудо.

В четвертых. Дружба народов! В наших степях пространства много, но они не пустовали. До целинной эпохи в них перемежались казахские аулы с плоскими глинобитными мазанками, казачьи станицы с рубленными пятистенниками, украинские переселенческие саманные хаты с соломенными крышами. Сегодня не отличишь Байгунус от Пресновки или Харьковки. Целина их уравняла, объединила и подняла. Казахские, русские, украинские, белорусские, немецкие, польские, молдаванские, чувашские, узбекские, армянские семьи стали соседями на одной улице, породнились общими внуками.

Неужели нам теперь нужно проводить национальные, суверенные границы по заборам между дворами?

В пятых. Наука. Не выдержали бы бедствия ветровой эрозии ни отруба, ни хутора, ни казачьи заимки, ни столыпинские фермеры. Это выдержало крупное централизованное сельскохозяйственное производство, опирающееся на свою региональную сельскохозяйственную науку, которая в короткие сроки разработала, предложила и внедрила новую целинную систему земледелия с набором принципиально новой сельхозтехники.

Была предотвращена еще одна экологическая катастрофа, подобная, а может, и пострашнее Аральской. Целина продемонстрировала пример, как надо взаимодействовать с природой, беря ее дары и не причинять ей вреда.

Но целина это не только наше прошлое, но и будущее. Целина еще далеко не раскрыла своих потенциальных возможностей. Способная производить в больших количествах ценные сорта твердых пшениц, целина еще должна утвердить себя на мировом рынке как поставщик стабильных и гарантированных урожаев.

А это – удобрения, техника, кадры, наука, совершенствование инфраструктуры. Каждому в отдельности хозяйству, независимо от формы собственности, не решить в одиночку названных проблем. Целина – это особый научно-производственный, технико-экономический и социально-психологический феномен, это единый организм, связанный практически со всеми регионами СНГ. Для успешного его функционирования должен работать его мозговой центр типа прежнего треста целинных хозяйств, либо, по современному, крупной государственной корпорации «Целина».

Целина – это идея, способная заражать молодежь; это хлеб – главный двигатель жизни на земле; это экология; это национальное согласие. Нужно всемерно беречь эти ее ценные качества.

На целине нашли свое место на земле, свою дорогу, свое счастье сегодняшние целинники. Их жизнь, труд, быт, духовные запросы неразделимо слиты с общими задачами реализации программы создания стабильного, сильного, процветающего, суверенного Казахстана.

У сегодняшних ветеранов есть что завещать молодежи. В год 40-летия целины, мы говорим ей: живите, пользуйтесь поднятой нами целиной, развивайте и украшайте эту землю для потомков.

В преддверии 50-летия Победы, мы напоминаем нашей молодежи о том, как надо любить свою страну, чтобы бесстрашно идти на бой с любым врагом, который хочет поработить тебя.

Живите свободными и счастливыми, дружными и трудолюбивыми! – вот лозунг нашей жизни, который мы передаем детям и внукам.

ТОРҒАЙ ДЕП ТОЛҒАНҒАН АЗАМАТ

Халық қалаулыларының қатарында қанаттас жүрген інім Рамазанды – арман атты тұлпардың қанатына мінгелі өскен елге, туған жерге деген перзенттік парызын адал еңбекпен өтеп келе жатқан зерделі замандастарымның бірі деп білемін. Оның іздену жолдары, ілгерілеу баспалдақтары, аскан асулары, жеткен жетістіктері өз замандастарының, біз сияқты үлкен ағаларының, айнала көпшіліктің көз алдында өтіп жатты. Осынау жемісті жылдар ішінде ол белсене еңбек етіп, бел сыбана жұмыс істеп, жақсы жақтарымен көріне білді. Соның нәтижесінде үлкен абырой-беделге ие болып, халыққа кең танылған азаматқа айналды. Еңбек жолын алыстағы ауданда заңгер маман болып бастап, өз ортасынан жақсы тәрбие алған, одан кейін де көп жыл еңбек етіп, қайнаған өндірістің ортасында жүріп шыңдалған, сот-прокуратура саласының басқару баспалдақтарынан өтіп, халық қалаулысы болған Рамазан Құмарбекұлының депутат, заңгер маман ретінде атқарып жүрген қызметтері мен тындырған істері де атап айтарлықтай. Ол Парламент Мәжілісінің Заңдар және сот-құқықтық реформа жөніндегі комитетінің белсенді мүшесі ретінде мемлекетіміздегі сот-құқықтық реформасының жан-жақты дамуына, ел экономикасының өркендеп өсуіне өзіндік үлесін қосып келеді.

Оның ат жалын тартып мініп арман қуған, ата жолын қуып азамат болған белестерін бейнелейтін өмірбаяндық деректеріне бір сәт көз жіберіп көрейікші.

Өз басым оны Торғай облысына жас маман болып келгеннен білемін десем артық емес. Ол 1981–1985 жылдары Жангелдин аудандық прокуратурасында тергеуші болып істейді. 1985–1988 жылдары – Торғай облыстық прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі. 1988–1992 жылдары Торғай (Қостанай)

облысы Амангелді аудандық сотының төрағасы болған. 1992–1997 жылдары Торғай обыстық соты төрағасының бірінші орынбасары, облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы. Одан кейін екі жылдай Қостанай облыстық сотының Торғай өңіріндегі аймақтық сотының төрағасы болып қызмет істейді. Ал 1999 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған. Заңдар және сот-құқықтық реформа жөніндегі комитеттің мүшесі. Қазақстан Республикасы Прокуратурасының құрметті қызметкері атағын алған. Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік Алқасының мүшесі. Міне, азаматтың қалыптасу қадамдары мен өсу жолдары осындай. Шынында да ол жоғарыда аталған қызмет сатыларында жүріп, тәжірибе жинап, ысылып, көп нәрсені үйренді. Ақылпарасаты, білімі мен білігі толысып, кәсіби деңгейі жоғарылып, зерделі заңгер болып қалыптасты.

Әсіресе, тәуелсіздігіміз тәй-тәй басқан сындарлы тұста жаңа қоғамның жай-жапсарын зерделеуге күш-жігерін сарқа жұмсап, игілікті істерге мұрындық бола білді. Осы тәуелсіздікті баянды ету, егемендік есігін айқара ашу, нарықтық экономиканы орнықтыру бағытында да ол бүгінгі күннің ең өзекті мәселелеріне бір кісідей етене араласып, жас мемлекетіміздің іргесін бекіте түсуге өз үлесін қосып келеді. Іс тәжірибесі мол, талғамы жоғары құқық саласының белді қызметкері ретінде оның адал еңбегі ел игілігіне әманда қызмет ете бермек.

Рамазан Құмарбекұлының кісілік келбетінен бастап айтсам, бұл өзі жақсы көретін бауырымыз, ел десе елжіреп тұрған, ағайын десе аңқылдап жүрген айтулы азаматымыздың бірі. Оның үстіне мен өзім де Рамазанұлы болғандықтан ба, оның аты да, заты да біртүрлі жақын тартып тұрады. Бұл, әрине жақсы десе жан сүйініп, өзім дегенді өзекке теппейтін ағалық базынам ғой, ең басты мәселе оның кісілігінде деп білемін. Жоғары білім алып, білікті заңгер мамандығып игеріп, осы салада талай жыл талмай қызмет істеуі, жүрген ортасына жағымды, әріптестеріне сыйлы болуы, ел-жұртқа елгезек мінезімен танылуы – ағайын-туғанды, дос-жаранды сүйсінтер жігіттің тамаша қасиеттері! Ендеше, осынау ізгі қасиеттер азаматты әрдайым табыстан табысқа, биіктен биікке жетелей берер талмас қанат болғай!

Тағы бір тоқталатыным, осы торғайлық депутат Сарпеков баурым туралы сөз еткенде, айрықша атап өтетін бір жағдай бар. Ол өзі Жаркент өңірінің тумасы болса да Торғай топырағынан түлеп ұшып, тұғыры биіктеген сайын осы өлкенің қам-қарекетін, мұң-мұқтажын

кебірек жоқтап жүр. Қайсыбірімізде жетпей жататын қасиеттің бірі осы. Әркімнің өз туған жері бар ғой. Әйткенмен де ат жалын тартып мінген әрбір азамат қазақ жерінің кай пұшпағын болмасын өзінің атамекеніндей аялағанға не жетсін. Елбасымыз жиі еске салып жүретін ел бірлігі осыған саяды емес пе. Мұның, әсіресе қазіргі таңда маңызы ерекше. Ендеше, әріптесіміз Сарпековтің бойындағы айрықша сүйсінетін, сыйлайтын ізгі қасиет те осы болар. Сондықтан да мұндай тағдыр жазуы, барша тілектес дос-жаран үшін де ғибратты ғұрып, есте жүрер ерекше адамгершілік қыры деп білеміз. Еліміз өз егемендігін алып, жарқын болашаққа бет алған тұста осындай өнегеден үлгі көріп өскен жеткіншектердің жас мемлекетіміздің іргесін бекітуге қосар үлесі мол болмақ. Тәуелсіз республикамызбен бірге жарқырап өсіп, жаңа ғасырмен бірге жайқалып өнген ұрпақтың жарқын өкілдері болып табылатын жастардың құрған шаңырақтары биік, босағалары берік, керегелері кең болуы соған байланысты! Ізгі дәстүр жастарды жарқын болашаққа жетелеп, үлкен мақсатқа, ұлы мұраттарға бастайтыны анық.

Еліміз өз тәуелсіздігін алып, құқықтық мемлекет құрып жатқан тұста осынау мемлекеттік маңызды істерге заңгерліміздің де қосар үлесі, оларға жүктелер міндет те зор екенін көріп жүрміз. Міне, осы ұлан-ғайыр істің басы-қасында біздің әріптесіміз, бауырымыз, жолдасымыз Рамазан Құмарбекұлының да болуы және осы жолда жемісті еңбек етіп, соған өзінің қомақты үлесін қоса білуі – ауыз толтырып айтар игілік деп білемін.

Кәсіби қызметті ғылыми зердемен еселеп, сан салалы істәжірибемен ұштастыра білу – қаншама күш-жігерді, парасат-пайымды, ең бастысы көп уақытты талап ететіні белгілі. Міне, әрбір маманның осындай сындарлы талаптардың үдесінен шығып, көздеген мақсатына жетіп, жақсы атақ алуы үлкен жетістік! Оны құқықтық мемлекетіміздің құбыланамасын айқындауға белсене атсалысып, жар құлағы жастыққа тимей жүрген жасампаз жандардың бірі деп қабылдау орынды. Парламент қабырғасында бірге жұмыс істеген әріптестері, аға-інідей сыйлас болған қызметтес жолдастары Рамазан Сарпековтің осындай ел мүддесіне арналған еңбектерінің жемісті болып, алдағы уақытта да табыстан табысқа жете беруіне әрдайым тілектеспіз! Себебі, біз оны өз ісінің асқан шебері, білгір заңгер, алғыр маман, үлкенге ізетті, кішіге құрметті елгезек азамат ретінде жақсы білеміз.

Өткен жылдары Торғай өңірінің жағдайы тым ауырлап кеткен еді. Арқалық қаласының, қайсыбір аумақтардың сусыз, жарықсыз, жылусыз қалу қаупі төнді. Мұндағы елдің тұрмысын жеңілдету үшін шұғыл шаралар жасау қажет болғаны да рас. Мұндайда алдымен сол елдің атынан сайланған халық қалаулысына салмақ түсетіні анық. Бұл мәселелерге жедел араласу керек болды. Сонда Рамазан Құмарбекұлының ел қамына жегіліп, ертелі-кеш тыным таппағанын көзімізбен көрдік. Ол елге барып, халықтың жағдайын біліп, сол проблемаларды көтеріп, үкіметтің алдына қоюдан еш танбады. Ежелгі досым әрі әріптесім Қаратай Тұрысов екеумізді ертіп алып, дереу Арқалыққа аттанғанымыз есімде, аймақта үш күндей болып, жағдаймен жете таныстық. Себебі біз, Қарекең екеуміз де сол Торғай өңірінде біраз жыл жемісті еңбек етіп, жергілікті халықпен қоян-қолтық араласып, етене жақын болып кеткен адамдармыз ғой. Біздің де Торғай десе құлағымыз елеңдеп, көңіліміз елпілдеп тұратыны өтірік емес. Содан не керек, үкіметпен бірлесіп жұмыс істеудің нәтижесінде дереу көмек жасалып, қажетті қаражат бөлініп, жағдай біршама жақсарып, іс алға басты. Ауруханалар жөнделіп, оларға да көмек көрсетілді. Бұл арада депутат Сарпековтің жанқиярлық еңбегін атап айтқанымыз орынды. Бұрын да айтылып жүрген аймақтың проблемаларын жете зерделеген Раханқ, сол кездегі Үкімет басшысы Қ. Тоқаевтың атына арнайы депутаттық сауал жолдап, соның басы-қасында жүргенін біз жақсы білеміз. Ол мынандай мәселелерді көтерген еді:

1. Краснооктябрьский-Донское бағытындағы теміржол құрылысына байланысты Арқалық-Шалқар жолы салынбай қалмай ма?

2. Ембі-Арқалық-Астана бағытындағы газ құбыры жайында не айта аласыз?

3. Арқалық қаласында «Армаш» тері өңдейтін зауыт және тігін цехы бар. Соларды толық жолға қою үшін қандай көмек болады?

4. Арқалық қаласындағы педагогикалық институттың келешегі жайында (Ел арасында бұл оқу орны жабылып қалуы немесе Қостанай университетіне қосылуы мүмкін деген әңгіме бар).

5. Жангелдин ауданындағы жалғыз банк жабылады деген мәселе бойынша депутаттық сауал жолдаған едім. Бұл мәселе қалай шешіледі?

6. Шөлейтті жерде орналасқан Жангелдин, Арқалық, Амангелді (Амантоғай), Наурызым, бұрынғы Октябрь аудандарының тағдыры

не болады? Бұл елді мекендерде мал шаруашылығын дамытуға болар еді.

7. Жангелдин, Наурызым, Қарасу аудандарында ауыз су мәселесі өте қиын жағдайда.

8. Жангелдин ауданында соңғы 5-6 жылдан бері қарай рак ауруымен ауыратындардың саны өсіп келеді.

9. Арқалық қаласының келешегіне негізгі күш болып отырған Торғай боксит кен орны «Алюминий-Қазакстан» акционерлік қоғамына берілгелі бері әлеуметтік саладағы мәселелер күрделеніп кетті.

10. Торғай өңіріндегі жағдайды өз көзіңізбен көріп келу үшін барып қайтқаныңыз дұрыс болар еді.

Депутаттың жедел қимылдауы мен табандылығы, іскерлігі мен беделінің арқасында бұл мәселелердің бәрі де аяқсыз қалмай, жоғарғы жақта, тиісті министрлер мен ведомстволарда сараланып, шешімдер қабылданды. Кейбіреуі іске асты, қайсыбір іс-шаралар жоспарында жүр. Бұлар бәрібір сол аймақ үшін өзекті, күн тәртібінде тұрған мәселелер, депутат тағы да осы бағытта жұмыс істеуде.

Дәл бүгінгі күні де депутат әріптестен Торғайдың жағдайы қалай деп сұрасаң, оған толыққанды жауап аласың.

Іргелі деген Амангелді ауданы бойынша ғана ең өзекті мәселенің бірі жас ұрпақ тәрбиесін сөз етсек, көңіл көншітер істер баршылық екен. Аудан мектептерінің алдағы қыс мезгілінде жұмыс істеуге дайындығы және оқулықтармен қамтамасыз етілуі ойдағыдай көрінеді.

Ауданда 16 орта, 5 негізгі және 9 жеке бастауыш мектеп бар. Биыл онда 5020 бала мектепке тартылып оқып жатыр. Өткен оқу жылында 5-сынып оқушылары (509) «Жаңа буын» оқулығымен толық қамтамасыз етіліп, 1459114 мың теңгенің оқулығы мемлекеттік бюджеттен тегін берілген. Ал биылғы 2002–2003 оқу жылында 6-сынып (493) және 2-сынып (516) оқушылары «Жаңа буын» оқулығымен (19918076 мың теңге) тегін қамтамасыз етіліп отыр.

Аудан мектептері жаңа оқу жылына жан-жақты дайындықпен кірісті. Мектептер түгелдей кезекті жөндеуден өткен, мұғалім кадрларымен толықтай қамтамасыз етілген. Қазір ауданда 588 ұстаз сабақ береді. Аудан орталығында 4 мектеп сұйық отынды пайдаланатын пешпен жұмыс істейді, оған жеткілікті мөлшерде (105808 литр) сұйық отын тасылып алынған. Мектептерге 2300 тоннадай көмір тасып жеткізілген.

Ал енді Арқалық қаласы туралы айтсақ, әңгіме былай. Мұнда қаланың инфрақұрылымын оңтайлы пайдалану жүріп жатыр. 50 мыңдай халық тұрады, 11 кәсіпорын жұмыс істейді, олар ағымдағы жылдың бірінші жартысында 506 млн теңгенің өнімін шығарған. Сондай-ақ, 3 құрылыс мекемесі жұмыс істеп тұр. 288 шаруақожалығы, 16 серіктестік және Арқалық тәжірибе станциясы ауылшаруашылығы өнімдерін өндіріп, жақсы нәтижеге жетуде. Мұнда 80-нен астам шағын кәсіпкерлік субъектісі, 700-ге жуық жеке кәсіпкер жұмыс істеп, оларда екі мыңдай адам жұмысқа тартылған. Өткен жартыжылдықта 825 отбасына 11,118 млн теңге көлемінде атаулы жәрдемақы төленген. Және сол уақытта 3290 жұмыссыз тіркелген. Қысқа әзірлік жаман емес. Арқалық жылу электр кешені жөндеуден өткізіліп, 39,4 млн теңге көлемінде жұмыс атқарылған. Жылу және сумен жабдықтау жүйелері қалыпты жұмыс істейтін болады. Бұл орайда тиісінше 12,5 және 31,0 млн теңгенің жөндеу жұмыстары аяқталған. Үкімет тарапынан Жангелдин, Амангелді аудандарына да жаз айралында едәуір қаржы бөлініп, қатынас жолдары жөнделіпті. Иә, ел депутатының өз сайлаушыларының талабынан табылып, оның бары мен жоғын сергек сезініп отыруы жөн-ақ.

Ел сенімін арқалап, халыққа қызмет жасап жүрген соң, депутаттың діттеген ойы жұртшылықтың тілек-талғамымен бірге астасып, біте қайнап жататыны белгілі. Бұл қағиданы Сарпековке қарата айтсақ, ол ертелі-кеш Торғай өңірі деп толғанып жүрген азамат. Ал Торғай өңірі дегеніміз – тұтастай ауыл қамы. Ауыл туралы аз айтылып жүрген жоқ. Елбасының өзі бұған айрықша көңіл бөліп, арнаулы бағдарламалар жасалып жатыр. Үкімет те ауылға ерекше маңыз беріп, осы сара бағытпен жұмыс істеуде. Міне, енді осы бағдарлама, алдағы жоспарларға ден қойсақ, депутат кейіпкерімізді, халқымызды толғандырған толғақты мәселелер де, баршаға ортақ мақсат-мұратымыз да айқындала түсері анық:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық саясатының басты басымдықтарының бірі – ауылдағы тұрмысты жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыру. Бұл басымдықты орындау селоның әлеуметтік саласының және инфрақұрылымының даму бағдарламасы арқылы жүргізіледі. Ауыл өмірін жақсарту ісіндегі басты мақсат – селоның әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын дамыту арқылы село халқының дұрыс тіршілік әрекеті үшін жағдай жасау.

Көлікпен қамтамасыз ету проблемаларын шешу селолар мен аудан орталықтары арасында автобус қатынасының үзілмеуін қадағалау, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жалпылама пайдаланылатын жолдарды салу мен қайта жаңартуды ескереді.

Селолық елді мекендерді энергиямен, газбен және сумен қамтамасыз ету.

Қазіргі бар селолық электр желілерін жұмысқа қабілетті күйде ұстап тұру. Халықты және селолық елді мекендердің әлеуметтік саласының объектілерін электр энергиясымен тоқтаусыз жабдықтау үшін электрді жеткізетін желілер мен энергетикалық жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу.

Селода қазіргі кезде бар байланыс жүйесін, АТС-терді және қосу желілерін жетілдіру және жаңаларын салу.

Селодағы медициналық мекемелер – фельдшерлік пункттің, отбасылық дәрігерлік амбулаторияның жұмысын қамтамасыз ететін дербес алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталықтарын жолға қою және кеңейту;

Селода білім берудің сапасын көтеру үшін мектеп жасындағы балаларды міндетті жалпы орта білім берумен толықтай қамту жөніндегі шараларды жүзеге асыру көзделген. Селолық жалпы білім беру және кәсіби мектептер, лицейлер жүйесі село халқының қажетіне сәйкес келтірілетін болады. Облыс орталықтарында селолық жерлердің дарынды балалары үшін интернаттық ұйымдар ашылмақ.

Жұмыс істемейтін мәдениет мекемелерін, кітапханаларды, клубтарды, кинотеатрларды қалпына келтіру жөнінде пәрменді шаралар қабылдау, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, селолық жерде тұратын халықты жұмыспен қамту, табысын көтеру проблемаларын шешу үшін кәсіпкерлікті дамытуды қолдау қамтамасыз етіледі.

Ол үшін мыналар қаралады: ауылшаруашылық техникасын жөндеу және күту жөніндегі сервис орталықтарын құру шеңберінде рыноктық инфрақұрылымның дамуына жағдай жасау;

Фермерлерді шаруашылық жүргізудің рыноктық әдістерінің, меркетингтің негіздеріне және ауылшаруашылық өндірісінің технологиясына оқыту және қайта оқытуды үнемі жүргізу;

Селолық несие серіктестіктерінің дамуына және селода қаржы лизингісін енгізуге жәрдем жасау; жұмыспен қамтуды арттыру және

кедейлік проблемасын шешу мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне жәрдем көрсету.

Жұмыс берушілердің жалақыны, ал мемлекеттің зейнетақы мен жәрдемақыны уақытында төлеп отыруын қамтамасыз ету, халыққа атаулы әлеуметтік қолдауды күшейту, қаржыландыру көзіне қарамастан әлеуметтік төлемдердің барлық түрі бойынша берешекті кезең-кезеңімен өтеуді жүзеге асыру; зейнетақы реформасын ауылға жеткізу».

Міне, біздің сөз етіп отырған кейіпкеріміз, депутат Сарпековтің де осынау ұлан-ғайыр іске белсене атсалысып, сол жолда бар күш-жігерін аямай жұмсайтынына біз кәміл сенеміз!

Өзінің кемел кезінде, толысқан шағында халқына қалаулы болып қажырлы қызмет жасап жүрген әріптесім Рамазан Құмарбекұлына әрдайым зор денсаулық, мол бақыт, отбасына амандық, өмірде мол табыс тілеймін!

14 қазан 2002 жыл.

Мақтай САҒДИЕВ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Отанға деген перзенттік парызын адал өтеп, кісілік келбетіне қылау түсірмей өткен тағы бір абзал ардагеріміз туралы әңгіме тиегін ағытсақ, Мұзаппар Дайыров елім деп еленděп, халқым деп қайрат қылып, төрт қиырға кең танылған қайраткерлеріміздің бірі. Ол жасынан оқу оқып, еңбек етіп, өмірдің ыстық-суығын көріп, жергілікті шаруашылық орындарында, комсомол, партия органдарында тәжірибе жинақтайды. Одан аудандық, облыстық партия комитеттері аппаратында жауапты қызметтер істеп, ысылып, толысып, өнегелі өмір мектебінен өтеді. Тағдырдың жазуы шығар, бұл кісінің ел басқару, партиялық жауапты жұмыстардағы кезеңі соғыс жылдарымен қатар келген еді. Сондықтан да бұл буынның арқалаған жүгі де, атқарған міндеті ауыр болғаны белгілі. Міне, біздің Мұзағаң осындай ел басына қиын сын болған сұрапыл жылдарда суырылып алға шығып, соғыс өтіндегі Жанғала, Орда аудандарында бірінші хатшы болып ел басқарып, күш-жігерін ел қорғау, тылды нығайту

[illegible]не жұмсап, қажырлы еңбек етеді. 1942 жылы Жанғала ауданының [illegible]-хатшысы болып сайланғанда Мұзаппар Дайыров отызға тола [illegible]аймаған өрімдей жігіт екен. Бұл аудан бүкіл Қазақстан бойынша соғыс аумағына кірген бірден-бір қауіпті аймақ еді. Осындай үлкен жауапкершілікті жете түсіне білген Дайыров соғысқа не керектің бәрін дайын етіп, күні-түні дамылсыз қауырт шаруаның қамында болады. Осы өлкенің тумасы Жұбан ақын айтқандай:

Көп алды емтиханды дәуір менен,
Сынады окпен, отпен, ауырменен,
Көнбеймін еш сыркатқа ендеше мен,
Солдатты көргенім жоқ ауырып өлген.

Әне сондай ер етігімен су кешкен қиыншылықты елмен бірге басынан кешірген, соғыс туралы біреуден естімей, қан майданды көзімен көрген, оның қасірет-қайғысын, ауыр жүгін иығымен арқалаған Мұзекең жергілікті жерде әбден пісіп-жетіліп, ұтқыр ұйымдастырушы, беделді басшы болып қалыптасады.

Соңғы жылдардағы қызмет ыңғайында, Ардагерлер қоғамын басқарып жүрген күнделікті тұрмыс үрдісінде алдымдағы ағалардың, өзім құралыптас азаматтардың, біздің өкшемізді басқан інілеріміздің өмір тарихына көп үңілгендіктен, бұл елеулі елағаларының, зерделі зейнеткерлердің ғибратты ғұмырына, сүйектерінің асылдығына еріксіз сүйсінесің. Бір жағынан өмірбаяндары өзара ұқсас болса да, қажырлы істері қатпарланып, жайсаң мінезі жоталанып, қайсар тұлғалары дараланып тұратынына қайран қалмасқа болмайды. Мінеки, Мұзағаның мұзарт биіктей мұнарлы бейнесін қараңыз. Алыстағы ауданда абыройлы қызмет істеп, қажырлы еңбегімен көзге түсіп, тіпті Қазақстанның сол кездегі басшысы Жұмабай Шаяхметовтің назарына ілігіп, Жоғарғы Кеңеске жауапты қызметке келуі – тағдырдың жазуы ғана емес, тындырымды істің нәтижесі, халықтың сенімі, орталықтың оң бағасы да еді. Мұзаппар ағамыз сол сенімді абыроймен ақтап шыға алды. Үлкен жерден көп нәрсені үйренді, іс-тәжірибесін жан-жақты байыта білді. Қазақстанның бірнеше облыстарында басшы қызметте болып, республикалық деңгейдегі байсалды басшыға айналды, Қазақ КСР-інің Дайындау министрі болып, мемлекеттік маңызды істерді білгірлікпен шеше алды. Халық қалаулысы атанып, бірнеше рет республикамыздың Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, үкімет мүшесі

болды. Сол бір сан қырлы қызметтің сый-құрметіндей сырбаз ағамыз көптеген жоғары наградаларға ие болады. Атап айтқанда, Ленин, Октябрь Революциясы, төрт Еңбек Қызыл Ту, екі Құрмет белгісі, екінші дәрежелі Отан соғысы, Халықтар Достығы ордендері асыл азаматтың асқақ бейнесін сипаттайтын байыпты бағалаулар, биік дәрежелі белгілер еді. Әрине, ол кісінің басшылық қырының жан-жақты ашылып, қайраткерлік қасиетімен кең танылған тұсы Қазақ КСР-інің Дайындау министрі болған шағы деуге болар еді. Сондықтан бұл кезеңді арнайы сөз етпеске болмайды. Мұзекең мұның алдында тың облыстарында басшы қызметтерде болып, көп тәжірибе жинақтаған болатын. Ендігі жерде бүкіл Одақ және Қазақстан бойынша жетекші сала – астық дайындау әрі жауапты, әрі абыройлы міндет еді.

1979 жылы қазақ жерінде ерен еңбек жеңісіне қол жеткізілді – дәнді дақылдардан мол астық өндіріліп, ұйымшылдықпен жиналып алынды. Осы жылы алғаш рет Отан қоймасына рекордтық көрсеткіштегі – 1 миллиард 262 миллион пұт жоғары сапалы астық құйылды, оның миллиард пұттан астамы астықтық бидай болатын.

Мұндай жеңіске жету оңай болған жоқ. Күні-түні демей, ыстық пен суыққа мойымаған еңбеккерлер астық тағдыры мен оның сақталуы жолында бар күшін салды. Кеңестік Қазақстан осы жылы Кеңес Одағының ең жоғарғы наградасы – Ленин орденімен наградталған еді. Қазақстанның мол астығын алу жолында республиканың сол кездегі 17 облысы мен оның аудандары, шаруашылықтары белсенділікпен қатысып, өз үлестерін қоса білді, сөйтіп халық шаруашылығының жоспары артығымен орындалды.

Қазақстан астығын алуда неғұрлым үлкен үлесін қосуда алдымен Қостанай облысының шаруашылықтары мемлекетке 229,2 миллион пұт, Целиноград – 204,3, Көкшетау – 143,6, Торғай – 118,7, Павлодар – 80,4, Қарағанды – 66,6, Орал – 60,7 миллион пұттан астық өткізді. Жезқазған мен Қарағанды облыстары жалпы сатып алу көлемін екі есе арттырса, Павлодар, Целиноград және Шымкент облыстары бір жарым есе арттырды. Сол жылғы Қазақстанның мол астығын өндіруге республиканың барлық ауылшаруашылық ауданы зор үлес қосқанын айту керек. Әсіресе, Отан қоймасына өте мол астық тапсырған Қостанай облысының Комсомольский, Феодоров, Камышин, Урицкий, Қостанай аудандары, Целиноград облысының Есіл, Торғай, Атбасар, Астрахань, Краснознаменск, Целиноград

аудандары, Павлодар облысының Ертіс ауданы, Қарағанды облысының Нұра ауданы биік деңгейден көріне білді.

Республиканың 400-ге жуық шаруашылығы сатып алу жоспарын жүзеге асырды және оны асыра орындағандары да болды, олар мемлекетке 1-ден 2 миллион пұтқа дейін астық өткізді. Ал 2 және одан да артық миллион пұт астық тапсырған 61 шаруашылық болды. Соның ішінде Целиноград облысынан – 32, Қостанайдан – 13, Торғайдан – 8, Оралдан – 2 шаруашылық өз міндеттерін әлдеқайда асыра орындады. Бұлардың ішінде өз жоспарларын екі есеге орындаған Целиноград облысының Қайнар, Новочеркасск, Степняк, Мариновский, М. Горький атындағы, Гельманъ атындағы, Южный, Еркіншілік, Жаңадала, Армавир, Жұлдыз, Калинин атындағы, Краснознаменск, Днепропетровск, Арықты, Воздвиженск және Красноярск кеңшарлары, Қостанай облысының Бачасов атындағы кеңшары, Торғай облысының Аркалық, Уәлиханов, Ленин, Ленин комсомолы, Г.С. Титов, СОКП XXI съезі, Фурманов атындағы және Торғай кеңшар-техникумы айрықша көзге түскен еді. Ал Қостанай облысының Наурызым ауданындағы Козлов атындағы кеңшардың диқандары өз жоспарларын тіпті 204 пайызға орындап, мемлекетке 5,5 миллион пұт астық тапсырғаны зор жетістік еді.

Иә, 1979 жылдың мол астығы республикамыз бойынша оныншы бесжылдықтың төрт жылдығы сомасындағы астық сатып алу жоспарын артығымен орындауға мүмкіндік әперді. Бұл жылғы жоспар Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Орал, Целиноград және Шымкент облыстарында да артығымен орындалған болатын. Осы жылы астық сатып алу көлемі артып, соның ішінде бидай – 155, арпа – 216, жүгері – 205, сұлы – 244 пайызға орындалды.

Ерекше айтатын нәрсе, осы жылдары республикада негізінен өте жоғары сапалы астық өндіріліп, дайындалып келді. Олардың 71 пайызы күшті, қатты және бағалы сорттар болатын. Әсіресе, мұндай бидайдың үлес салмағы Қостанай облысында – 92, Торғайда – 84, Ақтөбеде – 83, Жезқазғанда – 90, Оралда – 71 пайыз жоғары көрсеткішті көрсетті.

Астықты өндіріп, жинап алып қана қоймай, оны астық қабылдау пункгері мен элеваторларға тасып, сақтау да үлкен міндет екені түсінікті. Бұл ретте элеваторлар мен астық қабылдау пункгері

қызметшілерінің де орасан еңбегі мен жауапкершілігін айта кеткен орынды. Орақ күндері үздіксіз, тәулік бойы астық қабылдау және босату, сақтауды қамтамасыз ету жұмыстарында олар нағыз жанқиярлық істерін көрсете білді.

Мұзекеңнің өз толғамдарына ден қойсақ, сол бір сұрапыл науқанның сипаттары айқын аңғарылады: «Қандай табыс болмасын өздігінен келмейтіні белгілі емес пе. 1979 жылдың күзі Қазақстан үшін соңғы ширек ғасыр ішіндегі ең жауапты да қиын кезең болды. Әсіресе, осы жылы солтүстік өңірге күз ерте келіп, күн де бірден суық қабағын танытты, жаңбыр да жиі жауып, жұмысты қиындата түскен еді. Соған қарамастан ұйымшылдықпен басталған дала жұмыстары тоқтамай, шаруашылық қырмандарында қызу қарбалас жүріп жатты. Бұл арада жергілікті басшылықтың қолдауымен республиканың астық дайындау жүйесінің қызметкерлері өздерінің бай тәжірибелеріне сүйене отырып, ұйымдастырушылық жұмысты дұрыс жолға қойып, техникалық құрал-жабдықтар қуатының бәрін оңтайлы қолдана білуінің арқасында мол астықты уақытында қабылдай алды және оның сақталуын да қамтамасыз етті.

Астық дайындаушылардың толағай табыстары туралы көп айта беруге болады. Ең бастысы, бұл ретте астық өнімдерінің облыстық басқармалары, мемлекеттік инспекциялары мен кәсіпорындары қызметкерлерінің, әртүрлі мамандардың ерен еңбегін ерекше атап өткен жөн. Астық дайындаушылардың жұмысындағы басты көңіл аударарлық мәселе – тиесілі кәсіпорындарының астық қабылдауға материалдық-техникалық базасының нақты дайындығы. Мұның бәрі сайып келгенде, алда тұрған міндеттерді кешенді тұрғыдан шешудің негізін қалайтын. Бұл ретте облыстық астық өнімдері басқармаларының, элеватор мен астық өнімдері комбинаттарының басты мақсаттары да – жұмыс ырғағын белсенді жүргізу, жоғары сапаға қол жеткізу еді. Осының бәрін саралай келіп, тыңғылықты әзірленуді қамтамасыз еткен кәсіпорындарға «Әзірлік белгісі» дейтін атақ берілетін.

Мұндай жұмыстардың қарқынын арттырып, сапасын жақсарту үшін облыстық астық өнімдері басқармалары мен кәсіпорындарының арасында, бригадаларының, өндірістік учаскелері мен цехтарының арасында қызу жарыстар өткізіліп, пәрменді шаралар ұйымдастырылатын. Соның барысында материалдық және моральдық ынталандырулар жасалып, ол өз кезегінде еңбеккерлердің

ыңта-жігерін одан сайын көтере түсетін. Бұл ретте астық дайындау саласындағы еңбеккерлерді тек көтермелеп қана қоймай, оларды тұрмыстық, тұрғын үй мәселелерімен қамтамасыз етуге баса назар аударылып отырды. Осы мақсатта республикамыздың астық дайындау министрлігі қызметшілерге әлеуметтік қолдауды жақсарта отырып, олардың еңбек орнындағы тұрмысы мен тұрғын үй, мәдени қамту жайындағы мәселелерге мол қаржы салып, жайлы жағдай жасауға тиісті көңіл бөліп отыратын».

Астық қабылдау кәсіпорындарының техникалық базасын нығайтып, жұмысты қарқынды жүргізуі алдымен жұмысшылардың, инженерлік-техникалық қызметшілердің, ұйымдастырушы басшылардың дамылсыз еңбегі, тындырымды істерінің нәтижелі табысы деп қарауымыз керек. Жыл сайын сала кәсіпорындарының саны артып, техникалық деңгейдегі жарақтандырылуы, жаңа үлгідегі озық технологиялы өндірістерді пайдалану мен тұрмыстық жағдайларды жақсарту талапқа сай жүргізіліп жатты. Элеваторларда, кептіру-тазарту мұнаралары мен басқа да объектілерде өндірістің жоғары эстетикасы мен мәдениетін енгізу бойынша шаралар ұйымдастырылып, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны сақтауға да ерекше назар аударылды. Бұл ретте әсіресе, осы мақсаттағы жұмыстардың нәтижелері Торғай, Қостанай, Целиноград, Көкшетау және басқа да бірқатар астық өнімдер басқармаларында жақсы көрініс тапты.

Міне, осындай және басқа да қомақты жүргізілген шаралардың негізінде астық дайындау басталғанға дейін кептіру қуаты 30 мың тонна-сағатқа дейін болатын 21 миллион тонналық астық сақтау қоймалары, 3,6 мың автомобильді жүк тиеу-түсірушілер және басқа да көптеген техникалар сақадай сай әзірленді. Осынау дайындықтың нәтижесінде астық алу науқаны кезінде мұндай қамбалар уақтылы, үздіксіз, тәулік бойы тоқтамастан астықты қабылдай алды.

Астық өндірісін арттырып, басқа да өнімдер мен шикізатты дайындауда ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алу және сапасы жөніндегі облыстық, аудандық мемлекеттік инспекциялардың да маңызы зор болғаны белгілі. Сол кездің өзінде республикада 19 облыстық, 215 аудандық ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алу және сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекциялар болған екен. Олар астық дайындаушы әртүрлі ұйымдардың жұмысын үйлестіріп,

колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылығы өндірісінің жоспарларын жасауда және өнімдерін дайындауда белсенділікпен жұмыс істеді.

Аталған инспекциялар шаруашылықтарға өнімдерді өткізуді және оны дайындауға қабылдауды, сапасының анықталу дұрыстығын және ол үшін дер кезінде есеп айырысуын ұйымдастыруды, колхоздар мен совхоздардағы өнімдерді пайдалануды, мемлекеттік дайындау тәртібін сақтауды бақылайтын және сол сияқты тағы басқа да көптеген астық өндірісіне, дайындауға, сақтауға, өңдеуге, сапасын көтеруге байланысты мәселелерді шешуге тікелей жауапты орган ретінде өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарды.

Мемлекеттік инспекциялар шаруашылықтар мен алқаптардағы бидай сортының күшті, қатты және бағалылығы жөніндегі сапасын алдын ала анықтауда ауқымды жұмыстар жүргізді. Ал қысқы мерзім ішінде шикі және ылғалды астықты кептіру, бүркемелі сақтауды жою, дайындалған астықтың толық сақталуын қамтамасыз ету, жалпы айтқанда, шаруашылық қызметіндегі барлық көрсеткіштер бойынша жылды табысты аяқтау міндеті тұратын. Қазақстанның астық дайындаушылары сол кезде осы міндеттерді адалдықпен атқарып, ерен еңбектерімен көріне білді деп құрметпен айтуға болады.

Жалпы айтқанда, Астық дайындау министрлігінің астық қабылдау және астық өңдеу кәсіпорындарының ұжымдары сол кезде еліміздің экономикалық дамуына өзіндік мол үлесін қосты. Министр Мұзаппар Дайыровтың өзі де ат үстінен түспейтін. Қазақстан басшысы Дінмұхамед Қонаевпен және басқа үлкен кісілермен бірге облыстарға жиі сапарға шығып, астық жинау ахуалын жіті назарда ұстайтын. Жергілікті басшылармен жақсы қарым-қатынас орнатып, бар астық мөлшері, қандай, нендей көмек керек болады, соның бәрін жасырмай айтыңдар деп ашық сырласудан еш жалықпайтын. Осындай тиімді ұйымдастыра білудің арқасында астық ору конвейерінің қалыпты жүргізілуі, автокөлікпен қамтамасыз етілуі жоғары қарқынмен тоқталмастан жүрді. Осы кезеңде астық сатып алудың орташа жылдық көлемі 1 миллиард пұтқа, яғни 4,1 миллион тоннадан астам көрсеткішке жеткізілді. Астықтың жалпы көлемі 78 пайыздан тұратын өте құнарлы және бағалы бидай сорттары болды.

Қазақстан астығы үшін айқаста еліміздің астық қабылдау кәсіпорындары мен элеваторларының ұжымдары тамаша табыстарға қол жеткізді. Мәселен, осы ретте Целиноград облысының

Краснознаменск элеваторы бесжылдық жылдарында 700 мың тонна астық дайындады. Сол сияқты Урицкий элеваторы – 217 мың, Костанай астық өнімдері комбинаты – 216 мың, Қызылту – 208, Песков – 200, Жетіқара – 191, Орджоникидзе – 186, Булаев – 170, Явленск астық қабылдау кәсіпорны – 125 мың тоннадан астық қабылдап, жоғары нәтижелерден көрінді.

Осынау миллиард пұт астықты қабылдап алуда, оны сақтай білуде облыстық астық өнімдері аппаратының және кәсіпорындардың мамандары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерінің айрықша еңбектерін айта кету керек. Олардың бәрі де осындай аса жауапты кезде өздеріне тапсырылған маңызды міндеттерін аса зор жауапкершілікпен атқарды.

Астық дайындаудың материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіру жөнінде де серпінді жұмыстар жүргізіліп жатты. 1976–1980 жылдары астық қабылдау кәсіпорындарында жаңа элеваторлар мен астық сақтау қоймалары салынды. Республика кәсіпорындарындағы механикаландыру көлемінің жалпы үлесі бесжылдықта 75-тен 79 пайызға жетті. Осы кезеңде 1222 қуатты автожүктиеу-түсіргіш, 233 автомобиль таразылары, 66 өндірістік лаборатория және сол сияқты көптеген техникалық құрал-жабдықтар пайдалануға енгізілді. Сондай-ақ осыншама механикалар мен техникалар, жабдықтар қайта жөнделді.

Әсіресе, астық кептіру қондырғыларының жұмыстарын жақсарту жолға қойылды. Бұл ретте 255 астық кептіргішке тазалағыш-тоқтатқыш элементтер, 132-іне астықты қосымша суыту қондырғылары, 153-не дистанциялық басқару пульттері орнатылып, қайта жабдықталды. Кәсіпорындардың осындай материалдық-техникалық базасын дамыту және жетілдіру негізінен Қостанай, Көкшетау, Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Торғай және басқа облыстарда қарқынды жүргізілді.

Жоғарғы сортты ұндарды көбейту мақсатында ұн тарту зауыттарын қайта жабдықтап, сапалы, жоғарғы және 1 сортты ұн шығару жолға қойылды. Бірқатар екінші сорт шығаратын кәсіпорындар бір сортты, яғни 72 проценттік ұн шығаруға ауыстырылды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде Көкшетау, Петропавл, Алматы ұн тарту зауыттары, Ленин орденді Қостанай астық өнімдері комбинаттары жоғарғы сортты ұн шығаруда мақсатты табыстарға жетті. Республикада сонымен қатар қоғамдық мал өсіруді жеделдету

мақсатында құрама жем өнеркәсібін дамыту да астық өнімдері кәсіпорындарының міндеттеріне енді. Сонымен қатар белок витаминді қоспалар өндірісінің көлемі де едәуір арта түсті. Сортты ұндарды, тамақтық дақылдар мен құрама жем шығаруда саладағы кәсіпорындар үнемі алдыңғы қатардан көріне түсті. Мұның бәрін тәптіштеп айтып жатқанымыз, осынау ұлы істердің басы-қасында Мұзаппар Дайыров сынды белгілі мемлекет қайраткері, ардагер азамат болған еді. Біздің буынның белгілі ақыны, зерделі сөз зергері, ұрпақтан ұрпаққа кететін атақты «Мен – қазақпын» поэмасының авторы Жұбан Молдағалиев былай дейді:

Әр ұрпақтың, уақыттың заңдары бар,
Әр таудың да асуы, заңғары бар,
Әр сапардың, әр жолдың ақыры бар,
Әрбір күннің кеші бар, таңдары бар.

Өзімізбен қатарда, бір капталда,
Келе жатыр мирасқор ұрпақтар да,
Біліктірек, бәлки, сәл қанаттырақ,
Тіпті шығып кеткендей шырқап та алға.

Мұнша қызық, апыр-ай, болар ма адам,
Қызығамын оларға, олар – маған,
Тілейді ұрпақ аға мен ата жолын,
Өмір екі алайда оралмаған.

Мінекей, осындай данқты жолдан өткен, өнегелі өмір тарихы бар аға буынның айтулы өкілі Мұзаппар Дайыров деп мақтанышпен айта аламыз. Осы өжет буынның өткен жолындай, таяуда тыңның 50 жылдығы да атап өтілді. Оны әртүрлі бағалаушылар да табылады. Тыңның ең басты тағылымы – Отанның ырыздығы, халықтың тоқшылығы, елдің ынтымақ-бірлігі ғой. Осындай үлкен мақсаттар мен ұлы мұраттар жолында жарқылдап еңбек еткен, жарқын ғұмыр кешкен Мұзекеңдей ардагеріміздің де ұрпақпен бірге жасар үлкен ұлағат иесі екеніне күмән жоқ.

ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЕ 60 ЛЕТ

Ваш подвиг, ваш патриотизм – это
пример для всех,
кто сегодня решает исторические задачи
преобразований в республике.
Ваша мудрость, терпение,
огромный жизненный опыт являются
живительным источником единства
и стабильности, а значит, и будущего процветания
многонационального народа
Казахстана.
Н.А. Назарбаев

Завершая книгу воспоминаний казахстанцев – участников Великой Отечественной войны и тружеников тыла военных лет, мне, как председателю республиканской ветеранской организации, хотелось бы поделиться с читателями некоторыми своими мыслями.

Победа Советского Союза в Великой Отечественной войне 1941–1945 годов является поистине всемирно историческим событием, освободившим многие народы от фашистского порабощения. Несмотря на прошедшие десятилетия, значение Победы, мужество и героизм участников этой самой разрушительной и кровопролитной из всех войн, когда-либо полыхавших на планете, не меркнет, и убежден, не померкнет никогда. Как бы ни старались различные отщепенцы, лжеученые и фальсификаторы исказить правду о Великой Отечественной войне и ее победителях, им это не удастся сделать, ибо каждая страница истории об этой страшной войне написана потом, кровью и ценой самой жизни победителей.

Тяжелейшие испытания, связанные с войной, выявили лучшие качества советских людей: сплоченность в пору опасности, духовное родство, братское единение, патриотизм и неистребимую веру в победу. Представители всех без исключения национальностей сражались плечом к плечу, отстаивая честь и независимость общей для всех Родины.

Весомый вклад в Великую Победу внесла наша республика. С началом войны в Казахстане, как и повсюду, развернулась огромная организаторская и политическая работа по мобилизации населения на борьбу с коварным врагом под лозунгом «Все – для фронта, все – для Победы!». Сотни тысяч наших земляков-казахстанцев по долгу, велению души и сердца взяли в руки оружие и встали на защиту своего Отечества, отважно сражались с фашистскими полчищами

не щадя своей крови и жизни, практически на всех фронтах военных действий. Около 1 млн 200 тыс. лучших своих сыновей и дочерей в годы войны республика направила в действующую армию. Более половины из них, а точнее 601 тысяча составили безвозвратные потери. Увековечение памяти погибших во время войны за свободу и независимость является неотъемлемой обязанностью государства, ветеранских организаций, всей общественности.

В этом плане в республике немало сделано и продолжает делаться. Во всех областях и городах изданы Книги памяти, где перечислены все погибшие, сооружены и продолжают сооружаться памятники и обелиски наиболее отличившимся из них, устанавливаются мемориальные доски на домах, в которых они жили, оказываются определенные знаки внимания их семьям. Образы и дела защитников Отечества запечатлены в названиях улиц и площадей, целых населенных пунктов, в трудах историков, писателей и композиторов, их имена присваиваются школам и другим учебным заведениям. Работа эта планомерно и целенаправленно продолжается. Выявляются все новые имена геройски погибших воинов, уточняются их данные, обстоятельства гибели, разыскиваются родственники, пополняются Книги памяти. Не успокоится совесть поколений, не прервется начатый нами поиск до тех пор, пока в Книге памяти не появится последняя страница с последними воскрешёнными именами.

Как известно, в годы войны в Казахстане было сформировано около 30 крупных воинских подразделений: дивизий, национальных стрелковых бригад и полков, в том числе такие прославленные как 8-я гвардейская дивизия имени генерала И.В. Панфилова, 27-гвардейская ордена Богдана Хмельницкого стрелковая дивизия, 30-я гвардейская Краснознаменная дивизия, 72-я Гвардейская Краснознаменная стрелковая дивизия и многие другие.

Все эти формирования, воины-казахстанцы проявляли настоящие образцы мужества и отваги, несгибаемую волю к победе в боях с немецко-фашистскими захватчиками. Об этом свидетельствуют многочисленные боевые ордена и медали, украшающие грудь ветеранов.

Около 500 солдат и офицеров-казахстанцев были удостоены высокого звания Героя Советского Союза. В их числе панфиловцы, совершившие подвиг у разъезда Дубосеково, дважды Герои Советского Союза летчики Талгат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов и Леонид Беда, славные дочери казахского народа

Маншук Маметова и Алия Молдагулова, летчики, повторившие подвиг капитана Гастелло, – Нуркен Абдиров и Михаил Янко, воины, подобно Александру Матросову, закрывшие своей грудью амбразуру вражеских дзотов, – Агадил Сухамбаев, Султан Баймагамбетов, Иван Бабин.

До сих пор награды, которых были удостоены наши фронтовики за совершенные подвиги во время войны, находят своих героев. Буквально на днях ответработник Посольства Российской Федерации в Казахстане вручил Центральному совету «Организации ветеранов РК» список на 86 человек – наших земляков, которые были награждены за ратные подвиги, но по каким-то объективным причинам награды им не были вручены. Среди наград – ордена Славы II и III степени, Красной Звезды, Отечественной войны, медали «За отвагу» и другие. Сейчас мы уточняем адреса этих фронтовиков для торжественного вручения заслуженных наград.

Необходимо отметить, что победа ковалась не только в огне кровопролитных сражений Великой Отечественной, но и в глубоком тылу, которым являлась наша республика. Весомую лепту в успешные действия на фронтах, а значит и в разгром фашистской Германии, внесли труженики Казахстана. С первых дней войны экономика республики была переориентирована на обеспечение потребностей фронта. При этом следует учитывать, что основная масса трудоспособных мужчин была мобилизована в армию, и все основные тяготы в тылу легли на плечи женщин, стариков и подростков. Несмотря на это, как и на передовой, труженики тыла республики показывали исключительную стойкость, высокую организованность и дисциплину, небывалый массовый героизм. За невиданно короткие сроки было налажено производство боеприпасов и вооружения, другой военной продукции. Экономика Казахстана в те годы развивалась ускоренными темпами. Этому в определенной степени способствовало размещение в республике многих эвакуированных заводов, строительство новых предприятий и расширение действующих. Большую помощь фронту оказывали наши сельчане, поставляя армии хлеб, мясо, молоко, другую сельскохозяйственную продукцию, зачастую из личных запасов.

Труженики города и села выступали в те годы со многими патриотическими инициативами и починами: по сбору средств в фонд защиты Родины, по созданию танковых колонн и авиаэскадрилей.

Нельзя также забывать о том, что в республику были эвакуированы из прифронтовых районов сотни тысяч людей разных национальностей, которых здесь встретили с традиционным братским гостеприимством, предоставив кров, питание, работу, проявив подлинную заботу и сердечность. Особая забота проявлялась о беспризорных детях.

Именно в суровые годы войны крепла дружба, сплоченность, родство людей разных национальностей, населяющих республику, и этот чрезвычайно важный фактор в немалой степени и сегодня способствует сохранению и упрочению межнационального согласия и стабильности в нашем обществе.

Время неумолимо – уходят из жизни многие участники Великой Отечественной войны и труженики тыла военных лет, оставляя о себе, о своем подвиге, самоотверженном труде добрую память, передавая эстафету новым поколениям.

На 1 июля 2004 года в независимом суверенном Казахстане проживает около 35 тысяч инвалидов и участников ВОВ, примерно 145 тысяч тружеников тыла военных лет. Наш долг и святая обязанность – помнить этих людей, заботиться о них, оказывать им соответствующие почести, воспитывать на их примере подрастающее поколение в духе патриотизма, интернационализма, любви к Родине в духе взаимопонимания и дружбы народов.

Ежегодно День Победы отмечался в Казахстане широко, достойно, как самый большой и светлый праздник, особенно торжественно проходили юбилейные даты. Думаю, что не будет исключением и предстоящий 60-летний юбилей.

В соответствии с решением совета Глав государств СНГ от 7 октября 2002 года и от 19 сентября 2003 года «О Программе подготовки и празднования 60-й годовщины Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 годов» в стране ведется серьезная работа по достойной встрече этой исторической даты. К ней подключены многие министерства и ведомства, местные акиматы, предприятия и учебные заведения, воинские формирования, общественные объединения и, в первую очередь, ветеранские организации. Повсеместно на собраниях в первичных организациях, заседаниях президиумов и пленумов ветеранских советов обсуждены вопросы подготовки к празднованию 60-летия Победы, разработаны и утверждены соответствующие мероприятия.

Во многих регионах республики по ходатайству ветеранских организаций остронуждающимся участникам Великой Отечественной войны акиматами выделяются квартиры, осуществляется ремонт жилья, его телефонизация, предоставляются льготы по оплате коммунальных услуг, право бесплатного проезда на внутригородском общественном транспорте и т. д.

По договоренности с Посольством Республики Беларусь уже четыре группы ветеранов-казахстанцев (по 6-8 человек), которые участвовали в освобождении Белоруссии от немецко-фашистских захватчиков, совершили поездки в эту страну, встретились с однополчанами, посетили места былых сражений. Поездки прошли очень организованно и оставили неизгладимые впечатления у наших ветеранов. И это лишь начало той большой работы, которая предусмотрена Программой и мероприятиями по подготовке и празднованию 60-летия Победы. В числе мероприятий значится и выпуск настоящей книги воспоминаний.

Мы признательны Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву, который согласился написать вступительную статью в книгу и поздравил ветеранов, а также за то внимание и заботу, которая им осуществляется по отношению к старшему поколению. В частности, по его поручению с 1 января 2005 года в связи с празднованием юбилея Победы будет значительно увеличен размер государственного спецпособия инвалидам и участникам ВОВ (до 15 МРП), а также выплачено единовременное пособие в размере 30 тыс. тенге.

Ветеранская общественность с благодарностью относится к Министерству обороны РК за согласованную работу по подготовке к празднику. Министерство оказывает существенную помощь в создании, оформлении и оборудовании музея «Боевой славы» в г. Астане, проведении других мероприятий. Министр обороны генерал армии М.К. Алтынбаев выступил в книге с оценкой прошедшей ВОВ и поздравлениями в адрес ее участников.

Сердечную благодарность Центральный совет выражает всем авторам статей, опубликованных в книге, которые, несмотря на почтенный возраст и болезни, откликнулись на нашу просьбу и прислали свои воспоминания. Взыскательному читателю следует иметь ввиду, что подавляющее число авторов, люди, не искушенные в написании статей и публикаций, поэтому не исключены какие-то

погрешности, но все эти материалы написаны ими искренне и от всей души.

Мы благодарны также Министерству информации РК за понимание, поддержку и оказанную помощь в издании книги.

Думается, что книга вызовет определенный интерес не только у пенсионеров, но, в первую очередь, у молодежи, других слоев населения, поможет читателям глубже разобраться в далеких событиях ВОВ, станет свидетельством доброй памяти о ее участниках, важным подспорьем в воспитании подрастающего поколения.

Из кн. «Великой Победе 60 лет», 2005 г.

ВЫСТУПЛЕНИЕ

М.Р. Сагдиева – председателя Центрального совета общественного объединения «Организация ветеранов Республики Казахстан» на IV съезде Международного союза «Содружество общественных организаций ветеранов (пенсионеров) независимых государств»

Уважаемые делегаты и гости съезда!

Позвольте мне от имени ветеранской общественности Республики Казахстан поприветствовать вас – участников настоящего форума, пожелать плодотворной работы в решении актуальных вопросов, волнующих пожилых людей в республиках бывшего Советского Союза. Искренне желаю всем крепкого здоровья на долгие годы, большого счастья, мира и благополучия, взаимопонимания и поддержки в нашей непростой работе.

В содержательном докладе председателя Координационного совета Алексея Ивановича Сорокина подробно изложены итоги работы за период: положительные стороны и недостатки, и, самое главное – определены основные направления нашей деятельности на предстоящий период, поставлены конкретные задачи, над которыми придется трудиться ветеранским организациям стран СНГ.

Отчетный период в наших странах был насыщен крупными общественно-политическими событиями: продолжался процесс реформирования экономики и социальной сферы, углублялись демократические преобразования, широко и торжественно отмечен 60-летний

юбилей Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 годов, а также юбилейные даты освобождения от немецко-фашистских захватчиков Белоруссии, Молдовы, Украины, разгрома противника под Сталинградом, Ленинградом, на Орловско-Курской дуге и т. д.

Должен отметить, что истекшие после III съезда Международного союза годы еще раз убедительно показали жизненную необходимость этого органа ветеранских организаций стран Содружества, всё возрастающую роль Координационного совета, его руководства во главе с нашим испытанным лидером, опытным и компетентным в ветеранских делах Сорокиным Алексеем Ивановичем.

Делегатам съезда хорошо известно, что все это время Координационный совет пристальное внимание уделял таким чрезвычайно важным вопросам как выполнение межгосударственных соглашений и договоренностей о льготах и гарантиях инвалидам и участникам Великой Отечественной войны, приравненным к ним лицам, об укреплении дружбы, взаимопонимания и сотрудничества между народами наших независимых стран.

Важную роль в этом деле сыграли не только регулярные обсуждения данных вопросов в Координационном совете, но и неоднократные обращения пленумов Координационного совета к Главам государств СНГ о социальной поддержке ветеранов войны и тружеников тыла военных лет. Такую практику принятия обращений к Главам государств СНГ по актуальным проблемам ветеранской жизни на форумах Координационного совета следует сохранить и впредь. Это одна из важных и действенных форм оказания влияния на государственные органы и привлечения внимания общественности к существующим проблемам.

Нельзя не отметить также очень важную и полезную деятельность, проводимую Координационным советом по изучению, обобщению и пропаганде положительного опыта работы ветеранских организаций стран Содружества по различным направлениям, периодическое обсуждение этих вопросов на заседаниях Президиумов, оперативное доведение этих документов до сведения ветеранских организаций.

У нас в Казахстане в Центральном совете сложилась такая практика, что все материалы Координационного совета мы обсуждаем на своих заседаниях и применительно к нашим условиям принимаем решения по их реализации.

Особый интерес казахстанских ветеранов вызвал одобренный Координационным советом опыт работы Организации ветеранов Украины по организационному укреплению первичных организаций, опыт работы советов ветеранских организаций Республики Беларусь с ветеранами военной службы, повышении их роли в ветеранском движении и другие решения.

Сегодня на съезде следует отметить системную, целенаправленную работу, проведенную Координационным советом и его Президиумом, Комитетом ветеранов войны и военной службы в ходе подготовки и празднования 60-летия Победы. Важную роль здесь сыграли вопросы, обсужденные на пленуме Координационного совета «О повышении роли ветеранских организаций в укреплении дружбы и сотрудничества между народами наших стран в период подготовки к празднованию 60-й годовщины Победы», а также участие в разработке и утверждении Программы юбилейных торжеств Главами Государств СНГ в сентябре 2003 года в г. Ялте.

Именно эти документы сыграли важную роль в успешном проведении юбилейных торжеств в наших странах. С их учетом и в соответствии с рекомендациями Координационного совета повсеместно составлялись национальные программы и мероприятия ветеранских организаций по празднованию юбилея Великой Победы.

Можно было бы привести и другие примеры положительной работы Координационного совета и его руководства, Комитета ветеранов войны и военной службы за истекшие годы после III съезда, но считаю, что и сказанного выше достаточно, чтобы от имени казахстанцев – делегатов съезда внести предложение признать работу Координационного совета за отчетный период удовлетворительной.

Республиканская ветеранская организация Казахстана все эти годы ощущала положительное влияние Координационного совета, его заботу о сплочении ветеранских рядов, улучшении благосостояния пожилых людей. У нас сложились добрые, деловые взаимоотношения не только с руководством Координационного совета, но и с его аппаратом.

Это дает возможность оперативно, без всякой волокиты решать назревшие вопросы, получать полезные советы и рекомендации. Хотелось бы, чтобы такое взаимопонимание и конструктивная работа продолжались и дальше.

Ветеранская общественность Казахстана благодарна лично Алексею Ивановичу Сорокину – прославленному ветерану войны,

председателю Координационного совета за приезд в нашу республику, участие в работе V съезда, выступление на съезде.

Безусловно, что это придало съезду особую значимость и авторитет, способствовало успешной и плодотворной его работе.

Несколько слов о наших делах. На прошедшем в апреле т. г. V съезде республиканской ветеранской организации Центральный совет и его Президиум получили положительную оценку делегатов, что несомненно вдохновляет. Это результат не только нашей повседневной настойчивой работы, но и того, что нам удалось сохранить четкую структуру ветеранских организаций, подобрать опытных, авторитетных руководителей, наладить систему их учебы, обмен опытом, а также поддерживать нормальные, деловые взаимоотношения с государственными и местными органами власти, другими общественными организациями и объединениями.

В республике постепенно растет размер пенсионных выплат и государственных спецпособий. Так, с 1 июля текущего года в соответствии с Посланием Главы Государства народу Казахстана увеличен размер специальных госпособий лицам, приравненным к участникам и инвалидам войны, вдовам и семьям погибших воинов, труженикам тыла военных лет, чернобыльцам и некоторым другим категориям пенсионеров.

Несмотря на то, что в 1999 году официально все натуральные льготы были заменены государственными спецпособиями, местные акиматы и маслихаты по настойчивым просьбам и ходатайствам Центрального совета и региональных ветеранских организаций положительно решают вопросы льгот (проезд на внутригородском автотранспорте, по оплате коммунальных услуг, лекарственному обеспечению). Эти действия являются серьезной материальной поддержкой для ветеранов.

Здесь есть немало интересных примеров и начинаний. В столице нашего государства г. Астане уже несколько лет подряд по решению местных властей предоставляется право бесплатного проезда на внутригородском общественном транспорте всем без исключения пенсионерам круглый год, для участников Великой Отечественной войны такое право представлено и в других городах страны.

В некоторых регионах местные власти пожизненно освободили всех участников Великой Отечественной войны от коммунальных платежей и т. д.

Мы стараемся этот положительный опыт всячески поддерживать и распространять. Чтобы оказываемая помощь пожилым людям носила целенаправленный, адресный характер, ветеранские организации страны в последние годы проводят серьезную работу по периодическому комиссионному обследованию материального положения и жилищно-бытовых условий семей ветеранов.

Уважаемые коллеги! Видимо, как и в других странах, особую активность ветеранские организации республики проявили в ходе подготовки и проведения 60-й годовщины Победы. В связи с этим, а также благодаря активной поддержке наших начинаний Главой осударства Н.А. Назарбаевым, руководителями регионов торжества в республике прошли широкомасштабно и достойно.

Мы ведем работу, чтобы сохранить и приумножить эти добрые начинания.

В марте 2007 года республиканская ветеранская организация Казахстана будет отмечать 20-летие со дня официального образования. В связи с этим, Центральным советом, региональными советами ветеранов намечено провести целый ряд мероприятий, направленных не столько на празднование юбилея, сколько на дальнейшее сплочение ветеранских рядов, повышение значения, роли и авторитета ветеранских организаций, улучшение их работы.

С этой целью намечено провести смотры-конкурсы первичных организаций по регионам, конференции и круглые столы по различной тематике. Идет работа над книгой о 20-летнем пути ветеранской организации. Будут поощрены многие активисты ветеранского движения, в том числе часть из них и государственными наградами. Такая договоренность имеется с Администрацией Президента Республики.

Словом, все мы находимся в работе, в очередных заботах. Как говорится, «Ветеранам покой только снится…».

Еще раз от всей души желаю съезду плодотворной работы. Мы надеемся, что съезд примет конструктивные решения, направленные на дальнейшее совершенствование нашей ветеранской работы, что узы дружбы, взаимопонимания и сотрудничества между ветеранскими организациями наших стран будут крепнуть и развиваться. Несомненно, что совместными усилиями нам легче будет решать ветеранские проблемы.

Спасибо за внимание!

Москва, ноябрь 2006 года

ӘЗ АҒАЛАР, АСЫЛ ДОСТАР

Қорғанбек АМАНЖОЛ,
журналист, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты

ӘЗ АҒАЛАР, АСЫЛ ДОСТАР

Мақтай аға маған өзі өмірде сыйласқан, бірге еңбек еткен халқымыздың айтулы азаматтары жайлы көп сыр шертті, ғибратты әңгімелер айтты. Солардың бір парасын оқырманға Мақаңның айтуында, өз аузынан шыққан қалпында, Мақаңның өз атынан ұсынуды жөн көріп отырмын.

Ал, қанеки, өзінің әз ағалары, асыл достары жайлы Мақаңның естеліктеріне зер салайық.

– Мен басқаратын Жамбыл ауданы ұлы жазушыларымыз, халық даналығының қазыналары Сәбит және Ғабит ағалардың Отаны болуы өмір тағылымдарын зердеге тоқи түсуге, рухани кәусардан толығырақ сусындауға себін тигізді. Олардың туған жерге әрбір келгеніне халық та көңілі тасып, бір серпіліп, қуанып қалатын. Асыл ағалармен әрбір кездесу, әрбір жүздесу, әрбір әңгіме бір-бір өмір мектебіндей болып көрінетін ғажап әсерге бөлеп, ойыңа ой, сезіміңе сезім қосып, жан дүниеңді байытып жіберуші еді. Мүсіреповтің туған ауылы Жаңажолда сол кісінің есімімен аталатын кеңшар құрылды. Ол кеңшардың құрамына Сәбең ауылы да кірді, аралары алты шақырым. Осы тұста Сәбит Мұқанов «менің елімнен де бөлек кеңшар құру керек еді» деп қоймай айтып жүрді. Іштей реніш барын да жақсы түсінемін. Бірақ Сәбең ауылының кеңшар үшін кішірек, жері де аз еді. Оның үстіне жеке адамның тілегі мен мемлекеттік мүдде үнемі қабыса да бермейді ғой. Қайткенде де біз қадірменді һәм сүйікті ағаны ренжітпеуге, көңілін табуға тырыстық. Дәл үстінен кеңшар орнамағанымен Сәбеңнің ауылында да мектеп, клуб, дүкен, машина-трактор шеберханасы салынды, тас жол тартылды, халықтың әл-ауқаты мен тұрмысын түзетуге бірталай мүмкіндіктер туғызылып, өркендеуге жағдай жасалды.

Сәбең, Ғабеңдер әрбір келген сайын халықтың ортасында болып, әдемі әңгіме тиегін ағытады. Шоқан, Есеней, Ұлпан, менің аталарым Зілғара, Шопан, Әлібектер, қыршын кеткен боздақ Баймағанбет Істөлин, алаштың сұңқар ардагері Сәкен Сейфуллин хақында, өздерінің жандарын үзе, сүйіп жырлап өткен туған жерлері Жаманшұбар мен Елтінжал жайында, жастық шақтарын өткізіп, өмірдің өнерлі жолын

бастаған ертеректегі Қызылжар шаһары, алғашқы астаналарымыз Орынбор мен Қызылорда төңірегінде қызғылықты шежірелі сырлар шертетін. Ел мен жерді, балалық дәурендерін өткізген жұпар табиғат аясын құмарлары қанғанша емін-еркін аралап, жүректері елжірей, сағыныш мауқын басып, арасында, әсіресе, Сәбең сәйгүліктерге мініп сейілдеп қайтады. «Елді сағынамыз. Пайғамбар жасынан асып, ақсақал болсақ та туған еліміз бен жеріміздің алдында жүрегіміз әлі сол баяғы бала қалпында таза, тілегіміз бұлақ сияқты мөлдір, біз оның мәңгілік перзентіміз. Ананың алдындағы парыз бен қарыз мәңгілік өтеліп болмайды деп халқымыз қалай дәл тауып айтқан. Бұл даналық сөздің туған ел мен жерге де толық қатысы бар. Әрқайсымыз үшін қымбатты да қастерлі сол туған елдің тағдыры мына Мақымдардың, осы Мақым сияқты атпал азамат інілеріміздің қолында деп алып ағалар маған да үлкен жауапкершілік артқандай болушы еді. Асқар Алатаудай алыстан көз тартатын Сәбең, өзінің «Сұлушашымен», «Ботакөзімен», «Балуан Шолағымен», «Мөлдір махаббатымен» тұтас ұрпақтарды тәрбиелеген Сәбең мені «Мақым» деп атайтын. «Мақтай емес, сенің шын атың Мақым болуға керек, нағыз қазақтың аты Мақым болады, нағыз қазаққа Мақым деген ат жарасады» дейтін.

Ардагерлер... ақсақалдар... арыстар... олар өнегелі өмір кешті. Қазір олардың арамызда жоғы, бақи сапарына аттанғандары қаншама. Сондай есімі ел есінде сақталған, өмірде өрнекті із қалдырған ағаларымыздың бірі көрнекті мемлекет қайраткері Сабыр Біләлұлы Ниязбеков еді. Ол кісі алпысыншы жылдарда бірнеше обкомның бірінші хатшысы болды, одан кейін республиканың Жоғарғы Кеңесін басқарғаны баршаға белгілі. Кезінде біздің әкеймен де дәмдес болып, жақсы біліп сыйласқан қадірменді аға туралы бірекі әңгіме айта кетуді парызым санаймын.

Әкемді білген ағамен менің де жолым тоғысты. Сол кездесулерде Сабыр Біләлұлы қызметке өте берілген, кемшілікті тура айтатын, өткір, өзінің ешкімге тәуелсіз қағидасымен жүріп-тұратын адам екендігіне бірнеше рет көзім жетті. Мен Соколовта бірінші хатшы болып тұрғанымда ол біздің ауданнан Жоғарғы Кеңестің депутаттығына ұсынылды. Сайлаушылармен кездесуге келгенде ежелгі дәстүр-дағды бойынша дәм дайындап, дастарқан жайып құрметтеуге күтіндік. Бірақ Сабыр Біләлұлы біздің алдын ала қамданып жатқанымызды көріпбіліп тұрғандай, әуелі келмей жатып Петропавлдан звондап, «Шай ішетін уақыт жоқ, оған әуре болмаңдар» деп ескертті.

Бірақ біз оған құлақ аспастан кездесуден кейін шайға шақырып едік, «Мен үйге де, асханаға да бармаймын, жұмысым бітті – жүремін» деп көнбеді. Осылай боларын сезіп аз-маз қулық ойлап қойғандықтан, аупарткомға кіріп шығуын сұрадық. Мұнда екінші хатшының кабинетіне дастарқан жасатқызып қойғанбыз. Тағы да шай ішуін қиыла сұрап жігіттер жан-жағынан қаумалап сонда алып кірді. Үлкен кісі үстел үстіндегі тамақты, ақырайған құйқалы қойдың басын көріп: «Бұларың не? Мен мұны істеме деп едім ғой» деп ашу шақыра бастады. Сосын мен айттым:

– Сәке, осыншама малды өсіріп, оның бейнетін көріп бағып жүріп, республикадан жыл он екі айда бір келетін үш-төрт қадірменді басшыға қазақтың жолы бойынша қойдың бір басын көрсете алмасақ, бұл арада неменесіне отырамыз? Дәм таттыру – халқымыздың қасиетті дәстүрі. Бұл сіз бен бізге дейін де болған, кейін де бола беретін жағдай. Жер бетінде қазақ ұрпағы бар кезде бұл жағдай жойылмайды, бола береді.

Осыдан кейін барып Сабыр Біләлұлы түсін жылыта мырс ете қалғандай болды да төрге шығып қойдың басын ұстады.

Алпыс тоғызыншы жылы ғой деймін, егін орағы қызған шақ. Республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Ниязбеков Солтүстік Қазақстан облысында уәкіл. Күндіз-түні сабалаған жаңбыр. Егін алынбай қатты бейнетке түстік. Жадырап күлетін шама жоқ. Көңіл күй нашар. Сабыр Біләлұлы екеуміз жүріп жатқан комбайндарды көрейік деп барсақ, егінді алқаптың басында облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Алексей Ильич Кислый мамандармен сөйлесіп тұр екен. Біз осы жерге келгеннен кейін Сабыр Біләлұлы менен:

– Қалай, осы қалыпта егінді жинауға бола ма? – деп сұрады.

– Әріне, егінді жинауға болады. Бірақ оның белгілі қиындығы да бар. Әрбір сағат сайын комбайнның молотилкасын ашып, тазалап отыру керек. Өйтпеген жағдайда сабан көп тығындалып, жемсауы бітеліп қалады. Содан бидай дұрыс соғылмай, масағымен бітеу кетеді, – деп жауап бердім мен. Осыны естіген Кислый қарап тұрмай:

– Қазір егінді бастыруға болмайды. Күннің ашылғанын күту керек, – деп қалды.

Соны айтып қана үлгерді, Сабыр Біләлұлы шарт етіп ашуланғаны:

– Бізге ауылшаруашылығының мұндай мамандары қажет емес. Сіз мұнда келіп адамдардың арасына іріткі саласыз. Бұл арадан

қараңды батыр! Сіздейлердің орны үйде..., – деп Кислыйды алқаптан қуып жіберді.

Кислый өз ісін білетін тәуір маман, дұрыс жігіт еді, ашу үстінде арыстанның аузына түсіп қалып, шамалы обалдау болды. Бірақ егін басындағы қайнаған жұмыс барысында бұл үйреншікті жай еді. Ақыры сол күздің қара жаңбырының арты қарға айналып, біраз егін қар астында қалды. Кислый байғұсты қуырдақтай қуырып қуып жібергеннен кейін жолдағы екінші шаруашылық – «Налобин» кеңшарына бардық. Қырманда үйіліп жатқан астықтың жанында, машинамыз асфальт алаңға жетпей тоқтап, Сабыр Біләлұлы туфлимен машинадан түскенде, тобығынан батпаққа батты да қалды... Өзі онсыз да ашуланып, күйіп-пісіп келе жатқан адам одан сайын қып-қызыл болып маған қарады. Қырман басында күтіп тұрған кісілер аяндап бізге қарай келе жатыр. Мен келе жатқан адамдарға қолымды көтеріп «тұра тұрыңдар» деп ымдап белгі бердім де:

– Сәке, етік киіп алыңыз, – дедім.

– Мен немене, қалтама етік салып жүр деймісің? – деді ашынып.

– Машинаның ішінде менің етігім бар еді, – деп осындайда әдейі алып жүретін тап-таза керзі етігімді құрғақ шұлғаумен әпере бергенімде, Сабыр Біләлұлы дәл осы сәтінде жадырап қоя берді. Кабинаның ішіне кіріп, сол жерде батпаққа былғанып, лайсаңға малшынған туфлиі мен шұлығын шешіп, шоферға тапсырып, етікті рақаттанып киіп алды. Сондағы маған айтқаны:

– Сенің әкең баяғыда басқарма боп жүргенде бір жауында осыған ұқсас оқиға болды. Бірақ онда әкең мені атқа мінгізіп, жанымды алып қалып еді. Ал, сен маған керзі етік кигізіп, жанымды алып қалдың, күлкіден сақтап қалдың. Сол кездегі басқармалардан ат мініп жүрген біздер қазір керзі етікті таба алмаймыз. Мынауың жақсы екен. Аяғым жылынып кетті ғой, – деп күлді.

Петропавлға қайтып келе жатқанымызда жол тола бидай тасыған машина. Әрлі-берлі тракторлар керуені. Тіпті адым аштырмайды. Жол бойына палатка орнатып, әрлі-берлі өткен жүргізушілердің тамақтануын ұйымдастырғанбыз. Сабыр Біләлұлы бұл ісімізге риза болып, ұнатып қалды.

– Мынадан жылынып, шай ішіп алғанда да болады екен, – деп ықылас білдірді.

Сол арада ыстық сорпа мен шай ішіп, бір жан шақырып алдық. Келесі күні обкомда болған егін орағына байланысты үлкен

жиналыста сөйлеген, негізінен сынға құрылған сөзінде Сабыр Біләлұлы «ұйымдастыру жұмыстары тәуір екен» деп, біздің ауданды мақтады.

Ақжүрек Сабыр ағаның өзін ұмыта, беріліп, сол кездің тілімен айтқанда, шын коммунистік пейілмен жұмыс істегенін, әрқилы мінезін мен әр уақыт сағынышпен есіме алып, үзенгілес достарға айтып жүретін әдетім бар. Кейінірек сұрастырып білсем, дүниеден озғанына оншақты жыл болса да, үлкен мемлекет қайраткерінің есімін есте қалдыру шаралары бұған дейін елене қоймай ұмытылып, назардан тыс қалып барады екен. Осы мәселеге қозғау салып, Алматы қаласының әкімі Виктор Храпуновқа хат жаздық. 1998 жылы аяулы ардагер арыстарымыздың бірі Сабыр Ниязбеков тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Алматының бір көшесіне ағамыздың ардақты есімі берілді.

«Адам өмірге қонақ» дейді ғой. Ардагерлер үшін бұл сөздің мәнісі тіпті бөлек. Апталар, айлар жылжып өткен сайын жақындарымыздан, қымбатты достардан көз жазып қалып жүрміз. Қан қысымым көтеріліп ауруханада жатқанымда, Социалистік Еңбек Ері Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің кенеттен қайтыс болған хабарын естідім. Қайран Ерекең!.. Асыл дос!.. Жылы бірге жылдас, мұңы бірге мұңдас... Соның алдында ғана мен туралы жазған мәрмәрға бедерленгендей әдемі лебізін өз қолымен әкеліп беріп еді. Өткен жазда ғана мені өзінің Көкшетаудағы ауылына апарды, ақсақалдармен, азаматтармен таныстырды. Сонда ол маған біртүрлі мұңайып, толғанып жүргендей көрінді. Әкесі мен анасы, екі інісі жатқан зиратқа барып дұға оқытқанымызда мені де осы араға қоясыңдар деп үнсіз ойға шомып, ұзағырақ тұрып қалған еді.

Сөйткен Еркінімізді, өмірде отша жанған, қыранша самғаған Еркінді өзінің Көкшетауына самолетпен мәңгілік сапарына қимай-қимай аттандырып салдық. Жылап қоштастық. Қолдан басқа не келетіні бар. Жиырма жылдан астам уақыт Көкшетау, Торғай, Қызылорда сияқты үш бірдей облысты басқарды. Жүрген жерінде кент салып, қадамына гүл бітіп отырды. Халық сол кездің өзінде Еркіннің істерін аңыз етіп айтатын. Еркін басшы болған жерлерде соңынан тек жақсылық өрнектері қалушы еді. Оның ерен еңбегін, елім, жұртым деп соққан жүрегін, таза ерлік мінезін, кіршік түсірмей асқақтап өткен азамат бейнесін туған халқы ұмытпақ емес... Жаннаттағы рухына, көз алдымдағы жарқын бейнеңе мың тағзым,

айналайын бауырым, Ерекем! Есіміңді ел есінде қалдыру үшін еңбегімді аянып қалмаспын, қанаттас, қатарлас, қимас дос...

Ұзақ жылдар бойы Дінмұхамед Қонаевтың үзеңгілес һәм сенімді серігі болған аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Еңбек Ері, ел ардагері Бәйкен Әшімұлы Әшімов жайында осы арада бірауыз лебізімді білдіре кетсем деймін. Алдыңғы толқынның арасында айрықша көзге түсетін ағаларымның бірі де осы – Бәйкен Әшімұлы. Қашан да сабырлы қалпынан айнымайды, мінезі қорғасындай салмақты. Маңғаз да мығым. Ал Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы болып, ірі мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілген осы қайсар да қабілетті, алғыр да ақылды адам алты айлығында әкеден айырылып жетім өскен болатын. Кейін шыққан биіктеріне ол тек өз еңбегімен, жүректегі жасырын маздаған отымен, бойда қызулана балқыған өз қайрат-жігерімен жетті. Өмірі шын мәнісінде кім-кімге де өнеге боларлық, ашаршылық тауқыметін де көрген. Ұлы Отан соғысының ажал сепкен майдандарын кезі етікпен түгел кешіп өткен әз ағаның еңбек жолына, қызмет сатыларына көз жіберіп көрейікші: аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы, ауатком төрағасының орынбасары, аупарткомның екінші хатшысы, Көкшетау облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының бірінші орынбасары, обкомның ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы, Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, республиканың премьер-министрі, Жоғарғы Кеңестің төрағасы. Осы өнегелі өмір жолының барлығын қосқанда қырық жылдан аса уақытты қамтиды екен.

«Менің еңбекпен, қоғамдық және мемлекеттік қызметпен өткен өмірімнің ең іргелі де ең күрделі кезеңі, әрине, Қазақ Республикасы үкіметін басқарған жылдарым. Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып мен 1970 жылғы 31 наурыздан 1984 жылдың 31 наурызына дейін аттай 14 жыл істедім... 1920 жылдан, яғни өз республикамыздың мемлекеттігі құрылған кезден бермен қарай бұл лауазымды қызметті атқарған адамдардың ішінде мен он төртінші екенмін» – деп көрсетеді Бәйкен Әшімұлы өзінің «Ел сенімі – ең қымбатың» атты өмірбаяндық жазбасында.

Бір атап айтарлығы, осы премьер-министрлік жоғары мәртебелі қызметті он төрт жыл бойы абыроймен ең ұзақ атқарған адам да

біздің Бәйкен ағамыз екен. Менің ол кісімен қызмет бабында жақын танысып білісуім де, адамдық шын ниетпен туыстық ұғынысуым да осы жылдармен тұспа-тұс келді. Алғаш министр болып Алматыға келген шағымда Бәйкен Әшімұлы қабылдады.

Мені бұрын да білуші еді, осы жолы тиянақты әңгімелесіп, жақынырақ танысты. Мен үшін жаңа кіріскелі отырған тосын салалар болып табылатын Министрлер Кеңесі құрылымының, жалпы министрліктің жұмыс ерекшелігін сипаттап түсіндірді. Республиканың балық шаруашылығы – қоры орасан мол, әлі ашылып болмаған қуат-мүмкіншіліктері жеткілікті, азық-түліктің, ел ырыздығының табиғи көзі екендігін баса айтып, осы саланы одан әрмен қарай ілгері бастырып, ұтымды дамыту қажеттігіне тоқталды. Содан кейінгі жұмыс бабында, жылдар жайымен жылжып өтіп жатса да, әр уақытта Бәкеңнің қамқорлығын көріп те, сырттай алыстан сезініп те жүретін болдым.

Бәйкен Әшімұлының күнделікті жұмыс машығы мен қолтаңбасынан терең тиянақтылық пен ұстамдылық, біліктілік ерекше көрінетін. Кімге де болсын айтқан сөзін тыңдатып өткізе білді, дабыра мен даурығу, дауыс көтеру, үстел ұру оған жат еді, әсте бір қалпынан айнымай, ұлықпен де, кішімен де бірдей сөйлесті. «Мен үкіметтің төрағасымын» деп ешқашан менменсімеді, кеудесін көтермеді, табиғи қарапайымдылығын сақтап, қазақша айтқанда, өзін ханмен де, қарамен де тең ұстады. Осындай адамгершілік мінездері, алды кең ақыл-парасаты үшін барлық министрлер қатты сыйлап, жақсы көрді, ал мен өз басым әлі күнге дейін пір тұтамын, мақтаныш етем десем де болады.

Об этом я напоминаю еще и потому, что с января 1959-го по апрель 1981 года первым секретарем Костанайского обкома Компартии Казахстана работал Андрей Михайлович Бородин. Народная молва крепко связала с его именем положительные сдвиги в развитии экономического и культурного потенциала области, улучшении жизненного уровня трудящихся. Так было на самом деле. Его высоко ценили соответствующие инстанции в Москве и Алматы, ему было присвоено звание Героя Социалистического Труда. Конечно, в его деятельности за 22 года беспрерывного пребывания на посту первого секретаря обкома, безусловно, были и плюсы, и минусы, это тема другого разговора. Но то, что он отдал все силы и здоровье, организаторский талант делу наращивания вклада костанайцев в решение созидательных планов страны, было правдой. В этом никто не должен сомневаться.

А.М. Бородин после ухода на пенсию не стал переезжать в Москву или Алматы, как делали его коллеги из других областей, а остался жить в Костанае, похоронен на городском кладбище среди бывших соратников.

По рекомендации ЦК КП Казахстана весной 1981 года первым секретарем Костанайского обкома партии был избран Василий Петрович Демиденко, Герой Социалистического Труда, до этого возглавлявший Северо-Казахстанскую областную парторганизацию. Прежде, при каждом удобном случае он подчеркнуто демонстрировал свое особое уважительное отношение к А.М. Бородину, выдавая себя за его последователя. Когда бразды правления области перешли в его руки, Демиденко, преследуя какие-то свои эгоистические цели, стал явно всячески пренебрегать своим предшественником, завидуя его высокому авторитету у костанайцев. Под лозунгом омоложения кадров необоснованно сместил многих опытных работников, пытаясь всеми способами вытравить у руководителей «бородинский дух» и традиции.

Многие испытали на себе его тяжелый характер, не завидовали тем, кто попал к нему в немилость...

В период уборки урожая и хлебозаготовок он создавал излишнюю, ничем неоправданную нервозность, скатывался на путь

грубого администрирования, «завинчивания гаек», требуя выполнения установленных заданий любой ценой. игнорировал интересы местного населения. Очень жаль, что излишние амбиции и карьеристские устремления помешали квалифицированному специалисту и опытному человеку, каким был В.П. Демиденко, завоевать доверие костанайцев. Говорят, что его больше боялись, чем уважали как человека и руководителя области...

Я привожу эти факты для того, чтобы подчеркнуть, в какой сложной обстановке Махтай Рамазанович Сагдиев приступил к исполнению своих новых обязанностей. С присущей ему энергией и деловитостью он настойчиво работал над повышением роли местных Советов в хозяйственном и культурном строительстве. Ему и помощникам пришлось изрядно потрудиться над совершенствованием стиля и методов работы советских и хозяйственных органов, постепенно выправлять негативные последствия некоторых скоропалительных решений. Все это надо было делать тактично, не вступая в открытую конфронтацию с партийным руководством.

Безусловно, что такой смелый шаг, направленный на оздоровление общей обстановки в области, потребовал от руководства облисполкома большого мужества, выдержки и дипломатического искусства. Постепенно внимание руководящих кадров и всех производственных коллективов было повернуто в сторону неуклонного соблюдения и дальнейшего развития добрых традиций по наращиванию экономического потенциала области и сохранения ее ведущей роли как основной житницы Казахстана.

Как вспоминают костанайцы, в тот период велась настойчивая борьба за повышение культуры земледелия, уровня механизации и электрификации производственных процессов в животноводстве, расширение строительства жилья и коммунально-бытовых объектов, дорожного строительства. На промышленных предприятиях, стройках обращалось особое внимание на внедрение принципов хозяйственного расчета, а в сельском хозяйстве – повышению рентабельности и обеспечению расширенного воспроизводства за счет собственных средств.

У Махтая Рамазановича на первом плане также находились проблемы обучения и воспитания молодежи, охраны здоровья населения, удовлетворения их культурно-бытовых запросов, развитие торговли и благоустройство населенных пунктов.

Я хорошо знаю Валерия Ивановича Шлычкова, уроженца Костаная, инженера-механика, как очень работоспособного и принципиального человека, пробивавшего свою карьеру только трудом и добросовестностью. На моих глазах он прошел путь от комсорга, а затем парторга завода химического волокна, второго секретаря горкома партии, председателя горисполкома до заведующего отделом обкома партии. Впоследствии его избрали первым секретарем Костанайского горкома партии, он стал депутатом Верховного Совета КазССР. Все, кто работал рядом с ним, знали, что сын его тети, Марии Ивановны Шлычковой, женат на дочери А.М. Бородина. Этим обстоятельством Валерий Шлычков никогда не кичился, тем более, не злоупотреблял.

Однако это «родство» не понравилось В.П. Демиденко и обком, придравшись к допущенной работниками горкома партии оплошности при рассмотрении заявления одной гражданки, снял его с должности первого секретаря горкома. Предвзятое отношение к нему продолжалось и после перехода на хозяйственную работу.

В 1997 году В.И. Шлычков признался мне, что одним из немногих, кто в период опалы протянул ему дружескую руку поддержки, был председатель облисполкома М.Р. Сагдиев.

Позднее, в 1985 году, после перехода на работу первым секретарем Кокшетауского обкома партии, Махтай Рамазанович пригласил Шлычкова в Кокшетау, помог стать директором крупного приборостроительного завода, активно привлекал к общественно-политической деятельности. Позже на альтернативных выборах в Парламент страны В.И. Шлычков стал депутатом Мажилиса, плодотворно занимался законотворческой деятельностью, направленной на укрепление правовых основ проводимых в стране реформ.

По моему мнению, период пребывания в Кокшетау был самым плодотворным в трудовой биографии М.Р. Сагдиева, так как, став первым руководителем региона, он получил неограниченные возможности для реализации всех своих замыслов и накопленного богатого опыта организатора. Махтай Рамазанович кропотливо занимался подбором кадров и их воспитанием, требуя от них настойчиво овладевать экономическими знаниями и передовым опытом. Поощрялись руководители, которые относились к порученному делу творчески, стремились разумно использовать в интересах дела имеющиеся резервы, проявляли повседневную заботу о людях

– их быте, досуге и удовлетворении духовных запросов. Он взялся за решительное улучшение кооперативной торговли в области, расширение закупок по рыночным ценам сельхозпродуктов на селе и реализации их в городе, что стало реальным источником улучшения снабжения населения. Он – один из инициаторов возрождения производства казахских национальных деликатесов из конины. В это время о М.Р. Сагдиеве заговорили как о человеке, который умело направляет деятельность партийных, советских и хозяйственных органов области, чутко реагирует на запросы трудящихся. Надо отдать ему должное и в том плане, что он без колебаний поддержал курс на демократизацию советского общества и переход на экономические методы управления, выдвинутых в первый период перестройки, и направленный на поиск путей выхода из разразившегося финансово-экономического кризиса и оздоровление обстановки в стране.

В 1989 году около 100 казахстанцев были избраны народными депутатами СССР, среди них был и Махтай Рамазанович Сагдиев. Я в то время работал председателем Совета ветеранов войны и труда Казахстана и был избран народным депутатом СССР от Всесоюзной организации ветеранов, которой тогда по закону было предоставлено право законодательной инициативы. Махтай Рамазанович, уже будучи председателем Президиума Верховного Совета КазССР, вел среди народных депутатов от республики большую организаторскую работу, координировал нашу деятельность на съездах народных депутатов СССР.

Затем, когда в 1990 году сдал свои высокие полномочия первому секретарю ЦК КП Казахстана Нурсултану Абишевичу Назарбаеву, избранному председателем Верховного Совета республики, он продолжал выполнять среди нас функции старосты. В конце 1990 года М.Р. Сагдиев был избран членом Совета Союза, а я – членом Совета национальностей Верховного Совета СССР. В этот период мы особенно сблизились. Вместе с членами Верховного Совета Э.Х. Гукасовым, Е.Ф. Башмаковым и другими товарищами из Казахстана старались активно участвовать в обсуждении жизненно важных для страны проблем, отстаивали интересы своей республики. М.Р. Сагдиев был как бы связующим звеном между руководством республики и нами – членами Верховного Совета, что позволяло нам четко и уверенно выполнять свои депутатские обязанности в Парламенте страны.

Несмотря на свою занятость в Верховном Совете, он находил время, чтобы постоянно работать над выполнением наказов своих избирателей, посещал различные союзные министерства и ведомства, помогая некоторым производственным коллективам Казахстана решать проблемы финансирования, материально-технического оснащения и т. д.

В январе 1990 года в связи с моей загруженностью на основной работе (председателя Республиканского общества по культурным связям с казахами за рубежом (общество «Казахстан») и депутатской деятельностью, председателем Совета ветеранов республики был избран Герой Советского Союза, генерал Сагадат Кожахметович Нурмагамбетов. Затем, будучи депутатом Верховного Совета Казахской ССР, он был выдвинут председателем одного из его комитетов. В связи с этим встал вопрос о целесообразности его замены на посту председателя республиканского Совета ветеранов.

Во второй половине 1991 года руководителем Центрального Совета ветеранов войны и труда был избран Махтай Рамазанович Сагдиев, один из общепризнанных государственных и общественных деятелей Казахстана, который долгие годы умело возглавлял эту своеобразную общественную организацию.

Для того, чтобы найти взаимопонимание с пожилыми людьми, решать их сложные проблемы, связанные с возрастными явлениями и состоянием здоровья, надо обладать душевной чуткостью и теплотой, большим самообладанием, способностью находить решения для выхода из самых трудных житейских ситуаций, многократно возросших в нынешнее время.

Махтай Рамазанович обладает всеми этими человеческими качествами, в работе опирается на сплоченный коллектив своих единомышленников, которые возглавляют различные комиссии Центрального Совета, областные и городские ветеранские организации. Несмотря на большие общеизвестные трудности переходного периода, руководство Центрального Совета сумело сохранить единую ветеранскую организацию, которая сегодня является влиятельной силой в нашем обществе, отстаивающей интересы и социальные права людей старшего поколения. Махтай Рамазанович очень плодотворно поработал в период подготовки к празднованию 50-летия Победы в Великой Отечественной войне, эта дата в нашей стране отмечалась как самый большой национальный праздник.

За последние годы стали более разнообразными формы и методы работы в низовых ветеранских организациях. Только в 1998 году по различным проблемам ветеранской деятельности на Президиуме Центрального Совета были рассмотрены отчеты Южно-Казахстанского, Актюбинского и Карагандинского областных Советов и Алмалинского районного Совета ветеранов войны и труда г. Алматы. В августе этого года в городах Шымкенте и Туркестане состоялся очень содержательный семинар с председателями областных советов. Итоговые материалы семинара с обобщением накопленного в Алматинской области опыта совместной работы местных органов власти и ветеранских организаций по улучшению материально-бытовых условий и медицинского обслуживания ветеранов, вовлечению в благотворительную деятельность широкой общественности, в особенности предпринимателей, разосланы во все областные, городские и районные организации ветеранов.

В результате настойчивых хлопот Центрального Совета ветеранов республики, поддержанных президентом и Правительством страны, в настоящее время ветераны войны Казахстана пользуются более высокими льготами, чем в других странах СНГ. Повышен уровень минимальной пенсии, после длительного перерыва начата индексация пенсий. Будем надеяться, что впредь она будет практиковаться регулярно.

Сегодня принято считать, что в Казахстане уровень среднемесячной пенсии является чуть ли не самым высоким, чем на всем остальном постсоветском пространстве. В действительности это так, но это слабое утешение. Наша нынешняя среднемесячная пенсия почти в 3 раза ниже по размерам, чем среднемесячная зарплата работающих людей. Она далеко не покрывает текущие потребности пенсионеров, и их бюджет стал трещать по всем швам после неоднократного повышения платы за коммунальные услуги.

В этих непростых условиях, как неоднократно заявлял Махтай Рамазанович, ветераны не должны замыкаться на сугубо личных проблемах и прозябать на обочине жизни. Людям старшего поколения небезразлична судьба проводимых социально-экономических реформ, они хотят знать, когда и каким способом наши руководители, ответственные за страну, намерены вывести ее из жестокого экономического кризиса, и поставят на твердые рельсы прогресса промышленность, сельское хозяйство, строительную индустрию и

другие отрасли хозяйства. Всем хорошо известно, что без этого трудно выбраться из безжалостных тисков нужды, в которых, по крайней мере, наше старшее поколение оказалось не по своей вине.

Как только парламентарии внесли в Конституцию Республики определенные изменения, направленные на дальнейшую демократизацию нашего общества, повышение роли Парламента и Правительства в жизни государства, было объявлено о досрочных выборах Президента Республики. По инициативе Махтая Рамазановича Президиум Центрального Совета ветеранов решил одобрить эти меры и поддержать на выборах кандидатуру Н.А. Назарбаева, испытанного и общепризнанного лидера, с именем которого связана политическая стабильность в стране, укрепление международного авторитета суверенного Казахстана.

13 октября 1998 года группа ветеранов войны и труда, среди которых были бывшие государственные деятели республики Б.А. Ашимов, С.К. Кубашев, А. Аскаров, писатели Д.Ф. Снегин, А. Нурпеисов, М.Д. Симашко, ученые С. Зиманов и М. Козыбаев, генерал армии С.К. Нурмагамбетов, бывший партизанский командир «Халық Қаһарманы» К. Кайсенов, всего 28 человек, во главе с М.Р. Сагдиевым посетили Президента в его алматинской резиденции. От имени старейшин и аксакалов народов Казахстана обратились к нему с предложением дать согласие на выдвижение его кандидатуры на пост Главы государства на новый срок, на решающем рубеже его становления. Во врученном ему обращении говорится: «Дожив до глубоких седин, мы научились отделять зерна от плевел, человека от пустозвона, истинных сыновей народа от случайных политиканов. Поэтому имеем моральное право перед лицом своих детей и внуков твердо заявить: наш выбор за Вами, уважаемый Нурсултан Абишевич!».

19 октября 1998 года внеочередной съезд ветеранов республики выдвинул Н.А. Назарбаева кандидатом в президенты страны, затем М.Р. Сагдиев и член Президиума Центрального Совета дважды Герой Социалистического труда Н.А. Кузнецов посетили в г. Астане президента и получили его согласие баллотироваться на выборах, назначенных на 10 января 1999 года, от ветеранской организации Республики Казахстан.

Махтай Рамазанович, став одним из доверенных лиц кандидата в президенты страны Н.А. Назарбаева, принял самое активное

участие в его избирательной кампании, вовлек в это дело все областные, городские и районные ветеранские организации.

В ходе предвыборной работы в ветеранских организациях отмечались общеизвестные трудности, с которыми столкнулись в переходный период граждане Казахстана, явившиеся следствием глубоких кризисных явлений в экономике, ростом безработицы и преступности, особенно среди молодежи. Значительная часть населения оказалась за чертой бедности, в том числе многие пенсионеры и многодетные семьи, получающие крайне низкие доходы.

Тем не менее, во многих областях ветераны высказывались за полную поддержку проводимого курса по развитию малого и среднего предпринимательства, повышению уровня государственного регулирования мер по оживлению экономики, особенно в легкой и пищевой промышленности и машиностроения.

По мнению ветеранов, в целом признаются правильными намечаемые Правительством антикризисные экономические меры, в том числе по защите местных товаропроизводителей, оказавшихся в самом плачевном положении под натиском массированной внешней товарной интервенции.

Ветераны приветствуют приток в нашу страну иностранных инвестиций и новых технологий, особенно в базовые отрасли экономики, в том числе нефтяную и горнодобывающую промышленность, черную и цветную металлургию, энергетику, но в то же время предостерегают соответствующие инстанции о необходимости более разборчивого подхода к отбору инвесторов, чтобы оградить нашу экономику от проникновения всяких авантюристов и рвачей.

Многие ветераны, активно поддерживающие проводимые в стране экономические реформы, высказываются за то, чтобы они были последовательными, обоснованными, с четко выраженной социальной ориентацией, направленной на совершенствование условий и оплаты труда, культуры, быта и повышение жизненного уровня людей.

Правительственным инстанциям высказано пожелание более тщательно прорабатывать меры по восстановлению экономического и научно-технического потенциала, широко привлекая к их разработке высококвалифицированных отечественных специалистов и ученых, хорошо разбирающихся в наших возможностях.

В 1999 году, объявленным Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым Годом единства и преемственности поколений,

ветераны надеются, что наш Парламент обсудит и примет, наконец, долгожданный Закон «О ветеранах», с уточнением статуса ветеранов войны, труда и тружеников тыла периода военного лихолетья; с определением государственной политики в отношении ветеранов и мер по созданию им материально-бытовых условий для достойной жизни.

В этой статье о видном государственном и общественном деятеле Казахстана, председателе Центрального Совета ветеранов войны и труда Махтае Рамазановиче Сагдиеве, я попытался на отдельных, хорошо известных мне фрагментах его богатой биографии, подчеркнуть внесенный им большой вклад в развитие экономики Казахстана и становление нашей ветеранской организации, которая объединяет ныне в своих рядах до 3 миллионов человек. Махтай Рамазанович, обладающий особой чуткостью и душевной щедростью, не жалея сил и времени, смело отстаивал интересы ветеранов войны и труда, проявлял особую заботу о пенсионерах с низкой пенсией, больных и одиноких пожилых людях, пытаясь привлечь к их нуждам внимание представителей местных органов власти, производственных коллективов и благотворительных организаций.

Он является членом Ассамблеи народа Казахстана, работает в составе ряда республиканских комиссий, пользуется среди населения большим авторитетом. За большие заслуги в развитии ветеранского движения и общественно-политической деятельности в 1997 году Президентом страны Н.А. Назарбаевым он был награжден орденом «Парасат».

В заключение я хочу привести следующую выдержку из вступительной статьи моего друга, незабвенного Оразалы Абиловича Козыбаева к серии книг под названием «Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла», изданной Костанайским отделением Международного Фонда Д.М. Кунаева, которое он возглавлял: «Можно уверенно сказать, что весь путь, пройденный Казахстаном в прошлом, – это разбег в наше будущее, это база нынешней независимости, основа сегодняшнего благополучия, мира и межнационального согласия, которое неустанно проводит Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев».

31.12.1998 г.

Из сборника «Биік арман айғағы», выпущенного издательством «Дайк-Пресс» в 1999 году. Статья опубликована под заголовком

«Реализация возможностей». Здесь публикуется в несколько сокращенном варианте.

...Иә, Мақтай Сағдиевке өмірінің өкініші бар деуге ауыз бармайды. Ол мағыналы адамдық бақыты кімді болса қызықтырғандай, сүйіндіргендей. Ал, өнегесі әрқашан ұрпаққа тағылым болып қала бермек.

(Из выступления при открытии мемориальной доски М.Р. Сагдиеву в г. Алматы на доме № 40 по улице Джамбула, где он жил).

Кәкімбек САЛЫҚОВ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері,
Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы

АСЫЛ ТҰЛҒА, АРДАҚТЫ АЗАМАТ

Қазақтың топжарған тарланбозы, қай арысқа салсаң да ақылқайратын тең ұстап, мол абыроймен ақтап шығар асыл азаматы, күні кеше ғана Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы болған, бұл күндері Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымының Орталық Кеңесін басқарып жүрген айтулы мемлекет және қоғам қайраткері Мақтай Рамазанұлы Сағдиев егеліктің құтты төрі – сексеннің сеңгіріне жетті.

Мақтай Рамазанұлы Есіл-Көкшенің асыл азаматтарының қатарында қияға қанат қаққан ерен тұлға болса, өмір жасының аса бір асыл кезеңі Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып жүрген кезде өтті. Сондықтан да, ол Көкше десе, көкірегі көркейіп, бауырына тартып еленделп тұрады. Көкшетау облысының қай жеріне барсаңыз да Сағдиевтің сара ізі бой жазып жатады, Сырымбетте – Айғанымның ақ ордасы, Көкшенің етегінде – Кенесары ауылы, Көкшетау қаласына кіреберісте кісінеп тұрған Құлагер, қаланың ішіндегі қолдан салған «Оқжетпес», етегінде ойнақтап жүрген киіктер көзі бар адамға әсер етпей қоймайды. Абылай ханның, дана ғалым Шоқанның, ұлы композитор, асқақ ақын, өте үздік әнші Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының мерейтойларын

өткізудің уақытқа байланысты кезектерін басқару Мақаңның ұмытылмас үлесіне тиді. Шоқан бабамыздың еңбектерінің толық жинағын бес том етіп шығаруды басқарып, мұрындық болғаны – қазақ халқының асыл мұрасын орасан байытқаны. «Кісіні ел мақтаған. жұрт жақтайды» деген дананың сөзіндей, Мақтайды мақтан етпеген көкшетаулықтарды көрмедім. Ол өзінің асқан еңбеккорлығымен мақтауға да, жақтауға да, мақтаныш етуге де тұратын азамат.

«Елім десе егіліп, жұртым десе жұмылып», елгезектік пен еңбеккорлықты өмірінің қос тізгіні етіп ұстаған ақтангер тарланның «ырыс баққан дау бақпас» дегендей, тірліктегі ұстаған адал жолы ырыс бағу, ізгілікті қолдау еді, сол қасиетті мінезі туған елдің сүйіспеншілігіне бөледі.

Бала кезімде әкемнің ағасы Есіл, Көкше өңіріне аты айғақ халық ақыны Молдахмет Тырбиевпен бірге барып, алғаш көргенімде «Бай еңбек» деген колхозда әкесі Рамазан атай басқарма екен. Тап осындай ретте тағы да бір көргенім болатын. Мақтайдың тұлғасы ірі, ұзын бойлы, сидаң денесі жас кезінде аңсағай тарткан жіңішке, сыптығыр көрінетін. Есімде қалғаны, бала кезінен ақжарқын, бірбеткей, ешкімге аңыстауды білмей өскен табанды еді. Көп жылдардан кейін көрсем: баяғы «Ұзын бала» қапсағай тартқан, батыр денелі зор жігіт болыпты. Одан кейінгі шағында арғымақ шабысты атпал азамат өзінің аққөңіл, пәк мінезімен, жарқылдаған шабытты қарқынына күші сарқылмаған іскерлігі, еңбеккорлығы, баяғы табандылығы септесіп, еліміздегі тарлан қайраткер, халқымыздың аяулы ұлы етті. Бұл күнде Мақаң ардақты азамат, асыл тұлға, ол Президентіміз Н.Ә. Назарбаевпен еліміздің ардагерлерін жүйелі де білгір түрде байланыстырып келеді. Ақсақалдардың бұл екі басшыға өкпелері жоқ деп білемін. Бұл үлкен лауазымды жұмыста да Мақтай Рамазанұлы тәуелсіздіктің қорғаны, бірліктің жаршысы бола білді.

«Бүгінгі қазақ гуманизмі үшін ұлттық бірлестік пен уақыттың тегеурінді талабы шендескен аралықтағы мейлінше күрделі өрістен жол тауып шығудан артық мәнді мәселе жоқ», – дейді Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында. Мақтай Рамазанұлы сол «ұлттық біртектестікке» бой ұрған, «күрделі өрістен жол табуға» ұмтылған жаңашыл азамат. Демократиясы мен бостандығы, құқы мен қимыл-әрекеті мол жолымызда байырғы ғадет, ескі тәсілдерден бой тартып, тың бастамалар көтеретін ардагердің ақылды

әрекеті «Парасат» орденіне және Қазақстан Республикасының «Бірінші Президентінің Орденіне» жеткізді.

М. Сағдиевтің бейнеті мен зейнеті кезектескен өмірі қызу шабытпен, түзу бағытпен алған беттен айнымай, тарлан тарихтың ауыспалы кезеңдерінде ауытқымай, адаспай, тартынып үзіп шабандық, қулыққа салып, жамандық көрсетпей келеді. Мерейтой жылы лебіз білдіріп құттықтау, ел алғысын айту, той иесін марапатқа бөлеу үшін ғана керек емес. Оның өнегелі өмірі мен парасатты еңбек жолын, азаматтық биік өресін ел-жұртқа кеңірек таныстыра түсу терезелестерінің парызы, тілектестерінің қуанышы, үзеңгілестерінің үлкен міндеті деп түсінемін. Ағаны ардақтау – ініге мирас, ұрпаққа – сабақ болмақ. Бігінгі ат үстінде жүрген азаматтарға көз қиығын тастап, көңіл шетін бөле жүрер, көк тұманда межешамдай бағыт көрсетер адал ағалық та Мақтай Рамазанұлына біткен асыл қасиет.

Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Жігітті топқа салсаң әбден баптап,
Бойында өнер болса тұрмас тоқтап.
Жабыдан туған болса мәстек болып,
Жерінде бас көтермей қалар оттап –

деген екен.

Мақтай Рамазанұлы қызған сайын шабысын үдете түсер жігіттің нағыз Құлагері, «шөп шыққан жеріне» дегендей, зиялы әулеттің ұялы жалғасы, асылдың сынығы, кәусардың тұнығы, Атығай-Қарауылдың атақты әміршісі, айтулы ақылшысы Жылғара – Шопан әулетінен тарайды.

Жылғараның Әлібегі атанған әйгілі батыр, Ақан серінің қызығы мен қайғысына ортақ болған ел арысы Сағдиевтердің төл атасы. «Тегінде бар текке өлмес» дегендей, өз әкесі Рамазан ақсақал да заманында ел басқарып, өнегелі қызмет еткен, орман бағып, туған елдің табиғатының қорғаушысы болған көкірегі ояу, көңілі ашық, аймаққа аты шыққан Есіл бойының беделді азаматы еді. Рамазан ақсақалдың сыйлы болғаны соншалық, көзінің тірісінде есімін жоймас табиғи ескерткіш орнатып кетті, Жалғызтаудың теріскей саласында өсірген «Рамазан шоғын» Солтүстік Қазақстанның орыстары «Рамазанова роща» деп айтады.

Мақаңның анасы – Рахима апай асыл мінезімен сүйкімді аты шыққан айтулы ана. Өзім өскен Үкілі Ыбырай ауылы мен ол кісінің ауылы Жалғызтаудың «ар жағы мен бер жағы» – арасы атшаптырым ғана жер, тек қана ортақ тау мен қайың-терек аралас, ну қарағайлы ормандар қоршап тұр. Рахима апайдың да Мальцево кордонында өз қолымен отырғызған жиырма үш түп көк терегі болатын, олар зәулім бәйтерекке айналып, сол аймаққа сән беріп жайқалып тұр. Рахима апай он үш құрсақ көтерді. Солардың ішінде Мақтай мен оның өзіне тартқан Қобыланды тұлғалы інісі Болат бар. Ал, осы екі баласынан жайқалып өскен ұрпақ: немере-шөберелері «Рамазан орманы» мен «Рахиманың бәйтеректеріне» ұқсайды.

«Ата көрген оқ жонар» дегендейін, жас Мақтай оқуға зерек, іске тындырымды боларлық алғашқы өмір мектебін әкесінен алды. Өмір жолын, еңбектің алғаш қадамын колхоздың қарапайым есепшілігінен бастады. Ол осындай ең төменгі сатыдағы қызметтен Жоғарғы Кеңестің Төрағалығына жетсе, жер мен көктің арасындағы еңбек сатысын түгел шарлап өткендердің бірі һәм бірегейі, еліміздің ақтангер басшылар тобының қақ ортасында жүрген атаулысы. Оның еңбек жолын тізілтіп, еске салсақ: мектептің оқу ісінің меңгерушісі, директоры, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, МТС партия ұйымының хатшысы, Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы, совхоз партия ұйымының хатшысы, совхоз директоры, Солтүстік Қазақстан облысындағы Соколов және Жамбыл аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Торғай облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстан балық шаруашылығы министрі, Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы, Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы. Әне, содан кейін Республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы төріне жетті. Есіл-Көкшенің ұлағатты ұлы Алатаудың асқаралы шыңдарындай ел басшыларына теңесті. Ж. Шаяхметов, Д. Қонаев, Б. Әшімов, Ф. Кәрібжанов, С. Ниязбеков, Н. Назарбаевтарды атағанда М. Сағдиевтің есімі де тарихымызға берік кірген есім.

Мінеки, алдымыздағы зор тізімнен нар жігіттің бар болмысы, көтерілген белестері, шыққан тағы, жеткен бағы, алған абыройы, тапқан беделі айдан анық көрініп, көрнекті көш бой жазып тұр. Мақтай Рамазанұлы жайдары, жарқын жүзді, көрсең көз тоятын алып тұлғалы қыран жігіт, ал сол зор тұлғаға біткен асыл қасиеттер аз емес. Анасының ақ уызына жарып өсіп, әкесі Рамазан ақсақалдың

ел тұрмысын түзеймін деп, хал-қадірінше арпалысқан арманын орындаған, әкенің тілегін, ананың ақ сүтін ақтаған нағыз азамат. Құлын білек, ақ балтыр ақ қайыңдар көз тойдырар, шалқар даласы егінге бай, ерке Есілі таусылмас ел ырысы болған табиғаттың тұнып тұрған бауырмал қойнауында, жібек жел мен сабат салқында кеудесін кең ашып өскен Мақтай сол туған жердің бар асыл мырзамейір мінезін, дарқандығы мен шалқарлығын, кербездігі мен көркемдігін өз бойына тоя сіңіріп, кең дарыта білген ел перзенті. Ол еңбектің адамы, бойына біткен бар ынта-жігерін, қажыр-қайратын адамға деген жанкештілікпен қарлығаштай қамқор, қызғыштай қорғампаз, еліктей елгезек, қырандай қырағылықпен адал һәм орынды жұмсаған бақытты жігіт.

Мұхтар Әуезов Жапония сапарынан алған әсерін сөз еткенде: «Жапонияның алға басу жолындағы... көзге көрінген мінездері – басшыларының, білгіштерінің арасындағы ұйым, береке» деген екен. Мақтайға біткен қадір-қасиет, асыл мінездің де үлкені – жүрген жеріне құт орнатып, «ұйым, береке» бола білуінде. Философтардың тілінде «Сократпен де, Зенонмен де тіл таба біл» дейтін нақыл бар. Біріншісі қанша өмір сүргің келсе, соншама мүмкіндік жасайды, ал екіншісі ажалыңнан бұрын өлтіреді екен.

Мақаң қай қызметте жүрсе де, қазағынан орысы көптеу облыстарда қызмет атқарса да, талай Сократ, талай Зенондармен үзеңгілес болса да, тіл табыса білді, Жақыппен де, Яковпен де дос болды. Осы қасиетті мінезі жүзге бөлінгіш қазақ үшін ауадай қажет. Кешегі бодан кезде борқа болып кетпей, Мәскеумен де, Алматымен де тіл табысты. Д. Қонаевпен, Б. Әшімовпен қаншалықты қоғамдаса білсе, бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен де бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отыр. Ол өзінің қара басының қамын ғана ойлағандықтан емес, ел бірлігіне, елдің беріктігі мен күштілігіне қанына сіңген жауапкершілікпен қарағандықтан туып отыр.

Мақтайдың өзінің батыр тұлғасына сай мінезінде, бірде-бір қылығында артық елпілдеу, жеңіл желпілдеу өмірі болған емес. Ол балаша сенгіш, батырша аңғал, ниеті кіршіксіз таза азамат, сондықтан да айтарын айтып салып, қара қылды қақ жаратын шыншылдығымен де ел қажетіне керек қайраткер болды, болып та келеді, әлі де бола бермек. Неге десеңіз, батыр тұлғаның күш-жігері әлі де мол. Мың жылқының ішінде жүген-құрық тимеген ақ боз аттай қай шабыста

көрсең де ерекше байқалатын Мақтай Сағдиев сертке берік, адал мінезімен ел бірлігіне сай туған шын мәніндегі ақылман саясаткер, білікті мемлекет және қоғам қайраткері.

М.Р. Сағдиев мемлекет басындағы үлкен қызметтен ел алдында сыйлы күнінде зейнетке шыққаннан соң да егемен Қазақстанның тез өркендеу жолына аянбай атсалысып келеді. Қазақстан Президентінің мемлекеттік кеңесшісі қызметін атқарып, ауыр күндерде Президентімізге қажетті ақыл-кеңесін, нақтылы қолғабысын тигізді. Содан кейін тапжылмай осы күндерге дейін республикамыздың ардагерлер армиясын басқарып жүр. Қайда барсақ та бас маршалымыз секілді шыңға біткен шынардай сұңғақты, шымыр, жинақы қалпында алдымызда жүреді. Ардагерлердің бәрімен тұрмыстың ауыр кезеңінде мақамдасу да Мақаң сияқты білікті де шыдамды майталманның қолынан келетін тірлік. Жасы ұлғайған ақсақалдардың мерекесі де, өлім-жітімі де аз кездеспейді, соның бәріне бас-көз болып, қажетін қарастырып өзі жүреді.

Жуырда өткен Президент сайлауында да қазақтың ақсақалдары алғы сапта ақыл иесі іспеттес көріне білсе, ең алдында ел бірлігінің берік бағанындай Мақтай Рамазанұлы жүрді. Ақсақалдарға да, олардың басшысына да елдің құйма құлағы еленделп, көреген көздері жаутаңдап, басқадан бұрын түседі. Ендеше бұл ұлы науқанда да, елдегі болып жатқан көптеген басқа да күрделі істерде де ардагерлер алқасының қосып жүрген үлесі аз емес. Елімізде тәртіп орнату органдарының жұмысына да Мақаң өмірден алған бай тәжірибесімен аянбай қолқабысын тигізіп жүр.

Қытайдың бір данасы Чжуан-цзы: «Өмірге құштарлығы жоқ адамды адам деудің өзі бекер» – деген екен, Мақтай Рамазанұлы өмірге ерекше құштар жан. Ол қай белесте жүрсе де, ұлтжандығы мен еңбекке ерен берілгендігін айқындай білді. Қазақтың тілі мен ділі, діні мен біліміне де талай қамқорлық көрсетті. Оның бір тамаша қасиеті – руханият байлығына, әдебиеті мен мәдениетіне деген ақ ниет пен парасаттың шамшырағын жағып жүру. Оқу орындарында, мәдениет сарайларына, спорт ошақтарына үнемі Алланың ақ гүлінің шоғындай қарап, жанашырлық білдірді. Мақаңның осы қасиетті қимылына ардақты ағамыз, еліміздің сүйікті ұлдарының бірі Ілияс Омаров ерте кезде көз салып, жас жігітті Жоғары партия мектебіне оқуға жіберткізіп, мәдени, саяси, әлеуметтік істерге баулыған екен. Асыл ағаның үлкен үмітін Мақаң ақтай білді.

Әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымын атқарып жүргенде қазақтың ұлы жазушылары Ғабит Мүсіреповтің ауылын жүдеп қалған бөлімшеден жеке совхоздыққа жеткізді, Сәбит Мұқановтың ауылы қайта салынғандай жаңарды. Сәбеңнің 70 жасқа толған мерейтойының өтуі де осы кезеңге келіп, ұлы жазушыға лайықты құрмет көрсетілді. Ол кісі: «атың Мақтай болса, енді сені мақтай жүрерміз, жақтай да сақтай білерміз» деп бауырына басыпты, бұл халықтың қызу ортасында жүрген атпал азаматқа аруақты аға берген үлкен баға.

Өмірге деген Мақаңның құштарлығының тағы бір асыл мысалы досқа адал, ағайынға берік, сүйген жарға мәңгі серік бола білуінде. Абай атамыздың:

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да,
Бәрінің де қызығын көріп білсек –

деген сөзін еске алсақ, «жұртқа аянбай жақсылық жасағанын» бірсыдырғы әңгіме етсек, «жақын мен жардың» да қызығын көріп жүрген жігіт. Аяулы жеңгеміз Түкеш Зиятденқызы екеуі жарты ғасырға жуық тату-тәтті мейірбан өмір сүрді. Жан қосағы көп жылдар ауыр сырқатты басынан өткізіп, 1997 жылы мәңгі сапарға аттанса, Мақтай Рамазанұлының ол кісінің алдында ары таза, өз міндетін толық өтеді.

Сырқат кезінде жан жарын алақанына салып әлпештеді, ардақтады, мұқият күтті. Сыртқа шығып салтанат құра алмаса да, Түкеш те отбасында өмірдің базарлы қызығын көрсетіп, жолдас-жораларын алдына әкеліп таныстырып, сайрандатып өмір қызығын бірге бөлісті. Асыл жарын ақ арулап аттандырып, Кеңсайдағы бейітіне тамаша белгі орнатты. Отбасының қызығы балада болса, екеуінің Ғалия, Алма, Ербол, Раушан, Роза, Сәуле атты ізбасарлары, оннан астам немерелері бар. Ерболы өзіне тартып, елім деп еңіреп туған азаматтығын көрсетіп жүр. Ол қазір Зеренді ауданының айтулы әкімі. Құдандалы, жегжат, бауыр-туыстар, достар Мақтайды қашан да қадір тұтады. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, сәулетті әулетін Зілғара аталарының аруағы қолдап, өмір жолында өрістетіп келеді. Балалары да ата-аналарына тартқан көз қуаныш болып, өрімталдай өсіп жетті. Мақтай Рамазанұлы Сағдиевтің төрт

шөбересі бар, сексенге осындай қуанышымен, есен-сау, қуатты шағында келіп отыр. Бұл да ер жігіт үшін зор бақыт:

Асқан батыр болсаң да,
Ағайын мен ел керек.
Алтын жағаң болса да,
Жаға менен жең керек,

– деп халық даналығы айтқандай, Мақаңның асыл бейнесін ардақты достары, туыстары, қадірменді азаматтар сипаттайды. Олардың бәрін атау мүмкін емес, өйткені Сағдиевке салқын қарайтын адамды кездестірмедім. Алматыдағы А.С. Пушкин ескерткішін ашқан күнгі бір әңгімеде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Мақаңның кіршіксіз таза адалдығын ардақтаймын», – деп еді. Тұңғыш Президенттің бұл сөзі марапаттың ең биігі емес пе? Қазақ тарихының Геродоты атанған академик Манаш Қозыбаев Мақаңның сабырлы да салиқалы, қызбалыққа бармайтын, қызылкеңірдек болмайтын, мейірімді һәм қарапайым мінезін сипаттағанда тыңдаған жанды тебіренткені есімде. Ол Мақаңның жетпіс жасқа келген салтанатында жасаған баяндамасында еді. Сөйтіп ғылымның үздік сардары да Мақаңа асыл сөзін арнап кетті, адал досына арнаған тойбастары тамаша поэма сияқты сақталып қалды. Бұл да барлық қазақ зиялыларының атынан бекзат ғалымның асыл тұлғаға беріп кеткен тарихи бағасы деп білемін.

Біздер бір кезде Одақтық Жоғарғы Кеңес төралқасының мүшесі де болдық, «Халық депутаты» сайланған қызметтес күндер де естен кетпейді. Оның ауылына деген ыстық ықыласы, бауырмалдығы, Есілге деген еркелігі, Көкшеге деген көтеріңкі құлшынысы, Мағжан ағамызға ұқсаған сағыншақтығы жақын тартып, бала кезімізден бүгінгі күндерге дейінгі ғұмырымызға тиек болып жүр. Мақтай Рамазанұлы қай белесте кездессе де, өзінің көңілі көтеріңкі, аңқылдаған батыр мінезімен ардақты күйінде қала берді. Сол қалыптасқан қалпында Мақаң тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне үлкен үлес қосып, жаны сергек, рухы өр қайраткер ретінде асқан қажырлылық көрсетіп келеді. Ардақты Мақтай Рамазанұлы, сексеннің сеңгіріне жеткен ұлы белесің құтты болсын!

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
академик

АЗАМАТ, ДОС, ҚАЙРАТКЕР

Мақтай Рамазанұлы Сағдиев! Халқымыздың осындай көрнекті тұлғаларының бірі туралы сөз қозғау жеңіл де ауыр, оңай да қиын. Жеңіл, оңай дейтінім Мақаңмен көп жылдар сырласпыз, доспыз. Дастарқанда араласып, ағалы-інілі болып келген қалпымыз бар еді. Өскен ортасын жетік білмегенмен, есейе келе жүрген жолынан хабардармыз. Менің білмегенімді басқалар, жалпы жұртшылық біледі. Өйткені ат жалын тартып мінген күннен бастап аудан болсын, облыс, республика болсын, өмірі көпшіліктің көз алдында өтті. Тек қана Мақаңның атқарған қызметтерінің атын тізіп, соларға қысқаша тоқтасаң да азды-көпті өмірбаян немесе ауыз толтыратындай естелік болып шығуына күмән жоқ. Бұл онша қиын емес, жеңіл жұмыс.

Дегенмен, Мақтай Сағдиев туралы жайдақ әңгіме жөнсіз болар. Мақаң өмірі көптеген ойларға жетелейді. Неліктен кейбір адамдардың өмірі өзі өмір сүрген заманымен тығыз жүздесіп, шымшытырық байланысып, бір-бірінен ажырамастай болып жатады? Ал енді осындай өмір екінің бірінің қолынан келе бере ме, әйтпесе өз заманымен еншілес болу арманы асқар, аңсағаны заңғар, туысы бөлек тұлғалардың үлесі ме? Әр заманның өзіне тән қайраткерлері болады, оларды замана талабы жетелейді, шыңдайды деген рас па? Қазақ тарихында өшпес орын алатын, сонымен қатар еліне көсем, ісіне бекем бола білген әр дәуірдің өзіне лайық тұлғалары бар. Соңғылардың халық жадында қанша сақталарын білмеймін, бірақ өз заманында есімі баршаға мәлім болып, аңызға айналғандығына шек келтіруге болмайды.

Сондай шоқтығы биік азаматтардың бірі біздің кейіпкеріміз болатын. Оның заманы қандай еді? Сағдиев есейіп, оқуын бітіріп, ел қызметіне араласа бастаған кезде өзі өскен өлкеде тың көтеру басталды. Ол кейбір реформалардан да ірі саяси-экономикалық науқан болатын. Ғасырлар бойы мекендеген қазақ жеріне басқа өңірлерден мыңдаған тың көтерушілер келіп орналасты. Тұрақты мекендерін бұрынғы қазақ ауылдарында емес, одан алшағырақ орналастырды. Ежелгі байлығы мал өсіру болып келген кең дала айқара жыртылып, егін шаруашылығына бет бұрды. Жаңа адам, жаңа техника, жаңа

салт қазақ сахарасына тезірек сіңіп, ескі дәстүрлі өмірдің ұйқы-тұйқысы шықты.

Екпінді зор құбылыс өзіне көнгендерін ілестіріп, көне алмағандарын шетке шығарып тастап отырды. Бұндай талап әсіресе ауылшаруашылығы мамандарының алдына қатаң қойылатын. Сол кезде осы салада істеп жүрген қазақ мамандарының көпшілігі шеттетілді: орнын орталықтан келгендер алды немесе саяси-шаруашылық жүйесін орыстандыру нысанада болды. Осындай қауырт тың науқанында өзінің қайратымен, іскерлігімен, жігерімен көзге түскен, қандай жауапты қызмет болса да абыроймен атқара білген біздің ұлтымыздың азаматтары да болды. Атап айтсақ, Көкшетауда Еркін Әуелбеков, Қостанайда Оразалы Қозыбаев, Ақмолада Қасым Тәукенов, Солтүстік Қазақстанда Мақтай Сағдиев, тағы да басқа азаматтар. Олар өз заманының ерекшелігін түсіне білді, талабын таныды, жүктеген міндетті білгірлікпен атқарды. Олар ауылдың да, ауданның да, облыстың да шебер басшылары бола білді. Осындай азаматтардың қабілетін, жігерін, мінез-құлқын аты шулы тың науқаны сомдады десем, қателеспеспін деймін. Мезгілінде «Тың генералдары» деген құрметті атақ халық аузында жиі айтылатын. Біріншіден, осындай атақ тың игеру басшыларының қолбасшылық қабілетін мадақтаса, екіншіден, тың игеру науқаны тек қатардағы шаруашылық қимылы емес, бүкіл Одақ үшін зор мәні бар саясі-экономикалық-әлеуметтік құбылыс екенін анғартатын. Жоғарыда аталған ағаларымыз осы «тың генералдарының» құрамына жатады. Олар тыңды көтерді, тың оларды көтерді. Әр заман өз талабына сай қайраткерлерін іріктейді деген осы емес пе.

Көкшетауда Мақтай Рамазанұлының тікелей араласуымен салдырған ғимараттар, дүкендер бар. Бурабайға барар жолда іші жылы, сырты сұлу, әрқайсысы жеке сәулеттік ескерткіш болатын үйлерден тұратын әсем ауыл бар. Қостанай қаласындағы кең де әсем даңғыл Мақаңның ұсынысымен жасалған. Арқалықта сәулетті үйлерді, өте қажетті су тоғандарын, ауыл арасына өте керек қатынас жолдарды салуға да Мақаң тікелей араласқан. Сол елдерге бүгін барсаң «мынау Мақаң салдырған», «Мақаңнан қалған із» деп жергілікті халық мақтанышпен айтып отырады. Ал енді ол басқарған жүйеде жоспарды немесе тапсырманы орындамау деген болмайтын, қайта олардың артығымен орындалғанын біз де көргенбіз, халық та айтып, мерейі өсетін. Бір мезгіл Қазақстанның Балық шаруашылығы министрі

болған кезінде де Мақаң осы ізгі бастамаларын жалғастырды. «Мақа, сен осы жүзу білмей жүріп, Торғайда ОСВОД-тың (суға кеткендерді құтқару қоғамы) бастығы болдың, ал бекіре мен сазанды айыра алмай жүріп, қалай балық шаруашылығы министрі болдың?» деп қалжыңдайтын замандастары. «Шабақ пен шортанды айыру үшін көп ақылдың керегі жоқ, әңгіме осы шаруашылық жүйесінің халыққа пайдасын біле білуде, соның арқасында барлық мүмкіншілікті пайдалана отырып, осы саланы барынша дамытуда» дейтін ол.

Мақаланың басында «дос» деген айдар бар. Ол шындық. Қызметіміз әр салада болса да, күнделікті өмірде қатынасымыз жиі, дастарқанымыз араласты. Түкен бәйбішесінің үлкен парасаты мен қонақжайлығына қанықпыз. Сыр шертісетін, саяттық жасайтын кездеріміз де жоқ емес. Мінезі жайлы, сырты қалай сұлу болса, іші де сондай сұлу, кездескенді бауырына тарта кететін мейірбан табиғатты Алла Тағала Мақаңа молынан берген.

Жаның жаннатта болғай, асыл азамат, даркан дос!

Абай ТАСБОЛАТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ОТЫЗДА ТӨРДЕ ОТЫРЫП АЙТҚАН БИЛІК

Ұлы Абайдың отыз жетінші қарасөз-ғақлиясындағы:

Дүние – үлкен көл,
Замана – соққан жел,
Алдыңғы толқын ағалар,
Артқы толқын інілер.
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер, –

деп, терең толғануының сырын ойға алғанда әрқашан өткен өмір, зымыран құс – замана керуені көз алдында жылжып бара жатқандай көрінеді.

Жүйткіген жүйріктей, аққан жұлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай. Кемеңгер Абай атамыздың қалайша дөп айтқанына әрі қысқа тұжырымға көп ой сыйғызғанына дән риза боласың. Екінші мыңжылдықты тамамдап, үшінші мыңжылдықты бастағанымызға да он үш жылдан асты. XX ғасыр өзінің сан алуан оқиғаларымен,

өміршең өзгерістерімен, солардың бел ортасында жүріп, өнегелі іздер қалдырған өрелі өрендерімен, ел жадындағы асыл азаматтарымен есімізде мәңгі қалды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана халқымыз. Жаны жайсаң, жүзі жарқын, өнегелі іс-әрекеттерімен жан-жағына нұрын шашқан абзал жандар арамызда көптеп саналады. Олардың біразы бүгінде өмірден өтті. Осындайда жалған фәниден шын дүниеге аттанған ғазиз жандардың асыл бейнелері, кісілік келбеті, адамгершілік қасиеттері көз алдыңызға еріксіз елестейді. Көзден кетсе де көңілден кетпейтіндей әсер қалдырады. Осындай «алдыңғы толқын ағаларымыздың» бірі – Мақтай ағамыз – Мақтай Рамазанұлы Сағдиев болатын.

Мәкең өзінің саналы ғұмырын халқымыздың рухани өмірін өркендетуге, идеология саласын дамытуға, ұлттардың ұйысуына сүбелі үлес қосуға арнаған абзал азамат болатын. Осы тұста сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің жаны таза – жақсы адамдар жөнінде айтқан мына бір ойы еріксіз ойға оралады. «Тұла бойы тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнымас, бұлжымас мейірімділікпен ғана жаралғандай» жан еді деген тұжырым тұп-тура Мақтай ағамызға арнап айтылғандай еді. Міне, Мақтай ағамыздың да өмірден озғанына да бірнеше айдың жүзі болды.

Алланың нұры – көктемгі ақ жауындай пайдасы көп тиген аға еді. Ажал шіркінге не шара? Бұл фәниде темір өзекті пенде жоқ. Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген Мақтай ағамызды өлімге қию да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны.

Қабырғамды қайыстырып кеткен қапыл қазадан соң ес жиып, еңсе тіктеп, Мәкең жайлы айту маған оңай емес. Мақтай ағамыз қай істе де қаймана қазағына бүйрегі бұрған аққөңіл азамат еді. Бұл сөзді мен ғана емес, оны білетіндердің, көзі көріп, қызметтес болғандардың бәрі айтады. Ақжарқын, аққөңілмен айналасына шуақ шашып тұратын Мәкеңнің әрбір іс-әрекетінде үлкен бір сыр жатқандай, тереңдік бардай болатын.

Елге тұтқа болған азамат қашанда халық жүрегінде екені даусыз. Ол туралы өзі туып-өскен ауылдастары, бірге қызмет атқарған замандастары да айтудан жалыққан емес. «Білетініміз, Мақтай аға кең парасатты, жаны сұлу адам еді. Үлкенге де, кішіге де ілтипатпен

карайтын, кемшілікке төзбейтін. Лауазымы қандай дәрежеде болса да, адамның қателігін бетіне айтатын. Тағы бір жоғары адамгершілігі, халықтың маңдай терімен жасалған көпке ортақ қазынаны қымқыру есебінен жеке басының байлығын күйттеумен әсте айналыспаған, қоңыр тұмақ азамат болатын...» деп атпал азаматты ұзақ сапарға шығарып салуға қатысқан замандастары аузынан естідім. Баласы Ерболға талай адам көңіл білдіріп, жұбату айтып келді.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Бірінші байлығым халқым деп білген, ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді тұлғамен аз күн пікірлес, дәмдес болғанымды тіршіліктегі нұрлы бір кезеңім деп еске аламын.

Мен Мақтай ағамның қай кезде қандай қызметте болғанын тізбелеп, тоқталып жатпаймын. Оны өзгелердің еншісіне қалдырамын.

Мәкең ел басқаруға араласып, қабілеті мен қасиетін, өмірінің мазмұн-мағынасын, білімі мен біліктілігін халыққа арнаған, антқа адал, сертке берік жан еді. Қарапайым жанұяда дүниеге келіп, жастайынан соғыстан кейінгі өмірдің ащы дәмін татты. Өмір оны бала кезінен ерте есейтті. Жастайынан Талғар ауылшаруашылығы техникумын, одан соң Семей мемлекеттік мұғалімдер институтын тамамдап, еңбекке араласты.

Кейіннен Есіл ауданының партия комитетінің инспекторы, Есіл ауданындағы МТС-нда партиялық бюронын хатшысы болып қызмет атқарды. Алматы Жоғары партия мектебінде білім алды.

«Отызда төрде отырып, айттым билік» дегендей, сексеуілдің шоғындай жайнап, жастай көзге түскені, қатарынан оза туғаны көз сұқтандырып, таңғалдырғандай. Оған отыз екі жасында Есіл ауданы Явленка партиялық бюросының хатшысы, ал қырық бір жасында Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығының тізгінін ұстауы куә. Бұл жастағы бүгінгі жастар жыламай тамақ ішпейді. «Ақыл мен қайрат жол табар» деген, міне, осы. Содан өмірінің соңғы сағатына дейін белін шешпей, аттан түспей елі үшін еңбек етті.

1971 жылдар мен 1980 жылдар аралығында тұрмысы тұралаған Торғай облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болды. Қостанай, Көкшетау облыстарының бірінші басшысы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің

төрағасы, X–XI сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты дәрежесіне дейін сатылап өзінің адал еңбегімен өскен еді.

Зейнет жасында Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған кездері Мақтай ағаммен бірге жұмыс істеу бақытына ие болдым. 2005 жылы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңісімізге 60 жыл толу салтанаты кезінде ардагерлермен ұйымдастырып өткізетін шараларды бірлесіп атқардық. Ағамыз Соғыс, еңбек және тылда қызмет атқарған зейнеткерлерді өз қарамағына алып, оларға барынша жағдай жасауға тырысты. Салтанат тұсында Мәскеудегі Қызыл алаңда өтетін ардагерлердің барып-келуіне, республика ардагерлеріне барынша құрмет көрсетілуін басты назарда ұстады. Республикалық Ұланда Қолбасшы болып қызмет атқаратын маған телефон арқылы хабарласып, ардагерлердің әскери сала бойынша шешілмеген жұмыстарын тапсыратын еді. Жүрегімнен осылай орын алған Ағамыз мені де адамдармен кездескенде өзіне мақтаныш ретінде көріп «Абаймен жастайымыздан Есілдің суын ішіп өстік» деп айтып отыратын. Ағамыздың туып-өскен Өндіріс ауылы Николаевкадан 18 км қашықтықта орналасқан ауыл еді. «Туған жер Алтын бесігін» сағынып елді есіне алып, елге жиі келетін еді. Явленкадағы мұражайда Ағамызға арналған бір кабинет жасақталып, арнайы орын берілген.

Астана қаласындағы Салтанат сарайында өткен Ағамыздың 80 жасқа толу салтанатында Елбасымыз өзі қатысып, марапат қағазын сыйлады. Осы тойға Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматтарының бірі Бәйкен Әшімов ағамыз жолдасы Бақыт Әсетқызымен бірге қатысып, батасын берді. Ағамыздың елге танымалдығы соншама, республиканың барлық аймағынан ағамызбен бірге қызмет атқарған құрдастары қатысты, тойда адам көп болды.

Ағамыз Есіл өзені жағалауында күнде таңертең және кешкі серуенге шығатын. Кездескен сәтімізде соңғы күндері денсаулығына байланысты үйде көп отырып қалуына шағымданатын.

Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчердің: «Мен демалысқа шаршағанда шығамын. Мен еліме қазір керекпін. Сондықтан, шаршамаймын» дегені бар. Міне, ағамыз да осы қағиданы берік ұстаған адам еді.

Биіктегі пенденің басы айналмай тұрмайды. Соның өзінде Мақтай аға жақсының жолын, жастардың тілеуін кеспей, ешкімге

көлеңкесін түсірмей, қисайғанды түзеп, жығылғанды сүйеп, дүниеден жарық болып өтті.

Қазақтың ірілерінің бірі Мәкең – жарық дүниеден қашан өткенше басынан бағы таймаған адам. Әрине, бұл жалғанда төрт құбыласы түгел пенде сирек. Алайда, тірліктің ләззаты – отбасында дейтін болсақ, Мәкең бұл жағынан бақытты еді.

Естеріңізде болар, Тұрмағанбет ақын: «Ерін күткен әйелді ханым десе болады» деп жырлағаны. Кешегі кеңес өкіметі тұсында «теңдік алған» әйелдердің біразы ерін ерттеп мінуге аз қалды ғой.

«Жігіттің бұл жалғанда арманы көп, Егерде тең болмаса алған жары» деп бұрынғылар бекер айтпаған болар. Ерлі-зайыптылар бірін-бірі тәрбиелеп, бірін-бірі жетелейді. Кейіннен елімізге танымал ағаапаларымыздың үлкен той жиындарда жеңгей жөнінде айтқан жылы лебіздерін білдік, Түкетай жеңгей күллі қазақ еліне даңқы жайылған Домалақ ана, Айша бибі, Ұлжан, Айғаным секілді аналар дәстүрін жалғастырушы, қолы ашық, жоқты бар, барды мол ететін, «Жүзігім алтын болғанша, жүзің жарқын болсын» дейтін нағыз хас жеңгейдің өзі екен. Адал жар осындай-ақ болсын.

Адам – бұл дүниенің қонағы. Мұндайда сабырға қайрат қосатын, қайнаған күйікті басатын жұбату айту қиын. Тек Түкетай апамыз бен ағамның баласы, артынан ерген қарасы Ерболға, балаларға: «Аллаға Мұхаммед пайғамбардан жақын кім бар? Оны да 63 жасында Алла қасына алған. Біз одан артықпыз ба? Бұл фәнидің жалғандығын осыдан-ақ білуге болады. Шүкірлік етейік, сабыр сақтайық, болған іске болаттай болыңдар» дегім келеді. Иә, көкірегіміз қарс айналып, қайғыдан қабырғамыз қайысса да, Мәкеңнің көзі тірісіндегі азаматтық қасиеттерін еске алып, көңіл жұбатамыз. Фәни дүниені тәрк етіп ғұмыр үзілгенмен, артында ауыз толтырып айтарлықтай жарқын істері ел-халқының жүрегінде. Ендеше, Сіз біздің жадымыздасыз, Асыл Мақтай аға!

Төрегелді ШАРМАНОВ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ӨНЕГЕСІ – ӨМІР!

Мақтай Рамазанұлы туралы толғаныс үстінде отырып, еліміздің жарқын болашағы үшін орасан еңбек сіңірген есіл ердің өмір жолын кең даламыздың төсінде сайрап жатқан, арнасы кең, бағыты айқын, ауқымы зор Үлкен жолдардың біріне ұқсаттым.

Расында, «ел өмірі» атты қызу еңбек майданында республиканың әр өңірінде жемісті еңбек етіп, сан аймақтың өркендеуіне үлес қосқан, әрдайым биік белестерден табылған, өмірінің соңына дейін халқына қалтқысыз, адал еңбек ете білген Мақтай Рамазанұлы секілді адамның «өмірі – өнеге» деп айтуға тұрарлық. Сырт көзге жайнаған, жақсы өмір болып көрінгенмен, мұндай жеңістердің астарында табиғат тарту еткен қажыр-қайрат, дарынмен қоса, төгілетін маңдай тер бар, оған қоса, әрине, дарқан мінез де қажет. Осындай тұлғалық нышандар осы жанның бойында кеңінен көрініс берген.

Жастайынан еңбекке ерте араласып, білімін қатар ұштай білген, қолына түскен істі жандандырып, біліктілігімен ерекшеленген азаматтың өмірінде алған асуы мол. Еліміздің солтүстік өңірінің халықшаруашылығын өркендету жолындағы еңбегі аса жемісті болды. Өзі туып-өскен өңірінде үлгілі еңбегімен бірнеше ауданның іргесін нығайтып үлгерген жанның Торғай өлкесін басқаруға тағайындалуы кездейсоқ емес еді. Дамуы жағынан кешеуілдеп қалған облыстың шоқтығын биікке көтеріп, өнеркәсібі мен әлеуметтік саласын тең дәрежеде өркендетіп, республикаға мақтан еткен осы Мақтай Рамазанұлы болатын. Республика деңгейінде Балық шаруашылығы министрлігін басқаруы тұсындағы жасаған елеулі өзгерістері ел есінде, олар қатаң кеңестік заманның жылы нышандары еді. Сол тұста Алматыда, барлық дерлік облыс орталықтарында әйгілі «Мұхит» балық дүкендерінің желісі халыққа қызмет етті, оның өнімдерінің теңізден қашық жатқан республикамыздың халқының денсаулығы үшін маңызы басым болатын. Қостанай, Көкшетау өңірлерінде ауылшаруашылығын жандандырып, егіншіліктің өрісін кеңейтіп, өнеркәсіп-құрылыс салаларының дамуына дем беріп, республикадағы алдыңғы орындарға шығарған еді.

Ел өмірінің қайнаған ортасында жүріп, ардақтысына айналды, халықтың ыстық ықыласы мен құрметіне ие болды. Бойында жоғары біліктілік пен білімділік, қарапайымдылық пен адамгершілік, іскерлік пен табандылық қоса астасып жатты, жеңістер сырының бір ұштығы осында болар.

Өз басыма келсем, Мақтай Рамазанұлымен дидарлас болған кездерімді ыстық ықыласпен еске аламын. Көңілге кірбің түсірген, жазықсыз қудалауға ұшыраған жылдар қойнауында кездескенімде, жанарының шуағы үзілмеген, дем берген жандардың бірі болды. Жүрген ортасын жүрегінің жылуына бөлейтін биязы мінезіне азаматтығы сай тұрғандығының куәсі болдым, іскерлікті жақсылықпен ұштастыра білетін, ерекше мейірлі жан ретінде таныдым, сыйластығымыз мол болатын.

Мақтай Рамазанұлының Республикаға белгілі қоғам қайраткері дәрежесіне ие болуының айқын дәлелі ретінде Жоғарғы Кеңес Төралқасын басқаруын айтуға болады. Еліміздің тәуелсіздікке жету жолында – Президент кеңесшісі, ел қалаулысы – Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланып, ҚР Ардагерлер кеңесін басқарып, халық игілігі үшін атқарған ізгілікті істерінің шеруі жалғасты.

Жарығы мен мүмкіндігі зор қазіргі заманда еліміздің жастары Мақтай Рамазанұлы секілді халыққа адал қызмет еткен ел азаматтарының жүріп өткен өмір жолын зерттеп, тәжірибесінен тәлім алып, өнегесін оқып-үйрену үстінде өсіп-жетілсе, елдің болашағы үшін сенім молайып, нұр үстіне нұр болып қосылар еді деген тілегім бар.

Евгений ЕЖИКОВ-БАБАХАНОВ,
экс-министр, зам. премьер-министра РК

ДОСТОЙНЫЙ СЫН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Верно сказано: судьба человека – это его дела, большие и маленькие победы, а у каждой исторической эпохи есть Личности, которые своей судьбой отражают время. Как однажды признался Махтай Рамазанович Сагдиев, он «гордится, что родился, работал и жил в другом мире, в другой политической и социально-экономической системе, но стал свидетелем и участником эпохального события

– обретения Казахстаном независимости, о которой веками мечтали его предки». В этом смысле судьба его действительно была яркой и запоминающейся, а жизненный путь – примером для любого человека.

Все детство и юность Махтая Сагдиева связаны с родным аулом Самембет, приютившемся у березовой рощи на благодатной земле Северного Казахстана. Ему было всего три-четыре года, но в памяти мальчишки они остались как время великого голода. Спасала река Есиль – рыба (да еще грибы) были основной едой в доме, как и у всех сельчан. Отец Рамазан, работавший лесником-объездчиком на кордоне Мальцево очень редко, правда, баловал семью зайчатиной, если зверек попадал в расставленные им силки…

В 1936-м в ауле был организован колхоз, получивший название «Ундрус», он был избран там баскармой (председателем) и Махтай, как и другие сельские мальчишки стал колхозником… В неполные 14 лет уже был учетчиком в полеводческой бригаде, а еще помогал родителям вести хозяйство, заготавливать дрова, заботиться о младших. Видимо, здесь нужно искать корни его поразительного трудолюбия – верного спутника любого настоящего таланта. Его талант питала жизнь, и прежде всего его собственная.

Сам же Махтай Рамазанович всегда считал себя счастливым человеком потому, что ему везло на хороших людей. Он рассказывал мне однажды об учебе в Петропавловской казахской средней школе-интернате, ее директоре Матэ Кусаинове, участнике Великой Отечественной войны, говорил, что именно здесь, в школе были заложены основы его будущей жизни. Об учебе в Семипалатинском учительском институте, после окончания которого он – немыслимо! – в 20 лет стал директором семилетней школы… Потом служба в армии, целых четыре года, где Махтай, как сам говорил, научился по-настоящему ценить жизнь, преодолевать трудности, приходить на помощь товарищу. В армии, кстати, Сагдиев стал членом КПСС.

После возвращения из армии работал инструктором Ленинского райкома партии, а затем секретарем парткома Ильичевской МТС и своим первым наставником на партийной стезе считал второго секретаря райкома Канаша Шакенова, отличавшемся высокой культурой, скромностью и смелостью в принятии решений. Позже, после окончания Академии наук при ЦК КПСС, Канаш Шакенович работал ректором педагогического института в Петропавловске, под его руководством он стал одним из лучших вузов республики.

Махтай Рамазанович очень гордился знакомством с Ильясом Омаровым, работавшем в разные годы зампредседателя Совнаркома Казахской ССР, первым секретарем Восточно-Казахстанского обкома партии, секретарем ЦК Компартии Казахстана, а в 1953-61 годах секретарем Северо-Казахстанского обкома. Именно тогда, зимой 1956-го, на районной партийной конференции они и познакомились, долго беседовали. В ходе разговора молодой инструктор райкома высказал старшему товарищу свою заветную мечту: учиться дальше, скажем, в партийной школе… «Так в чем же дело?», спросил секретарь обкома. «Стажа маловато…», ответил Махтай. «Это поправимо, после некоторого раздумья ответил Ильяс Омаров. Ты напиши свою автобиографию и передай мне»… В сентябре 1957 года Махтай Рамазанович Сагдиев был уже слушателем Алматинской высшей партийной школы…

После ее окончания Сагдиева избрали секретарем парткома совхоза «Явленский» – крупного и экономически крепкого хозяйства. Директором там был известный в Северо-Казахстанской области хозяйственник Иван Федосеевич Бобрицкий. Махтай Рамазанович както рассказывал мне, что когда в обкоме партии через какое-то время (точнее – через год) возник вопрос о назначении его директором пришедшего в упадок совхоза «Афанасьевский», первый секретарь обкома Николай Иванович Журин, подписывая на бюро на него характеристику в ЦК Компартии Казахстана, сказал: «Прошел школу Бобрицкого, значит справишься…»

Именно в «Афанасьевском» в 1966 году и приметил Сагдиева Димаш Ахмедович Кунаев. К тому времени, это было уже совершенно другое хозяйство. Когда он принимал совхоз, положение там было просто аховым. Запущенные, поросшие овсюгом поля. Бескормица на животноводческих фермах, в первую зиму солому и силос пришлось завозить чуть ли не со всей области, даже из соседнего сибирского колхоза… Да и тот скот, что еще сохранился, был большей частью поражен бруцеллезом.

Сагдиев делал все возможное, чтобы вывести совхоз из прорыва. Серьезное внимание было обращено на культуру земледелия, подготовку семян, удобрение полей, борьбу с сорняками. И уже через два года урожайность здесь выросла в полтора раза. Часть скота на фермах была выбракована, из Прибалтики привезли племенных, высокопродуктивных телочек черно-пестрой породы, которые-то, по сути, и обновили стадо. «Сам Аллах послал нам этого человека»,

радовались сельчане, видя, как буквально на глазах меняется к лучшему жизнь в селе. За успехи и достижения совхоза в 1965 году Сагдиев был награжден орденом Ленина.

И в следующем, 1966-м, когда Махтай Рамазанович впервые встретился с Кунаевым, урожайность в «Афанасьевском» на площади в 28 тысяч гектаров составила на круг 17 центнеров. Кунаеву понравился молодой директор, его компетентность, энергичность. И он предложил обкому подумать о его продвижении на более высокую должность. Знаете, из кресла директора сразу «прыгнуть» в кресло первого секретаря Соколовского райкома партии, в те времена случай был редчайший! Секретарю, кстати, шел лишь 37-й год...

Надо отдать должное мудрости партийного руководства республики, прежде всего Первого секретаря ЦК, который многие годы «вел» по служебной лестнице Сагдиева.

Менее чем через четыре года, в декабре 1970-го, Махтая Рамазановича избирают первым секретарем райкома партии нового, только что образованного Жамбулского района – выделенного из территории огромного даже по нашим казахстанским меркам Пресновского района. Проблем в новом районе было, как говорится, выше крыши. Самого райцентра, как такового, по сути, не было – обычное село Благовещенка, какой из него центр?..

Я в те годы работал в отделе строительства Совмина республики и помню, как непросто решались в районе дела. Там был создан специальный штаб во главе с секретарем обкома Тауфиком Галиевичем Мухамед-Рахимовым – талантливым организатором, будущим Председателем Госплана и заместителем Председателя Совмина республики. На строительные работы сюда было привлечено девять механизированных колонн из всех районов области. И уже за год сданы в эксплуатацию 120 жилых домов, здания райкома и райисполкома, райсельхозуправления, база «Казсельхозтехники», другие объекты. Махтай Рамазанович в марте того года был избран делегатом XXIV съезда КПСС и уехал в Москву (добавлю, что в апреле 71-го он был награжден орденом Октябрьской Революции). Пребывание в столице, возможности делегатского мандата он использовал, что называется, по полной. Встретился с министром мелиорации и водного хозяйства СССР Евгением Алексеевским и добился его согласия водопроводную систему, идущую в российский Курган и дошедшую уже до Пресновки, повернуть на Благовещенку.

Благодаря этому решению областная специализированная колонна буквально за несколько месяцев протянула 40-километровый водовод до нового райцентра – район получил воду.

Конечно же, в ЦК учитывали и опыт, и организаторский талант, и деловую хватку, и решительность Сагдиева, когда в августе 1971 года рекомендовали его первым заместителем председателя новой области – Тургайской. Это назначение, замечу, произошло по настоятельной просьбе только что избранного первого секретаря обкома партии Сакана Кусаинова, знавшего Махтая Рамазановича по совместной работе в Северном Казахстане (Сакан Кусаинович в 1965–1970 годах работал там председателем облисполкома).

В Тургае Махтай Рамазанович задержался на девять лет и, без преувеличения, очень многое сделал для укрепления сельскохозяйственной отрасли области, развития сельских населенных пунктов. Об этом немало написано. Но вот мало, кто знает, что вся эта работа была поставлена им на научную основу. Тщательно изучив ситуацию, он через два года, выступая на республиканском совещании работников сельского хозяйства, поднял важнейший на то время для Казахстана вопрос – районной планировки и застройки. Первый этап освоения целины, говорил он, был завершен в конце 60-х годов. Организованы совхозы, в основном отстроены центральные усадьбы, стабилизировались трудовые коллективы. Но тут же возникли новые проблемы: в каком направлении развивать животноводство, вести растениеводство дальше, где перерабатывать полученную сельхозпродукцию? Нужно было также определиться с размерами совхозов, размещением социальной и инженерной инфраструктуры. Одним словом, второй этап освоения целины требовал новых подходов – внедрения почвозащитных севооборотов, создания устойчивой кормовой базы, улучшения пастбищ и сенокосов. По инициативе М.Р. Сагдиева и под его непосредственным руководством в каждом совхозе и колхозе были проведены исследования по землеустройству и аграрной экономике, застройке их центральных усадеб и отделений, а затем разработаны рекомендации по системе ведения сельского хозяйства Торгайской области. К этой работе привлекались специалисты и ученые Целиноградского сельскохозяйственного института и Целинного филиала Казахского научно-исследовательского института экономики к организации сельского хозяйства. Рекомендации объемом более 300 страниц по распоряжению Совета Министров были изданы отдельной книгой и направлены

во все области Казахстана. Кстати, М. Р. Сагдиев и сам автор книги, название которой, по сути, раскрывает ее содержание – «Шындық бар жерде сенім де бар» («Сколько правды, столько и веры»), ставшей библиографической редкостью.

Работая в те годы заместителем заведующего отделом строительства и городского хозяйства ЦК, мне довелось как-то побывать с Махтаем Рамазановичем в отдаленном районе области – Амангельдинском. Еще тогда обратил внимание как легко и непринужденно он вступает в контакт с сельчанами. Был прост в общении, понимал людей, знал их проблемы. Его искренность, доброжелательность, стремление принять их проблемы за свои, находили отклик и у руководителей, и рядовых тружеников.

Возвращались в Аркалык далеко за полдень. Была поздняя осень – начало зимы. За окном автомобиля мимо летели суровые, отработавшее свое степи. На всех неровностях голой земли, как седины в черных волосах, лежали белые полосы инея. Ветер трепал сухие, мертвые, уже почерневшие от жесткого солнца и ранних заморозков стебли придорожного бурьяна. Редко-редко мелькали затерянные в степи аулы, три-пять вросших в землю глинобитных домика... «Как здесь должно быть жутко осенней ночью», думал я... До поездки в Тургай, бывал, конечно же, во многих областях, но так далеко забираться в степь довелось впервые. В памяти тогда почему-то всплыла чудесная природа Западной Украины (я учился во Львовском политехническом институте), Саратовская земля, где родился...

А рядом сидел Махтай Рамазанович, который с увлечением рассказывал о прошлом и будущем этого края, называл имена людей, с которыми делил радость побед и горечь неудач. С особой симпатией говорил о Мейраме Сердалине, Габите Жанузакове, Василии Довгале, Рысбеке Мырзашеве, Идрисе Смагулове. Я лично знал этих людей, а Василия Павловича Довголя и сегодня считаю своим первым наставником. Хорошо понимал Махтая Рамазановича – это была его жизнь, его стихия, его работа… (Кстати, все свои три ордена Трудового Красного Знамени он получил именно в Тургае. Это декабрь 1973-го, декабрь 1976-го и март 1980-го…).

А потом совершенно неожиданно опять-таки по предложению Д. А. Кунаева Сагдиев стал главным рыбаком республики – он был назначен министром рыбного хозяйства Казахской ССР. И за

неполных три года многое успел сделать для развития этой отрасли. Самое важное, – получив поддержку в Совмине, лично у его председателя Б.А. Ашимова, – повернуть лицом к ее проблемам плановые и финансовые органы республики, местные органы власти. Через них укреплялась ее материальная основа, улучшались условия работы и жизни рыбаков, их семей. Был свидетелем: положение с вкладом рыбного хозяйства в решение продовольственной программы в стране коренным образом изменилось. А построенные при нем пруды и консервные заводы и сегодня служат людям.

Один мудрый человек сказал, что каждый мужчина в своей жизни должен выполнить три заповеди. Одна из них – построить дом. Так вот, Махтай Рамазанович построил десятки, сотни домов, Целые поселки! Мне приходилось бывать и в Костанайской области, где Сагдиев работал председателем облисполкома, и в Кокшетауской – первым секретарем обкома. Их тогда, называли экспериментальными. Но за этими поселками, где каждый дом-коттедж не похож на другой, было будущее. Сюда со всей республики приезжали директора совхозов, руководители районов и областей, чтобы поучиться, как нужно решать жилищные проблемы людей.

Работая в то время уже первым секретарем Джезказганского обкома партии, я не раз приезжал в Кокшетау, Махтай Рамазанович сам возил однажды нашу делегацию в аул Жамантуз, ставшем позже центральной усадьбой совхоза имени Кенесары, и где были выстроены прекрасные дома. Каждая усадьба имела свой двор, надворные постройки, земельные участки. В этих домах поселились механизаторы, пастухи, доярки, учителя, медики, пенсионеры. Сагдиев с гордостью рассказывал, что по всему Союзу было собрано более сорока видов коттеджей, из которых он отобрал пятнадцать, наиболее соответствующих условиям Северного Казахстана, прежде всего природе и климату Кокшетау. Скажу, что там было поучиться не только тому, как надо заботиться о восстановлении, обновлении старых казахских аулов, признанных «бесперспективными», но и как решаются проблемы продовольственного обеспечения населения, вопросы культуры, укрепления научной базы учреждений образования и науки, подготовки местных руководящих кадров. Уже после переезда Сагдиева в Алма-Ату, люди долго вспоминали его, «махтаевский» стиль работы, самобытность этого человека активную жизненную позицию, умение держать слово…

Как депутат, я участвовал в работе той сессии Верховного Совета 6 декабря 1988 года, когда Закаш Камалиденов был освобожден от должности председателя Президиума. Пост этот остался тогда вакантным. Лишь через три месяца, в начале 1989-го и «всплыла» фамилия Сагдиева. Но избираться на эту должность, знаю, он не хотел...

Его поначалу пригласил на беседу второй секретарь ЦК Марат Мендыбаев. Начал разговор без предисловий: «У нас для вас есть предложение. Как вы относитесь к тому, чтобы стать председателем Президиума Верховного Совета?». «Я посмотрел на него, – рассказывал мне позже Сагдиев, – усмехнулся про себя: надо же, нашелся благодетель. Поднялся с кресла и уже у порога сказал тому одну фразу: «Переезжать туда-сюда у меня нет ни желания, ни возможности – супруга тяжело болеет...» И ушел»...

Не получился у Сагдиева и разговор с самим Колбиным. Но на следующий день ему в санаторий «Алатау», где он отдыхал, позвонил председатель Совмина Нурсултан Назарбаев, предложил вечером встретиться. Говорили долго, доверительно, без обиняков, расстались тепло...

В семейном альбоме Сагдиевых я видел фотографию: 10 марта 1989 года, только что закрылась сессия Верховного Совета, избравшая его председателем, опустел зал и в нем лишь два человека – он, Сагдиев, и Назарбаев. Они будут идти рядом, поддерживать друг друга до последнего дня Махтая Рамазановича...

За недолгий период работы в Президиуме у него было немало непростых ситуаций, из которых он выходил с честью. Время-то вспомните, какое было – трудное, противоречивое, когда человек не знал, что ждет его завтра. «Это было время, – рассуждал в своем последнем перед смертью интервью выдающийся белорусский писатель Алесь Адамович (экраны всего мира обошла в те годы картина «Иди и смотри», снятая по его «Хатынской повести»), – когда в обществе ощущение грозящей катастрофы из сфер высокой политики уже опускалось в души, в сознание людей. И тогда началось то, что было названо «перестройкой»...

На первых порах проблематика перестройки вполне «укладывалась» в двуединую формулу – коренная экономическая реформа при глубокой демократизации общественной жизни. Но вслед за декабрьскими событиями 1986-го в Алма-Ате, подобное случилось в Прибалтике,

Нагорном Карабахе, заставили о себе заговорить крымские татары и турки-месхетинцы, изгнанные в сталинские времена с родной земли, запахом гари и горя отозвалась узбекская Фергана и киргизский Ош... Стало понятно, что была «открыта» и третья формула – национальный вопрос, а точнее вопрос национальных отношений. К сожалению, все делали вид, что никаких проблем нет, продолжая по-прежнему произносить здравицы в честь нерушимой дружбы народов...

Нечто подобное едва не случилось у нас, на нефтепромыслах Нового Узеня (ныне Жанаозен). Местное население, где было немало безработных, считало (и не без оснований), что их места заняли нефтяники из соседней Чеченской автономии РСФСР и каракалпаки из Узбекистана. Социальное напряжение там достигло уже такого накала, что достаточно было одной искры и начнется резня. Разрулить тот опасный конфликт было поручено Махтаю Рамазановичу Сагдиеву, являвшемуся по Конституции Казахской ССР номинальным Главой республики...

Позже, узнав подробности тех трех страшных, без преувеличения, дней (СМИ давали об этом крайне скудную информацию), могу с уверенностью заявить, что на тот момент в высшем руководстве Казахстана, кроме Сагдиева, не было другого человека, который бы так оперативно, без жертв мог разрешить ситуацию...

Звездным периодом жизни Махтая Рамазановича, уже в суверенной, независимой стране, можно справедливо назвать годы его работы во главе Республиканского Совета ветеранов войны и труда. Это была (и остается) самая многочисленная общественная организация, и Сагдиев весь свой организаторский талант направлял на отстаивание интересов пожилых людей, улучшение их материального обеспечения, социального самочувствия, повышение престижа ветеранов в обществе, воспитание молодежи на замечательных традициях старшего поколения.

О том, что было сделано им, сказано и написано много. Многолетняя соратница Сагдиева, известная в нашей стране женщина – политический и общественный деятель Вера Васильевна Сидорова сказала однажды, что Сагдиева справедливо называли народным заступником. И это правда.

...Я вновь и вновь возвращаюсь к своей памяти и с благодарностью вспоминаю те незабываемые, легендарные годы, когда мы работали и дружили. Вновь и вновь благодарю Судьбу, что свела

меня с этими замечательным, прозорливым, мудрым, удивительным Человеком – Махтаем Рамазановичем Сагдиевым, оставившим на родной земле добрый след. Встреча, а потом и дружба с ним во многом изменили и мою жизнь, многому научили – отношению к людям, к делу, сформировали во мне ценности, которые стали определяющими во мне как человеке и гражданине. Появляясь, то ли в деловой обстановке, то ли в минуты отдыха – всегда собранный, отутюженный, весь такой аккуратный, он создавал вокруг себя обстановку радостного общения, доброжелательности и открытости, особого магнетизма – такие качества присущи людям незаурядным, еще в утробе матери поцелованным Богом…

Да, звезда его угасла, но свет от нее согревать нас будет еще долго-долго. Всегда.

Сағындық КЕНЖЕБАЕВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері, профессор

БИІК БИЛІК, ЖАЛТАРМАЙТЫН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ұлы Отан соғысының қиындық-қасіреті мен қуатты қуанышын басынан өткізген ұрпақ үлкенді-кішілі қызметтерде болып, ел-жұрт алдындағы борыш-міндетін, тарих, халық алдындағы азаматтық жауапкершілігін шынайы жан-тәнімен сезіне білді десек, асыра сілтегендік болмас. Сұрапыл соғыста қыршыннан қиылған өрен жастар, тағдыр талқысында талқандалмай, тірі қалғандары билік басындағы талай тұлғаларды таныды, көрді, қызметтес болды. Олардың қандай іс тындырғанын, ел тарихындағы қалдырған іздерін ой елегінен өткізді. Ризашылық пен өкініш болды. Бұл екеуі қосақтасып жүрмейінше, сарапталмайтын саясат, бағасын алмайтын билік болған емес. Билік басындағыларға баға беру бастан асып жатқаны белгілі. Билік – саясатқа саналы болмаса, селқос араласудан ешбір жан құтылып көрген жоқ шығар. Күнделікті тыныс-тіршілік белгілі бір қоғамда, мемлекет көлемінде көрініс берді, қимыл-әрекетке толы, неше түрлі ой-пікір, талас-тартыс орын алады. Өйткені, Ленин айтқандай, қоғамда өмір сүріп, қоғамнан тыс мөлшерсіз еркін болу мүмкін емес.

Мақтай Рамазанұлы – осы жайттарды басынан өткізген асыл, ардагер азамат, ірі саяси тұлға, ел-жұртқа белгілі қазақ, өз ұлтының,

басқа да қазақстандықтардың ұлағатты ұлы бола білген, айтулы қоғам және мемлекет қайраткері. Мақтай жастайынан ел басқару қызметіне араласты. Ауыл баласы ауылдық мектеп, ауылшаруашылық жоғары оқуды аяқтаған соң, өзі өсіп, тәлім-тәрбие, тәжірибе алған шаруалар арасында басқару қызметінде болды. Шаруашылық ұжымның маманы, директоры бола жүріп билікке, яғни осы ұжымның қарауындағы ресурстарға қожалық ету, тұрғындарды еңбек орнымен қамтамасыз ету, нұсқау, жарлық, шешім қабылдау, сөйтіп ұжым қызметін жандандыру, дамыту, сапасын көтеру қимыл-әрекеттері екені белгілі. Міне, осы басталған ұжымдық биліктен Махаң біртіндеп, баспалдақтап жоғары сатыға көтеріле берді. Партиялық кадр номенклатурасына – тізіміне ілінді, көзге түсті, көпке белгілі бола бастады. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланды. Осыдан соң жаңадан ашылған Торғай облысының атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып бекіді. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сақан Құсайынов, идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков сияқты арын арзандатпаған әйгілі азаматтармен тізе қоса, Торғай халқына шынайы қызмет етуге қызу кірісті. Осылардың тыңнан болған облыстың шаруашылық және мәдени салаларын көтере білуде жігерлі жауапкершілік көрсеткен еңбегін Қазақстан Орталық партия комитетінің басшысы, КОКП Саяси бюросының мүшесі Димекең Қонаев, Қазақстан үкіметінің төрағасы Бәкең Әшімов жоғары бағалады. Торғай облыстық атқару комитетінен кейін Махаң Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Одан кейін Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Іс нәтижелерін Мақтай Рамазанұлымен тізе қосып, бірге қызметтес болған әріптестері жазып та, айтып та жүр. Оларды былай қойғанда, ел аузындағы әңгімеде Махаңның азаматтық артықшылығы, ақыл-парасаты, асыл арманы, билікке буланбауы, оған басыбайлы болмауы, күнделікті адами қатынастарда қарапайым қалпын бұзбай, өзін-өзі кеудеге қақпайтын, тәубесінен жаңылмаған жан екені үздіксіз айтылады. Облыс тұрғындарының таңданатыны – шаруашылық қарқынын күшейтумен қатар, тарихи тұлғаларды дәріптеуге аса зор көңіл бөлгенін аса бір ілтипатпен еске алады. Махаң жөніндегі аңыз-әңгімелерді біздер де талай рет естіп, құлағымыздың құрышын қандырғандай болғанымыз ақиқат. Билік басындағыларды бірге істегеннен гөрі, бірге істемеген, ісі түспеген, өтініш-сұраумен

табалдырық тоздырмаған адам білетіні белгілі. Орыстың ұлы ақыны айтқандай, бетпе-бет келгенде «бетті бағалау, көру мүмкін емес, адамдар алыстан танылады» деген қанатты сөзі бар ғой. Біздер Махаңмен қызметтес болмадық. Бірақ бір-бірімізді жақсы білдік, бір-бірімізді құрметтей, бағалай алдық, шынайы жанашырлық білдірдік. Ағаларды, үлкендерді, майдангер, еңбек адамдарын құрметтеуіміз, сыйлауымыз жарасты. Достары, бауырлары Махаңды басына көтерді. Бірінші Армия генералы, егеменді қазақ елінің Нұрекең бастаған үкіметінде бірінші Қорғаныс министрі, бірінші Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, әлбетте қарапайым, біртоға, әділ, турашыл, майдангерлерге, достарына, әскери әріптестеріне аса құрметті Сағадат Нұрмағамбетов, Сұлтан Жиенбаев, Әбекең Қалықов, Сатыбалды Тотанов, Кеңес Аухадиев, Кеңес Үшбаев, белгілі академиктер жанұясы Серіағаң, Әлия, Кәкең Салықов, бауырлары, Кенжеғали, Тоқтархан, Рымбек, Сәлім, Аманжол, Шота, Өмірзақ, Аманжан, тағы басқалары Махаңмен дастарқан басында, жай кезде де, бәріміз кездескенде мәз-мейрам болып қалатынбыз. Әзіл жарасып, күлкі қалжың толастамайтын.

Көп жылдардан бері естіп, біліп жүргенімізде Махаң басқаруының, билігінің бір ерекшелігі – қолындағы билік, бұйрықтың жазалау жағынан жиіркенуі, жазалауға еркіндік бермеуі, жазаға жағадан алдыртпауы. Мәселен, Көкшетау обкомын басқарған кезде бірде-бір коммуниске «партия қатарынан шығарылсын» деген қарсы қаулы қабылдамады. Бір қаулыда Сағдиев жолдастың қолы жоқ. Кемшілік, олқылықтың алдын ала тиісті шара қолдану, адам тағдырын дабылға айналдырмауға, сана, ойы барларды сақтау, жанұялардың көңіл күйін әрдайым көтеру, осы үшін қолайлы жағдай жасау жауапкершілігін арқалаудан тайсалмады. Айтып-айтпай немене, біз байқаған тарихи тұлғалардың биік биліктен жігерлі жауапкершілікті біртұтас, бір-біріне байланысты ұстай білгендері саусақпен санаулы ғана. Өйткені, билік бұл – жауапкершілік. Сенім көрсетілген кісі жан аямай іске кірісуі керек. Бәрін біле беру мүмкін емес, білмегенді үйрену қажет. Халық айтқандай, бір ғасырлық өмірің болса, бір ғасыр бойында үйрену, оқу, білу керек. Буддистер айтқандай: «Пенде құдайдың құтты күні өзін-өзі шашынан тарта отырып, батпақтан шығаруы керек». Билік, әрине, әркімді әртүрлі қызықтырады, өзің ой елегінен өткізіп, әртүрлі іске сәттілік тілейсің, іс-қимылдың дәл ортасында жүріп, осы істегі адал, асыл азаматтармен қоян-қолтық

таныс боласың, оларды қолдайсың, көмек бересің. Олар да сізге осылай жасайды. Іс оңға басады, билік жүгі жеңілденеді. Биік биліктегі пенде «Үлкен түйе көпірде таяқ жейді» қаупін бәсеңдетеді. Биліктің биік болуы, қарымының кең болуы жігерлендіруге тиіс. Билік шешімі екі айтылмай орындалып жатса, жанға жайлы жай ғой. Бұл үшін үлкенді-кішілердің ел алдында аса бір жауапкершілігі қажет. Жауапкершілік билік болмысының жиынтығы, бет айнасы, әлеуметтік әділеттіліктің куәсі.

Әлбетте, билік қолына тигендер көп жағдайда ойына келгенін істейді. Бәрі ұмытылады. Дүние көз тартады. Алу, жинау, баю, содан соң құтыру. Көңіл қосар, өмір отын қоздыратын қыз-келіншек, тоқал алу мәселесін көтеру т.б. Міне, осы «жаңа» қылықтар мен әдеттер астында ар-ұят, нақты іс, әсіресе ел алдындағы жауапкершілік аяққа тапталады. Жауапкершіліктен жан ұшыра қашады. Өйткені, билік басына келгендердің жауапкершілігі жоғалмайды. Оның алдында уақыт әлсіздік танытады. Уақыт өзі жауапкершіліктің жарыққа шығуына жағдай жасайды. Біздің Махаң осы ел алдындағы жауапкершілігін әсте ұмытқан емес. Республиканың биік билігінде – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы бола отырып, мемлекет, халық алдындағы жауапкершілігін кіршіксіз сақтауға аса зейін қойып, саяси батырлыққа барды. Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Колбинді одақтық қызметке ұсынды. Горбачев тобына Колбинді қазақ елін басқарудан босату деген пікір тікенектей тиді, Махаңның ұсынысын жай ғана қалдыра салуға әрекет жасады. Бірақ Махаң бірнеше рет сессия мінберіне көтеріліп, ұсынысына депутаттардың қол көтеруін не көтермеуін талап етті. Олар Махаң ұсынысын қолдап, дауыс берді. Колбин Одақтық бақылау комитетіне төраға болып сайланды. Сөйтіп, Қазақстан Колбиннің суайттығынан құтылды. Желтоқсан көтерілісінде мерт болған қыршын жастар – қыздар мен жігіттердің аруағын ардақтады. Колбиннен кейінгі экономикалық, саяси және мәдени өмір саласындағы қомақты, іргелі өзгерістерге жол ашылды. Тарихи шындық шыңыраудан шыққандай болды. Міне, билік биігіндегі жігерлі, пәрменді жауапкершілік осылай болуы керек. Адалдық, батырлық, ұлттың тамыры үзілмейтін мәңгілік мүддесін қорғау – биік билік жауапкершілігінің өзегі, мәні, сипаты, қуатты құралы.

Жауапкершілікте саты болмайды. Ол ел алдындағы отбасынан бір-ақ шығады. Махаң өз жанұясының, жары мен балапандарының

алдындағы әкелік міндетін ірі жауапкершілік деп үлгі көрсетті. Бірнеше жылға созылған дертке душар болған келініміз Түкеңді мәпелеп, жас баладай күтті, қонақтарының ортасында болды. Қолынан талай рет дәм таттық. Махаң құдаларына аса бір құрметпен қараушы еді. Марат пен Роза – құда-құдағиы – ең жақын бауыры, қамқоршысы, көмекшісі, сенімді серігі бола білді. Қарындастарымызды, өзінің қыздарын қандай мәпелеуші еді. Оларға деген әкелік қамқорлығы асқар таудай. Жақын туыстары мен бауырларын үнемі сағынатын. Көкшетау, Қызылжар, туған ауылы дегенде ішкен асын жерге қоюшы еді. Міне, Махаң – нар қазақ, әрі бойлы, әрі ойлы, жинақы әсем жан, биік биліктің алдында өзінің азаматтық арын, ел алдындағы жауапкершілігін кіршіксіз сақтады. Періште емес, тәубесі мол, қарапайым, бірақ көрнекті атақты пенде болып тарихта, ел есінде есіл ер болып қала береді.

Вера СИДОРОВА,
Герой Социалистического Труда

ВСПОМИНАЯ МАХТАЯ РАМАЗАНОВИЧА

Махтай Рамазанович Сагдиев в своей жизни многое успел сделать.

Меня судьба сводила с ним несколько раз. Первая встреча состоялась в начале 1967 года, мы были на курсах в Высшей партийной школе для первых секретарей райкомов партии. Его нельзя было не заметить. Кроме весьма впечатляющих физических качеств, привлекательной внешности, в нем была огромная внутренняя сила, от которой люди становились добрее и работоспособнее. У него была изумительная память. Он умел слушать. Этими качествами он положительно воздействовал на людей, с которыми работал или общался. Его раздражали осторожные, заносчивые люди, подхалимы...

Мне были близки и понятны его действия и поступки, когда он работал председателем Костанайского облисполкома. Он был близок к народу. Его интересовал человек, его жизнь, особенности отношений в трудовых коллективах. Исходя из этого, он творчески подходил к выполнению планов развития народного хозяйства, как перспективных, так и текущих. Поэтому мы, первые секретари райкомов

партии, после очередного заседания бюро обкома шли к председателю облисполкома Махтаю Рамазановичу Сагдиеву за советом или помощью в решении сложных вопросов. С его помощью, например, только в Костанайском районе была введена оросительная система для выращивания овощей и картофеля, подведен водопровод к животноводческим помещениям хозяйств, построена кумысная ферма, другие объекты. И все это было сделано в первый год его работы в должности председателя облисполкома.

Масштабные организаторские способности этого человека нельзя было не заметить. Центральным Комитетом партии он был направлен на партийную работу и избран первым секретарем Кокшетауского обкома партии. И много доброго сделал для области. Больше стали вводить жилья, в том числе на селе, причем выбирать самые современные проекты, строить дороги, озеленять города и поселки.

Были созданы на окраине города площадки для откорма скота, кумысная ферма, открылись мясные магазины для горожан, появились цеха по изготовлению разнообразных хлебобулочных изделий. Сагдиев сам с группой специалистов побывал в Белоруссии, где закупили соответствующее оборудование.

В земледелии стала внедряться влагосберегающая система обработки почвы. При животноводческих фермах появились крытые сеновалы, и это при большом дефиците шифера и металла. Этому, конечно, способствовало и то, что он имел хорошие взаимоотношения с руководством Москвы и Алма-Аты.

Осенью 1987 года я принимала участие в работе пленума Кокшетауского обкома партии, видела, как к нему тянулись люди. А он старался разглядеть суть человеческих поступков. У него была хорошая жизненная программа. Он умел много и честно работать, вести за собой людей. Помню, выступая на пленуме обкома, он сказал: «Лучше семь раз вспотеть, чем покрыться инеем!». Он уверенно чувствовал себя в трудовых коллективах. Здесь ему помогали громадный опыт работы и на селе, и в городе. Не считал зазорным учиться у других. Не поступался правдой и принципами, имел высокое чувство долга и ответственности перед народом. Он был настоящим человеком!

Работоспособность Махтая Сагдиева и его организаторский талант были проверены временем. И в разгар перестроечного периода его избрали председателем Президиума Верховного Совета

республики. Я в это время работала заместителем председателя Президиума Верховного Совета.

Все руководящие органы и Казахстана и Союза ССР обсуждали ход перестройки, «неповторимых по своей новизне и глубине преобразований социалистического общества».

Махтай Рамазанович Сагдиев, вместо заседательской суеты, занялся очень нужным делом – наладил продовольственное снабжение столицы Казахстана. Продуктов тогда не хватало, это вызывало недовольство людей. Вместе с Казпотребсоюзом он организовал в Талгаре откормочные площадки крупного рогатого скота, сам контролировал поставки мясомолочной продукции и кумыса в г. Алматы. Подключил к этой работе работников аппарата Президиума Верховного Совета. Установка была такова: знай состояние дел на местах, неси ответственность за экономическую перестройку, за внедрение в практику новых методов хозяйствования, достижений науки и техники, потом занимайся законотворческой деятельностью. Смелость неординарных поступков была сильнейшим его оружием. Поэтому трудовая жизнь, начатая с должности учетчика тракторной бригады, выдвинула его до председателя верховной власти республики.

И еще один этап жизни, когда в четвертый раз пересеклись наши трудовые судьбы. Возглавив республиканскую организацию ветеранов, он однажды позвонил мне и сказал: «Приходи, ты здесь нужна». А мне, после выхода на пенсию, так хотелось быть свободной от всевозможных обязанностей, повышенного чувства ответственности! Занялась дачей, садом, цветами. Но ослушаться его было нельзя.

Оказалось, что работы в ветеранской организации было не меньше, чем у секретаря райкома, обкома, председателя облисполкома. А время было сложное: не выплачивались пенсии, заработную плату рабочие предприятий получали продукцией, расцвел бартер…

В этих условиях ветеранские организации должны были не только знать, как живут ветераны, и материально, и духовно, но и защищать их права. В сложные годы экономических и политических преобразований надо было поддержать реформы в своей стране.

Обязанностей много. Надо было искать точки опоры и рычаги действий. И Махтай Сагдиев их находил. Он обладал завидным даром поддерживать добрые и доверительные отношения с руководством республики. С министерствами, ведомствами, нужными людьми. Мы посоветовались, и Махтай Рамазанович обратился к

Правительству республики с просьбой дать поручение предприятиям об оказании ими систематической помощи пенсионерам, которые ранее работали у них. Хочу подчеркнуть: руководство трудовых коллективов положительно отнеслось к нашей инициативе и решению Правительства. Все областные советы ветеранов контролировали выполнение этих работ, да и мы в республиканском Совете ветеранов знали, как живут пенсионеры.

Многие вопросы социальной защиты нетрудоспособного населения в переходный период республиканским Советом ветеранов по инициативе М.Р. Сагдиева решались в акиматах, на совместных заседаниях коллегий министерств социальной защиты, здравоохранения и Президиума совета ветеранов в присутствии руководителей ветеранских организаций областей.

О состоянии социальной защиты людей старшего поколения Махтай Рамазанович часто докладывал президенту письменно и во время личных встреч.

Вклад М.Р. Сагдиева в развитие ветеранского движения в республике огромен. Кроме заботы об улучшении материальных, жилищных и других условий жизни ветеранов, окрепла организационная структура организации, ее правовая деятельность, международные связи. Огромная работа проведена по подготовке и проведению 50-й, 55-й и 60-й годовщины со дня Победы в Великой Отечественной войне. Ветеранская организация республики принимала участие в разработке соглашения «О взаимном признании льгот и гарантий для участников и инвалидов ВОВ, участников боевых действий на территории других государств, семей погибших военнослужащих», которое было ратифицировано Верховным Советом Республики Казахстан.

Махтай Рамазанович Сагдиев, бывая в областях, обратил внимание на состояние памятников, мемориалов, обелисков и других сооружений, связанных с увековечением памяти участников войны, которых в республике насчитывалось 2145 единиц. Не все они были в приличном состоянии. По его инициативе была составлена ориентировочная стоимость затрат на их реставрацию и облагораживание. И многое сделано в этом плане.

В период деятельности М.Р. Сагдиева совместно с республиканской и местными редакционными коллегиями была проведена важная и нужная работа по подготовке к изданию книг Памяти. Кроме

этого, был направлен материал в международный биографический центр на 14 участников ВОВ из Казахстана, которые не только храбро воевали, но и проявили незаурядное мужество и героизм в мирное время. Среди них есть ученые, военные, писатели, государственные и общественные деятели.

Добрых дел за более чем двадцатилетнюю работу в республиканском Совете ветеранов М.Р. Сагдиевым было сделано много, начиная с приема граждан по личным вопросам и кончая принятием важнейших программ улучшения жизни старшего поколения.

Я горжусь, что мне довелось работать с таким прекрасным человеком, который умел смотреть правде в глаза, понимать людские заботы и тревоги жизни, протягивать руку помощи.

Махтай Рамазанович очень много работал, любил Отечество, был соратником президента страны Н.А. Назарбаева. Он сделал все, чтобы старшее поколение не оказалось на обочине жизни. Уверена, что его доброе имя останется в памяти народа Казахстана.

Мейір ЕСКЕНДІРОВ,
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, профессор

АҒА ТАҒЫЛЫМЫ

Біздің дана халқымызда ежелден келе жатқан «жаңбыр жауса – жер ырысы, жақсы туса – ел тынысы» деген тамаша бір мақал бар. Осындай аталы сөздер бүкіл саналы ғұмырын елінің бүгіні мен ертеңіне арнаған, әлеуетін көтеруге күш-жігерін аямаған, жасаған істері мен айтқандары өнеге, өмірлік іздері сайын далада, қоңыр жоталарда сайрап жатқан халықтың ұлына, ел баласына айтылатыны анық. Біздер кеше ғана ортамыздан озған, халқымыздың асыл перзенті Мақтай Сағдиевті осы тұрғыдан білеміз.

Тағдыр Мақтай ағамен қызметтес болуға, жанында жақын жүруге жазбаса да, осы бір абзал жанмен бірнеше дүркін кездесіп, айтқандарын тыңдағанның өзінен-ақ оның парасат пен ізгілікке толы аяулы бейнесін жадымызда мәңгілікке қалдырдық. Сол сияқты ағаның да, менің де бір институттың, бір факультеттің түлегі болуымыз әуел бастан-ақ бұл кісімен арамыздағы рухани жақындықты туғызды.

Мақтай Рамазанұлының туып-өскен жері еліміздің қасиетті бір пұшпағы Қызылжар өңірі болса да, қасиетті де киелі Семей қаласы ол кісінің терең мағыналы өмірінде ерекше орын алатынын біреу білсе, біреу білмес. Елбасының өзі «Семей еліміздің – рухани орталығы», деп айтқан Семей жерін отандастарымыз шынында да ежелден ғылым мен білімнің, үлкен мәдениеттің ұя тепкен мекені ретінде айтады. Оған негіз де жоқ емес. Бұл өңірдің бүкіл қазаққа және адамзатқа ортақ ұлыларды бергенін айтпағанның өзінде, оның елімізге қажетті мамандарды дайындайтын ірі білім ошағының болғаны жұрттың есінде және ол бүгінде солай.

Қазақстанның шығысындағы жоғары оқу орындары шоғыры ішінен Семей мемлекеттік педагогикалық институтын ерекше айтуға болады. 1934 жылдан бергі кезеңнің ішінде ол білім саласына үздіксіз білікті педагог мамандар дайындап келе жатқан, аса бай тарихы мен дәстүрі бар еліміздегі ежелгі оқу ордаларының бірі. Өзі құрылған 80 жылға жуық жылдың ішінде 55 мыңға жуық маман дайындаған институттың қабырғасынан ерен еңбектерімен халықтың ықыласына бөленген, үлкен жетістіктерге жеткен, бүгіндері біздер мақтан тұтатын небір түлектер шыққан.

Біздер ұстаздардың ұстазы болған Социалистік Еңбек Ері Жақия Шәйжүнісовтің, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Төлеубай Амановтың, Қазақ КСР оқу-ағарту министрі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің үш шақырылымының депутаты болған Қожахмет Балахметовтің, белгілі алаштанушы Қайым Мұхамедхановтың, Кеңес Одағының Батыры Махмет Қайырбаевтың, бүгіндері жасампаз еңбектің бел ортасында жүрген философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Парламент Сенатының депутаты Ғарифолла Есімнің, белгілі қоғам қайраткері, композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Мұхамеджановтың, мемлекеттік деңгейдегі іс басында жүрген азаматтар Сайлаухан Райымбековтің, белгілі ғалым, саясаттану ғылымдарының докторы Әмірхан Рахымжановтың есімдерін мақтанышпен атаймыз. Міне осы түлектердің алдыңғы қатарында Мақтай Сағдиев тұр.

Мақтай Рамазанұлымен алғаш рет Астанадағы жиындардың бірінде таныстым. Бұл 2008 жылдың күзі болатын. Менің Семейден, оның ішінде Семей мемлекеттік педагогикалық институтынан

келгенімді білгенде, Мақтай аға елең етіп: «Өзімнің бауырым, жерлесім екенсің ғой. Семей мен үшін ерекше ыстық, жастық шағымның қызықты кезеңі өткен жер, реті келсе, әңгімелесейік», дегені. Сол жолы ағамен кең отырып әңгімелесудің сәті түспеді. Бірақ мен сол кездесуде: «Аға, қолыңыз тигенде біздің Семей өңіріне де ат басын бұрыңыз, Семей жұртшылығы, оның ішінде біздің ұжым сізді жақсы біледі, үлкен ризашылықпен қарсы аламыз», – деп айтып қалдым. «Аман болсақ, көрерміз, қарағым», – деп ағаның жымиғаны есімде.

Одан кейін қиындығы мен қызығы қатар жүретін институттағы қарбалас күндер өтіп жатты. Ұмытпасам, келесі 2009 жылдың мамырының ортасы болатын, түс ауа бере маған телефон шалды. Ар жағындағы қыз бала менімен Мақтай Рамазанұлының сөйлескісі келетінін айтты. Бойымды бір жылы сезім шарпып өтті. Мақтай ағаның өзінің телефон шалуы біз үшін үлкен құрмет еді. Телефонның арғы жағынан Мақтай ағаның байыпты, нық қоңыр дауысын естідім. Аға өзінің денсаулығына байланысты сырт жерлерге көп жүре алмайтынына өкініш білдіріп, бірақ туған институтына, Семей жеріне бір келудің өзі үшін аса қажеттігін айтты. Ағаны өзіне қолайлы кез келген күні қарсы алуға дайын екенімізді білдірдім. Мен Мақтай ағаның семейліктермен қауышуға асыққанын сезіндім.

Кездесудің сәті сол 2009 жылдың маусым айының ортасына келді. Мақтай Рамазанұлы келе жатыр деп алдын ала құлақтанған жұртшылық сол күні институттың үлкен акт залына сыймай кетті. Тіпті кездесушілердің ішінде ол кісіні көреміз деп келген қала жұртшылығының өкілдері де аз болған жоқ. Кездесу өте әсерлі өтті. Мақтай ағаның шаршаңқы, бірақ бірқалыпты қоңыр дауыспен айтқан әңгімелері, сыры кетсе де сыны кетпеген дегендей еңселі ерге тән тұлғасы кімді болса да баурап алғандай еді. Кездесуден, әсіресе, жастар ерекше әсер алды. Тыңдаған адам ағаның бай өмір жолынан хабардар болды. Оның қиындығы мен қуанышы қатар жүрген ұзақ өмірінде адамға қажетті өнегенің мол болғандығын көресің. Бір жарым сағатқа созылған осы кездесу қас қағым уақытта өте шықты.

Мақтай Рамазанұлын тыңдай отырып, белгілі бір жетістіктерге жету, биіктерді алу, елге елеулі болу адамның өз қолында екенін сезінесің. Ол кісінің ататегінің дүйім қазаққа белгілі атақты Зілғараға (Жылғара) тірелетінін айтпағанның өзінде, Мақтай аға тұлға ретінде өзін өзі қалыптастырғандар сапының алдында тұрғандардан еді. Маған белгілі орыс жазушысы айналымға енгізген «нағыз адам»

деген ұғым Мақтай аға сияқты біртуар тұлғаларға айтылатындай көрінеді де тұрады.

Кездесуге келгендер Мақтай ағаның алғаш, сонау 1947 жылы Семейге келуінің мүлде кездейсоқтықтан болғанын естігенде, таңғалғандығын жасыра алмады. Алматы ауылшаруашылығы институтына түсуге аттанған қызылжарлық төрт ауыл баласы өздерінің болашақ тағдырларының күрт өзгеретінінен қаперсіз еді. Ол кездерде жұрт Қызылжардан Алматыға пойызбен Құлынды даласын және Алтай өлкесін басып, Семей арқылы жететін. Соғыстан кейінгі сол бір қауіп-қатері мол болған жылы, бүгінде Ауыл деп аталатын стансаның маңына келгенде, қатыгез жандар қаршадай төрт баланың барлығын тонап алып, пойыздан түсіріп кетеді. Қаражатсыз қалған төрт бала шпалды бойлап, таң ата Семейге жетеді. Бұлар, бізге Алматыға жетіп алуға бір көмек болса, Семейдің пединститутынан болып қалар деген үмітпен сонда келеді. Мұнда оларды қазақтың тамаша бір азаматы, түбі шымкенттік, сол кездегі ректор Рақым Барлыбаев қабылдайды. Осы жерде ректор оларды мына қиын уақытта Алматыға бармай-ақ Семей педагогикалық институтына оқуға түсуге көндіреді. Мақтай аға осы институттың тарих-филология факультетіне түсіп, оны 1950 жылы үздік бітіріп шығады. Сөйтіп, тағдырдың жазуымен еліміздің аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мақтай Сағдиевтің Семейден бастау алатын үлкен өмір жолы жалғасады.

2009 жылдың күзінде институттың құрылғанына 75 жыл толуы жан-жақты атап өтілді. Осы бір тамаша мерейтойлық мерекеге оқу орнын әр кезеңдерде бітірген көзі тірі түлектердің барлығы шақырылды. Институт мерейтойының құрметті қонағы болуға Мақтай аға да шақыру алды. Астанаға барғанда оны өзім апарып бердім. Мені жылы қабақпен қарсы алған Мақтай аға, жұмысының көптігіне қарамай, уақыт тауып ел туралы, бүгінгі Семей туралы сұрап жатты. Ол кісінің тағы да ерекше сұрағаны бір кездерде өзін үлкен өмірге түлетіп ұшырған алтын ұясы – Семей пединституты болды. Өкінішке қарай, ол кісі сол жолы бізге денсаулығына байланысты келе алмады. Есесіне Мақтай ағаның үлкен сезімге толы, жүрекжарды құттықтауын алдық.

Тұла бойынан үлкен парасат пен ізгілік төгілген, өмірде аяғын нық басып, әділеттің ақ жолымен жүрген аяулы ағаның тағылымға толы өмір жолы бүгінгі және келер ұрпаққа үлгі болып, Отанымызға қажет нағыз азаматтарды қалыптастыруға оң ықпалын тигізе бермек.

Өскемен

Андрей БРАУН,
бывший работник государственных и партийных органов

СЛОВО О МОЕМ ДРУГЕ

Волей судьбы, а вернее – по решению ЦК Компартии Казахстана в июле 1986 года я был направлен в Кокшетаускую область председателем областного исполнительного комитета. Здесь и свела меня судьба с замечательным, поистине широкой души человеком, Махтаем Рамазановичем Сагдиевым.

Было ему в ту пору за пятьдесят. Высокого роста, стройный, с пышной шевелюрой, с приятной, располагающей улыбкой. Всегда тщательно выбрит. Белоснежные рубашки, хорошо подобранные галстуки подчеркивали интеллигентность его облика. Никогда не видел его небрежно одетым, в нечищеных ботинках. Знаю, что он и теперь подолгу простаивает у зеркала, аккуратно укладывая поредевшие седые волосы, придирчиво проверяя каждую деталь своего туалета...

Высоким ростом, красотой и обаянием он всегда выделялся в любом окружении. В кругу друзей он был любимцем и балагуром, располагал к открытому доверительному разговору. Умело и много рассказывал анекдотов и смешных историй из жизни. В кругу семьи – любимый муж, отец шестерых детей, из них пять дочерей, одна красивей другой, все высокие и стройные, как отец. Сейчас он дедушка 12 внуков и внучек. Поэтому у него всегда много забот. Уезжая за границу, на отдых, в командировку, он старался купить всем детям, зятьям и внукам подарки, чтобы они были довольны.

С годами он потяжелел, поседел, но душой не стареет, она у него такая же широкая, как и раньше, он так же добр, весел и ласков. Никогда никого не обидит словом, никогда не перебьет собеседника, не расстанется с человеком, не закончив разговора, не разрешив проблем просителя или не высказав сожаления, что не в силах оказать помощь. Большой любитель литературы, особенно исторической: его личная библиотека насчитывает несколько тысяч томов. Где бы мне ни приходилось с ним бывать, он всегда и везде желанный гость, все его знают и уважают, за дастарханом он всегда произносит первый тост.

С его приходом на должность первого секретаря обкома партии в области воцарилось спокойствие, доверительное отношение к кадрам, без командных окриков, наушничества, подозрительности. Много внимания он уделял работе с людьми. Не было такого дня, чтобы не побывал в каком-нибудь коллективе, в районе, на социальных объектах города или в учреждениях. Помню как после моего официального представления, мы начали знакомиться с областью. В течение месяца, исколесив несколько тысяч километров, объехали все районы и города области, побывали в многочисленных населенных пунктах. Смотрели хлеба на многих тысячах гектаров, посещали полевые станы и животноводческие фермы. И везде его узнавали, всех руководителей он знал по имени-отчеству, помнил все поручения или обещания во время предыдущих посещений, контролировал их выполнение.

Особая забота была о хлебе. Август – месяц подготовки к уборке урожая, которая всегда на целине проходила трудно из-за больших размеров посевных площадей, нехватки людей и транспорта для перевозок зерна. В том году в большинстве районов и хозяйств зрели хорошие хлеба. Надо было видеть, как Махтай Рамазанович весь расцветал, когда заходил на поле. В тот год были особенно хороши сорта омской селекции, культивировавшиеся в передовых хозяйствах. А какое восхищение вызывали твердые остистые сорта, которые стояли по грудь высотой и переливались, словно волны на море. Цены на твердую пшеницу, которая используется для производства макарон, были значительно выше, чем на мягкую, и опытные руководители старались увеличить ее посевы, чтобы за счет выгодной реализации укрепить экономику. Все это его волновало. Все разговоры с механизаторами, руководителями и специалистами велись вокруг увеличения валового сбора зерна и проведения организованной уборки урожая.

Сейчас кое-кто пытается опорочить эпопею освоения целинных земель и значение соревнования, а в то время люди жили «думой о хлебе». Мы все знали, что делаем благородное дело – растим хлеб для миллионов людей, которые в нем нуждаются ежедневно. Народ был единодушен в том, что хлеб лучше выращивать у себя, чем покупать за границей, к тому же обеспечивая работой и средствами существования казахстанцев. Заботой о хлебе жили стар и млад, механизаторы и руководство. Хлеб был нужен государству, которое обеспечивало сельское хозяйство всем необходимым. Не то

что сейчас – наступает посевная или уборочная пора, а у крестьян нет горючего, чтобы вовремя начать работу, не говоря уже о проведении всего агротехнического комплекса.

После развала Союза многие ученые стали доказывать, что целесообразно сократить посевные площади путем выделения из оборота малопродуктивных земель, что позволит сократить расходы и повысит урожайность полей. В 1998 году посевы сокращены уже наполовину, засеяли всего 13 млн га, а убиралось чуть больше 11 миллионов против 25 миллионов га, которые засевались раньше. Урожайность же с каждого гектара получилась всего по 6,5, в отдельных целинных областях всего по 4 ц с гектара. Такой низкой урожайности давно не было и при 25 млн га посева зерновых. Стало быть, не малопродуктивные земли исключаются из посева, а подряд, невзирая на плодородность земли. Земля зарастает бурьяном, деревни пустеют, люди остаются без работы. Порой бывает очень трудно объяснить этим людям, почему страна, добывая огромное количество нефти, не может обеспечить своих крестьян нужным количеством горючего по умеренным ценам. В этом году, например, на мировом рынке цена на нефть значительно упала, а на внутреннем горючее даже подорожало...

Махтай Рамазанович родился в Северо-Казахстанской области, работал в Костанайской, Кокшетауской, бывшей Торгайской, хорошо знает и другие регионы страны. Каждый раз, посещая эти места, он делится впечатлениями о состоянии деревни, болезненно переживая разрушение того, что создано руками людей, ныне сидящих без работы, света и тепла. А ведь в былые времена не хватало рабочих рук, чтобы выполнить весь объем работ, не успевали осваивать средства, выделяемые на капитальное строительство. Он по натуре очень пытливый, не все нравилось ему и из того, что делалось раньше при Союзе, поэтому искал пути изменений, не вступая в конфликты с властью.

Бывая в поездках по стране, Сагдиев всегда интересовался тем, чего нет у нас, что делается лучше, чем у нас. Особый интерес он проявлял к архитектуре и строительству жилья, кулинарных цехов, магазинов, общественных зданий. Из подобных поездок он часто привозил большое количество проектов на заинтересовавшие его объекты. Так и родилась у него идея строительства нового поселка, в основном из одноквартирных домов, оригинальной архитектуры,

со всеми удобствами для проживания сельских жителей. Целинные совхозы, как известно, в те времена заинтересовались однотипными двух- или многоквартирными домами без всяких удобств. Всем уже было понятно, что с ростом жизненного уровня на селе необходимо менять и уклад жизни, но ломать установившиеся шаблоны в те времена было нелегко. Махтай Рамазанович первым в республике осмелился переступить черту «дозволенности». Разработанный по новым проектам план строительства поселка ему удалось согласовать во всех инстанциях и начать это строительство.

Буквально за два года на автостраде Боровое-Кокшетау выросли улицы с красивейшими домами небывалой для этих мест архитектуры. Здесь были проекты Прибалтики и Западной Украины, Кавказа, юга России и бог весть откуда еще привезенные. Все они, естественно, дорабатывались местными специалистами с учетом наших климатических условий и наличия стройматериалов, но внешний облик и внутренняя планировка обязательно сохранялись. Вместе с жильем строились магазины, Дом культуры, быткомбинат, кулинария и т. д. В поселок Жамантуз стали приезжать со всех концов Казахстана руководители и специалисты – посмотреть на это по тем временам «чудо». Потом внедряли его у себя.

Я, после недолгого пребывания в Кокшетау, вернулся в родную Акмолинскую область первым секретарем обкома. И, будучи активным сторонником идей Махтая Рамазановича в строительстве, в знак поддержки новшества решил построить такой поселок у нас. По дороге из аэропорта в город, не доезжая несколько километров, по правой стороне, на ровном, хорошо просматриваемом месте начали строительство. Когда появились первые десятки домов и стали вырисовываться контуры поселка, к нам тоже началось паломничество со всех концов Союза. Начиная от тогдашнего предсовмина Н.И. Рыжкова со многими министрами, руководителями Союза и республики, до прорабов, строителей и частных застройщиков – многие побывали на этой новостройке. По проявленному интересу было видно, что проблема застройки села, да и вообще строительства качественного жилья, существует во всем Союзе, но никто не осмеливался сделать первый шаг по ломке старых традиций. Его сделал Сагдиев.

Он же был инициатором еще одного важного по тем временам новшества – строительства кулинарных цехов. На селе кулинарных

изделий не то что не хватало, их вообще не было. Купить торт, мороженое или что-нибудь подобное сельчане могли только в райцентрах или в городах. Сагдиев поставил задачу за два года в каждом хозяйстве построить и оснастить оборудованием кулинарный цех с магазином. Идея эта была настолько актуальна, что заинтересовала всех руководителей. Само по себе родилось негласное соревнование и потребность иметь как можно быстрее этот цех по производству выпечки.

Как известно, во всем бывшем Советском Союзе не хватало продуктов животноводства, очень плохо была поставлена их переработка. Наличие в магазинах Кокшетауской области колбас и мяса в достаточном количестве всех удивляло. Колбаса в бывшем Союзе, по-моему, была возведена чуть ли не в ранг «визитной карточки» области. Кокшетаусцы сумели в короткий срок решить проблему обеспечения населения области продуктами животноводства лучше всех в республике. Магазины буквально были завалены многочисленными сортами колбас, мясом, сырами, молочной продукцией, вплоть до кумыса и шубата. Широко было налажено производство изделий из конины. На фермах выращивались гуси, индейки, индоутки, бройлеры. Во всех этих делах чувствовалась неутомимая энергия Махтая Рамазановича, его беспокойство, озабоченность и высокая ответственность за порученное дело, его умение заинтересовать людей своими идеями, организовать работу так, чтобы она шла без сбоев и остановок. Все это стоило ему многих бессонных ночей, ежедневных 15-18 часов работы, лишения выходных и отдыха.

Свое шестидесятилетие Махтай Рамазанович встретил в кремлевской больнице в Москве – основательно начало давать сбои здоровье. Несмотря на то, что он долго сопротивлялся, не хотел ложиться в больницу вообще, а в связи с шестидесятилетием тем более, но недуг одолел, и ему пришлось лечь. Я, зная о его юбилее, задумал сделать ему приятный сюрприз, нарисовав дружеский шарж. Заранее послал фотографа в Кокшетау сделать нужные снимки, но так, чтобы он не знал для чего.

Как известно, у каждого человека есть свое хобби. У Сагдиева – это баня. С четверга он уже начинал ощущать зуд на теле, вести разговоры о предстоящей бане в предчувствии удовольствия от нее. Я небольшой любитель банных дел и особого рвения не проявлял, что он, конечно, сразу понял и начал учить меня этому искусству. Баня

находилась в сосновом бору на берегу озера, где располагались служебные дачи руководства области, и была оборудована с большим вкусом. Махтай Рамазанович знал в этом деле толк. Время его пребывания в бане – минимум 3-4 часа, иначе человек не получает полного удовольствия, а тело не успевает расслабиться и освободиться от шлаков. В одну из суббот после такой помывки я поехал домой, в Целиноград, а на другой день Махтай Рамазанович позвонил мне и печальным голосом сообщил, что ночью баня сгорела. Это, конечно, для него было очень огорчительно.

На дружеском шарже, который мы подготовили, Махтай Рамазанович с двумя вениками в руках парится, возвышаясь над деревянным срубом бани выше пояса с улыбкой на лице от удовольствия, а снизу сруб бани уже охватило пламя. Кроме этого, на картине изображена охота на волков, чем он очень увлекся, работая в Тургайской области, где уничтожил более сотни хищников, и другие моменты его жизни. Эта картина и букет роз с поздравительной телеграммой были ему доставлены в больницу рано утром, и когда приходили с поздравлениями москвичи – бывшие секретари обкомов и председатели облисполкомов, ранее работавшие в Казахстане, то были удивлены тем, что их опередили. Они долго смеялись, обсуждая сюжет картины. Она и по сей день висит у Сагдиева в квартире на видном месте...

Мне очень приятно, что я пишу о моем лучшем друге, об этом замечательном человеке. Мы с Махтаем Рамазановичем, как я выше писал, познакомились в 1986 году, но заочно друг друга мы знали значительно раньше. Еще в 1979-м, когда решался вопрос создания в нашей республике немецкой автономии, судьба чуть не свела нас. Меня прочили первым секретарем, а его председателем облисполкома. Автономия не была создана, а мы встретились в более благоприятных для нас условиях...

Июль 2012 г.

Серік ҚИРАБАЕВ,
академик

АҢЫЗ АДАМ

Мақтай Рамазанұлы Сағдиев – шын мағынасындағы халық адамы еді. Ол кешегі Кеңес заманында сол ортадан шығып, халқына көшбасшы бола білді, оларды ұлы мұраттар жолындағы үлкен іске бастап, елінің мәртебесін көтерген Азаматтардың қатарынан ойып орын алды. Димаш Қонаевтың командасында ұзақ жылдар облыстық, республикалық дәрежедегі жауапты қызметтер атқарған қайраткердің туған елімен етене бірлігі, қарапайым қарым-қатынасы оның атын ел ортасында ерте-ақ жайды. Ол еңбекке ынталы, азаматтық белсенділігі күшті, өзіне ылғи жұмыс тауып алып жүретін, қарым-қатынаста қарапайым, әсіресе ел адамдарына қайырымды, халық ортасында көп болатын іскер басшы ретінде танылды. Оның ерен еңбегі неше түрлі әңгімелер мен аңыздарды тудырған. Оның өзінен бұрын сол аңыздар елге жайылып, ылғи да жақсы басшыны аңсап отыратын халық назарына іліккен. Парасаты мол, жаны жарқын адамның елге жақсылығы да көп болады. Ол қызмет істеген Солтүстік Қазақстан ауылдары да, Торғай, Қостанай өлкесі де, Көкше өңірі де оның азаматтығын, кісілігін жыр ғып айтады. Жақсы адамның соңынан жақсы сөз ереді. Сол біртіндеп қоғамдық пікірге айналады. Сөйтіп әңгіме кейіпкері ел ардақтысы дәрежесіне көтеріледі. Менің ұғымымдағы Мақтай осындай адам.

Сырт қарағанда, жақсы адамдардың мінезі бір-біріне ұқсас сияқты. Адамгершілік, кішіпейілдік, адалдық, қарапайымдылық – жақсылардың бәріне ортақ. Ал, үңіле қарасаң, осы қасиеттердің әр адамның бойынан көрінуі, жеке бір оқиға, факт арқылы танылуы әрқилы. Адамды ірі танытатын да, оның ұсақтығын байқататын да оның қылығы, мінез-құлқы.

Мақтай бойындағы жақсы қасиеттер әркімде-ақ бар. Бірақ Мақтайдың қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, бауырмалдығы ешкімге ұқсамайтын. Оның елгезек мінезі мен адамды сүюі, үлкен-кішіге бірдей қарап, сыйлай білуі – оның солай етейінші деп ойлап істеген қылығы емес, табиғатынан туатын, солай істеп қойғанын өзі де байқамай қалатын табиғи мінез-құлқының көрінісі. Оның қарапайымдылығы жадағайлық емес, елгезектігі жалғандықтан

аулақ, дегдарлық пен тектіліктен тұратын. Осылардың ар жағынан мен үлкен Азаматқа тән кесектік, ірілік, алғырлық көруші едім. Жақсы адамның бәрі ірі, кесек бола бермейді. Мақтайдың ірілігі адамға тән рухани биіктіктен, творчестволық белсенділіктен туындайды. Жүріс-тұрысы, адамгершілігі, мейірбандығы, жан тазалығы онсыз да нар тұлғалы, келбетті, кесек адамды биіктен көрсететін.

Мен онымен ұзақ жылдар дос, жолдас болып жүріп өсу жолын, еңбектегі өрлеуін осылай түсіндім. Білімі жағынан педагог Мақтайдың аудан шаруашылықтарын басқаруы, тіпті Балық өнеркәсібі министрі болуының сырын да енді ұққандаймын. Басшы адамның барлық істің маманы болуы мүмкін емес. Адамның алғыр қабілеті, басқару тетігін меңгеруі, қай істің болса да алдын, бағытын танып, болжай білетін көрегендігі, мемлекеттік масштабта ойлауы, мамандармен тіл табысып, оларды үлкен іске ұйымдастыра білуі оны ылғи табыс биігіне жетелегенін көремін. Оның аудандарда өткен еңбек жолына, Торғай, Қостанай, Көкшетау облыстарындағы қызметіне, Республика Жоғарғы Кеңесінің төралқасында істеген кездеріне көз жіберсең, еңсесі биік Азаматтың абыройы қалай құралғанын танисың.

Кейінгі жылдары Мақтай республикалық Ардагерлер кеңесін басқарды. Қызмет жолын аяқтап, демалысқа шыққан адамның қосымша тірлігіндей емес, жұмысқа жан-тәнімен берілген адамның қалпында күш-қуатын сарқа пайдаланғанын да мен осы тұста көрдім. Жас кезіндегі әдетімен ерте тұрып, тоғыздан қалмай кеңседе отыратын. Одан баяғыдай кеш қайтады. Соның арқасында республиканың қоғамдық, саяси тіршілігінен Ардагерлер кеңесі сырт қалмай, Елбасы жүргізген саясатты іске асыру жөніндегі шараларға белсенді араласты. Оның кабинетінің алды қашанда толы адам болатын. Ардагерлердің сұрақ-өтініштері де, мұқтаждары да көп болады. Мақаң соның бәріне түсіністікпен қарады, көмектесті. Бірде бұрынғы беделін, бірде таныстығын пайдаланып, қайткенде де зейнеткерлерге қол ұшын беруге тырысты. Солардың шаруасымен жүгірді. Солардың сұрауы бойынша облыстық әкімшіліктер мен ұйымдарға да тікелей шықты.

«Есімі елге таныс, аңыз Мақтай несімен танылып жүр, Қазақстан Республикасына сіңірген еңбегі қандай, халық оны неге жақсы көреді, сүйеді?» деген сұрақтар әркімнің-ақ көңілінде тұрары хақ. Мен де бұл жөнінде көп ойланғам. Сөйтіп жүріп өзімен

таныстым, ұзақ әңгімелестік, сырластық. Дос болдық. Кейін «Биік арман айғағы» (1999) атты кітабын оқыдым. Сұрағыма жауап табуыма өзі де, кітабы да көмектесті. Ел тізгінін қолына ұстап, оза шапқан таланттың ұйымдастырушылық, қайраткерлік арманының биіктігін көрдім. Ол «Отаны мен халқын шын жүректен сүйген перзенттің ұлы мұраты» жайлы қызықты әңгімелеп, қиын заманда «Азаматтық пен Ар туын жоғары ұстаған, Әділет пен Адалдық жолынан адаспаған, өз бойларындағы Ерлік пен Күрескерлік рухын, асқақ Адамшылық қасиеттерін жоғалтпаған Аға ұрпақтың» сыры мен сезімін шертеді екен. Осы ұрпақтың өкілі есебінде Мақтай: «Бойдағы бар күш-жігерді бүкілхалықтық мақсаттарға арнаппыз, ел мен жердің көсегесін көгертіп, көркейткен үстіне көркейте, өркендеткен үстіне өркендете беруді армандаппыз. Сол арман асыл емес еді, сол мақсат мәнсіз еді деп айтуға кімнің аузы бара алады? ...Мен де өз өмірімнің жетпіс жастық жеті белесінің тобықтай түйінін бейнелеп айтар болсам, оның негізгі мән-мағынасы да ел ырысын, жалпы халық ырыздығын мәпелеген еңбекке, берекесі мен бірлігі мол саялы да аялы шат тұрмыс орнатуға келіп тоғысады екен» деп жазыпты.

Мемуар жазуға әркім-ақ ұмтылады. Бірақ солардың бәрі бірдей құқылы емес. Туған халқымен біте қайнасып өскен, қоғамдық өзгерістер мен ел тарихында елеулі із қалдырған, өмірі мен ісінің кейінгі ұрпаққа тәрбиелік, тәлімдік мәні зор өмірбаян иесі ғана жазса, жарасады. Ел билігінде болған қайраткердің естелік жазбалары ол өткен өмір жолының елеулі жақтарын алып, қоғам мен адамзат мүддесін түйістіре алса ғана, осы жолдағы адам еңбегін, оның биік арманын аша алса ғана мемуар жақсы оқылады, оқырманын табады. Мақтай кітабынан мен алған алғашқы әсер осындай еді.

Адам – өз заманының, өз дәуірінің түлегі. Ол қандай қоғамда өмір сүрсе де, бар қайрат-жігерін сол дәуірдің міндеттерін іске асыруға, адам игілігіне арнайды. Оның қайраткерлігі де сол жолда жұмсалған еңбектің көлемі мен арманының биіктігінен көрінеді. Біздің заманның қайраткерлерін тануда бұл – басты өлшем. Мақтай өткен өмір мен оның төккен тері, еткен еңбегі тегін кетпегенін, қоғамдық құрылыс өзгергенмен, туған халқының жадында сақталып, оның есімін құрметпен атайтынын біз осыдан деп ұғамыз. Еңбек адамының жолы қашан да жарқын, мәртебесі биік. Еңбек адамы ешқашан өткеніне өкініш айтып, еңсесін түсірмейді, жоғары

карайды, халқымен бірге өткен өмірін, заманын мақтан тұтады. Біздің заманның шын батырлары – осылар.

Мақтай жөнінде айтылатын ел аузындағы әңгімелер де, жазылған естеліктер де көп. Олар М. Сағдиевтің азаматтық, кайраткерлік, жалпы адамдық тұлғасын ашуға жан-жақты қызмет етеді. Солардан біз де өзі еңбек еткен ортада, жүрген жолында сайрап жатқан Мақтайдың ізін көреміз. Ол қай жерде жүрсе де, өмірге тікелей араласа білген, онымен қоян-қолтық келіп, ел мүддесін түсінген, халқына, адамдарға адал қызмет еткен. Еңбекті ел тілегіне лайық ұйымдастыру жолындағы ісі мен өз басының карапайымдылығы, шешімділігі, батылдығы арқылы қоғамды демократияландыруға ұмтылған. Төрешілдіктің кең тараған тұсында халықпен байланыста өзін осылай жұпыны ұстаған Мақтайдың мінез-құлқында елдің оған деген сүйіспеншілігі жатты. Ол кеңседе ме, үйде ме, далада ма – бәрібір, кісі өтінішін кездескен жерде тыңдай береді екен. Оның шешімін де кейінге қалдырмапты. Кеңседе болса, қолма-қол шешіп, далада, командировкада болса, рация арқылы хабарласып тапсырма берген. Ондай адамды халық қалай құрметтемесін, қайдан ұмытсын! Мақтайдың азаматтық өмірбаяны Қазақстанда тың көтеру науқаны кезінде басталды. Тың, қанша дегенмен, Республикада астық өнімін молайтуды көздеген бүкілхалықтық қозғалыс болғаны даусыз. Онда еңбеккорлықтың биік үлгісі көрсетілді. Осы үлкен қозғалыс қаншама адамды тәрбиеледі, жігерлі жастарды өсірді, отаншылдыққа, жанқиярлық еңбекке үйретті. Совхозда партия комитетінің хатшысы, директор, аудандық комитеттің хатшысы бола жүріп, Мақтай алғаш осындағы еңбек майданын ұйымдастыра білуімен танылған.

Мақтайдың жаңашыл ой-пікірлері жоғарыдан да, ел ортасында да құпталып, іске асып отырған. Оның бұрын артта қалған Афанасьев кеңшарында егін, мал өсіруді жұмысшылардың тұрмысын көтерумен, құрылысты өрістетумен қатар жүргізгені орынды қолдау тапқан. Совхозда құрылыс жоспарын асыра орындап, қаржыны көп жұмсағаны үшін жергілікті әкімдер оған сөгіс жариялamақ болғанда, үкімет Ленин орденін берген. Тыңға келген жас жігіттерді тұрақтандыру мақсатында Харьков облысына кісі жібертіп, мектеп бітіруші отыз қызды алдыру да Мақтайдан шыққан идея. «Кейін сол айналайын қыздардың бәрі де біздің жігіттерге тұрмысқа шықты, солардың біреуі де Афанасьевканы тастап, бөгде бақыт іздеп басқа

жаққа кеткен жоқ. Жігіттерімізді де өз ауылында тырп еткізбей, шегелеп ұстап қалды» дейді Мақтай.

Мақтай өткен өмір мектебі оның ылғи артта қалған шаруашылықтарға жұмысқа жегіліп, оларды көтеру жөніндегі қажырлы еңбегінен, зор қайратынан танылады. Соколов ауданынан кейін ол Жамбыл ауданына партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысады. Одан жаңадан құрылған Торғай облыстық Кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Балық шаруашылығы министрі, Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы, Көкшетау обкомының бірінші хатшысы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі төралқасының Төрағасы қызметтеріне жалғасады. Ол соның бәрінде де, әлеуметтік маңызды мәселелерді тауып шеше алған, адам тағдырын басты бағдар етіп ұстаған, адам еңбегіне жол ашқан, оған жағдай жасаған. Жаңа құрылыстар жасауда, тұрғын үй салуға, демалыс аймақтарын ұйымдастыруға, қатынас жолдарын жақсартуға, тоғандар тұрғызуға, мал тұқымын асылдандыру мен егіншілік мәдениетін көтеруге бар күш-қайратын жұмсаған. Ол ауылшаруашылығын кешенді түрде көтеруді қолға алған. Егін мен мал шаруашылығынан мол өнім алу ісін, ауылшаруашылығын механизациялау, ауылдың тұрмыстық жағдайларын көтеру, кадрды тұрақтандыру, оқу-тәрбие, денсаулық сақтау, сауда ұйымдарының жұмысын жақсарту, т.б. мәселелерін тұтас шешуге тырысқан. Мақтай жүрген жерде адамдардың қажырмен еңбек етіп, істің табысты болуы, алдымен, осыған байланысты. Осы саладағы еңбек ізін біз Торғай даласынан да, Қостанай қырларынан да, Көкшенің көгілдір өлкесінен де табамыз. Осының бәрінде кең өлшеп, кең пішетін қайраткердің алымды құлашы танылады.

Мақтай – қиындықтан қорықпайтын, неге де болса бел шешіп кірісіп кететін, ел басына қиын күндер туғанда қол бастаған батыр тұлғалы азамат еді. Торғайда апталап соққан боран Амангелді, Жангелдин аудандарын апатты жағдайда қалдырғанда, Арқалықтан 2000 тонна азық-түлік, малға жем, дәрі-дәрмек, т.б. қажет дүниелер артқан 200 машина автоколоннаны басқарып өзі барғанын Торғай елі әлі ұмытпайды. Обкомның бюро мүшесі, облаткомның бірінші орынбасары өзі бармай, кісі жұмсауы да мүмкін ғой. Жоқ, Мақтай олай етпеген, олай етсе Мақтай бола ма? Сағдиев автоколоннасы дүлей боранмен үш күн бойы алысып, үш метрден асатын қамал тұрғызған жолды кешіп, 300 шақырым жүріп өткен. Мұны ол ерлік санаған жоқ,

күнделікті қызмет бабындағы сапар деп есептеді. Ал, жұрт оның кайсарлығын, қажымас қайратын аңыз етіседі. Ол істескен облыс басшылары В.П. Демиденко де, Е. Әуелбеков те, С. Құсайынов та Мақтайға тапсырылған іске еш уақытта алаңдамаған, Мақтай жүрген жерде шаруа реттеледі деп білген.

Мақтайдың жүрген ізі Көкшетау даласында да сайрап жатыр. Ол Мәлік Ғабдуллин мен Кенесары ауылдарын қайта салды. Көкшетау қаласында Абылайхан даңғылының бойынан қолдан жасаған Оқжетпес тұрғызды. Ол Көкшенің тақта-тақта тастарынан құрастырылып, текшеленген күйінде көшіріліп әкелінді. Табиғаттың өз тумасындай жымдасып орналастырылды. Халық оны «Мақтайтау» деп атайды.

Бұл Мақтайдан қалған іздің санаулы бөліктері ғана.

Мақтай – құрылыста құрылысшы, балықшылар ортасында балықшы, ауылға барса, малшымен малшыша, егіншімен егіншіше сөйлесе алған қайраткер. Өмірді терең білген адамның білімі оның іскерлігіне, принциптілігіне, адалдығына, қарапайымдылығына қосылып, Мақтайдың даңқын көтерген. Мақтай есімі – ол қызмет істеген жердің бәрінде аңыз. Сол аңызды оның ісіне риза болған халық тудырған. Торғайда, бірде ел аралап жүрген Мақтайды бір ауылдың әйелдері жиналып қарсы алыпты. Мақаң олардан: «Неге келдіңдер, не өтініштерің бар?» деп сұраса, әйелдер: «Түк шаруамыз жоқ, өтінішіміз де жоқ. Мақтай Сағдиев деген кісіні көрейік деп келдік» депті. Аңыз деген осы.

«Біз балықшыға зәру емеспіз. Балықшы толып жатыр... Сол балықшылар бірінің үстінен бірі домалақ арыз боратып, әбден былығып болды. Бірін-бірі жамандап, министрдің орнына таласып, іспен айналысуды мүлде қойды. Енді министрліктегі ахуалды дұрыстап, балықшыларға жұмыс істету керек. Ол сенің қолыңнан келеді. Қобалжыма, қорықпа, осы жұмысты істе», – депті Д.А. Қонаев Мақтайды Республиканың Балық шаруашылығы министрі етіп тағайындарда.

«Балықты табада ғана көрген» адам осылай Балық шаруашылығы министрі болған. «Министр боп тағайындалғаннан кейін жатпай-тұрмай өзімнің осы сала туралы ой-өрісімді, жалпы балықтар әлемі, олардың су астындағы құпия тіршілігі, олардың түрлері, уылдырық шашуы, көбеюі жөніндегі білімімді кеңейтуге кірістім» дейді Мақтай. Аз уақыттың ішінде-ақ ол Республикада балық

шаруашылығын дамытуға, оның материалдық-техникалық негізін нығайтуға күш салады. Бұл іске қатысы бар министрліктерді тартады, үкімет көмегін пайдаланады. Соның арқасында көптеген жерлерде балық өсіретін жаңа тоғандар, балық уылдырығын өсіретін инкубациялық цехтар, балық зауыттары салынады, балық сүрлеу ісі ұйымдастырылады. Балықшылар үшін көптеген тұрғын үйлер бой түзейді. Суы тартылып, жұмыссыз қалған Арал балықшыларына қамқорлық жасалады. Министрлік Республикада да, Одақ бойынша да үлкен көрсеткіштерге ие болады.

Мақтайдың осындай жігерлілігі, батылдығы, еңбекқорлығы оның Республика Жоғарғы Кеңесін басқарған кезінде де, зейнеткерлікке шығып, Ардагерлер кеңесінде істеп жүрген тұсында да мол байқалған. Оның коммунистік режим кезінде Орталық Комитеттің шешіміне лайық қана жұмыс істеп үйренген Жоғарғы Кеңесте өз еркінше шешімдер қабылдауы, мемлекеттік тіл жөніндегі заңға қол қоюы, Жаңаөзендегі халықтық толқуларды басуда қажырлылық танытуы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды ақтау жөніндегі еңбегі – осының айғағы. Кейін Орталық Комитеттің Пленумында Г.В. Колбиннің Д. Қонаевқа қарсы ұйымдастырған айла-шарғысын көрген М. Сағдиев оған бірінші боп қарсы шыққан. Д. Қонаевты Колбиннің түтіп-жеуіне бермеген. Осының бәрі Колбинге ұнамай қалғаны түсінікті. Жоғарғы Кеңес төралқасының төрағасы болудан дәмелі болған Колбинге (Мәскеуде Горбачев солай істеген) ол қызмет, бірақ, бұйырмады, оны жаңа сайланған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев иемденді.

Ардагерлер кеңесінде ол егемендік алған елдің тағдырындағы қиын да күрделі оқиғалардың басы-қасында көрінді. Оны үлкен халықтық күшке айналдырды. Тың игерудің 40, 50 жылдықтары мен Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 50, 60 жылдығы мерекелерін ұйымдастыруға белсенді қатысты. Халықтар достығын нығайтуға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына араласты. 1999, 2005 жылдарда Қазақстан Президентінің сайлауы тұсында осы ұлы іске ардагерлерді жұмылдыра білді. Н. Назарбаевтың сенімді өкілі болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін комиссияның құрамында жұмыс істеді. Ардагерлердің тұрмыс-жағдайына қамқор болуды Мақтай басты парыз санады.

«Жалғыз шапқан ат жүйрік» деген ұғым Мақтай табиғатына жат. Ол өзінің өмір жолындағы ізденістері мен табыстарына алдыңғы ағалары мен өзінің замандастарын, еңбеккор халықтың өкілдерін ортақ санады. Өз тұсындағы Республика басшылары Д. Қонаев, Б. Әшімов, С. Ниязбеков, Н. Назарбаевтар жөнінде, олардың халық алдындағы еңбегі, адамгершілік, мінез-құлқы жайлы жылы әңгімелер айтты, кітабында да жазды.

«Димекеңнің жан дүниесінде өзге адамдарда сирек кездесетін, адамның мысын баспай, қайта көтеріп, биіктетіп кететін осындай ұлы қасиет бар еді» дейді ол. Димекең Мақтайдың өсу жолын қадағалап, оны әрдайым қолдап, ризалығын, ақыл-кеңесін өзіне айтып отырған.

«Б. Әшімұлы жұмыс барысында туындап, алдына келген қандай қиын, шиеленіскен түйін болса да, тиянақты зерттеп, терең шұғылданып отырды, мәселені бұлтақтатпай, орта жолда қалдырмай шешетін. Сонымен қатар Мәскеудегі орталықта Қазақстанның дамуына байланысты жоспарлар қаралғанда, Республика мүддесін қорғап, батыл ұсыныстар айта білді. Міне, осылайша, данышпан Абай айтқандай, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» кең мінезді кемеңгер азамат үлкен парасатының арқасында туған халқының, ұлтының ұлы бола білді» деп жазды Мақтай.

«Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбекті бағалап, әрдайым сенім көрсетіп отыруы мерейді өсіріп, жігерлендіре түсетін. Ол кісі ортақ жұмыста болсын, Орталық Комитет бюросының мәжілістері мен былайғы кездесулерде болсын, ақыл қосып, еліміздің күрделі мәселелерін шешуде ынтымақтастықпен, тілектестікпен, сеніммен бірлесіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың қажеттігін өз үлгісімен ұқтыра білді» дейді Елбасы туралы.

Сондай-ақ, Мақтай өзімен қатар қызмет істеген Т. Мұхамед-Рахимовты, Ө. Жәнібековті, М. Мотриконы, В. Сидороваңы, тағы басқаларды еске алады. Артық-кем мінездеріне қарамай, олардың ел үшін жасалған еңбекке адалдығын бағалады. Қазақтың шығармашылық еңбектегі зиялы қауымымен, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Шаймерденов, С. Мәуленов, Ғ. Қайырбековпен кездесулері оның көпшілдігін, парасаттылығын танытады.

Мақтай жөнінде жақсы естеліктер қалдырған адамдардың көбі – онымен бірге жұмыс істеген, оның Азаматтығын, ерлігін, жігер-қайратын, батылдығын таныған әріптестері. Сол кезде Қостанай

аудандық партия Комитетінің бірінші хатшысы, кейін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасы төрағасының орынбасары болған В.В. Сидорова Мақтайдың табандылығын, өз көзі жеткен нәрсені батыл қорғайтын ерлігін жоғары бағалайды. Оны үлкен жауапкершілікті өзіне тайсалмай аударып алатын экскаваторға теңейді. Бір жылы Қостанай астығын мемлекетке молырақ өткізуді ойлаған обкомның бірінші хатшысы В.П. Демиденко Сидороваға 30 миллион тонна астық тапсыруды жүктепті. Сидорова оны толтыра алмайтынын айтып жалынған. Демиденко көнбеген. Екі жақ та ымыраға келісе алмай, жоғары жақ күштеуге кеткен кезде М. Сағдиев (облатком төрағасы) орнынан тұрып дәлелді, тоқтамды сөз айтыпты. «Егер біз астықты ақырғы рет тапсырғалы отырсақ, қағып-соғып, қырмандарды сыпырып, 30 миллион тонна беруге болар. Ал, тұтас бесжылдық жоспар тұрса алдымызда, онда елдің азығы мен тұқымын өзіне қалдырумыз керек шығар» депті ол. Айтқанын орындатып үйренген В.П. Демиденко ішінен булыққанымен, жөн сөзге тоқтап қалыпты. Тағы бір батыл, тосын оқиғаны Жангелдин аудандық кеңесінің төрағасы болған М. Сердалин еске түсіреді. Күзгі астық жинау науқанының біріне қатысуға Мәскеуден әскер жіберіледі. Оларды бір генерал бастап келеді. Обкомның бюро мүшесі ретінде сол ауданға бекітілген М. Сағдиев олармен бірге жүреді. Екі жақ бір-біріне көмектеседі. Егін жинау науқаны аяқталар тұста бір кеңшардың егіні орылып бітіп, босаған әскери күшті екінші кеңшарға жіберу қажеттігі туады. М. Сағдиев те солай ұйғарады. Оған генерал көнбейді. «Мен генералмын, не істейтінімді өзім білемін» дейді ол. Ел дағдарып қалады. Сол кезде генералды қолынан ұстап, оңашалау алып шығып: «Дәл қазіргі сәтте, рас, сен әскери генералсың. Ал, мына байтақ даланың баяғыдан бергі Маршалы – менмін. Осыны есіңде ұста!» деп Мақтай генералды мытып жіберіпті. Ана сорлы шошып кетіп, «Жарайды, Маршал жолдас, көндірдің» депті. Оны көрген елдің бәрі күлкіге батыпты.

М. Сералин: «Мақаң тұрғанда ешкімге де, ешқайда да бармаймыз, тек өзіне барамыз, сол кісі не айтса, нендей шешім қабылдаса, бізге сол жетеді» деген қарапайым адамдардың сөзін келтіреді.

«Аудандық партия комитетінің жас нұсқаушысы Мақтайдың кеңшарлар мен ұжымшарларда апталап жатып, тыңгерлердің тұрмысына, жалпы жұмыс ырғағына жанашырлықпен қамқорлық жасағанын көзіміз көрді. Мазасыз, тынымсыз жігіттің іскерлік,

табандылық қасиеттері аңғарылмай қалған жоқ» деп жазады Мақтайдың ерте кездегі қызметін көрген Қ. Мағазов.

Естеліктердің көбінде Мақаңның Қазақ Республикасының дамуына қосқан үлесіне зор баға беріледі, соның кезінде әртүрлі себептермен жете бағаланбай қалғанына өкініш те айтылады. Ал, Мақаңның Көкшетауда жүргізген орасан зор істерін әңгімелеген Қ. Жүсіпов: «Бұған дейін Көкшетаудан бірнеше обком хатшылары Социалистік Еңбек Ері боп кетіп еді. Мақаңа ол бұйырмады. Бірақ халықтың, тек Көкшетау облысы ғана емес, Республиканың сүйіктісі, нағыз батыры бүгінге шейін Мақтай Рамазанұлы Сағдиев болып қалды» деп жазады. Мақтайдың ата-бабалары текті адамдар болған екен. Ол ел аузында көп айтылатын Зілғара-Шопан ұрпағынан. Зілғара – өз кезінде ел билігіне араласқан, өзі шешен, ақын, би болған адам. Ісі халыққа да, патшаға да жағып, алғашқылардың бірі болып, «дворянин» атағын алған.

Ақырған аюдай-ақ Зілғара едім,
Өзім би, өзім шешен, ділмар едім.
Кешегі 25 қайтып келсе,
Жалғанды қандай қылып былғар едім, –

дейтін ұлғайған кезде айтқан сөзі ел арасына кең тараған. Халық ішінде Зілғаранікі деп айтылатын біраз әндер де бар. Соның бірі – атақты «Жиырма бес».

Шеш-тағы етігінді, байпақшаң кел,
Көрейін өз сорымнан ұстап алса, –

дегенді қыз Зілғара сияқты ер жігіттерге болмаса, кез келген бозбалаға айта бермеген де болар. Біздің елде бала кезімізде «Зілғараның бір қызбен айтысы» деген жыр айтылатын еді. Оны мен жазып та алғам. Онда 95-ке келіп алжып отырған шалдың екі жағын таңдырып алып, қызды айтысып жеңгені сөз болатын. Айтысуға барар алдында өзінің өмірін балаларына әңгімелеп сынатқан Зілғара монологында өмірінің жарқын жақтары, сөзі де, ісі де ірі, кесек тұлғасы танылатын.

Ат байлап жиырмада кидім киім.
Түсірдім атын ұстап хан мен бидің.
Көрінсе елде сұлу өзімсінген
Келер ме екі айналып жігіттігім.

Отызда төрде отырып айттым билік
Халқыма хакім болдым бес жүз үйлік.

Халықтың жақсы деген лақабымен
Патшадан наград алып, шекпен кидік.

Өнерді қылып едім қырық жасымда,
Лайық болып еді мал басым да.
Қасыма қанша нөкер ерсе-дағы
Біреуі налыған жоқ жолдасым да, –

деп келетін ұзақ өлең он жылдап жас мөлшеріне қарай, істеген ісін, қылығын әңгімелеуге құрылған. 95-ке келіп дәрменсіздікке бой алдырған қарттың:

Бермейтін топтан торғай Зілғара едім,
Қонызбен от жағалап жарысамын.

немесе, – ...

Құдыққа құлан келіп құлап кетсе,
Құрбақа ойнайды екен құлағында, –

деген образды сөздері де көңілге қонымдылығымен тартатын.

Сол Зілғара – Мақтайдың атасы екен. Ірілік, кісілік қайдан келгенін әбден түсінуге болады.

Мақтайдың әкесі Рамазан да Қазақстандағы колхоз құрылысы кезінде белсенді қызмет еткен еңбекқор, жұртқа белгілі адам болыпты. Оның жас Мақтайға мектеп болғаны да даусыз.

Еңбекке белсенді, жұмысқа шаршамайтын Мақаң – былайғы өмірде мінезі дарқан, сері, жаны сұлу адам еді. Үлкен отбасының иесі болды. 43 жыл отасып, алты бала сүйдірген жан жары Түкетай қара шаңырақтың берекесі болған, ашық, жарқын, қазақи әдепті бәйбіше еді. Ол кісінің барлық парасаты Мақтайдың атын да атамай, «Менің азаматым» деген жалғыз ауыз сөзінен көрінеді. Осы бір сөзде жарасымды сыйластық та, еркелеу, еркелету де бар. Сол кісі көп жыл төсек тартып жатқанда, Мақаңның қалай аялағанының куәсі болдық біз. Аурумен алысқан ананың көңілінде қаяу қалмасын деп Мақаңның адал көңілмен қызмет еткенін көргенбіз. Аялап шығарып салдық. Мақаң көз тоярлықтай етіп көрікті, еңселі ескерткіш қойды. Өзі қазір соның қасында жатыр. Балалары ер жетіп, немерелері өсті. Құда-туыстар көбейді.

Міне, тағдырдың жазғанын бір кісідей қызықтаған, оның салмағын да көтерген Мақаң өмірінің сыры осындай. Ол – кісілік

ден адамгершіліктен жаралған адам болатын. Оның тұтас тұлғасы туған халқына деген махаббатынан, соған адал қызмет етсем деген биік мұратынан, жора-жолдастарына, туыстарына деген ақкөңілден туған. Адалдықты, жайсаңдықты ол өмір бойына биік арман етіп ұстаған, бар тіршілігін сол мүддеге бағыттаған адам болды. «Ерте шауып, кешке озған», «шапқан сайын өрлеген» дейтін халық поэзиясының тіркестері Мақтай өмірін суреттеуге арналған сияқты. Ол елімен бірге өсіп, есейді. Елмен қарым-қатынастан алған өмір сабағы, үлкен-кішінің тілегі Мақаңның рухани өмірін құрады. Оны қуаттандырып, сексенде де секіртіп жүрген – сол сезім еді. Амал не, жүру алып кетті.

Мақтай өмірі – халық өмірі, оның рухани байлығы. Қазір ол туралы естеліктер жазылуда. Бұрынырақ Қ. Аманжолдың өмірбаяндық деректі туындысы басылған. Осыларды жастар оқыса, қалай өмір сүру керектігін үйренер еді деп ойлаймын. Олар Отаншылдық сезімінің қалай туып жетілетінін, халықпен қоян-қолтық араласудың, заман алға тартқан міндеттерді тез сезінудің, оны іске асыру жолында батыл қадамдар жасаудың амал-айласын көріп, үйренер еді. Мақтайдың тынымсыз еңбек пен жан тазалығына толы ғибратты өмірі адамды асыл мұратқа жетелей алатыны да жастарға көп нәрсе ұғындыра алар еді.

Ал, біз, оның құрбылары мен замандастары қазақтың ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі, кесек, табиғаты, туысы бөлек Азаматымен дос болып, бірге жүрген күндерімізді еш уақытта ұмытпаймыз.

Бижамал РАМАЗАНОВА,
Республика ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің мүшесі

ҚАЙЫРЫМДЫ ЖҮРЕК ҚАРТАЙМАЙДЫ

Кеше ғана айналасына күлімдей қарап, ерекше жылылық таныта отыратын Мақаң бүгінде арамызда жоқ екенін ол кісі өмірден өткеніне 6 айдың жүзі болғанда сезіне бастағандаймыз...

Естелік жазуға келгенде ең әуелі Мақанмен бірінші рет кездесу сәті ойға оралды. Ол өткен ғасырдың 60-жылдары қыс айларының бірінде Жоғарғы Кеңес Президиумының жауапты қызметкері Қабдолда Хамзин ағайдың дастарқан басында болған екен. Қабекең

біздің үйдің отағасы Шапағат Әлбазарұлының немерелес ағасы, ал ол кісінің жұбайы Ләзім жеңгей Мақаңдарға туыстығы жақын адамдар болатын.

Аты-жөндеріміз аталғанда мені ерекше елең еткізгені Мақаңның әкесінің аты болды. Расында, бірі Солтүстік Қазақстанның, екіншісі Оңтүстік Қазақстан перзенттерінің аттары ұқсас болуы, әрине, қасиетті ораза айында туғандарға байланысты қойылғаны түсінікті жағдай. Бірақ солай болғанмен, әсер еткені – мен ес білгелі әкемнің атын басқа кісіге тиісті болады деп ойламаппын. Оның үстіне, отбасында жалғыз өскендіктен, әкемнің аты айтыла бермейтіндіктен болар, әйтеуір бір іштей жақындық, бауырмалдық сезім қалдырды. Бір әкенің балалары болмасақ та, менде осы сезім күні бүгінге дейін сақталуда.

Мақтай Рамазанұлы өз замандастары сияқты XX ғасырдың қатаңдығы мен қиыншылығын, қуанышы мен қайғысын (1997 жылы жұбайы дүниеден озды) көріп өтті. Сонымен бірге Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы қиыншылық жылдардан бастап Елбасы – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сенімді серіктерінің бірі болды. Абыройлы болып, халқына адал еңбек етті. Республиканың 21 жыл ішіндегі ғасырларға пара-пар табысына куәгер болды. Жалпы, жұрт Мақаңды бақытты адамдардың бірі деп есептеді. Өйткені, азаматтық борышына қоса сүйікті жар, сүйікімді, қызғалдақтай құлпырған қыздарына қамқор әке, немерелеріне ақылман ата болып артына өшпес із қалдырды. Қорыта келгенде, осылардың бәрі жұмыр басты пенденің барлығының еншісіне бұйыра бермейтін жағдай екені де рас. Мақаңмен бір кеңседе қызметтес болған жоқпыз. Шакең – Министрлер Кеңесінің мәдениет бөлімінде, мен Жоғарғы Кеңес Президиумында, кейін Архив бас басқармасында қызметте болдық. Бірақ қалай десек те, «бір терінің пұшпағын илеп», қоғам үшін, сайып келгенде, еліміздің өсіп-өркендеуі үшін еңбек еткендейміз. Және бір-бірімізге тілеуқор болғанымыз ақиқат. Түрлі жиналыстарда, кейде ағайын-таныстар арасында да кездесулер болып тұратын.

Мақаң Торғай облыстық атқару кеңесі төрағасының орынбасары кезінде жаңа құрылған жас облыста кеңес орындарының жұмыстарына байланысты Жоғарғы Кеңес Президиумы тарапынан семинар-кеңестер өткізу, әкімшілік мәселелерді анықтайтын Указдар тізбесімен таныстыру, жергілікті советтер мен республика

депутаттарын сайлау науқандарын өткізу ережелерімен қамтамасыз ету сияқты ірілі-уақты шаралар іске асатын. 9 жыл бойы бұл облыста еткен еңбегі абыройлы болып, келешекке үлкен жол ашты. Мақтай Рамазанұлы Қостанай, Көкшетау облыстарында бірінші басшы болған кездері бұл өңірдегі көпұлтты халықтың ықыласына бөленді. Солтүстік аймақтарда елдің шаруашылық, әлеуметтік жағдайларының жақсаруына, ауыл-село мәдениетін көтеруге ерекше көңіл бөле білді. Сонымен бірге қызметтес болған адамдармен сыйлас бола білу, бәрінің ынтасын бір арнаға бағыттап, іске асыру, әсіресе сол заманда нағыз ерлік еді. Иә, ерліктің шарты өзіне сенгендікпен келеді емес пе? Халқы үшін атқарған ерен еңбегі бағаланып, 7 мәрте орденмен, оның ішінде Ленин орденімен марапатталғаны сол нағыз ерліктің дәлелі десек, артық айтқандық болмас.

Мақаң ауылшаруашылық еңбекшілерімен біте қайнасып, табаны күректей 16 жыл совхоз директоры, аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болып жұмыс атқарғанда да, Торғай, Қостанай, Көкшетау облыстарын басқарғанда да, Министрлік қызметінде де еңбекшіл, ел тілегін орындауға және орындатуға әрқашан ұмтылатын, мінезі байыпты, кішіпейіл, мейірімі мол, өз ісіне адал екенін дәлелдеп өтті.

Қарапайымдылығы мен кішіпейілдігіне байланысты бірер мысал келтіре кеткенімізді жөн көрдік. Мақтай Рамазанұлы Жоғарғы Кеңес Президиумының Төрағасы кезінде (1989–1990 жж.) өзінен бұрын осы қызметте болған еліміздің ардакты азаматтарының бірі Сабыр Біләлұлы Ниязбековтің өмірден өткеніне біршама уақыт өтсе де аты елеусіз қалғанын ескеріп, өз қаражатына ол кісінің тұрған үйіне қойғызу үшін Ескерткіш тақта жасатыпты. Оны орнатар алдында біздің үйге телефон шалып: «Шәкеңе ескерткіш тақтаны үйдің қабырғасына қою үшін биік басқыш және оған маманданған адам керек еді. Абай атындағы опера және балет театрынан не басқа жерден осыған көмек көрсетсеңіз» деді. Ал маған С.Б. Ниязбековтің қыздары, туған-туыстары, қызметтес болған адамдармен хабарласып, митингіні өткізуге қатысуымды табыстады. Адам көп жиналған қаралы митингіні бастан аяғына дейін Мақаң өзі басқарып өткізген еді. Сол Жамбыл көшесі мен Төлебаев көшелерінің қиылысына орнатылған Ескерткіш тақта Мақаңның достық, жолдастық ыстық ықыласының, адамгершілігінің таза символы сияқты десек, артық айтқандық болмас.

Осы сияқты жағдай Қабдолда Хамзин ағай қайтыс болған қиыншылық уақыт, 90-жылдардың бас кезінде тағы да Мақаңның көмегімен атқарылғанына, қоштасуға жиналған жұрттың ризашылық айтқандарына куәгер болғанымыз бар еді. Ал біздер естімеген, көрмеген Қазақстанның басқа өңірлерінде де осыған ұқсас ол кісінің қамқорлығы мен жанашырлығына риза болған, баталарын берген адамдар аз болмағанына күмәніміз жоқ. Жақсы адамның сөзінен емес, ісінен танығандар аз емес шығар, олар Мақаңның ұрпақтарының есінде қалсын деп әлі де өз ризашылықтарын айта да жаза жатар.

Біздер Алматы қаласынан Республиканың Ардагерлер кеңесі Астанаға көшкенге дейін Орталық Кеңес мүшесі және А.Ф. Шалов басқарған әлеуметтік сала жұмыстарына, одан кейін жастар арасындағы патриоттық тәрбие беру жөніндегі қоғамдық комиссияларда Ө. Сейітов, Қ. Қонақбаев, С. Құнанбаев, К. Әбенов, Г. Визиряко, Ғ. Жұматов, В. Тищенко, Б. Тынысбекова, Д. Малышев сияқты Ұлы Отан соғысы және соғыс жылдары тылда еңбек еткен ардагерлермен, сондай-ақ елімізге белгілі зейнеткерлермен бірлесіп сол бір қиынқыстау кезеңдерден бері азаматтық борышымызды атқаруға тырысып келеміз. Осы үрдіс бүгінде Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінде жалғасын тауып жатыр. Сондықтан да Мақтай Рамазанұлымен сәлеміміз дұрыс, сыйластық құрметіміз бірқалыпты және ардагерлер арасындағы қоғамдық-көпшілік жұмыстарға да байланысты жалғасуда болды.

Соңғы жылдары денсаулығына байланысты Мақаң Алматыға қоныс аударды. Конференцияда Алматы қалалық Кеңесіне бірауыздан мүше болып сайланды. Қала ардагерлері кездесулерде жылы шыраймен ол кісіні қарсы алатын, ол кісі де қаладағы қоғамдық істерге зер салып отыратын еді. «Қайырымды жүрек қартаймайды» деп қазекем дұрыс айтқан екен. 83 жастан асқан шағында да Мақаңның мейірімділігі мен шарапаты қалың елге аян болды. Сондықтан да болар, Абай атындағы опера және балет театрына лық толған алматылықтар, облыстардан .арнайы келген қонақтар үлкен тебіреніспен соңғы сапарға шығарып салуға жиналды. Қоштасу рәсімінде сөз алған Парламент депутаттары, Солтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласының әкімдері, зиялы қауым өкілдері Мақтай Рамазанұлы Сағдиевтің ерен еңбегін ерекше атап, ол кісінің Отаншыл патриоттық рухы Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпақтарына жұғысты болғай деп қимастықпен қоштасқан еді...

Мақаңның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Кажыахмет БАЛАХМЕТОВ,
министр просвещения республики в 1974–1987 гг.

РОДНАЯ ЗЕМЛЯ ДАВАЛА ЕМУ СИЛУ И ВДОХНОВЕНИЕ

Мактай Рамазанович Сагдиев был моим земляком, уроженцем Северного Казахстана. Об этом изумительном крае, богатой флорой и фауной, воспетой во многих песнях и сказаниях, писались книги, ставились драматические произведения. Этот край имеет богатейшую древнюю историю, кстати, еще мало изученную. Так, под руководством академика А.Х. Маргулана здесь проводились археологические раскопки в районе Чаглинки древнейших могильных захоронений. Об этом вышла книга, однако исследования не были доведены до конца. По реке Бурлик в Аиртауском районе Северо-Казахстанской области в местечке Ботай были найдены свидетельства о развитии в древности коневодства, меняющие устоявшийся на это взгляд. Была проведена научно-практическая конференция с участием многих ученых, которые проявили интерес к этому открытию.

Северный Казахстан, где родился Сагдиев, широко известен общественности. У всех на устах поэма Сакена Сейфуллина «Кокшетау», песня «Сырымбет», незабвенная лирика Акан сері, прославил этот край своими трудами всемирно известный ученый Шокан Уалиханов. Уроженцами этого края являются Биржан, Шал-Акын, Асет, Укили Ибрай со своим «Гакку», «Каркаралы» Мади, педагог М. Сералин и другие. Мы гордимся именами Аблайхана – выдающегося государственного деятеля, Кенесары Касыма – организатора и борца за независимость степи, А. Букейханова, С. Сейфуллина, М. Жумабаева, С. Муканова, Г. Мусрепова и их многочисленными последователями: Сакеном Жунусовым, Евнеем Букетовым, Еркином Ибрагимом, Какимбеком Салыковым, Шота Уалихановым и многими другими, которые своим трудом, научными открытиями и произведениями восславили свой родной край.

Сколько вышло из этого благодатного края защитников Родины! Батыры Богембай, Кабанбай, Жапен, Карасай, Баян, Капай, Кусары. В наше время – С.К. Нурмаганбетов, Т. Бигельдинов, М. Габдуллин, Рахимжанов, Глинин и другие.

Мы гордимся также и тем, что в числе руководителей партийных и советских органов республики и областей были выходцы из наших

краев. Известно, что первый секретарь ЦК Компартии Казахстана, первым из числа казахов выдвинутых на этот высокий пост, был Жумабай Шаяхметов. Он начал свою трудовую деятельность в Северо-Казахстанской области уполномоченным НКВД. Из числа работников края был выдвинут председателем Совета Министров республики Б.А. Ашимов, проработавший в этой должности ровно 14 лет. В этой должности работали Е.В. Тайбеков, Ж. Ташенов, председателями Президиума Верховного Совета – А. Казакпаев, С.Б. Ниязбеков, М.Р. Сагдиев. Первыми секретарями обкомов работали Х.Ш. Бектурганов, Ш.К. Коспанов, Б. Садвакасов, Е.Н. Ауельбеков, С.К. Кусаинов, О. Куанышев, Р. Мырзашев. Многие представители области работали председателями облисполкомов, вторыми секретарями обкомов партии. Таким образом, Мактай Рамазанович был одним из видных представителей – выходцев из нашего края.

Свою трудовую деятельность Сагдиев начал в родном селе, в сельскохозяйственной отрасли. С ранних лет приобщен к нелегкому труду сельчанина, в среде близких людей прошел большую нравственную школу. Хорошо знал и владел, наравне с русским, казахским языком. Впитал в себя национальные обычаи и традиции и строго их придерживался. Являясь педагогом по специальности, умел хорошо общаться с людьми, быстро находить с ними общий язык. Все это помогло ему завоевать авторитет и уважение населения.

После окончания школы Мактай решил стать учителем. Кстати, в это время учительская специальность пользовалась большим успехом. Многие выпускники школ мечтали посвятить себя этой профессии.

После окончания института он поехал в сельскую школу, стал работать поначалу рядовым учителем, а затем его выдвинули директором Карагашской средней школы. Это – крупное село, широко известное в области. Оттуда вышло немало руководящих кадров и известных в округе личностей. Мактай хорошо овладел учительским трудом, пользовался большим авторитетом и уважением учащихся и их родителей. Внедрял в работу современные методы обучения и воспитания, занимался общественно-политической работой среди населения.

Но, как рассказывал мне позднее, он тяготился своей работой, чувствуя себя неудобно среди малорослых учащихся при его почти двухметровом росте, да и хотелось ему, человеку, обладающему

большой энергией и желанием, испытать себя на труднейшей организаторской работе, и он с удовольствием оставил педагогическое поприще при первом же случае.

Его желание было удовлетворено, и он полностью перешел на хозяйственную, партийно-советскую работу. И где бы не трудился, проявлял себя хорошим организатором и специалистом.

Соңғы отыз жылдың мұғдарында Мақтай Рамазанұлы әкемнің әрбір мүшелтойында біздің дастарқанның қамқоры болып, қонақтарға қызмет еткенін білемін. Отбасымыз ол кісінің осы орнын сағынып, күтіп отыратынбыз. Бұл, тіпті, жазылмаған заң сияқты, бұлжымас қағида, жарасымды көрініс еді. Екеуінің арасы бір кезде мемлекеттік қызметте қатар жүрген ресми қарым-қатынастан

төрі. аға-бауыр, әріптес іні, ұстаз бен шәкірт арасындағы қаяусыз сыйластық, туыстық махаббаттың мысалы екендігіне кепіл бола аламын. Бұл жағынан алғанда талай ұрпаққа өнеге боларлық үлгі көргеніме өзімді бақытты санаймын.

Табиғаттың заңы солай, өмірден озған таныс адамның соңынан қол жайып, ол туралы есте қалғандарды қайта ақтарып көруге тура келеді. Айтайын дегенім, Мақтай ағаның үйіндегі шешеміз айықпас дертке ұшырап, төсек азабын көп тартты. «Ауру кірді дегенше, әлек кірді» дейді ғой қазақ, бетін аулақ қылсын, сол жылдары шаңырақтың шырайын бұзбай, қам-қарекетке толы отбасының жауапкершілігі Мақтай ағаның басына түскен. Сонда анам разылық білдіріп, тебірене толғанып отыратын: «Мына Мақтайдікі нағыз ерлік, сау кезінде сүйіспеншілікпен сыйласқан жан жарын мәпелеп, күтіп келеді. Мұндай қажыр-қайрат, мәрт мінез әркімнің қолынан келе бермейді» деп. Ағамыздың аққудың сынарындай асыл жарына адалдығы мен табандылығына куә болғаным да шығар, Мақтай Рамазанұлын көрген сайын оның бойынан осындай адамгершілік шуағы молынан төгіліп тұрғандай көрінетін.

Кезінде халық қамқоры, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, зейнетке шыққаннан кейін еліміздің Ардагерлер кеңесін басқарып, депутат болып, қаншама игі істер тындырған азамат туралы замандастарының жеткізіп айтарын білемін, айтып, жазып та жатыр. Әлі де жазылады. Мен мына шағын жазбамды Мақаңның Әшімовтер отбасымен арада болған қарым-қатынасымен ғана шектемекпін.

Қызмет, лауазым, атақ дегендеріңіз – мәңгілік болған емес. Тақтан тайған күні бұрынғы қолпаштаудың бәрі далада қалып, пенделік жалған тірлігі жалаңаштанып шыға келетінін, жылға жетпей аты да, атағы да ұмытыла бастайтын талайды білеміз. Ондайды оқығанбыз, көргенбіз. Менің әкем Бәйкен Әшімұлы мен оның жақсы інісі Мақтай Рамазанұлының туған халқының құрметіне бөленіп, жақсы аты жылдар өткен сайын жаңғырып келе жатқанын мақтан етемін. Біз бақытты заманда өмір сүріп отырмыз. Алдымызда өнеге тұтар аға ұрпақ, соңымызда Отанын, ұлтын жанындай сүйетін, адал, адамгершіл, жасампаз жас ұрпақ өсіп келеді. Олар мына Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл байлығы мен берекесінің негізін қалаған, ұлтын ұшпаққа көтеріп, намысын жатқа жібермеген аталарының, әкелерінің дәстүрін алға апарады деп сенемін.

22 қараша 2012 ж.

Магзам КАСЫМОВ,
государственный деятель

ВСЕ ОСТАЕТСЯ ЛЮДЯМ

Сколько лет прошло, а в памяти время от времени возникают неоглядные тургайские просторы, ухоженная хлебная нива. Шла вторая половина августа, вот-вот должна была начаться жатва и с борта самолета поля казались выкрашенными под червонное золото... Забегая вперед, скажу, что на календаре шел 1979-й год, кстати, оказавшийся самым урожайным с начала освоения целины. И не только в Тургае, во всей республике. Казахстан отгрузил в том году в закрома государства 1 миллиард 262 миллиона пудов зерна, вклад тургайцев в этот каравай тоже был весомый – почти 119 миллионов пудов!

Как старший консультант Отдела по работе постоянных комиссий Президиума Верховного Совета, я прилетел в Аркалык, чтобы помочь председателю облисполкома и депутату Верховного Совета – заместителю председателя постоянной комиссии по товарам народного потребления, торговле и услугам населению Евгению Ерофеевичу Зарицкому подготовить доклад на заседание Президиума. Вопреки договоренности, того на месте не оказалось, ранним утром он выехал в один из районов области по срочному делу и, поскольку «на хозяйстве» оставался первый зампредседателя Махтай Сагдиев, зашел к нему. До этого нам общаться не приходилось, я знал его, так сказать, заочно...

Принял он меня доброжелательно – вышел из-за стола, крепко пожал руку и, сев напротив за приставной столик, поинтересовался как устроился, успел ли перекусить, а затем стал расспрашивать о цели приезда. Потом сказал: «Евгений Ерофеевич должен подъехать только к вечеру, так что давай-ка мы с тобой поездим по городу, посмотрим...».

Аркалык, до образования в ноябре 1970 года области, был обычным рабочим поселком при руднике Тургайского рудоуправления. Здесь были разведаны месторождения не только бокситов, но и огнеупорных глин, формовочных песков, которые стали основной сырьевой базой Павлодарского алюминиевого завода. Для доставки бокситов в начале 60-х годов построена железнодорожная ветка Есиль – Аркалык.

Сагдиев вспоминал, что, когда были сформированы областные структуры, приглашены специалисты, размещать их практически было негде. Под организации, да и под жилье приспосабливались общежития, какие-то пристройки, возводились времянки. Сами работники обкома и облисполкома поначалу устраивались на ночлег в кабинетах, если можно было так называть те тесные комнатки, где они работали...

За девять лет поселок, ставший областным центром, конечно же, разительно преобразился, хотя, как мне показалось, и тогда еще находился среди отвалов породы и шлака... По переписи 1979 года в городе проживало более 49 тысяч человек. Появились целые микрорайоны из крупнопанельных и кирпичных жилых домов. Были выстроены административные здания, корпуса педагогического института, поликлинически-больничного комплекса, Дворец горняков и музыкально-драматический театр, историко-краеведческий музей, аэропорт со взлетно-посадочной полосой, откуда после приземления в Тургайской степи улетали в Москву космонавты...

Главная улица города – проспект Строителей. Вот с него Махтай Рамазанович и предложил начать знакомство с городом. Мы побывали с ним во всех магазинах – продовольственных и промышленных товаров, на предприятиях пищевой промышленности, в мастерских бытового обслуживания, в автотранспортном управлении, даже на железнодорожном вокзале – отсюда тургайцы уезжали в отпуск и по делам службы «на большую землю»... Съездили и в поселок Родина – районный центр Аркалыкского района, где также посетили предприятия торговли и быта, молокозавод. Так что «фактурой» для будущего доклада Зарицкого я был вооружен основательно.

Меня в тот раз удивило не столько то, что Сагдиев до мелочей все знал о молодом городе, да и о райцентре, как и об области в целом, сколько его характерная особенность говорить с людьми. Я был в курсе, что по распределению обязанностей он отвечал в облисполкоме за сельскохозяйственное производство, но Махтай Рамазанович в полной мере владел ситуацией и в других отраслях – в торговле, например, бытовом обслуживании населения. Всех, с кем довелось встречаться, называл по имени-отчеству. Понял, что здесь он, что называется, свой человек. Еще философ Кант говорил, что умение ставить разумные вопросы, есть признак ума и проницательности. Сагдиев, разговаривая с людьми, спрашивал у них как раз о том, что

меня, да и его в данном случае, интересовало. Обращался с каждым уважительно, дружелюбно, и люди отвечали ему взаимностью.

После той нашей первой встречи прошло целое десятилетие. Конечно, как и другие работники управленческий сферы, я с интересом наблюдал за его перемещениями по служебной лестнице. После Тургая Махтай Рамазанович поработал и министром, и председателем облисполкома, и первым секретарем обкома. Все это время был депутатом Верховного Совета республики, дважды в год приезжал на сессии, но тесно общаться с ним больше не довелось...

В марте 1989-го XII сессия Верховного Совета XI созыва избрала Махтая Рамазановича Сагдиева (для многих, кстати, совершенно неожиданно) председателем Президиума Верховного Совета Казахской ССР. Дело в том, что с приходом Геннадия Колбина первым секретарем ЦК вокруг этой, одной из ключевых должностей в высшем руководстве республики, шла постоянная подковёрная возня. До его назначения, высшим законодательным органом бессменно, на протяжении 13 лет руководил Сабир Билялович Ниязбеков, вышедший на пенсию в 1979 году. После него Президиумом Верховного Совета до марта 1984-го руководил Саттар Нурмашевич Имашев (скончался после тяжелой болезни). Назначенный на этот высокий пост Байкен Ашимович Ашимов после того, как по призыву генерального секретаря ЦК КПСС Михаила Горбачева был открыт «огонь по штабам», в начале сентября 1985 года написал заявление об уходе на пенсию.

И началось... Саламата Мукашевича Мукашева, проработавшего чуть более двух лет, также отправили на пенсию. Закаш Камалиденов, по сути, был снят через восемь месяцев после назначения и обязанности председателя три месяца исполняла Вера Васильевна Сидорова, работавшая заместителем председателя Президиума. На эту должность, теперь уже известный факт, претендовал даже сам Колбин...

Время было сложное, и это еще мягко сказано. Горбачевская перестройка все чаще и чаще давала сбои, появились очереди за продуктами и спиртным, в республиках шли непростые процессы в межнациональных отношениях. У нас в Казахстане тоже начались трудности с продовольствием, в том числе и в столице – Алма-Ате.

На заседаниях Президиума Верховного Совета, как правило, принимали участие все заведующие и заместители заведующих отделами. И в тот день, 24 марта, я, став заместителем заведующего Отделом

по работе Советов, также на нем присутствовал – обсуждался отчет Талды-Курганского облисполкома о работе Советов народных депутатов области по обеспечению трудового законодательства в условиях радикальной экономической реформы. Вел заседание Сагдиев.

В ходе обсуждения речь зашла, конечно же, и о частной собственности – этот вопрос был связан с реформой напрямую. Не все здесь складывалось безупречно в пользу докладчика – председателя облисполкома Анатолия Горкопенко. Неожиданно Махтай Рамазанович спросил: а кто у нас отвечает за Алматинскую область. Она была закреплена за мной и, конечно же, я поднялся с места. Сагдиев, сняв очки, внимательно посмотрел на меня, улыбнулся про себя (узнал, наверняка), потом, посуровев, продолжил: скажи нам, сколько в области сельских подворий, сколько потребительская кооперация закупает продуктов животноводства...

Конечно же, я этих данных, как все другие работники Президиума, не знал. Сказал в оправдание, что этими проблемами занимаются исполнительные органы, а в обязанности отдела Советов входят вопросы административно-территориального устройства, выборы народных депутатов всех уровней, их отчеты перед избирателями...

Этими вопросами будем заниматься и дальше, сказал Сагдиев, – но повседневная деятельность Президиума будет направлена в русло практических дел, конкретной экономики. Этим должны заниматься и ваш отдел, и тем более отдел по работе постоянных депутатских комиссий – ведь в их составе специалисты всех отраслей экономики и социальной сферы...

Так, через день-два, практически все ответработники Президиума выехали в области с конкретным заданием – изучить состояние и возможности частного сектора, сельских подворий по дальнейшему увеличению производства продукции растениеводства и животноводства. Сам же Сагдиев в эти дни провел в Президиуме совещание с председателями постоянных депутатских комиссий по активизации их работы.

Вот с тех самых пор мы с Махтаем Рамазановичем, если можно так сказать, надолго и не разлучались... Кстати, я так и не смог до конца понять, почему из всех работников аппарата чаще других по тем или иным вопросам он обращался именно ко мне. Приглашал, просил прояснить какую-то деталь в информации, интересовался подробностями и т. д. Спросить его об этом, когда мы позже

сблизились – я уже работал руководителем аппаратов Мажилиса и Сената парламента, в Администрации Президента, начальником управления Агентства РК по делам госслужбы – председателем дисциплинарного совета города Алматы – и, скажу без ложной скромности, стали уже друзьями (хотя он был намного старше, и я держал дистанцию...), было неловко. Впрочем, Махтай Рамазанович обладал удивительной способностью – умел дружить так, что каждый думал: я для него самый близкий друг...

26 марта 1989 года в республике, как и во всей стране, прошли выборы народных депутатов СССР. От Казахской ССР в высшее законодательное собрание страны впервые было избрано 99 человек, среди них и Махтай Сагдиев. 25 мая в Москве должен был начать работу Первый съезд народных депутатов. И к Сагдиеву, как председателю Президиума, а по должности еще и заместителю председателя Президиума Верховного Совета СССР, зачастили корреспонденты центральных и, наших, республиканских газет. Брал у него интервью и тогдашний главный редактор еженедельника «Караван» Игорь Мельцер. Видимо, так допек его своими неудобными вопросами, что Махтай Рамазанович оставил его на пару минут в кабинете, вышел в приемную и через секретаря позвал меня. Спросил: как будем работать с избранными нардепами, надо ли координировать там, в Москве, их деятельность, ну и так далее...

Я сказал, что в отделе уже разработан предварительный план по взаимодействию с народными депутатами от нашей республики, он согласован с Верой Васильевной Сидоровой, она внесла свои замечания, завтра вам все доложим. Удовлетворенный ответом, Сагдиев ушел к себе...

В Москву я улетел за неделю до открытия съезда. С нашим кремлевским куратором Валерием Столяровым мы расписали размещение членов казахстанской делегации в гостинице «Москва», а также рассадку их в зале съезда. Важно было, чтобы наши депутаты находились в одном секторе – так легче их собрать, проинформировать и т. д. Был составлен список, в котором указывалось, когда, где и кто будет встречать наших людей на железнодорожных вокзалах, в аэропортах. К приезду председателя в гостинице был, по сути, оборудован оперативный штаб. Махтай Рамазанович его и возглавил, координировал деятельность народных депутатов от Казахстана все пять созывов съезда – с 25 мая 1989-го по сентябрь 1991 года...

Хочу особо отметить, что уже в первые дни, когда шло формирование руководящих структур Верховного Совета СССР, Сагдиевым было сделано все, чтобы в них были представлены и представители Казахстана. Так, например, заместителем председателя одной из палат Верховного Совета – Совета Союза впервые стала казашка Баян Искакова, врач из Кокшетау.

Во второй половине 1991 года М.Р. Сагдиев был избран председателем Центрального Совета организации ветеранов республики. На тот момент в Казахстане насчитывалось 2 миллиона 800 тысяч ветеранов войны, труда и Вооруженных Сил, объединенных в 8334 первичные ветеранские организации. Выполняя и свои депутатские обязанности, Махтай Рамазанович с головой окунулся в их заботы и тревоги. Вот тогда-то и прибавилось у Сагдиева седых волос в его шикарной шевелюре...

Я не ставил своей целью подробно рассказать о тех усилиях, которые он предпринимал для социальной защиты людей старшего поколения в период болезненного перехода к рынку только что обретшей независимость страны. Махтай Рамазанович использовал любую возможность, чтобы поддержать ветеранов словом и делом, напомнить власть предержащим, что социальная защита – это не попечительство, не благотворительность. Это обязанность справедливо устроенного общества дать каждому своему гражданину уверенность в завтрашнем дне.

Эту мысль Сагдиев и подчеркнул в тот холодный февральский день 1994 года в Акмоле, когда отмечалось 40-летие с начала освоения целины в Казахстане. Во главе правительства тогда стоял Сергей Терещенко, и я знал, что отмечать эту дату там не хотели. Трудности в стране были неимоверные, особенно на селе: реформы шли с натягом, появилась безработица, задерживалась выплата зарплат, пенсий, пособий, денег не было, вместо них – примитивный бартер. В самом деле, что здесь праздновать?.. Но президент Нурсултан Назарбаев все-таки пошел на то, чтобы пригласить ветеранов целины, поздравить, вселить в людей надежду на лучшее. «Трудности эти временные, сказал он, мы самостоятельно решим возникшие проблемы и вдохнем в целину новую жизнь».

Та речь главы молодого государства стало поворотом в общественном сознании о непреходящем значении целинного подвига, приумножении хлебного богатства республики.

Ветеранскому движению Махтай Рамазанович посвятил более двадцати лет своей жизни, при нем эта организация стала влиятельной силой казахстанского общества. Ветераны всегда поддерживали политику президента, направленную на дальнейшую его демократизацию, повышение жизненного уровня народа, укрепление политической стабильности в стране и международного авторитета Казахстана.

...Хорошо помню тот теплый летний вечер 2012-го года. Мы сидели с Махтаем Рамазановичем на балконе моего дома в Алматы. Пили чай, разговаривали, иногда возвращаясь в прошлое... Вернувшись из Германии после лечения, он какое-то время чувствовал себя хорошо, но потом все чаще и чаще стал снова прибаливать. Вот и в тот вечер, было заметно, что ему нездоровилось...

Только что прошел короткий ливневый дождь, с гор тянуло прохладой, и «умытый» город на закате солнца казался сказочно красивым...

– Сколько сделано, сколько построено за эти годы, – задумчиво сказал Сагдиев. – Смотри, какие дома, дворцы, проспекты...

И замолчал. Надолго... Потом, повернувшись ко мне всем телом, продолжил:

– Все ведь останется людям. Так?..

И снова ушел в себя.

Я вдруг совершенно четко ощутил, что в его душе в эти минуты происходит что-то очень важное, к чему он, может, шел все эти тяжелые месяцы и дни, когда болезнь то отступала, то приходила вновь. И сегодня он как бы в который раз, снова прожил прожитое...

Махтая Рамазановича Сагдиева не стало 25 августа 2012 года...

Во время прощания люди говорили, да и сегодня говорят и пишут о его доброте и сердечности, отзывчивости, трогательном отношении к семье, товарищам, готовности прийти на помощь человеку в трудную минуту, преданности своему делу, высокой ответственности, обостренном чувстве нового, о том, что каждая встреча с ним была своеобразным уроком в постижении нашей непростой жизни.

Воспоминания об этом замечательном человеке невозможно стереть из памяти.

Кәмшат ДӨНЕНБАЕВА,
Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның еңбек сіңірген тәлімгер-ұстазы, Қостанай қаласының Құрметті азаматы

МАҚТАНЫШЫМЫЗ – МАҚТАЙ АҒА

Құдайдың берген абыройының арқасында мен еліміздің талай маркасқа, біртуар азаматтарымен дәмдес, аралас-құралас болдым. Солардың ішінде бүтіндей Қазақ елінің мақтанышына айналған Мақтай Рамазанұлы Сағдиев ағаның орны тым ерекше еді.

Жастайынан ел басқару ісіне араласқан ағамыз бүкіл саналы ғұмырында халық қамын ойлады. Ол менмендік, өркөкіректік, астамшылық қылықтардан мүлдем аулақ болды. Сол үшін де азаматты елі сыйлады, онымен ақылдасты, сырласты. Торғай мен Қостанай жұртшылығы күні бүгінге дейін Мақтай аға десе ішкен асын жерге қояды. Ол 1971–1980 жылдары Торғай облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет істеді. Бұл Торғай облысының жаңа құрылған тұсы болатын. Материалдық-техникалық ресурстар, ғимараттар, кадрлар жетіспей жатты. Торғай табиғатының қатал жағдайында Мақтай ағаларға күндіз-түні уақытпен санаспай еңбек етуге тура келді. Ақыры алға қойылған міндеттер орындалды.

Ал 1983–1985 жылдары Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы бола жүріп, ағамыз осынау құт дарыған өлкенің ішкі резервтерін мұқият іздестірді, егіншілік мәдениетін арттыру, тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық нысандар салу, жол құрылысы жолындағы күрес табандылықпен жүргізілді. Өнеркәсіп кәсіпорындарында, құрылыстарда шаруашылық есеп ұстанымдарын енгізуге, ал ауылшаруашылығында – рентабельділікті арттыруға және өз қаражаты есебінен кеңейтілген өндірісті ұдайы қамтамасыз етуге баса көңіл бөлінді.

Мақтай Рамазанұлы алдына келген адамның сөзін асықпай тыңдайтын, өтініштеріне үнемі құлақ асатын, оның шешу жолдарын нұсқайтын. Ешқандай төрешілдікке бармайтын. Онымен пікірлесіп, ақыл-кеңесін тыңдаудың өзі бір ғанибет еді-ау. Майда қоңыр даусымен, жылы жүзімен, ойлы көзқарасымен сені бірден баурап алатын, оның алдында алғашқы болған жанның өзі Мақтай ағаны бұрыннан білетіндей әсермен шығатын. Мұны өз басымнан өткізгеннен соң айтып отырмын.

Мақтай ағаның бойы қандай биік болса, оның ақыл-парасаты да, абырой-беделі де сондай биік еді, кескін-келбеті қандай сұлу болса, ішкі жан дүниесі де сондай сұлу еді-ау. Жалпы жүріс-тұрысы, сөз саптауы, шаш қою мәнері қазақтың тағы бір алып ұлы, академик Қаныш Сәтбаевқа ұқсас-ты. Мұның өзі біртуар перзенттер бір-біріне ұқсас келеді деген пайымның тағы бір дәлелі болса керек.

Мақтай Рамазанұлы есімі халық арасында аңызға айналған. Басшыларға мұңын айтатын, тілек-талабын білдіруге тырысатын елдің бәрі Мақаңның жолын тосады екен. Ал Мақаң оларды тыңдап, оны орындау жөніндегі тапсырманы рациямен хабарлап, мәселені қолма-қол шешкен. Осындай мінезі, іскерлігі, шешімділігі халық арасына кең тараған. Елдің шаруасы бары да, жоғы да Мақтай ағайды бір көруге, онымен тілдесуге құмар болған. Қостанайда облыстық кеңестің басшысы болып жүргенде бір жолы ауыл сыртында бір топ әйел оның жолын тосыпты. Бұл мәшинесін тоқтатып, жөн сұраса, әйелдер: «Біз Сағдиевті тосып жүрміз», – дейді. «Сағдиев – мен. Не өтініштерің бар?», – дейді Мақтай ағай. Әйелдер бір-біріне қарап көңілді күлкімен: «Біздің ешқандай өтінішіміз жоқ, тек сізді көруге келіп едік» депті. Міне, аңыз деген осылай тарайды. Оның азаматтығы, кісілігі қызмет істеген жердің барлығында да сүйіспеншілікпен айтылады.

Ресми басшы қызметтен кеткеннен кейін республика басшылығы оған Ардагерлер кеңесін басқаруды тапсырды. Ол қызмет жолын аяқтап демалысқа шыққан адамдай емес, бұл жұмысты да жантәнімен беріле атқарды, бойындағы күш-қуатын сарқа жұмсады. Жалтақсыз істеді, баяғыдай кеш қайтты.

Ардагерлердің бар мүмкіндігін ел игілігіне пайдаланды. Сол үшін президент Н. Назарбаев оған талай рет алғыс жариялады.

Адам өз заманының түлегі. Қандай қоғамда өмір сүріп, қызмет етсе де бар күш-қайратын сол қоғамды өркендетуге жұмсаса, ел игілігіне арнаса, еңбегінің жемісін көрді деген осы. Еңбек адамы ешқашан еңсесін түсірмейді, ілгері қарайды. Мақтай аға да осы жолды абыроймен өткен адам. Қалтқысы жоқ, адамдық парасаты жоғары, ұстанған жолына табанды, мінезі дарқан, сері, жаны сұлу, осы қасиеттеріне лайық тұлғасы биік Мақтай ағамыз өз ортасының және оны білетін адамдардың бәрінің сүйіктісі болды.

Жалпы, республика Ардагерлер кеңесінің бастауында біздің даңқты жерлестеріміз Шәңгерей Жәнібеков пен Вера Сидорова

сияқты абыройы биік тұлғалардың тұрғанын біз ерекше мақтан етеміз.

Мақтай Рамазанұлы туралы онымен қатар жүріп, еңбек еткен, арысымызды жақсы білетін азаматтар пікіріне құлақ түрсек, ағаның жарқын бейнесі асқақтап шыға келеді. Республика басшылығында болған Сұлтан Жиенбаев ағаның мына бір пікірі көкейімде жаттalып қалыпты:

«Бүгінгідей жақсы адамды жоғалтып алған кезімізде оның бір ерлігі көңілге оралып отыр. Бұл нағыз ерлік еді, басқалардың қолынан келмеген ерлік еді. Әңгіме Димаш Ахметұлы Қонаевқа қатысты. Осынау ұлы тұлғаның қызметінен қалай кеткені, оның қудаланғаны жұртқа белгілі. Ол қызметтен кетсе де тыныш қоймаған. Қайта-қайта сөз етіп, жүйкесіне тие берген. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің кезекті бір пленумында күн тәртібіне Д.А. Қонаевтың мәселесін бастауыш партия ұйымында талқылауға беру жөнінде мәселе қаралды. Әрине, ондағы мақсат – Димекеңді қорлау, өресі шектеулі адамдардың аузына сөз салып, жосықсыз айыптау. Оны жұрттың бәрі білді. Бірақ оған қарсы тұра алмады, адал адамға араша түсе алмады. Жұрт абдырап, не істерін білмей қалғанда, қасқайып қарсы тұрған, ара түскен Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мақтай Сағдиев болды. Сондағы оның сөзі жұрттың есінде қалған. «...Қашанғы бір адамның соңына түсіп, қудалай бермекпіз. Мұның барлығы – Қонаевқа жасалып жатқан қиянат, әділетсіздік. Өз басымыз Қонаевтың халқына, еліне жасаған жақсылығынан басқа, мемлекетке сіңірген адал еңбегінен басқа ешқандай жамандығын көрген жоқпыз. Сондықтан да мен мынадай ұсыныс енгіземін: осыған дейінгі талқылауды жеткілікті деп санап, Қонаев туралы мәселені осымен тоқтату керек, оның ісін ешқандай да бастауыш ұйымға берудің қажеті жоқ. Пленум мүшелерінен осы ұсынысымды дауысқа салуды сұраймын». Мұндай ұсыныс жасау оңай емес еді, ол тек Мақтай Рамазанұлы сияқты тұлғаның қолынан ғана келді. Бұл ерлік еді. Ерлік жасайтын адам табылса, басқалар соңынан ереді, оны қолдап Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Милкин сөйледі: «Мен Сағдиевтің ұсынысына жүз процент қосыламын. Тырнақ астынан кір іздеп, Димаш Ахметұлын енді қудалай берудің жөні жоқ. Ақсақалға тыныштық берейік» деді. Дауысқа салғанда, төрт адамнан басқа бүкіл пленум мүшелері ұсынысты қолдап шықты. Кейде

біз заман сондай болды деп ақталамыз. Көп адам қызметінен айрыламыз деп қорықты. Сағдиевтің де қызметінен айырылу қаупі бар еді. Ол да басқалар сияқты бұғып қалуына болар еді. Сол заманда Мақтай сияқты ерлер ғана қарсы шыға алды. Жұрттың есінде сондай ерліктер қалады. Бұл – оның көп ерлігінің бірі ғана».

Міне, осы сөздер менің Димаш аға туралы бір-екі сөз айтуыма түрткі болып отыр.

Мен кешегі Кеңес Одағы кезінде еңбек жолымды бастап, дипломдық кәсіптің қыр-сырына бойлап, абырой-атаққа бөленген жандардың бірімін. Кеңес Одағы Коммунистік партиясының үш бірдей съезіне делегат болып қатыстым, үш дүркін КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайландым. Сол кезде Қазақстанды басқарған қайраткер аға Димаш Ахметұлы Қонаевпен талай кездесіп, пікірлестім. Ең алғашқы әсерім, Димекең өте мәдениетті, биязы, қамқор жан еді. Қашан көрсе де қасына шақырып:

– Кәмшат қарағым, халың қалай, бала-шағаң аман ба? – деп тәптіштеп сұрап жататын.

– Шүкір, Димаш аға, балалар өсіп келеді, екі қызым осы Алматыда жоғары оқу орнында оқиды, ұлдарым да өз қатарларынан қалмай әрекет етіп жатыр, – деймін.

Кейін білсем, асыл аға балаларымның жағдайын текке сұрамапты. Тиісті орындарға тапсырма беріп, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде маған Алматыдан екі бөлмелі пәтер бергізді. Ондағысы бой жеткен қыздар жатақханада қысылып, қымтырылмай анасының пәтерінде жатып оқысын дегені шығар. Расын айтсам, Ел ағасының мұндай қамқорлығына ерекше риза болдым. Екінші жағынан Алматыда мыңдаған адам пәтерсіз жүргенде мұндай сыйлыққа қысылдым да. Бірақ қалалық атқару комитетіндегі азаматтар:

– Кәмшат Байғазықызы, бүгіндер сізді бүкіл әлем біледі, Алматыда да сіз жиі боласыз. Осындай абзал жан, ардақты анаға қамқорлық жасау біздің де міндетіміз ғой, – десті.

Ақыры Гүлжан мен Гүлшат сол пәтерге кіріп, Димаш атасының арқасында Алматының заңды тұрғындарына айналды. Сол пәтерде елден астанаға барған талай жандар болды. Өзіміз де Алматыға барған сайын «өз үйімізге» асықтық.

Қазақ елін талай жылдар бойы басқарған асыл ағамыз өз өмірінде талай жандардың тағдырына араласқанын да біз жақсы білеміз. Ол кісінің қабылдауында болып, ағалық ақыл-кеңесін тыңдаған адам

ерекше рухтанып қалады екен. Оны маған талай аралас-құралас болған жандардың жыр қылып айтқаны бар.

Ең бастысы, Дінмұхамед Ахметұлының арқасында Қазақстан қарыштап дамыды. Талай кен орындары ашылды, тың төсі жайқала түсті, қаншама жаңа қалалар мен елді мекендер дүниеге келді. Сол кездегі астана – Алматы қаласы әлемдегі ең әдемі шаһарлардың бірі болды.

Қайран, дүние. Сондай арысымыздың соңына түсіп, қудалауға да ұшыратқан күндер болды. Әйгілі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін, Қазақстанды басқаруға келген «келімсек» Колбин өз елінің адал да абзал перзентіне кір жағуға тырысты. Бірақ «аққа Құдай жақ», өмірде біреудің ала жібін аттамаған, кіршіксіз таза жанға жалған жала жабу әрекеті жүзеге аспады. Сондай күндердің бірінде Димаш аға бергізген Алматыдағы пәтерді үкіметке қайта өткіздім. Ондағы ойым, тырнақ астынан кір іздеген кейбіреулер осынау фактіні де Димаш ағаға қарсы пайдалана ма деген ой еді.

Міне, осындай арысымыздың басына іс түскенде, кешегі жанынан шықпай жағымпазданып жүрген талайлар сырт айналғанда, Мақтай аға сияқты мықтылар ғана өз ұстанымына берік болып, ар аттамады. Мұндай ерлік нағыз азаматтың, ел қамын ойлаған нағыз Едігенің ісі болса керек-ті.

Мақтай ағаның бар өмірі – өскелең ұрпақ үлгі тұтатын өнегелі өмір. Жастайынан тыл тауқыметін арқалап, егіс алқабында еңбек етсе, соғыстан кейін мектепте бала оқытты, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде сол бүкілхалықтық іске белсене қатысты, өткен ғасырдың соңына қарай Торғай, Қостанай, Көкшетау облыстарын басқарып, туған өлкені түлетті. Республикалық дәрежедегі басшылық қызметі де ерекше жемісті болғанын жұртшылық жақсы біледі. Ол халқының бүгіні мен болашағы жолындағы адалдық, ізгілік, парасаттылықты ту етіп ұстаған қайталанбас тұлға бола білді. Сонысымен де ол елінің есінде қалды. Елінің мақтанышына айналды.

16 қаңтар 2013 ж.

Сергей ДЬЯЧЕНКО,
заместитель председателя
Мажилиса Парламента РК (2012–2016)

ОРГАНИЗАТОР, ВОСПИТАТЕЛЬ, ЛИЧНОСТЬ

Махтай Рамазанович Сагдиев был очень интересным человеком со всеми своими достоинствами и недостатками, личностью, которая отличалась многогранностью. Его пример беззаветной любви и преданности Родине, бескорыстного служения Казахстану, народу страны, хотелось бы надеяться, поможет нынешней молодежи вывести страну на путь могущества и процветания.

Светлыми нитями воспоминаний сохранились в моей памяти годы совместной работы в городе Кокшетау под его непосредственным руководством. В апреле 1985 года ЦК Компартии Казахстана рекомендовал меня для избрания первым секретарем Кокшетауского горкома партии. Прекрасно помню напутствие Динмухамеда Ахмедовича Кунаева, который сказал буквально следующее: «Иди, Сергей, работать в Кокшетау. Ты человек молодой, верю, что у тебя получится, там хороший человек во главе области, там Махтай. Он тебя во всем поддержит и поможет». Слова «хороший человек» врезались в память навсегда, как и очень теплая, душевная улыбка Махтая Рамазановича… И сейчас, как яркие годы своей жизни, вспоминаю время работы в Кокшетау, и, действительно, во многом благодаря Махтаю Рамазановичу Сагдиеву, поддержку которого, как первого секретаря обкома партии, ощущал во всем и всегда.

Это было начало так называемой горбачевской перестройки. На глазах шла стремительная политизация населения, либерализация общественной жизни, начинались первые демократические преобразования.

В то интересное время многим крупным руководителям было весьма непросто отходить от вбивавшихся десятилетиями штампов работы с людьми, командно-административного стиля управления.

Сагдиев же, вследствие своей открытости, демократичности, природной сметливости, доступности, свободно, как говорилось в то время, «перестроился», и, главное, умело использовал время надежд и грядущих перемен в обществе в интересах самих же людей. Важно, что он сумел настроить областной и городской

партийно-хозяйственные активы на дружную, слаженную работу по улучшению социально-экономического развития Кокшетауской области и города Кокшетау. Махтая Рамазановича всегда отличали внимательность, чуткость, искреннее желание помочь людям, огромное чувство ответственности за судьбу своих земляков. И его любили за это. Особый акцент в своей работе он делал на встречах с людьми, так как по его глубокому убеждению, только непосредственное общение с гражданами, что называется, глаза в глаза, может сформировать у людей правильное представление о работе властных структур и сплотить их на реализацию поставленных целей и задач. Хорошо зная стиль его деятельности, могу утверждать, что он постоянно «сверял часы» с общим ходом государственного развития страны. И здесь надо отдать должное его чувству времени, дальновидности и зоркости, умению выделить политический момент, расставить нужные акценты.

Мне представляется, что именно годы работы в Кокшетауской области стали «звездными» в биографии Махтая Рамазановича. Он буквально горел работой и стремился каждый день внести те или иные позитивные перемены и получить желаемый результат.

Благодаря принятому комплексу мер, умелой работе с кадрами и в городе, и в области удалось достигнуть высоких по тому времени темпов жилищного строительства. Тем самым, в определенной мере, снять остроту жилищного вопроса, а также ликвидировать острую нехватку школ, детских садов, учреждений здравоохранения.

Вспоминаю, что даже в самом центре города в то время было немало аварийных, ветхих домостроений, бараков. И именно в реализации программы жилищного строительства, мобилизации всех и вся для ее выполнения, проявился мощный организаторский талант первого секретаря обкома партии. Скажем, если в 1985 году в Кокшетау было введено около 67 тысяч квадратных метров жилья, то в 1991 году – уже 144 тысячи, что, к слову сказать, в полтора раза больше, чем за всю предыдущую пятилетку. Примерно столько же в Кокшетау было и горожан. Таким образом, на каждого жителя города в течение года, образно говоря, было построено по одному квадратному метру жилья, что стало в то время лучшим показателем в бывшем Советском Союзе. И этим особо гордился Махтай Рамазанович.

Много внимания в областном центре начали уделять строительству и кооперативного, и индивидуального жилья, энергично

взялись за сооружение домов усадебного типа. Особое внимание первый секретарь уделял застройке улицы имени Максима Горького и проспекта Коммунистический (ныне Абылай хана). Не будет преувеличением сказать, что его смелость и энергия превратили болотистое место в красавец-проспект, являющийся ныне своеобразным памятником его работе в Кокшетау. На этом проспекте он бывал практически ежедневно. Впрочем, как и на многих других строительных объектах города. Всегда поражался тому, что он знал о городе практически все. Причем в ежедневном формате. Лично отслеживал строительство всех многоэтажных домов, и всегда знал, когда поднимался новый этаж того или иного дома, когда намечалась его сдача в эксплуатацию, сколько в этом доме квартир, какие категории граждан в нем получат жилье и т. д. Особое внимание уделял благоустройству города, вносил много интересных предложений и начинаний и требовал их неукоснительного исполнения. Скажем, любимым местом отдыха для горожан стал сквер на пересечении улиц Максима Горького и проспекта Абылай хана. А началось все с того, что Махтай Рамазанович поручил создать в городе что-то необычное и интересное. Вот мы и нашли в Зерендинском районе соответствующую сопку, буквально по пластам перенесли ее в центр Кокшетау, благоустроили прилегающую территорию и благодарные люди дали народное название этому месту – «Махтай гора».

Здесь и многое другое связано с именем Сагдиева. Помню, как он мечтал поставить в городе памятник верному другу акына Акана серэ скакуну Кулагеру. И сейчас на въезде в областной центр со стороны Щучинска гордо стоит красавец Кулагер. Помню, как он мечтал обустроить территорию, прилегающую к озеру Копа. Сейчас в этом районе начато строительство жилых кварталов, объектов спортивного и социально-культурного назначения, скверов, парков. Благодаря принятому комплексу мер и умелой работе с кадрами и в городе, и в области удалось достигнуть высоких по тому времени темпов жилищного строительства. А сколько в те годы было сделано и по организации торговли, строительству и реконструкции перерабатывающих предприятий! В магазинах всегда было достаточное количество молока, масла, другой молочной продукции! На прилавках всегда было множество видов мясной продукции, колбас по кооперативным ценам, кстати, одним из самых низких в республике. У многих сейчас может возникнуть недоумение, мол, что же здесь особенного, это

же норма дня? А особенность как раз в том и заключалась, что в то время жизнь постоянно ставила перед нами все новые и новые проблемы и задачи, в том числе и в виде поставки и реализации того или иного дефицита: то мяса нет, то молока, то порошка стирального, то сахара... И так бесконечно. За устранением всех этих нехваток, не оговариваюсь и не преувеличиваю, ежедневно следил лично первый руководитель области. И этого, видимо, требовало само время.

Многое значила для меня оценка моих действий со стороны Махтая Рамазановича и тогда, когда Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев доверил мне руководить Акмолинским регионом в 2010–2012 годы. Зная и помня любовь Махтая Рамазановича к области и городу Кокшетау, всегда внимательно прислушивался к его советам и с благодарностью принимал его рекомендации во время наших встреч. Видел, как Махтай Рамазанович радовался преобразованиям, появлению новых предприятий, объектов социально-бытовой сферы, благоустройством городов, поселков и аулов.

Сейчас Махтая Рамазановича с нами нет, его душа где-то в других мирах. Нам же остается память о прекрасном человеке, патриоте, личности, руководителе. Благодарю судьбу за то, что имел возможность работать под руководством выдающегося человека, тесно общаться с этой яркой, незаурядной личностью.

2012 г.

Талгат БУКЕНОВ,
Почетный работник
образования и автотранспорта республики

ОТДАВАЛ ТЕПЛО ДУШИ ЛЮДЯМ

Когда 27 июля после открытия мемориальной доски на доме по улице Джамбула, 40 в Алматы, где жил Махтай Рамазанович Сагдиев, его старшая дочь Галия попросила написать о нем, сказав, что готовится к изданию книга о ее папе, память вернула меня в те непростые в истории Казахстана и бывшей советской страны годы. Я как бы погрузился в ту уже далекую теперь, но незабываемую атмосферу душевного подъема, время больших ожиданий. Началось

освоение целины, строились центральные усадьбы новых совхозов, социально-бытовые объекты, дороги, водоводы, линии электропередач. Возводились целые города! Республика жила полнокровной жизнью.

Забегая вперед, без лишней скромности скажу, что и мне довелось тогда поучаствовать в тех больших делах, как говорится, приложить руки к тому, что и сегодня служит людям.

Махтай Рамазанович хорошо проявил себя и на хозяйственной работе – в 33 года стал директором одного из крупных совхозов в Северо-Казахстанской области, и как партийный руководитель – успел поработать первым секретарем Соколовского и Джамбулского райкомов. В 1971 году он был рекомендован первым заместителем председателя облисполкома только что образованной Тургайской области.

В 1976 году я закончил Целиноградский инженерно-строительный институт и был направлен на работу в Тургайское областное грузовое автоуправление главным инженером. Распределением был доволен, ведь Тургай – древняя казахская земля. В школе, да и в институте я старался больше узнать об истории республики, в том числе и об этом удивительном и волшебном крае. Тургай поэты называли землей мудрецов, благородных сынов Алаша. Знал, что еще в XVIII веке акыны слагали песни и кюи о батыре Жанибеке Шакшаулы, ставшем верным помощником хана Аблая, объединившим все казахские жузы. Отсюда вышел педагог-просветитель, писатель, фольклорист и этнограф, первый учитель казах Ибрай Алтынсарин, открывший казахские школы с обучением на родном языке, автор учебника родного и русского языков для казахских детей. В этом списке Ахмет Биримжанов – депутат первой Государственной думы от Тургайской области, духовный лидер народа Ахмет Байтурсынов, один из руководителей Среднеазиатского восстания 1916 года в борьбе за Советскую власть в Казахстане Амангельды Иманов…

Конечно, я задался целью когда-нибудь побывать в тех местах, где жили, работали и боролись эти выдающиеся личности казахского народа.

Перед отъездом в Тургай, решил съездить на свою малую родину, в аул, где родился и впервые пошел в школу. Проведал дедушку Рамазана, отца Махтая Сагдиева. Принял он меня как родного сына, рассказал, что Махтай Рамазанович работает в Тургайском

облисполкоме и просил обязательно к нему зайти. С моим отцом Сабыром Махтай Рамазанович были неразлучными друзьями с детства. Папа наш умер к большому сожалению рано, оставив нас с младшим братом Кайратом сиротами, и Сагдиевы в те годы были для нас самыми близкими людьми.

Прибыв в Аркалык, я прямо с поезда приехал в облисполком. Зашел в приемную. Было раннее утро, рабочий день только начался, но секретарь сказала, что у Махтая Рамазановича люди, надо подождать... В его кабинет то и дело заходили работники с бумагами, зампред проводил «летучки», совещания. В общем, я просидел в уголке дивана до вечера...

И тут по селектору раздался голос Махтая Рамазановича, он спросил у секретаря, есть ли кто еще на прием. Девушка ответила, что с утра, мол, сидит молодой человек, ждет вас. «Кто он?», спрашивает Сагдиев. Секретарь задает этот вопрос мне. Я так растерялся, что сказал первое, что пришло в голову: племянник, говорю. В трубке помолчали, потом Сагдиев сказал: «Пусть войдет», и в селекторе щелкнуло.

Когда я зашел в кабинет, Махтай Рамазанович внимательно посмотрел на меня, потом вскочил и со слезами на глазах подошел ко мне, обнял, прошептав имя моего отца: Сабыр... Я знал, что как две капли воды похож на своего папу и Махтай-ага узнал во мне своего друга... Он тут же позвонил домой, Тукетай Зиадановне, сказал жене: ставь бесбармак, и потянул меня к выходу...

В тот вечер мы просидели с ним до глубокой ночи. Он вспоминал свое детство, своего друга Сабыра, рассказывал смешные и грустные истории из их детской жизни, о работе в колхозе...

Эта встреча стала для меня целым событием, которое осталось в душе на всю жизнь. Не один раз приходила в голову мудрая казахская пословица-пожелание: «Если умер твой отец, пусть будет жив тот, кто его видел...»

Работая в автоуправлении, поначалу главным инженером, а затем и замначальника, постоянно ощущал заботу и поддержку со стороны Сагдиева. Первое время мне пришлось даже жить в их семье, пока устроился с жильем. Старался, как можно лучше выполнять все его поручения. Их было много, ведь основным видом транспорта в области для перевозки грузов был автомобиль, лучше с прицепом. Наше управление принимало самое активное участие в доставке

кормов для скота на дальние отгонные участки, строительных материалов, в уборочной кампании.

В памяти особо остался 1979-й год, он был самым урожайным с начала освоения целины. Казахстан тогда сдал государству 1 миллиард 262 миллиона пудов зерна, причем вклад Тургайской области в этот каравай был самым высоким за все годы ее существования – 118,7 миллиона пудов. Большой хлеб Тургая! Мы создали 10 автопоездов большой грузоподъемности, за каждый рейс такой автопоезд доставлял на элеватор до 100 тонн зерна. В том году многие наши водители были отмечены государственными наградами, лично я получил орден «Знак Почета».

В июле 1980-го Махтая Рамазановича назначили министром рыбного хозяйства республики и, бывая по делам службы в Алматы, я не упускал случая, чтобы зайти к нему – поздороваться, пожать руку и услышать от него добрые напутствия.

Уже будучи первым заместителем председателя Аркалыкского горисполкома, я в 1987 году приезжал на один из республиканских семинаров в Кокчетав, где Махтай Рамазанович Сагдиев работал первым секретарем обкома. Участники таких семинаров могли наглядно убедиться, как должна развиваться в социально-экономическом плане территория. По сути, это были первые ростки самоуправления местной властью. Гостям показывали, как в области поставлено жилищное строительство, в том числе сооружение домов коттеджного, усадебного типа, объектов социально-культурного и спортивного назначения, скверов, парков. Как должны решаться вопросы продовольственного обеспечения населения. Гости могли посетить магазины сети «Сыбага», построенные в традиционном казахском стиле, где не было никаких очередей за мясными, молочными продуктами, хлебобулочными и кондитерскими изделиями (тогда как в отдельных городах Казахстана поговаривали о введении продуктовых карточек…).

Нельзя было не гордиться делами нашего земляка, близкого друга нашей семьи.

Что еще возникает в памяти, когда я вспоминаю этого человека? Знаете, я никогда не замечал в его взгляде при встречах с людьми безразличия, равнодушия. Он умел слушать людей. Его глаза были внимательны к собеседнику, доброжелательными, часто веселыми. Лишь в те моменты, когда речь шла о серьезных недостатках,

несправедливом решении, чиновничьем произволе, в его глазах вспыхивал гневный огонек.

Он был честным, подлинным слугой народа, отдав людям тепло своей души. И останется в их памяти. В добрых и светлых воспоминаниях.

Жәнібек КӘРІБЖАНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАЙЫ

Мақтай Рамазанұлымен тығыз қатынасқаным және қызметте үзеңгілес болғаным мен үшін үлкен мәртебе. Ағамыз адамгершілігі мол, ел қызығардай үлгіге, тәлім тәжірибеге толы, еліміздің абзал азаматы еді. Сонау сексенінші жылдар басында Мәскеуден Бүкілодақтық кибернетика ғылыми-зерттеу институтындағы қызметімді тастап, елге келгенде мені Торғай облысына совхоздың бас экономисі жұмысына жіберген еді. Сол уақытта бірінші рет Мақтай Рамазанұлы Сағдиев туралы естіген болатынмын. Білікті басшы, шебер ұйымдастырушы, әділ адам екенін қарапайым халық сүйсіне айтып жүргенін еміс-еміс естідім.

Бірінші танысу Алматыда, Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінде болды. Аталмыш комитеттің басшысының бірінші орынбасары – Министр қызметін атқарып жүрген едім. Ұзын бойлы, жүзі ашық, өзіне адамның назарын тез аудартып, көңілін баурап алатын адам екен.

Сол кезде Мақтай Рамазанұлы Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы. Басқарып отырған облысы республикадағы ауылшаруашылығы ең дамыған аймақ. Көптеген жаңалықтар енгізген. Әсіресе, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуде алдыңғы қатарда болатын. Дүкендері де жергілікті нан, ет-сүт өнімдеріне толып тұратын. Әлеуметтік жағдайға көп жаналық енгізген. Александровка (қазіргі Кенесары) ауылын қайтадан жаңғыртып, үлгі ретінде жаңа құрылыстар салған. Сол кезеңдерде көптеген ауылшаруашылық мәселелерін талқылап едік. Көкшетау облысын аралағанда Мақтай ағамыздың істеп жатқан ісін, өмірге енгізген жаңалықтарын көріп, өзін ірі ауылшаруашылық мақтаны, үздік

агроөнеркәсіп кешенінің ұйымдастырушысы ретінде танытқанына өз көзіммен куә болдым. Қазақ елі егемен болғаннан кейін Көкшетау облысының бірінші әкімі, сол кезде облыстық әкімшіліктің басшысы болып Президент жарлығымен тағайындалдым. Әрине, облысқа баруға дайындық жүргізіп, сараптау жасадым. Ең бастысы, аграрлық облысты индустрияландыру қажет еді. Соның арқасында әлеуметтік мәселелерді шешу. Ол жылу, жол, су мәселелері. Көкшетауда осы мәселелермен толығырақ танысып қарасам, Облыста бұл проблемаларды шешуге Мақтай ағамыз кезінде кірісіп кеткен екен.

Дәлірек айтсам, РК-2 қазандығы барысында әжептәуір жұмыстар істелген. Жол мәселесін шешуде де бастама жасалып, Көкшетау мен Щучинск арасындағы кең жолды салуға кіріскен екен. Ал, су мәселесі кезінде өте күрделі, Көкшетауға Сергеев су қоймасынан су құбыры тартылып, Саумалкөлге жақындап келген. Осы құрылыстарды жалғастыруды ойлағанмын.

Сонымен қатар, Васильев кен-байыту комбинатының жұмысын бастап, жаңа әдіспен алтынның концентратын алып, Көкшетауда алтын қорытатын цех салып та үлгеріпті. Сырымбеттегі қалайы кен орнын игеруді бастауға өз үлесін қосқан екен. Міне, осындай, елге, халыққа қажетті мәселелерге бас болып, күш салған Мақтай ағамыз облыста өзінің өшпес ізін қалдырып еді.

Сондықтан да әсем Көкшеде қарапайым халық болсын, әртүрлі деңгейдегі басшы болсын, Мақтай ағамыз туралы сүйіспеншілікпен айтатын. Өз тарапымнан мен де Мақтай ағамыздың бастауларын жалғастырып, әрі қарай дамытуға тырыстым.

Кейінірек Ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметіне ауысып, Астананы Ақмолаға көшіруді шын жүректен қолдап, үлкен көмек көрсетті. Жалпы, Ардагерлер кеңесін басқарғанда ақсақалдардың, жалпы халқымыздың құрметіне бөленді.

Облыстарды басқарғанда Республикалық Ардагерлер кеңесімен, оның басшысы Мақтай Рамазанұлы Сағдиевпен ақылдасып тұратынбыз. Сондағы ең бастысы, Мақтай ағамыздың айтатыны – «Ардагерлер еліміздің алтын қазынасы екенін ешқашан естен шығармау керек, жасаған көмегіміз есесімен қайтады» деуші еді.

Мақтай ағамыздың ширек ғасырдан артық уақытта біреуге бір қатты сөйлеп, айғайлағанын, не болмаса біреуге жекіп ұрысқанын көргенім жоқ. Интеллектуалдығы жоғары, адамгершілігі мол, өміршіл, жұртшыл, ақ ниетті, абзал ағамыз еді.

Ақырғы күндеріне дейін кездескенде, телефон арқылы сөйлескенде елдің жағдайын біліп, оның ішінде ауылдың, жалпы халықтың жағдайын сұрайтын. Екі ғасырдың тоқайласқан тұсында өмір сүріп, екі дәуірде – Совет одағы кезінде, одан кейін Егемен Қазақстан кезінде еліне, жеріне қызмет жасады.

Көп жылдар жоспарлы экономика құрып, компартия қызметкері болса да, Қазақстанның нарық экономикасына көмектесіп, толығымен қолдады және Президентіміздің реформаларын іске асыру жолында белсене еңбек сіңірді. Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай «Мақтай ағамыз әдемі картая білді».

Фазыл Кәрібжанов ағамыздың жүз жыл туғанына байланысты еліміздің елеулі мемлекет, қоғам қайраткерлері, Президентке хат жазғанда бірінші болып қолтаңбасын Мақтай Рамазанұлы Сағдиев қойғанда, айтқан екен: «Біз ұлыларымызды әрдайым ұмытпайық» деп. Солай болғай деп әрдайым тілеймін.

Мақтай ағамыз да еліміздің ұлыларының қатарында екені сөзсіз. Ерен еңбегі, халқына жасаған қызметі әр уақытта есте қалады.

Серік УМБЕТОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Тұла бойы толған кісіліктен, елге деген шынайы сүйіспеншіліктен тұратын алдыңғы толқын ағалардың өнегесі ілгері ұмтылған ұрпақтың алдынан шамшырақтай сәулесін түсіріп, көңіл түкпіріне жылуын сеуіп тұратыны шындық.

Сондай пайым-парасаты биік, санасы сергек, жаны таза, ойы терең, еңбегі ерен аймандай ағалардың бірі – Мақтай Рамазанұлы Сағдиев болатын.

Өмір жолын қарапайым бригадир қызметінен бастап кеңшар директоры, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, бірнеше облыстарда кеңес, партия органдарының басшысы қызметтерін абыроймен атқарып жүргендігін ол кездерде теледидар, радиодан көріп, естіп, газет беттерінен оқып біліп жүрдік. Сол тұстағы жемісті жұмысының нәтижесі шығар, республика басшылығы ол кісіні

республиканың Балық шаруашылығы министрі етіп тағайындады. Осы кездерде мен қызмет етіп жүрген Алматы облысы Күрті ауданында тікелей министрлікке бағынышты «Достижение» және І-Балқаш балық шаруашылықтарына жақсы көмектесіп, олардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға және балық өнімдерін елге сату жүйесін жетілдіруге көп ықпал жасады. Сөйтіп, республика астанасында және кейбір облыс орталықтарында сауда технологиясын жақсартып, оларда тоңазытқыш жабдықтарымен жарақталған мамандандырылған балық сату дүкендерін ұйымдастырды.

Әсіресе, Көкшетау облыстық партия комитетін басқарып тұрған кезінде абзал ағамыз туралы жылы лебіздерді жиі еститінбіз.

Көкшетауда ол кезде жергілікті ұлт саны тым аз кезінде кеңестік саясаттың шеңберінде шектеліп қалмай, өңір тіршілігін ретінше, жөнімен қазақыландыруға, қаланың тазалығымен қатар ұлттық құндылықтарды жандандыруға күш сала білді. Сол сияқты сауда жүйесін жетілдіріп, қалада халқымыздың кеңпейілділігі, қонақжайлылығы қастерлі қасиеттерін көрсете білетін арнайы «Сыбаға» дүкендерін ашты, мұны білетін жұрт әлі күнге дейін жыр қылып айтады.

Облыстың руханиятымен қатар сол өңірдің экономикасының да өркендеуіне зор үлес қосты. Аймақта республикадағы үлкен құс фабрикасының, аң өсірумен айналысатын шаруашылықтардың ашылуына, бірқатар шаруашылықтарда ауруханa, тіпті кейбірінде санаторий-профилакторий ашқызды, мұның бәрі сол жердегі халықтың қамы үшін ғой.

Елге танымал абыройлы, салмақты, парасатты басшы болған соң ол кісінің еңбек жолының әрбір сатысына, жетістігіне сүйіспеншілікпен қарап жүретінім рас еді. Республика Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы, кейіннен Президенттің кеңесшісі болған кездерінде бар білімін, тәжірибесін, ұйымдастыру қабілетін туған елінің игілігі үшін жұмсады. Қандай лауазымды жұмыстарды атқарса да, кісілігі, кішілігі, ізгілігі көрініп тұрды. Осынау қажырлы қайраткер, білікті басшының артында қалған абыройлы ісі мен айшықты ізінен оның нағыз халықтың адамы екені анық көрінеді.

Мақтай аға ресми басшылық қызметтен кеткенде мен Жамбыл және Алматы облыстарында еңбек ете жүріп, сол жылдары етене жақын араластым деуге болады. Ол кісі республикалық Ардагерлер кеңесін басқарып, бұл бағытта көптеген игілікті істерге ұйытқы бола

білді. Зейнетке шықтым деп ел-жұрттан шеттеп қалмай, қайта мемлекет қайраткері, қазына қария өмірден алған тағылымын, бар жиған тәжірибесін, қоғамның және кейінгі ұрпақтың қажетіне арнады.

Осы орайда айта кетейін, Мақтай Сағдиев Алматы облыстық Ардагерлер кеңесінің жұмысының іс-тәжірибесін республика жұртшылығына таратуға көп септігін тигізді. Республикадағы облыс ардагерлері төрағаларын Жетісудың орталығына жинап, Талдықорғанда ардагерлер үйін салу идеясын қуаттады. Сол жолғы сапарында біраз мәселелерді талқылаған едік. Облыста атқарушы билік тарапынан ардагерлерге жасалған көптеген жеңілдіктермен қатар игілікті істерді шын ынтасымен насихаттап жүрді. Иә, қоғамдық жұмыстарда да, ұлттық мақсат-мұраттар үшін атқарылар істерде де Мақтай ағаны үнемі алдыңғы шептен көретінбіз. Ардақты ағаның ақыл-кеңесін, ғибратты әңгімелерін тыңдаудан көп нәрсені көңіліме түйіп, көкейіме қондырғанымды әр кезде еске аламын.

Халқымыздың «Жақсының аты өлмейді», «Асылды тот баспайды» деген даналық сөздер осындай маңайына шуағын шашқан, кейінгі жастарға үлгі-өнеге болатын тағылымды тағдыр иелері туралы айтылса керек. Сондықтан, қазақ халқы барда Мақтай ағаның есімі ешқашан да ұмытылмақ емес.

Бердібек САПАРБАЕВ,
Ақтөбе облысының әкімі

ТІРЛІГІ – ТӘЛІМ, ІСІ – ӨНЕГЕ

Қайда жүрсе де, қайда қызмет істесе де өз биігінде қалатын адамдар болады. Ондай жандардың кісілік келбеті, адамдық қадір-қасиеті, болмысы халықтың жүрегінде ұзақ жылдар бойы сақталып қалады. Міне, сондай халқының қалаулы, елінің елеулі азаматтарының бірі болған кісі Мақтай Сағдиев ағамыз дер едім. Ол өзінің қайырымдылығымен, кішіпейілдігімен, парасаттылығымен халқының ықыласына бөленген басшы еді.

Мақтай ағамыздың есімі аңызға айналған десем де болады. «Жақсыдан – шарапат» дегендей, ел ішінде Мақтай ағамыздың қамқорлығына бөленіп, мейірімін көргендер де жетерлік. Ішіндегі мұңын, тілек-талабын білдіруге тырысатын елдің бәрі Мақаңның

жолын тосады екен. Ал Мақаң қарапайым ғана жұрттың арыз-арманын мұқият тыңдап, оны орындау жөніндегі тапсырманы жауапты адамдарға рациямен хабарлап, мәселені қолма-қол шешіп отырыпты. Мақтай ағамыз осындай кішіпейіл мінезі, іскерлігі, шешімділігі арқасында халықтың зор сый-құрметіне бөленген жан. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген сөз дәл осы Мақтай ағамызға арнап айтылғандай. Елдің шаруасы бары да, жоғы да Мақтайды бір көруге, онымен тілдесуге құмар болған деседі. Қостанайда облыстық кеңестің басшысы болып жүргенде, ауыл сыртында бір топ әйел оның жолын тосыпты. Мәшинесін тоқтатып жөн сұраса, әйелдер: «Біз Сағдиевті тосып жүрміз» дейді екен. «Сағдиев – мен. Не өтініштерің бар?» дейді Мақтай аға. Әйелдер бір-біріне қарап көңілді күлкімен: «Біздің ешқандай өтінішіміз жоқ, тек өзіңізді көруге келіп едік» депті. Міне, аңыз деген осылай туатын болса керек. Мақтай Сағдиевтің азаматтығы, кісілігі қызмет істеген жердің барлығында да сүйіспеншілікпен айтылады.

Кезінде Арал теңізінің тағдыры да Мақтай ағамызды қатты алаңдатып, ой тереңіне құлатып, толғандырды. Әрине, теңіз тартылғанда оның зардабын тартқан, ең алдымен, балықшылар болды. Мұндағы балық кәсіпшілігінің көкжиегі тарылды. Қаншама тәжірибелі балықшылар кәсіп көзінсіз қалды. Міне, XX ғасырдың 80-жылдарының басында балық шаруашылығы министрі болған М. Сағдиев оларға қол ұшын созды. Шелектегі тоған шаруашылығының басына айдыны тартылған Арал маңынан сексенге жуық отбасын көшіріп әкелді. Министрлік тарапынан бөлінген қаржыға балықшылардың отбасы үшін арнайы тұрғын үйлер салынды. Арал апатынан осылай кейбір балықшылар Зайсан өңіріне қоныс аударуға тілек білдіріп көшіп келген. Міне, қиын күнде нағыз басшы осылай істесе керек.

Иә, Мақтай ағамыз қандай да болсын мақтаудан да, марапаттан да шет қалған жоқ. Бірақ ол үшін туған елінің, жұртының ыстық ықыласы ерекше еді.

Зейнеткерлікке шығып, басшылық қызметтен кеткеннен кейін республика басшылығы Мақаңа Ардагерлер кеңесін басқаруды тапсырады. Ол қызмет жолын аяқтап, демалысқа шыққан адамдай емес, бұл жұмысты да жан-тәнімен беріле атқарды, бойындағы күш-қуатын сарқа жұмсады. Біле білген адамға ардагерлер армиясы дегеніміз – үлкен күш. Олар тәжірибе мен даналықтың,

ұшан-теңіз қиял мен ой-өрістің таусылмайтын кені емес пе? Ендеше сол бір алтынға бергісіз кенді мемлекетіміздің дамуы жолында неге пайдаланбасқа. Мақтай Рамазанұлының басты мақсаты да осы, яғни ардагерлердің бар мүмкіндігін ел игілігіне пайдалану болды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі кезінде Мақтай ағамен тығыз араластым. Өзіне тән адалдығы мен қарапайымдылығы, биік беделі арқасында ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетін ел игілігіне, мемлекеттік органдардың алдында қарт адамдардың мүддесін білдіруге сарп етті, оның қарттардың әлеуметтік жағдайы мен ахуалын жақсарту үшін сіңірген еңбегі орасан зор. Мақаңнан талай ақыл-кеңес алдым.

Мүшелерінің саны ең көп қоғамдық ұйымның тізгінін ұстай жүріп, ол өзінің барлық күш-жігерін елде бейбітшілік пен тұрақтылықты, ынтымақ пен бірлікті сақтауға, ардагерлердің қоғамдағы рөлін арттыруға, жастарға аға ұрпақты үлгі ете отырып тәрбие беруге жұмсады.

Әміршілдік-әкімшілік жүйеден нарықтық экономикаға көшу кезеңінде халықтың табысы күрт азайып, ақша құнсызданған кезде, еңбек қызметіне ынталылық азайған жағдайда Ардагерлер кеңесі тұрақтандырушы, реттеуші тәрізді қызмет атқарды. Мақтай Рамазанұлының даналығы, міне, осы жұмысты ұйымдастыра білуінде деп ойлаймын.

Ол басқарған Кеңес те, маркұмның өзі де азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыруды реформалау жөнінде маңызды шешім қабылдауға белсенді қатысты. Олардың ішінде Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың және Арал маңындағы экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңдар, жаппай саяси қуғын-сүргіндердің құрбандарына, ҰОС қатысушылар мен мүгедектеріне, соларға теңестірілген адамдарға берілетін әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер жөніндегі актілер бар.

Шығыс Қазақстан облысына әкім болып келген кезде өзінің батасын беріп, ақ жол тіледі. Еліміздің ақсақалы Социалистік Еңбек Ері Бошай Кітапбаевқа мен туралы жақсы пікір айтып, беделімді көтерді. Ол ұлағатты сөз осы уақытқа дейін ел арасында айтылып жүр.

Шығысқа бір-екі рет келіп жағдайымызды біліп, өзінің ақыл-кеңесін беріп кетті. Соңғы рет телефонмен сөйлесіп жағдай сұрасқанда, өзінің қиналып тұрғанын білдірмей, «Денсаулығым

жақсы, Германияға барып келсем, барлығы дұрыс болады. Аманшылық болса жазда Қатонқарағай жаққа барамын» деп еді. Өкінішке қарай, бұл менің Мақтай ағамен соңғы сөйлескенім екен ғой.

Жалпы, біздің халық жақсы азаматын ешқашан ұмытпайды. Мақтай Рамазанұлы ауданды да, облысты да басқарды. Министр де болды. Қазақстан Жоғарғы Кеңес Төралқасының төрағасы да болды. Барлық жерде ол өзінің іскер басшы, ұлтжанды азамат екенін көрсетті. Оның осындай ашық адами қасиеттерімен халық жүрегінде мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Гульжан КАРАГУСОВА,
депутат, председатель Комитета по финансам и бюджету Мажилиса Парламента Республики Казахстан

БЫЛ ДЛЯ НАС ПРИМЕРОМ

Вспоминая Махтая Рамазановича, можно рассказать многое о его интересной и насыщенной жизни. Это был яркий представитель своего народа, настоящий интеллигент, профессионал, прекрасный руководитель, да и просто добрый и мудрый человек.

Начав свою трудовую деятельность еще в 50-х годах, он прошел все ступени роста от простого сельского учителя до крупного политического и общественного деятеля республики.

Значительный вклад он внес в развитие областей республики. Старшее поколение до сих пор с благодарностью вспоминает о тех годах, когда Махтай Рамазанович, будучи руководителем в Тургайской, Костанайской, Кокшетауской областях, изменил к лучшему облик городов и сел. С огромным энтузиазмом их обустраивал, строил новое жилье, большое количество социально-культурных объектов, которыми население пользуется и по сей день.

Махтай Рамазанович достойно работал на различных высоких должностях, был председателем Президиума Верховного Совета Казахской ССР, избирался членом ЦК КП Казахстана, депутатом Верховного Совета, Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

Мне довелось близко познакомиться с Махтаем Рамазановичем в годы моей работы на посту министра труда и социальной защиты. Несмотря на свой уже немолодой возраст, он был весьма активен,

возглавлял Совет ветеранов республики и принимал участие во многих общественно-значимых мероприятиях, делясь своим многолетним опытом, обсуждая и предлагая пути решения актуальных проблем страны.

Возглавляемый им Совет ветеранов работал в тесном контакте с Министерством труда и социальной защиты, участвовал в разработке положений о пенсиях, в которых были учтены высказанные нашими ветеранами замечания и предложения.

Махтай Рамазанович вложил много труда, заботясь о материальном положении пенсионеров и ветеранов республики, изыскивая возможности для улучшения их жизни и быта, предоставления им льгот. Благодаря его активной работе решались наболевшие проблемы многих ветеранов и, в первую очередь, вопросы предоставления квартир участникам Великой Отечественной войны, капитального ремонта жилья. Не оставлял он без внимания и тружеников тыла и инвалидов.

Ветераны войны и труда во главе с Махтаем Рамазановичем являлись самими активными агитаторами в период выборов в законодательные органы страны. Они всегда приходили на избирательные участки одними из первых и, кроме того, работали в избирательных комиссиях и штабах, доверенными лицами кандидатов в депутаты.

Несмотря на такую яркую, насыщенную событиями жизнь, он всегда оставался очень простым в общении, скромным, честным, доброжелательным к людям любого возраста, национальности, социального положения. Для многих, кто был младше его по возрасту, он был учителем и мудрым наставником.

Махтай Рамазанович был неравнодушным человеком, с невероятной жизненной энергией и любовью к людям. И, наверное, поэтому люди к нему тянулись, верили ему и относились с уважением.

Он был человеком с прекрасным чувством юмора, располагал к себе людей открытым характером, сердечностью, щедростью души и потому так дорог всем нам, знавшим его.

Его жизнь должна служить примером, достойным для подражания молодым поколениям наших сограждан.

Ерengаип ШАЙХУТДИНОВ,
председатель Алматинского городского Совета ветеранов,
академик НАН РК

ОН ОЛИЦЕТВОРЯЛ ЛУЧШИЕ КАЧЕСТВА НАРОДА

Махтай Рамазанович Сагдиев своими решениями, поступками, всей своей жизнью являл сплав знаний и опыта, мудрости и человечности.

Он останется в моей памяти чрезвычайно отзывчивым, глубоко порядочным и ответственным человеком. И я благодарен судьбе за то, что был знаком с такой личностью, как Махтай Сагдиев. Не понаслышке знаю его как высококомпетентного, мудрого и талантливого руководителя, простого в общении, честного и скромного человека.

По сути, он олицетворял собой, своим характером самые лучшие качества нашего казахского народа. Всегда гостеприимный, дружелюбный, он умел проявлять колоссальную выдержку и терпение.

Мы с Махтаем Сагдиевым земляки, оба уроженцы Северо-Казахстанской области. Только он родом из бывшего Ленинского района, а я – из Пресновского. Начинал свою трудовую деятельность Махтай Рамазанович учителем, затем был директором местной школы. О его опыте работы, о нем самом писали в местных газетах, и из периодики я хорошо знал о нем. Однако впервые близко познакомиться с ним мне довелось гораздо позже.

Я работал проректором в Политехническом институте (ныне Казахский национальный технический университет имени К.И. Сатпаева). В нашей семье случилась беда – скоропостижно скончался мой любимый племянник, который жил в Петропавловске. Я едва успевал на похороны близкого мне человека, но именно в этот день не было самолета в Петропавловск, авиарейс был только в Кокшетау. Что делать? В отчаянии я обратился за помощью к Махтаю Рамазановичу, бывшему в те годы первым секретарем обкома партии Кокшетауской области. Честно говоря, не был уверен, что он сможет чем-либо помочь, хоть он и был первым руководителем, но не мог же, в конце концов, менять авиарейсы!

Махтай Рамазанович внимательно, не перебивая, выслушал мою взволнованную, сбивчивую речь и предложил гениально простое решение: «Ерengаип, не переживай, лети в Кокшетау. Я пошлю

машину, которая довезет тебя до Петропавловска». Между этими городами 200 километров расстояния, и я благодаря помощи Махтая Рамазановича успел вовремя.

С тех пор между нами сложились самые теплые, дружеские отношения. Когда Махтай Рамазанович приезжал в Алматы, мы всегда с ним встречались и помогали друг другу в решении различных вопросов. Махтай Рамазанович прошел путь становления крупного общественного деятеля от рядового учителя до председателя Президиума Верховного Совета Казахской ССР, помогая гражданам страны в решении насущных проблем.

Большой опыт работы в партийно-советских органах раскрыл очень важную грань в характере Махтая Рамазановича – его человечность, чуткость, сопереживание, умение слушать и слышать собеседника, оказывать помощь в решении поставленных вопросов.

Эти черты характера особо проявились, когда Махтай Рамазанович возглавил ветеранскую организацию страны. Под его руководством аппарат Центрального Совета и региональные Советы ветеранов проводили активную работу по защите прав пенсионеров и повышению их жизненного уровня. В этот сложный для Казахстана период развала СССР была нарушена взаимосвязь большинства отраслей экономики, по несколько месяцев не выплачивались пенсии, заработная плата обеспечивалась за счет предметов, выпускаемых предприятием. Началась разработка пенсионной реформы.

Активную работу в этом направлении проводил Махтай Рамазанович, будучи одновременно сенатором Парламента РК. Совершенствовалась организационно-методическая деятельность ветеранских организаций, учеба ветеранского актива в регионах. В 2003 году Махтай Рамазанович, будучи уже пенсионером союзного значения и председателем Центрального совета общественного объединения «Организация ветеранов Республики Казахстан», рекомендовал мою кандидатуру на должность председателя Совета ветеранов города Алматы. В те дни был проведен в Талдыкоргане семинар с представителями ветеранских организаций всех 14 областей Казахстана и городов Астаны и Алматы. А после семинара широко отметили в Астане 80-летие Махтая Сагдиева. С этим юбилеем его поздравляли Президент страны Н.А. Назарбаев, мажилисмены, сенаторы, другие известные люди в стране, а также мы, руководители ветеранских организаций региона.

Он был жизнерадостным, энергичным, подробно расспрашивал о ветеранских делах, знал почти каждого ветерана по имени, давал ценные советы, как провести то или иное мероприятие, чтобы оно стало успешным. И еще хочу добавить, что такое большое количество квартир (всего 103 квартиры), выделенных по инициативе Президента и акимата Алматы ветеранам войны в честь 65-летия Победы, во многом были получены благодаря в том числе авторитету и уважению, которыми пользовался Махтай Рамазанович. Таким заботливым, дружелюбным, искренне любящим людей он навсегда останется в нашей памяти.

Валентина ФИРОНОВА,
журналист

ВЕТЕРАНОВ ДОСТОЙНЫЙ ПОЛПРЕД

12 мая сотовый и домашний телефоны председателя Центрального совета общественного объединения «Организация ветеранов Республики Казахстан» Махтая Рамазановича Сагдиева раскалились добела.

Сказать добрые слова видному государственному и общественному деятелю в честь юбилея спешили многочисленные друзья и коллеги не только нашей страны, но и из ближнего и дальнего зарубежья.

Все его поздравляли с 80-летием, а Махтаю Рамазановичу впору отмечать тройной юбилей – 65-летие трудовой деятельности и 20-летие служения ветеранскому движению.

Юбиляр относится к тем людям, чей труд озарен большим общественным смыслом. Они, как бывало в бою, идут впереди, становятся настоящими знаменосцами на трудовом поле, увлекают коллектив своей энергией, ведут вперед. Махтай Рамазанович как раз и относится к категории тех, кому «больше всех надо». Цели, поставленные Главой государства, – его личные цели и цели всей ветеранской организации.

Махтай Сагдиев всегда оставался на передовой. И в пору учительствования, и тогда, когда работал директором школы, возглавлял

совхоз, райком партии, облисполком, обком партии, был министром рыбного хозяйства, председателем Президиума Верховного Совета, депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан II созыва...

Послужной список героя публикации настолько широк и объемен, что в пору о каждой строке биографии писать отдельную повесть. И это при том, что теперешние общественные нагрузки не ограничиваются только заботами о ветеранах. Махтай Рамазанович – член Совета Ассамблеи народа Казахстана, заместитель председателя Государственной комиссии при Президенте по вопросам борьбы с коррупцией и соблюдения служебной этики государственными служащими, член Национального совета при Президенте страны.

– Спасибо! Спасибо! – растроганно отвечал по телефону Махтай Рамазанович послу Казахстана в Республике Беларусь, – вот схлынет юбилейная волна, и я обязательно приеду. Ведь я служил в Гродно. Мне не забыть то время. Армия и характер закалила, и многому научила.

Махтай Рамазанович на службе не только постиг секреты работы связиста, но и сам, будучи прожекторщиком, помогал летчикам ориентироваться в ночи, освещая воздушную цель. А в звездном небе найти движущуюся точку не так-то и просто. Не сразу и не просто нашел свое призвание и он сам.

С высоты своих восьмидесяти лет, включая мощный прожектор памяти, он снова и снова возвращается в суровое военное время, когда подростком пошел учеником в тракторно-полеводческую бригаду. Сельский труд стал его стихией. И сомнений в том, какую профессию выбрать после окончания школы, у него не было.

«Буду агрономом!» – решил Махтай. И вот они с другом, счастливые и полные радужных надежд, едут в Алма-Ату сдавать документы в сельскохозяйственный институт. До вступительных экзаменов оставалось еще время, и абитуриенты отправились в обратную дорогу. А поскольку прямого поезда до Петропавловска не было, пришлось сделать пересадку в Семипалатинске. Уже ночью сели в другой поезд, но только тот начал набирать скорость, дюжие молодцы вышвырнули юных пассажиров из вагона, позарившись на нехитрое мальчишечье добро.

Ночь, темно. Что делать? Понуро поплелись назад в Семипалатинск. В мгновение ока лишившись денег, вещей и пропитания, абитуриенты испытали такое отчаяние, что хоть плачь.

Но плакать не пришлось. Руку помощи попавшим в беду странникам протянул ректор Семипалатинского государственного учительского института Барлыбаев. Фронтовик, выслушав сбивчивое повествование, сказал:

– Оставайтесь! Определю вас в общежитие и сделаю запрос в Алма-Ату, чтобы выслали ваши документы к нам.

Так, успешно сдав экзамены, Махтай нежданно-негаданно ступил на учительскую стезю и стал историком. Стипендии не хватало, и они с другом разгружали по ночам вагоны, не чурались и другой подработки.

Педагогическое поприще, выбранное случайно, после окончания вуза оказалось весьма плодотворным. Увлеченного историка, ставшего душой коллектива, заводилой и организатором, вскоре назначили директором школы. И так, особо не мечтая о руководящих постах, Махтай поднялся на первую ступеньку карьерной лестницы, поднимавшую его все выше и выше. Работать приходилось почти круглосуточно, особенно когда доверили руководить совхозом, а позже – ответственные государственные посты.

У Махтая Рамазановича чуть хрипловатый голос. И у этой хрипотцы своя история. Много лет назад он потерял голос, а мог потерять и жизнь. Случилось это в зимнюю пору, когда он, директор совхоза, отправился в соседнее хозяйство договариваться о кормах (лето было очень засушливое и запасов не хватило). В пути настиг такой буран – света белого не видно, вот и пришлось чуть ли не сутки дожидаться подмоги. Ладно бы, голос он тогда потерял, но к тому же и почки сильно застудил. Понадобились годы и годы, чтобы хоть как-то восстановить здоровье.

Но до здоровья ли, когда забот невпроворот? Соколовский район, где Махтай Сагдиев возглавил райком партии в шестидесятые годы, за короткое время стал крупнейшим поставщиком овощей, картофеля, молока, мяса и яиц для жителей Петропавловска. Укрепилась экономика хозяйств. Расширилось строительство жилья, дорог, производственных объектов в совхозах, колхозах и в райцентре.

Как бы, однако, много времени ни занимала руководящая работа, Махтай Рамазанович неустанно повышал свой образовательный уровень. Без отрыва от основной деятельности освоил профессию агронома. Подспорьем в делах стали и знания, полученные в высшей партийной школе.

Прошли десятилетия, но, как и прежде, М. Сагдиев умудряется работать без выходных, невзирая на время суток. А звонят ему ветераны и днем и ночью. Они уверены: «Сагдиев поможет! Он наш! Он всегда рядом».

О ветеранах и ветеранской организации страны Махтай ага рассказывает с гордостью и по-братски тепло. А гордиться действительно есть чем. Благодаря заботе Главы государства и Правительства почти все ветераны войны получили квартиры. Сама организация за два десятилетия настолько окрепла, что президиум Координационного совета международного союза «Содружество общественных организаций ветеранов (пенсионеров) независимых государств» признал опыт работы Центрального совета общественного объединения «Организация ветеранов Республики Казахстан» лучшей и рекомендовал изучить опыт другим странам Содружества.

А работал и работает М. Сагдиев не ради славы, карьеры и власти.

– Чем значительнее, сложнее и ответственнее задачи, тем интереснее жить, – считает аксакал, – тем богаче и интереснее внутренний мир каждого из нас. Когда ветеранов называют большой силой – это отнюдь не преувеличение. Нас больше двух миллионов! Не правда ли, внушительная цифра? Но суть, конечно, не в масштабности, хотя мы, разумеется, никогда ее не сбрасываем со счетов. Сила нашей организации в ее общественном укладе, исключительной сплоченности. И в необычайно цельных характерах ветеранов. Это люди, которые достойны поклонения. Сейчас, как и прежде, большинство областных, районных и городских советов, их руководителей представляют те, кто вышел победителем из горнила Великой Отечественной войны, и те, кто по-фронтовому работал в тылу.

– Когда создавалась ветеранская организация, – размышляет Махтай Рамазанович, – мы, естественно, наметили основные, магистральные направления деятельности. Первое – приобщение людей с большим опытом к общественно-политической жизни, создание условий для отдыха. Чтобы человек с выходом на пенсию, как и прежде, чувствовал себя нужным, полезным. Согласитесь, только сознание востребованности приносит нам душевный покой. Второе направление – воспитание подрастающей смены. В этом видели и видим свой святой долг. У нас все фронтовики, а также одинокие пенсионеры, инвалиды войны пользуются льготами по оплате жилья и коммунальных услуг.

Мы высоко ценим внимание к пожилым, теплую заботу о них. Главное, на мой взгляд, в отношении к старшим – степень сопричастности и понимание их нужд. А тех, кто готов помочь им морально и материально, к счастью, немало. И знаете, годы забот, хлопот не прошли даром, потрачены не зря. Особенно дорога сердцу осознанность уважения юных к ветеранам и вообще к старшим, к своей великой Родине.

Меня радует то, что многие ветераны, несмотря на возраст, очень активны. И очень права поговорка: «Нам года – не беда». Годы борьбы за выживание многому нас научили. Экономическая осведомленность, духовная закалка повлекли за собой по логике вещей культурный рост. Пожилые – самые взыскательные читатели периодики, постоянные посетители театров и концертов. И самые завзятые артисты, певцы и танцоры.

«Откуда что берется?» – недоуменно спрашивают некоторые. Думается, в нашей жизни, особенно в военное время, многое осталось нерастраченным, неиспытанным, непрожитым. И вот появляется возможность все несбывшееся, задуманное, талантливое в себе выплеснуть в переполненные залы клубов, дворцов.

Конечно, Махтай Рамазанович не знает в лицо всех 16 800 участников Великой Отечественной войны, 23 800 тружеников тыла и 1 200 вдов, но о каждом человеке у него болит душа и каждому он готов помочь.

С Махтаем Рамазановичем мы встретились в святой для каждого из нас день – 9 Мая. И я не могла не задать аксакалу вопрос, который волнует многих.

– Как вы думаете, способна ли современная молодежь на подвиг?

– А почему же нет? Конечно, способна. Еще до призыва в армию молодые люди сами не знают себе цену. А надев военную форму, быстро взрослеют. И понимают, что в ответе уже не только за себя, но и за товарищей, за коллектив, за Родину.

Сагдиеву, человеку, прошедшему большой жизненный путь, достойному представителю легендарного, овеянного славой военного поколения, рано подводить итоги. Успеть сделать надо еще очень много. Но если говорить о ярких жизненных вехах, то о них пусть лаконично, но весьма точно могут рассказать награды юбиляра. Назову лишь некоторые: орден Первого Президента Казахстана, ордена – Ленина, Октябрьской революции, три ордена Трудового

Красного Знамени, «Парасат». Сюда же можно присовокупить множество медалей и почетных грамот Верховного Совета КазССР.

Но если говорить о наивысшей награде. то это его пятеро любимых дочерей, двенадцать внуков и четверо правнуков. Всеми ими он гордится и счастлив от того, что ни за одного из них ему не стыдно.

Махтай Рамазанович ежедневно встречается с десятками людей, решает множество неотложных вопросов, и ему некогда задумываться о грузе лет. Да они на него и не давят. Подтянутый, элегантный, приветливый, он никогда не теряет прекрасного расположения духа. Заядлый волейболист, Махтай Рамазанович и сегодня не забывает о физкультуре. В числе его неукоснительных правил – ежедневная утренняя зарядка и двухчасовая ходьба. И есть еще два неукоснительных «не» – «не переедать» и «не унывать».

– Многое пришлось пережить, повидать, разные посты занимал и понял с годами, что нет ничего дороже человеческой доброты и душевной щедрости. Вот то, – говорит Махтай Рамазанович, – что сближает людей и помогает преодолевать трудности.

– Человек и его дело, – резюмирует М.Р. Сагдиев, – это не только общественное, но и нравственное начало, в котором отчетливо проявляются наиболее острые проблемы общества, раскрывается личность, гражданские качества каждого из нас. А это значит быть достойным традиций отцов не в исключительных обстоятельствах, когда свищут пули и надо идти на смертельный риск ради людей, а в условиях обычных, будничных, прозаических, в повседневных условиях обыденного труда.

За твердость убеждений и уважают ветераны Махтая Сагдиева. Они знают: их полпред готов защитить каждого из них от любого обидчика, какой бы пост тот ни занимал. Все, кому приходилось встречаться с аксакалом, не перестают восхищаться его энтузиазмом, эрудицией, добротой и вниманием. Есть такое выражение: «Дороги, которые мы выбираем...». За ним стоят важнейшие нравственные качества – совесть, желание быть нужным людям.

И – судьбы таких людей, как Махтай Сагдиев.

«Казахстанская правда», 2009. – 13 мая.

Фарит ГАЛИМОВ,
член-корреспондент Инженерной академии РК

ПО НАТУРЕ ОН БЫЛ СОЗИДАТЕЛЕМ

Впервые судьба свела меня с Махтаем Рамазановичем в 1967 году. В то время он был первым секретарем Соколовского райкома партии Северо-Казахстанской области, а я работал в г. Петропавловске. Это был летний выезд на природу, где мой тесть М.В. Камалетдинов, в то время первый секретарь Мамлютского райкома партии, в неформальной обстановке решил представить меня своим друзьям и коллегам. Удивительное сочетание внутренней силы, природного ума и внешней стати, простоты в общении мгновенно выделило Махтая Рамазановича из числа собравшихся. «Харизматичный человек» – таково было мое первое впечатление от встречи с ним. Мне кажется, это совершенный дар – располагать к себе людей и быть душой любой компании.

Позднее, я не раз убеждался, как этот дар помогал ему в работе. Любовь к человеку, простота и доступность сближали Махтая Рамазановича с людьми, вели его к ним, а их к нему. И для всех он находил время. Позднее я не раз убеждался, как этот дар помогал ему в работе. Общение с людьми не стоило ему большого труда. Залы заполнялись, как только люди узнавали, что приезжает Махтай Сагдиев. Сам слышал, как женщины звали друг друга «послушать этого красавчика Махтая», да и мужчины с удовольствием внимали его речам. Он был хорошим оратором и очень простым человеком в общении. Я не знаю другого человека, который имел бы такое необыкновенное количество друзей и знакомых. И для всех он находил время. Он никогда не спорил с людьми, не доказывал своей право-ты, всегда давал окружающим проявить себя. Ценил настоящих людей, цельных и честных, таких, каким был сам. Умел слушать и слышать собеседников. Если же кто-то разочаровывал его, Махтай Рамазанович не тратил на такого человека свое время, а как-то необидно, незаметно и просто выводил его из своего окружения.

Более близко мы познакомились в 1985 году в г. Кокшетау. Махтай Рамазанович работал первым секретарем Кокшетауского обкома партии, я руководил трестом «Кокчетавстрой». В 1980–89 годы в Республике был настоящий бум по сдаче жилья. Только в городе

Кокшетау в этот период строительство жилья увеличилось с 32 тысяч до 116 тысяч квадратных метров, а по области с 202 тысяч до 640 тысяч метров.

Практически в каждом населенном пункте были построены дома и дворцы культуры, профилактории, клубы, пионерские лагеря.

Продовольственная программа, разработанная Махтаем Сагдиевым, помогла решить проблему, связанную с обеспечением каждой семьи сельскохозяйственной продукцией. В городе Кокшетау был открыт магазин «Сыбаға», в котором можно было купить мясной набор для блюд казахской кухни. Близ Кокшетау и поныне действуют дачные поселки, созданные в те годы. Большой вклад внес Махтай Рамазанович в восстановление памятных мест на родине ученого и просветителя Чокана Валиханова. У подножия знаменитой горы Сырымбет восстановлена усадьба бабушки Чокана Айганым, в совхозе построены новые дома, прекрасный Дом культуры и творчества, озеленены улицы, проложены дороги и тротуары. По своей натуре Махтай Рамазанович был созидателем, любил строить, до самой смерти интересовался делами строительной отрасли. Ему было важно, чтобы все было как надо, и для людей…

Помню, понравился ему на речушке Кылшакты уголок, решил он сделать его местом отдыха для горожан. А хозяйство-то в советское время было плановое, а в плане такого объекта и в помине не было. Но Махтая Рамазановича такие вещи никогда не смущали. Есть задача – есть и решение, так он действовал.

Собрал совещание, раздал задания: «Ты даешь два крана, ты – грузовую технику, ты людей. Все, чтобы выполнено было!». Свою линию он умело гнул, поблажек никому не давал. Привезли 20, 30-тонные каменные глыбы, сложили гору, подобие Окжетпеса, высотой метров 15-20, благоустроили территорию и вот получите требуемую зону отдыха. Тогда казалось это дело не очень нужным, напрягало – ведь все делалось на общественных началах, а ведь людям на память осталась «Махтай гора»…

В 1989 году Махтая Рамазановича перевели в Алматы, он стал председателем Президиума Верховного Совета, а меня через год назначили председателем Госстроя и в нашем общении начался новый этап. Мы стали ближе общаться семьями, частенько ездили в отпуск вместе. Я прекрасно знал его супругу, Тукетай Зиадановну, дочерей. У нас были теплые отношения. Махтай Рамазанович из многодетной

семьи, но выжили только двое – он сам и брат Болат. Но и в семейном плане он преуспел, они с женой оставили целый клан Сагдиевых. Все они – очень достойные, успешные люди.

Потом началась новая история суверенного Казахстана. Он из тех редких людей, кто всегда был на своем месте. Потому что на этом месте всегда нужны были высокие организаторские способности, умение и смелость принимать нужные решения. Пришли другие времена, новое поколение и он шел в ногу со временем. В конце 1991 года Махтай Рамазанович возглавил Совет ветеранов Республики и руководил им более 20 лет. Кроме того, он являлся членом совета Ассамблеи народа Казахстана, заместителем председателя Государственной комиссии при Президенте РК по вопросам борьбы с коррупцией и соблюдения служебной этики государственными служащими, членом Национального совета при Президенте страны, депутатом Парламента Республики.

На каком бы посту не трудился Махтай Сагдиев, он везде оставил добрую людскую память о себе.

В моей памяти и памяти моей семьи Махтай Рамазанович останется как старший брат, близкий друг, у которого я многому научился и за что ему безмерно благодарен.

Армия ӘБІЛҚАЙЫРОВ,
Айыртау ауданының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері

ЕСТЕН КЕТПЕС СОЛ ЖЫЛДАР

Халқымыздың бағына туған қоғам және мемлекет қайраткері, Мақтай Рамазанұлы Сағдиевтің бұл фәниден бақилыққа озғанына жылға жақындап келеді. Қызметте шаршау дегенді білмейтін еңбекқорлығымен, асқан кеменгерлігімен ел ағасына айналған ірі тұлға Мақтай аға туралы ғұмырнамалық естелік жазу үшін абзал азаматпен қызметтес, дәмдес болған күндерімді еске алып, тәуелсіз еліміздің абыз ақсақалының рухына тағзым етіп, Жасаған иемнен жатқан жерінің топырағы торқа, иманын жолдас ете көр деген адал тілегімді айтып көзіме жас алдым.

Расында да, Мақтай Рамазанұлының іскерлігі мен білімдарлығын, бауырмалдығы мен қайсарлығын бір сөзбен айтып

тауысу мүмкін емес. Нақтылап айтқанда, Мақаң халқымыздың бағына туған тұғыры биік тұлға, көрнекті мемлекет қайраткері. Ел арысының даналығы мен іскерлігі, адами асыл қасиеттері туралы қалай жазсаң да көптік етпейді. Осындай ақылман аға, абзал азаматпен бірге қызмет істеген жылдарымды жиі еске алғанда нұрлы сезімге бөленетінімді несіне жасырайын.

Қазақ халқының абыз ақсақалы, мемлекет және қоғам қайраткері Мақтай Рамазанұлы Сағдиевтің өнегелі өмір жолы кейінгі ұрпаққа ғибратты ой салып, нұрлы болашаққа, асқақ мақсатқа жетелейтініне күмән болмаса керек. Жанашыр аға туралы жазып отырған естелігімнің құндылығын арттыра түсу үшін өзімнің еңбек жолыма да сәл шолу жасай кетейін.

Мен бес жыл бойы Еңбекшілдер аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет істегеннен кейін біраз жылдар Келлер аудандық партия комитетінің екінші хатшылығы лауазымында үлкен шыңдалу мектебінен өттім.

Әлі есімде, сексенінші жылы Көкшетау облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Болат Ахметжанұлы Көшімбаев мені Келлер ауданына апарып, партия комитетінің конференциясында екінші хатшылыққа кандидатурамды ұсынып, сайлатқызып кетті. Лауазымды қызметке сайлануыма Алматы жоғары партия мектебін бітіргенім елеулі ықпал етті. Ол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Антон Александрович Бухряков деген азамат болды. Кісілігі мол адам еді. Тіл табысып жұмыс істедік. Кешікпей Бухряков зейнеткерлікке кетіп, оның орнына Владимир Васильевич Хомяков деген қытымырлау бір кісі сайланды. Бұл кезде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мақтай Рамазанұлы Сағдиев болатын. Мен Бухряковпен төрт жарым жыл бірге қызмет істедім. Қандай мәселе болса да ақылдаса отырып шешетінбіз. В. Хомяковтың бір қайнауы ішінде екен. Әсіресе, ұлтшылдығы басымдау болды. Сексен бесінші жылы шілде айының тоғызыншы жұлдызында түнгі сағат он кезінде облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Байтеряков үйге телефон шалып, таңертеңгі тоғызда Мақтай Рамазанұлының қабылдауына келуімді өтінді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы В. Хомяковқа бұл жайында ештеңе айтпауымды қатты тапсырды.

Айтулы уақытында обкомға келіп, Байтеряковтың кабинетінде болдым. Ол менің келгендігім жайлы Мақтай Рамазанұлына телефон

арқылы хабарлады. Көреген, дана халқымыз «Ақылды бастық жарты бақыт» деп тегін айтпаған ғой. Мақтай Сағдиев ағамыз мені жылы қабылдап, әңгімеге тартты. Уәлиханов ауданындағы қиын ахуал жайлы айта келіп, осы ауданға бірінші хатшы болып баруға ұсыныс жасады. Сол жолы Мақтай ағамыз «Інішек, қиын аудан екенін түсінемін. Аудан экономикасын көтеру сенің ғана қолыңнан келеді» деп үлкен сенім артты. Елі сүйген ерен ағаның айтқан ақылын тыңдап, бірден келісімімді бердім. Ізінше обкомның бірінші хатшысы орнынан тұрып, мені шығарып салды.

Шілде айының он бесінші жұлдызында Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болдым. Өте қарапайым кісі екен. Қоштасар алдында оқыстан менің руымды сұрап қалғаны. Мен де еш именбестен «Руым – қазақ» деп жауап бердім. Риза болды білем, көмекшісі Қуаныш Сұлтановты шақырып алды да:

– Мына Армияны жолдан қалдырма, самолетке тез мінгізіп жібер. Ауданда өтетін партия пленумына үлгерсін, – деді.

Көкшетауға келген соң Мақтай Рамазанұлы Обкомның екінші хатшысы Василий Никифорович Зубты менімен бірге Уәлиханов ауданына жіберді. Аудан коммунистері мені жылы қабылдап, ұйымшылдықпен бірінші хатшы етіп сайлап алды.

Экономикасы күрт төмендеп кеткен ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін ауылшаруашылығы басқармасының білікті мамандарын, кеңшар директорларын, аудандық Кеңес атқару комитетінің сол кездегі төрағасы Николай Иванович Ефремовты қатыстыра отырып, салиқалы жиын өткіздім. Ауданда егістік, жайылымдық, шабындық жерлерді есептегенде, бір миллион гектардан асып түсті. Мен барғанға дейін ірі қара бес мың ғана басты құраса, үш-төрт жылдың ішінде оның саны 25 мыңға жеткізілді. Аталмыш саланы дамыту үшін өндіріске озат тәжірибе мен ғылым жаңалықтарын батыл енгізу ісі жолға қойылды. Ірі қараны асыл тұқымды малмен толықтыру ісіне баса назар аударылды. Малшылар мен сауыншыларды, шопандарды материалдық және моральдық жағынан ынталандыру мәселесі егжей-тегжейлі сараланып, қатаң бақылауға алынды. Аптасына екі-үш рет облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мақтай Рамазанұлы Сағдиевпен телефон арқылы хабарласып, атқарылған және алдағы уақытта атқарылар жұмыстар жайлы пікірлесемін, ақыл-кеңестерін тыңдаймын.

Абзал аға атқарылған істерге көңілі толса, «әп-бәрекелді, дұрыс істеген екенсіңдер!» деп ризашылығын білдіреді. Сөз соңында шаруашылықтарды ілгері бастыру жайлы ойларын ортаға салып, сәттілік тілейтін еді.

Облыстың бірінші басшысы зор сенім артқаннан кейін мал және егін шаруашылығын дамыту ісін мықтап қолға алып, өзекті мәселелерді кезек күттірмей шешуді әдетке айналдырдым. Семейден қазақтың ақбас сиырларын алдырдық. Жылқы өсіру ісіне де ерекше көңіл бөлінді. Осындай тынымсыз еңбектің арқасында жылқы саны 25 мыңға жеткізілді. Қой шаруашылығын өркендету де назардан тыс қалмады. Ауданда Шопан ата түлігі 260 мыңға жеткізілді, олардың 40%-ы аналық қойлар болды.

Аудан орталығын абаттандыру, көшелерге асфальт төсеу, ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстары да ұйымшылдықпен жүргізілді. Мен ауданға келгенімде мекеме басшылары мен мамандары, село тұрғындары көктем, күз кездерінде жауын көп жауған күндері көшеге резеңке етік киіп шығады екен. Осыған орай еңбек тәртібі күшейтіліп, тапсырылған іске жауапкершілікпен қараудың өзекті мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Қысқа мерзім ішінде алты кеңшардың директоры ауыстырылды. Бұған Мақтай Рамазанұлының келісімін беруі шаруашылық экономикасын, ауыл-село тұрғындарының әл-ауқатын, тұрмысын жақсартуға елеулі ықпал етті. Кадр мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Жас мамандарды тәрбиелеу ісі де жақсы жолға қойылды.

Еңбек жолын тергеушіден бастаған Сәрсек Атығаев аудан прокуроры болып істеген кезінде өндіріс нысандарында заңдылықтың сақталуына қатаң талап қойылды. Тұрғындарға сауда, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету саласында да игі нәтижелерге қол жеткіздік.

Сексен алтыншы жылы аудан бойынша танаптың әр гектарынан 25 центнерден өнім алынды. Астық Уәлиханов ауданынан Щучье, Көкшетау, Жамантұз элеваторларына тасымалданды. Машина жетіспеді. Осындай мойынға сын жүктелген күндерде Көкшетау облысына іссапармен Д.А. Қонаев келе қалсын. Актив жиналысы өткізілді. Бұған Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. Ұтымды сәтті пайдаланып, республика басшыларына астық тасуға машиналардың жетіспей жатқандығы жайлы айтып, автокөлікпен көмектесуін өтіндім. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев:

– Нұрсұлтан, мына Армияға көмектес, – дегені ғой.

Нұрекең де мәселені қолма-қол шешіп берді. Бір тәуліктен кейін Уәлиханов ауданына Қарағандыдан 100 машина келді.

Аудан орталығында айтулы мерзімде 50-60 жаңа үй салынды. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен сексен алтыншы жылы таныстым. Нұрекең Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болып сайланған съезге қатысқаным әлі күнге дейін есімде. Партияның он тоғызыншы Бүкілодақтық пленумында Н. Назарбаевпен қатар отырдым. Қасым Тәукенов, Целиноград облысы партия комитетінің бірінші хатшысы Андрей Браунмен де таныс болдым.

Мақтай Рамазанұлы менің 60 жасқа толған мерейтойыма қатысты. Асыл ағамен айына екі рет сөйлесіп тұратын едім.

Мақтай Сағдиев – біртуар тұлға. Қандай қызметте істесе де кішіпейіл, достыққа адал болатын. Қарапайым халықтың мұң-мұқтажын үнемі назарынан тыс қалдырмай, қазақстандықтардың тұрмыс жағдайларын жақсартуға ерекше үлес қоса білді.

Өмірін өнегелі өре білген ел ағасы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мақтай Рамазанұлының асыл да жарқын бейнесі халқының есінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Таулар алыстаған сайын биіктей береді дейді дана халқымыз. Ендеше абзал азаматтың тұғырлы тұлғасы жылдар өткен сайын шарықтай түсіп, биіктей бермек.

Кайрат БУКЕНОВ,
общественный деятель

СВЕТЛЫЙ, ДОБРЫЙ, ИСТИННЫЙ ИНТЕЛЛИГЕНТ

Один восточный философ сказал: «Мудрый человек не выставляет себя на свет, поэтому блестит; он не говорит о себе, поэтому он славен; он не прославляет себя, поэтому он заслужен; он не возвышает себя, поэтому он является старшим среди других».

Махтай Рамазанович Сагдиев был удивительно светлым, добрым, глубоко порядочным, широкой души человеком, истинным интеллигентом. Рядом с ним ты не мог позволить себе быть неряшливо одетым, вести себя вызывающе, браниться, хвастаться, говорить о ком-то плохо. Потому что ничего подобного он не позволял себе, независимо

от того, какую должность занимал. Он с уважением, с неподдельной искренностью и терпимостью относился к каждой личности, к каждому характеру. Очень хорошо разбираясь и тонко чувствуя людей, мог всегда найти для всех такие слова, так поднять и поддержать человека, что в душе каждый мог считать себя самым близким и лучшим.

Махтай Рамазанович смог сохранить до конца жизни какой-то чистый душевный задор, который позволял ему с легкостью общаться со всеми независимо от их возраста. Я не помню, чтобы он хоть кого-нибудь ругал, упрекал, отчитывал, читал назидания, но мог одним метким словом, произнесенным с юмором, моментально все поставить на место.

Широко известный в Казахстане как государственный и общественный деятель, настоящий патриот своей страны, внесший большой вклад в ее развитие, сам он никогда не опускался до рассуждений о трудностях своего жизненного пути, своих достижениях. Его биография – это и есть славный пример достоинства, чести, благородства, жизнелюбия.

Махтай Рамазанович вырастил прекрасных дочерей, каждая из которых достойна имени своего славного отца. Они всегда заботились о папе, и после смерти мамы, где бы он не работал, делали все, чтобы отчий дом был полон тепла, света и уюта.

Только такие люди как Махтай ага, с такой судьбой, способны дарить людям радость при жизни и уверенность, веру в лучшее даже тогда, когда их нет с нами.

Бекболат МҰҚЫШЕВ,
Республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары,
Ақмола облысының Құрметті азаматы

ДАРҚАНДЫҒЫ ДАЛАНЫҢ КЕҢДІГІНДЕЙ

Кем болмадым біреулерден ешқашан,
Бір өзіңе, Мақтай ағам, сырды ашам.
Елбасымыз бағалаған жансыз Сіз,
Ел не болар егер лаулап жанбасаң! –

деген өскен жері, қызмет атқарған ортасы айрықша құрметтеген тұлғалардың бірі. Мақтай Рамазанұлы Сағдиевті кең-байтақ Қазақстанда білмейтін адам жоқ десем, сірә бұл айтқанымның ақиқаттан алшақ кетпейтіні жарқыраған айдай анық жай. Азаматтығы мен биік парасаттылығын, түлетіп ұшырса, қырандай биікке самғайтындығын кеңшар директорлығы кезінен жіті аңғарып, өз қамқорлығының аясына бөлеген, көзінен таса қалдырмай сатылай көтеріп, республиканың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араластырған, «ерді кебенек ішінде тани» білген халқымыздың кемеңгер перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев болуының өзінде де көп мән мен сыр жатыр. Өйткені, кім көрінгенге ет-бауыры елжіреп, осыны ел білетін санатқа жататындардың қатарына қосайын дейтін Димаш аға емес. Республикалық ауқымда қабілет-қарымы ерекшеленіп тұратындарды сыннан өткізіп, тас қайраққа жанығандай өткірлендіретін, ісінен қылаудай бір мін табылмайтындарды ғана бағалай білген тұлға болатын ол. Қазақстан Республикасын ұзақ жылдар басқарған адамның тәлімі мен тәрбиесінен өткен Мақтай Рамазанұлының жұлдызы аспандағы құс жолындай еліміздің әр тарапында сайрап жатыр.

Оның үстінде өскен ортаның да ықпал-әсері болмай қалған жоқ. Қандай қызметте де, қандай ортада да Мақаңның қасында қанаттас, қатарлас, сый мен қадірдің не екенін жете бағалайтын әріптес дос-жарандары аз болмаған. Бәрі дерлік елдің бағына туған нағыз марқасқа азаматтар еді. Солардың қатарында Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және әлеуметтік, экономикалық саласына жан аямай еңбек сіңірген, сол арқылы халықтың құрметіне бөленген Қаратай Тұрысовты, Өзбекәлі Жәнібековті, Сақан Құсайыновты, Еркін Әуелбековті, Таупық Мұхамед-Рахимовты,

Сағындық Кенжебаевты және басқаларды атауға болады. Осыдан-ақ Сағдиевтің азаматтық бітім-болмысының қандайлығын өздеріңіз-ақ аңғара беріңіздер.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде көгілдір Көкшетау өңірінің экономикасын, өнеркәсібі мен мал шаруашылығын, егіншілігін нығайтып, алға қарай серпінді дамытты. Облысты басқарған бес жылда өзінің іскерлігінің қандай биікте екендігін барынша жарқырата көрсетті.

Заманның аумалы-төкпелі алмағайып кезеңінде, қоғам күнде дерлік жаңарып, өзгермелі халді бастан өткеріп жатқан шақта Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болуы да бұл кісіге – асыл жүректі ағаға, ерен тұлғаға көрсетілген халықтың үлкен сенімі болғаны сөзсіз. Мақаң мұны да абыроймен ақтады, елі, қалың қазағы сүйген, қадірлеген Мақтай Рамазанұлы Сағдиевке айналды.

Не нәрсені болсын тиянақты тындырыммен, сарабдалдықпен, кеңінен кесіп-пішетін, бойына жастайынан қалыптастырған сабырлылығымен еліміз тәуелсіздігін алған тұста халқына қызмет етудің тамаша үлгісін де Мақаңның бойынан табуға болады. Алты асқардың белесіне шыққандарында шау тарттым деп үйкүшік болып қалған кейбір тұрғыластарына қарағанда, Мақтай Рамазанұлы жаңа Қазақстанның қиын да болса ертеңі кемел жарқын істерінің ортасынан табылды, соған бел шеше араласты. Жиырма жылға жуық уақыт бойына Республика Ардагерлер ұйымы Орталық кеңесінің Төрағасы болып, оны ыждағаттылықпен атқарды. Азаматтық ұлағаты мен ақылмандығын барынша жарқырата көрсетті. Алдына келген қарияларды телміртіп қоймай, қамқорлығына алды. Тіпті, бес жыл Парламент Мәжілісінің депутаты болған тұста да ардагерлердің мүддесін әрдайым бірінші кезекке қойып, оны табандылықпен қорғай білді. Осылайша Сағдиев басшылық жасаған жылдарда Республикалық Ардагерлер ұйымы ықпалы мен беделі зор еліміздегі үлкен қоғамдық күшке айналды. Мақаңның зор қайраткерлік тұлғасы, адамдық және азаматтық жарқын бейнесі осы тұста да жарқырай көрініп, кемелдігімен даралана түскені сөзсіз.

Ең бастысы, Мақтай Рамазанұлының 80 жылдық мерейтойында Президентіміздің Алғыс хаты мен өңіріне арнайы белгі тапсырылуының өзінде де көп мағына мен сыр жатыр. Елбасының оған соншалықты ризашылығының, алабөтен сүйіспеншілігінің жөні

тіптен бөлек болатын жайы да бар. Себебі, олардың ширек ғасырдан астам уақыттағы өмір жолдары біте қайнасып, бір мақсат, бір мүдде бағытында сабақтасып жатты. Бүгінгі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Республика Министрлер Кеңесінің Төрағасы болған тұста оның жанынан табылып, серіктес, қанаттас болып Жоғарғы Кеңестің Төрағасы ретінде елдің көшін ілгері бастыруда уақытпен санаспай қызмет атқарды. Тіпті Тәуелсіздіктің арайлы таңы атқан, оның қиын өткелдерден біртіндеп өтуі кезеңінде де Президент командасынан табанын аудармай, сыйлас та пікірлес, кәусар көңілдің кіршіксіз тұнығындай, тілектес те ниеттес болған ағалардың ішінде айрықша тұлғаланып көрінгені де Мақтай Рамазанұлы Сағдиев болатын.

Мінеки, Елбасы бағалап, ел-жұрты мақтан тұтқан, әсіресе Қазақстанның гүлденіп әрі көркейіп өсіп-өркендеуіне өз уақыттарында қолдарынан келгеннің бәрін жасаған ардагерлердің құрметіне бөленген, өзім де дидарын көріп, тіпті ізбасар інісіндей болған Мақаңның парасатты болмысы осындай.

Ұлы жүз Үйсін тайпасынан шыққан Төле биден қалған бір нақыл сөзде:

Құрметсіз өткен өмірден,
Үйқыда көрген жақсы түс артық.
Сипаты бірдей болғанмен,
Ерлерден ердің ісі артық, –

дейтін бейнелі теңеу нақ осы Мақаңа, Мақаң сияқты ел ардақтаған тұлғаларға қаратыла арналып айтылғандай көрінеді.

Заңғар көкте қалықтаған қыранға баласақ та, биіктігі аспанмен таласқан асқақ тауларға теңесек те – бұл сөзімнің иненің жасуындай жалғаны жоқ. Мұндай парасат иесімен табысып, ағалық кемелдігін көргенім үшін де өзімді бақытты санаймын.

Ұзақ жыл құқық қорғау саласынан өз еркіммен құрметті демалысқа шыққаннан кейін Ішкі істер министрлігінің ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып жүрген кезім. Күндердің бір күнінде, дәлірек айтқанда 2006 жылдың наурыз айында, Қазақсан Республикасы Ардагерлер ұйымы Орталық кеңесінің төрағасы Мақтай Рамазанұлы Сағдиев менімен арнайы хабарласып, кездесуіміз керек екендігін айтты. Есімі қалың елге танымал ағаның көптің бірі емес, дәл маған назар аударуында бір себеп

бар болғаны ғой деп іштей толқи отыра, белгіленген уақытында кеңсесіне бардым. Маңдайы жарқыраған, қою ақшулан шашы бұйралана артқа қарай қайырылған, түр-сымбаты айрықша келіскен аға, мен кірген бетте-ақ жайдарлана жайма-шуақ қалыппен орнынан тұрып келіп қол бере амандасты. Баяғыдан көзтаныс, біліс адамдай емен-жарқын әңгімені өзі бастап, сұрақты да өзі қойып, оған жауапты да өзі қайтарып біраз уақыт кең отырып сырласқандай қалып танытты. Бір кезде:

– Інім Бекболат, өмірлік тәжірибемде талай адамдармен жүздес, таныс болдым. Олардың қайсысына да ұсынысымды айтсам, бас шайқап, теріс айналмасын да жақсы білемін. Бірақ, маған елмен, халықпен жіті араласқан, олардың ортасында өзгелерден де көбірек араласқан, олардың мінез-құлқын тез аңғарып, жедел де дұрыс шешім қабылдай алатын бір адам керек болып тұр. Турасына көшсем, маған орынбасар болсаң деген өзіне қояр ұсынысым бар. Бұған қалай қарайсың? – деді.

Бұл мен күтпеген сұрақ болатын. Қапелімде бірден не дерімді білмей абыржыңқырап қалдым. Республикалық деңгейде Ардагерлер кеңесі Төрағасының орынбасары болудың жауапкершілігі қандай болатындығын жете білмесем де, ішім сезеді. Олардың әрқайсысының талап-тілегін, өтінішін, күйініші мен ренішін, елге қажетті ұсыныс-пікірлерін күнделікті елеп, екшеп отырудың машақаты қандай болатындығын министрліктегі Ардагерлер ұйымында жүргенде де талай басымнан өткергенмін. Енді Республикалық Кеңесіне жоғары қызмет ұсынылып отыр.

– Мақтай Рамазанұлы, Сіз ұсыныс жасап отырсаңыз, менің тарапымнан ешқандай қарсылық болмайды. Бірақ бұл қызметке Ардагерлер ұйымы съезінің ұйғарымы, яғни шешімінсіз кірісе алмаймын ғой, – дедім ағымнан жарылып. Республикалық деңгейде, ең бастысы Мақтай Рамазанұлы тәрізді мемлекет және қоғам қайраткерімен бірге қызметтес боламын. Соны зор ғанибет көрген едім.

– Оған алаңдаудың ешбір қажеті жоқ. Мұның бәрі осыған дейін де алқалық мәжілісте сан қайтара айтылып, әбден талқылаудан, сараптаудан, жан-жақты ойластырудан кейін барып жасалған ұйғарым. Келіссең болды, ендігісін съезіміз делегаттарының еншісіне қалдырайық, – деген Мақаң «ал, енді жолың болсын» дегендей қолымды қатты қыса қоштасып бөлмесінен шығарып салды.

Көп ұзамай 2006 жылдың 20 сәуірінде Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымының V съезі өтті. Оған қатысқан делегаттардың барлығы мені бірауыздан төрағаның орынбасары етіп сайлады. Міне, осы сәттен бастап 2009 жылдың 13 қыркүйегіне дейін Мақаңмен түсініспікпен, сыйластықпен, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» қоян-қолтық араласа, денсаулығына байланысты 80 жасында өз еркімен демалысқа кеткеніне дейін үш жарым жыл қызметтес болдым.

Осы уақыт аралығында Мақтай Рамазанұлының кісілігі мен парасаты қандай адам екендігіне, бойындағы, ойындағы өзіне тән қасиеттері қандайлығына әбден қанықтым. Әсіресе, халық айтса айтқанындай, мені Мақаңның ел ағасы, ақылы кемел, көргені көп көшелі кісілігі, қандай жағдайда да жайма-шуақ қалпынан айнымайтын мейлінше қарапайымдылығы, жүзі жайдары бейнесі, кімді де болсын іші-бауырына тартып алар жайсаңдығы тәнті ететін. Данагөй де хакім Абайдың сөзімен айтқанда «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» мемлекет және қоғам қайраткерін мен осындай тұрпатта таныған едім. Ал сөз басындағылардың барлығы оның парасатты өмір деректерінен алынған, әрі өзім де кезінде көзіммен көріп, көңіліме түйген жайлардан туындаған шынайы толғанысымның, асыл ағаға қатысты ыстық ықыласымның жемісі.

Осы арада ардақты ағаға қатысты мынандай бір қызықты оқиға әлі күнге есімнен кетпейді.

Көктемнің жан жадыратар шуақты шағы басталып қалған 2006 жылдың сәуір айында Республика Ардагерлер ұйымының съезіне дайындық жұмысы тиянақталып, арқа-басымыз сәл кеңейіп, тыныс алар сәт туған. Мені Мақаң өзіне шақырды.

– Бекболат, өзіңмен ақылдассам деп отырмын. Съезд аяқталғаннан кейін алыс-жақыннан келген делегаттарға дұрыстап бір дәм берсек деген ойым бар. Бұған қалай қарайсың? – деді маған барлай қарап.

– Бұл соншалықты қиын шаруа емес қой. Қазір не көп, дәмхана мен мейрамханаға тапсырыс жасасақ, бәрін өздері-ақ дайындап береді. Тағам мәзіріне қарай біріншісін, екіншісін, содан кейін шайы мен жеңіл шарабын дайындасын деп біріне ұсыныс жасап көрейін, – дедім мен.

– Бәлі, Бекболатым, мұның мен құптайтын жай болмай шықты ғой. Бес жылда бір келетін съезімізге делегат болып келетіндердің дені бұрынғы партия, кеңес органдарында басшылық қызметте

болған, өмірдің қиын-қыстауында, ыстығы мен суығында шыңдалған, жақсы мен жаманның жігін жазбай ажырата алатын адамдар. Оларға борщ пен котлет, болмаса мәнті беріп отырғанымыз Республика Ардагерлер ұйымының басында отырған екеуімізге де жараспас. Атамыз қазақ «Нардан жығылсаң да, жолдан жығылма» деген жоқ па еді. Мұншалықты төмендемейік. Бір қоңдылау жас байтал ізде. Оның етін мүшелеп бұза алатын адамға сойдырып, дәмі мен сөлі келісетін шұжық жасатып, осындағы «Аққу» мейрамханасына апар. Оның иесімен де өзің алдын ала келісіп қой. Істің жөні сонда ғана болады, – деді жайдары қалпымен.

Мен Мақаң тапсырмасын бұлжытпай орындадым. Аталған мейрамханада берекесі мен ырыс-құты мол дастарқан жайылды.

Осы бір шағын оқиғаның өзінен Мақаңның ардагерлерді, әсіресе ел үшін қызмет істеп, ақыл, парасаттарымен әр аймақта өзіне қолдау көрсетіп отырған замандастарына деген айрықша кішіпейілділігі мен құрметін аңғаруға болады. Сол жолы съезд делегаттары өздеріне көрсеткен шынайы сый-сияпатымызға зор ризалық сезімдерін білдіріп тарасты.

Жалпы, Мақаң ел азаматтарын қалай қадірлесе, олар да көп жұлдыздың ішіндегі жарық жұлдызындай көрінген оның да бағасы мен құнын арзандатқан емес. Тіпті оған арнаған өлең-жырлардың өзі каншама. Көкшетаудың саңқылдаған ақиығы, айтыстың ақ жорғасы атанған халық ақыны Көкен Шәкеев, этнограф ғалым, сатираның ақ мылтығы торғайлық Сейіт Кенжеахметов, құрдасы әрі бауырындай болған әйгілі қазақ ақыны Ғафу Қайырбеков, інісіндей ізетін көрсетіп, жыр көгінде мәңгілік қалықтап қалған ақын Есләм Зікібаев, туған бауырындай етіп жанына жақын тартқан республикамызға танымал қаламгер Қорғанбек Аманжолов және басқалар Мақаңның әрбір асулы белес, ізгі қадамдары мен жақсылықтарына арнап өздерінің өлең-шашуларын арнаған. Осыдан-ақ оның халқының махаббатына, ұлтының ақ батасына бөленгендігін көруге болады.

Соның бірі мынадай. 1979 жылдың 8 мамырында Мақтай Рамазанұлы ердің жасы 50-ге толғанында бүкілхалықтық, бүкілторғайлық махаббатты Жангелдин ауданының еңбекшілері мынандай жыр шумақтарымен білдіргенін де оқығаным бар.

Бауырлардың көтеруге мекенін,
Ел біледі Ердің керек екенін.
Топшылайтын толымды ойды күндіз-түн,
Өрге тартар өскен өмір жетегін.

Сайғақ жортып, сағым жүзген даланың,
Көп ойлана тағдырына қарадың.
Жаңа совхоз «Юбилейный», «Ақбұлақ»
Қадасын да өз қолыңмен қададың.

Шопандардың жай-күйіне қандың да,
Өсуі үшін ой толғадың малдың да.
Топтастыру жайын ойлап жан-жақты,
Сызған карта жатты ой түйіп алдында.

Мамандармен кеңес жасап байыпты,
Болжам емес, аштың нағыз «ғайыпты».
Қойнауына қойы толып Торғайдың,
Берекенің қанатын кең жайыпты.

Дән ырғалып тар даланың төсінен,
Орын алды Торғай өмір көшінен.
Мақтанышпен айтылады торғайлық
Суармалы дәнді мол ғып өсірген.

Қарт адамға, жас балаға ұнадың,
Көрген жаннан туысша жай сұрадың.
Тілегінді ел тіледі сондықтан,
Жан сезімнің өзіне арнап бұлағын.

Тербеткендей күнде өмірдің бесігін,
Кеш жатасың, ерте ашасың кабинеттің есігін.
Мака деген сіздің есім мақтаныш,
Қиындықтың табу үшін шешімін.

Көз нұрынан мейірбандық танылар,
Нар тұлғада ақыл, шешім бәрі бар.
Бір ай бойы Аркалықта отырсаң,
Егінді алқап, малды дала сағынар.

Пай-пай, шіркін, халық сүйген қадірмен,
Аспас-саспас қорғасындай сабырмен.
Елу жасқа Мақаң жетті деді жұрт,
Көктем таңы секілді аппақ арымен.

Тоқсанында тұлғалы ажар таймасын,
Көңіл көктем күнде көктеп жайнасын.
Бас бәйгенің Құлагерін табиғат
Босағаңа шылбырынан байласын!

Бұл жыр жолдарын қамшының өріміндей мінсіз етіп өрген, көптің тілегіндей риясыз қалыппен жеткізе алған Торғай өңірінің әйгілі арқалы ақыны Нұрхан Ахметбековтің шәкірті, халқымыздың жыр әлеміндегі жарқыраған жұлдыздары Сырбай Мәуленов пен Ғафу Қайырбековтің жерлес інісі Назарбек Бектемісов екендігін де сөз ретінде айта кеткеннің артықтығы жоқ.

Міне, осыдан отыз жылдан сәл астам уақыт бұрын ол халық атынан өзге басшыларға қарағанда, Мақаңа құлай беріле осыншалықты ардақтап, қадіріне жете жыр төгілте алған. Осы өлең жолдарында елуінде де елі үшін елпеңдеген, жарғақ құлағы жастыққа тимей күні-түні дамыл көрмеген, халықтың жағдайын, малдың жайын, шаруаның қамын ойлаған азаматтың абзал тұлғасы танылып тұр. Мен осындай көңілі қазақтың кең даласындай, жаны жайсаң, адамгершілік-адалдығын былай қойғанда, адамның ғажап қамқоршысы, бірге туған туысындай қайырымы мол, өмірде байлық пен барлықты емес, керісінше, айналасына дос жиған, ақылды да мейірбан ағамен өмір жолымның бір белесінде – Республика Ардагерлер ұйымында оның орынбасары болып қызмет атқарған жылдарымызда жақын танысып, сыры мен сымбатына кереметтей сүйсінген едім. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, – сүйінерге жарар ол» деп кеменгер Абай айтқанындай, елінің біртуар перзенті осындай-ақ болса керек. Мен де қарапайым көптің біріндей аға тұтып қастерлеген Мақтай Рамазанұлы Сағдиевпен кездестірген, қызметтес қылған тағдырыма ризамын, соны мақтаныш көремін. Асыл аға жайлы бір ауыз жүрекжарды сөзім көкірегімнен толып шығып қағаз бетіне түскені оның заңғар ұлылығын тани алғандығымның белгісі десем, мұның еш қисынсыздығы жоқ.

Жаның жаннатта болғай, нар тұлға, әумин!

Әбдеш ҚАЛМЫРЗАЕВ,
қоғам қайраткері

МЫҢ ЖЫЛДА БІР ТУАТЫН КЕСЕК ТҰЛҒА

Ауруханада жатып ел ағасы Бәйкен Әшімов жайлы толғауын зор ықыласпен оқып шығып Мақтай Рамазанұлының жаңа бір қырын аңғарған едім. Тірісінде ағалап жүріп, өмірден озған соң ұмытшақтыққа ұрынатын жандар бұл күнде аз ба? Ал, Мақаңның жазғандарын оқығанда, оның достыққа адалдығын, үлкен аға алдындағы парызын өтеуді естен шығармайтынын танып, білгендей болдым. Бәйкен ағаның өнегелі өмір жолын тебірене қағазға түсірген Мақтай Рамазанұлының мақаласын биік адамгершіліктің, бекзаттықтың белгісі деп бағалап, өзіне қатты риза болған едім.

Міне, енді сол Мақтай Рамазанұлы дүниеден озды деген хабарды естігенде жаным ауырып, жүрегім сыздағанын қалай жасырайын. Мен онымен Көкшетауда бес жыл бірге жұмыс істедім. Ол облыстың Бірінші басшысы мен Идеология жөнінде хатшы болдым. Мақтай Рамазанұлы басқарған сол бір жылдар Көкшетаудың өрлеген, экономикасы дамып, егіні мол шығып, құрылысы қарқын алған жылдар еді. Тұрғын үй құрылысы кең өріс алды, ауыл-селода жаңа көшелер сап түзеді, халықтың әл-ауқаты жақсарды, мәдениеті артты. Сүт-ет өндіруде облыс республика көлемінде алға шықты.

Осының бәрінде Мақтай Рамазанұлының ұйымдастырушылық қабілеті анық көзге түсті. Барлық істе ол іскерлік танытты. Жұмысты беріле істеді, уақытпен санаспады.

Басшы ретінде Мақтай Рамазанұлы әріптестеріне жайлы болды. Оларға үлкен сенім артты. Инициативамен жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Салалық хатшылардың өз ісіне тікелей жауап берулерін талап етті. Осыған орай оларға еркіндік берді, ұсақ-түйекке араласпады. Бұл не «бүлдіріп» жатыр деп бақылау жасамады. Өзара сенімділік, жауапкершілікті жете сезіну жағдайында ынтымақтасып, жақсы жұмыс істедік. Бір-бірімізді жақсы түсіндік.

Мақтай Рамазанұлы табиғаты кең, қайырымды, халыққа жақын, аса қарапайым басшы еді. Өзім білемінге салынбады. Барлық мәселені кеңесіп, келісіп шешуге дайын тұрды. Ел аралағанда, мал фермаларында, егін қосында болғанда еңбек адамдарына деген

ілтипаты өте күшті болатын. Көбінің аты-жөнін білетін, есте сақтау қабілетінің күштілігіне қайран қалатынбыз.

Ол тынымсыз ізденіс үстінде болатын. Жаңалықты тез қабылдайтын. Халықтың әлеуметтік жай-күйіне, оқу-ағарту мен мәдениет ошақтарының жұмысына да көп көңіл бөлетін. Шешуі қиын мәселелерден бойын аулақ салмайтын. Орайы келсе, мәселенің шешімін табуға тырысатын да, ал мүмкіндігі жоқ болса, бұлталақтамай ашық айтатын. Ол халыққа тым жақын болды. Ол кезде басшылардың халық алдында есеп беруі, еңбекшілермен кездесуі тұрақты түрде өтіп тұратын. Онда халық мұң-мұқтажын, талап-тілегін, ұсыныстарын айтумен, билікті сынға алумен бірге басшылар айтқан уәделерін орындағанда, оларға алғысын айтуды да ұмытпайтын. Сондай бір сәтте Мақтай Рамазанұлы көңілі босап, көзіне жас іркіліп, сөзден біраз тосылып барып, сәлден кейін: «Сіздер бізге емес, біз сіздерге алғыс айтуымыз керек. Сіздер біздер үшін емес, біз сіздер үшін еңбек етеміз. Жағдайды түсініп, төзімділік көрсеткендеріңіз үшін біз сіздерге рақмет айтуға тиіспіз» дейтін. Ол осындай ашық адами қасиеттерімен халық жүрегінде сақталатыны сөзсіз. Мақтай Рамазанұлы ауданды да, облысты да басқарды. Министр де болды. Қазақстан Жоғарғы Кеңес Төралқасының төрағасы да болды. Барлық жерде ол өзінің іскер басшы, ұлтжанды азамат екенін көрсетті. Бүгін біз тұлғасы кесек, көңілі дарқан, жүрегі жұмсақ қайраткер азаматтан айырылып отырмыз.

Қош, өмірде сыйласып өткен абзал ағамыз Мақтай! Жаныңыз жаннатта болсын!

2012 ж.

Сағила ЕСЕНЖОЛОВА,
Социалистік Еңбек Ері

ХАЛҚЫНА ҚАДІРМЕНДІ МАҚТАЙ ЕДІ

Еліне елеулі, халқына қалаулы болған абзал азаматтар жайлы сөз айту, пікір білдіру қашанда қиын. Өйткені, қаншалықты әділ айттым дегенмен, оның жарқын істерінің кейбір сәттері көлеңкеде қалып қоюы мүмкін.

Алайда, осындай тұғырлы тұлғалардың ел үшін атқарған ерен істері халық жадынан еш ұмытылмайды. Бар саналы ғұмырын елдің игілігі, халықтың қамы үшін сарп еткен Мақтай Рамазанұлы Сағдиев шын мәнінде тағылымды тағдыр иесі болатын.

Мен ол кісіні Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан, нақтырақ айтсам, 2000 жылдан бері білемін. Дәл сол кезде ол кісінің Қазақстан Республикасы Орталық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қайта сайланған кезі еді. Өзім де сол ардагерлер кеңесінің жұмысына жанжақты қызу кіріскен соң Мақтай Рамазанұлымен етене араласып, пікірлесіп тұрдым. Байыппен сөйлейтін, істі нақты шеше алатын азамат еді. Қызмет бабын пайдаланып, менменсу, біреулерге орынсыз кінә тағу секілді жат қылықтарды оның бойынан таба алмайсыз.

Мәселенің байыбын нақтылап, алдағы атқарар іс-шараларды айқындап беретін. Тағы бір қасиеті – қарамағындағы қызметкерлерге зор сенім білдіретін. Сондықтан біз де өз кезегімізде ардагерлер ұйымының қат-қабат шаруасында оның салиқалы қызметіне қолқабыс етуге тырыстық. Сенімін ақтауға ұйымшылдықпен атсалыстық.

Еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, талап пен жігер, тынымсыз еңбегінің арқасында көрнекті мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген Мақтай Сағдиевтің адамдарға деген бауырмалдығы, қарапайымдылығы айқын сезіліп тұратын.

Ол кісімен аз уақыт болса да жақын бола жүріп, асыл азаматтың елге қаншалықты жаны ашитындығын, қолынан келген көмек пен жәрдемін аямайтындығын көріп жүрдім. Кезінде, қоғам игілігі үшін еңбек етіп жүргенде талай жақсы-жайсаңдармен аралас-құралас болдық. Тәлімін көріп, тәрбиесін алдық. Бірақ, шынымды айтар болсам, тау тұлғалы, зиялы Мақтай Рамазанұлының бойындағы асыл қасиеттердің бірі – оның кішіпейілділігі еді.Осындай тұғырлы тұлға

турасында аз-кем пікір білдірген соң сөзімді қорытындылай келе, аяулы ағамыздың еңбегін, халқына деген адал ниетін елі мәңгі есте сақтайды деген сенімдемін.

Қуаныш СҰЛТАНОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ҚОШ, ҚҰРМЕТТІ АҒА!

Құрметті көпшілік! Құрметті Мақтай Рамазанұлының отбасы, сүйікті қыздары, бауырлары, немере-шөберелері, құда-жегжат, жұраттары, туыстары!

Алматының аптап тамызының соңғы күндерімен бірге Мақтай Рамазанұлын соңғы сапарға шығарып салуға қимастықпен, амалсыздықпен келіп, тағзым ету мезетінде тұрмыз.

Мақтай Рамазанұлы бір атаның отбасында дүниеге келіп, баладан өсіп, ел басқарып, еліне еңбегін мол сіңірген қайраткер азамат болып, ұлан-байтақ қазақ даласының кеңістігінде қырандай қалықтап, тұлпардай шауып жүріп, еліне еңбегін ерекше сіңірген сирек тұлға дәрежесіне көтеріліп, бүкіл елдің құрметіне бөленіп, әйгілі ұлы болып, осынау өмірден көшіп барады.

Елбасының көңіл айту хатында Мақтай Рамазанұлының өмірі мен еңбегіне айрықша баға берілді.

Мақтай Рамазанұлы жаратылысынан адал, әділ, рухани тазалықты, қоғамға, елге адалдықты, әр адамның жеке басын сыйлауды ұстанған пейілі ақ, жүрегі сезімтал, бүкіл болмысы, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, кішіпейілдігі, мейірімділігі, бауырына тартқан, абзал ағаның тау тұлғасы көкірегімізде, көз алдымызда биіктеп тұратын.

Мақтай Рамазанұлы өзінің мазмұн мен жасампаздыққа толы өмірбаянында халқымыздың басынан өткен барлық қоғамдық құбылыстарда да қандайда аумалы-төкпелі күрделі қайшылықтар мен қиындықтар тұсында да Азаматтық арын кіршіксіз сақтап, ел мүддесіне мемлекетшіл адалдықпен еңбек ете алған көрнекті қайраткер.

Ол жас мемлекетіміздің тәуелсіздігін тұғырландыру тұсында Елбасы, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің үнемі жанында болып, жаңа қоғамның қалыптасып, өсіп-өркендеуіне атсалысып, айрықша тілекші болды.

Мақтай Рамазанұлы – қазақтың төлқұжатындай – тұлғасына тұрпаты, бойына ойы сай, сәні мен салтанатына келбеті сай, өз қатары қызығатын, артындағы буын, ұрпағы үлгі алуға тырысатын сирек Тұлға болатын.

Хош, құрметті Аға!

Жаныңыз жаннатта болсын!

Құдайберген ҚАЛИЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ЖОЛЫ – САРА, ТҰЛҒАСЫ – ДАРА

Халықтық даналықтың қайнарынан шыққан небір өсиет лебіздер, ұлағат иірімдері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғұмыр-тірліктегі жақсылық пен жамандық атаулының атын атап, түсін түстеп, санамызға сіңіп кеткені сондай – әрбір азаматтың өзіне лайық тұлғасына сай баға беруге ұмтыласың. Осындайда тағы да дана халқымыздың ғақлия сөздері жүрекке ұялап, ғұмырлық бағыт-бағдар нұсқайтын шамшырақ іспетті болады да тұрады. Олай болса, қазақтың:

Жылқы айдаймын көшкенде ақтабанмен,
Жаман жақсы болмайды мақтағанмен! –

деген өлең жолы қалайша тауып айтылған деп таңғаласың. Иә, жақсыны – жақсы, жаманды – жаман ететін Тәңір бұйыртқан жол, тектің көзі, адам іс-әрекетінің өзі емес пе?! Осы ақиқатты айғақтайтын «атасын айтса – нанғысыз» ірі, сом тұлғалар да, яки «жарамды бір теріге алғысыз» пенделер де жетіп жатады-ау бұл өмірде. Тірі жан болғандықтан, адам өз өмірінде осындай адамдарды көрмей, білмей қоймайды. Олармен тонның ішкі бауындай араласып жүру де адамның өзіне ғана байланысты. Лұқпан-Хакім «Жақсымен өткен бір күнің – татиды ғой мың жылға» демекші, алдамшы, асығыс тірлікте жақсының жанында жүргенің қандай ғанибет. Осы лебіздерді мен атақты Біржан салдың мына бір ойымен өрнектей түссем, осы мақаламда сөз еткелі оқталған адамның азаматтық тұлғасы сомдала береді. Әйгілі ән саңлағы Біржан бабамыз «Адаммен жаны жайсаң дос-жар болмақ – өзіңнің бойға біткен

пиғылыңнан» деген екен. Есілден – Ілеге, Ертістен – Жайыққа дейін Алаш даласына аты шыққан ән сүлейі жақсылық атаулының түпқайнары адам пейілінен екенін жүрекке ұялатады. Ендеше, ағайын, жақсылықтың да, жамандықтың да тамырын өз тұла бойыңнан іздеуге талпынған жөн. Аталары осыны тұла бойына нәрдей дарытқан кесек те кенен адамның бірі де бірегейі елімізге есімі әйгілі азамат, асыл да ардақты аға Мақтай Рамазанұлы Сағдиев болған десем, ағат айтқаным емес.

Адам өз жолында таңдауына байланысты өнеге алып өспей ме. Сонда «ізгі болсам» деген өрен өзіне аға да, пана да тұтар адамға жарық сәулеге ұмтылған өсімдік тәрізді құмартады. Мысалы, мен де солаймын. Осындай асыл азамат деп Мақтай ағама тәнті болғанымды бүгінде өз басым алпыстан асып, нағыз кемел шаққа жеткен күннің өзінде ұрпағыма да, ұяма да айтумен келемін. Мұны олардың өздері де біледі. Алайда, «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, жаманның жамандығын айт – құты қашсын» деген ата-баба ақылынан өнеге алған жөн ғой.

Осы айтқанымдай, мен егер біреуден емес, өзімнен өзім сұрайтын болсам да осылай дер едім. Ендеше, жақсы адамның ізгі сипатын, парасатын айту менің азаматтық парызым болмақ. Өмір жолымда жақсыны да, жаманды да көріп келе жатқандықтан, мен ізгілердің де ішіндегі ізгісі Мақтай Рамазанұлының тұлғасына тәнті болғанымды несіне іркіп қалайын?

Мен осы ағаға ұқсауға тырыстым. Өз өмір жолыма аға тұлғасын өнеге етіп өстім. Ойы да, бойы да кесек, көп жұлдыздың ішіндегі жарық Айдай келбетіне құмарттым. Ағаның бір асыл қасиеті барын аңғардым. «Өзім!» деген адамнан жан жылуын аямайтын жүрек жомарттығын аңғарғандықтан, оған сүйсіндім де, сүйендім де.

Мақтай ағам маған бір тұлғалы таудай боп көрінеді. Және де бұл сипаты менің жүрегіме мәңгілік ұялап қалды. Ол менің осы тәнтілігімді өзі де сезіп, менен бойын аулақ салмай, жанына тарта білді. Есіл ауданының қаттай ғана Өндіріс ауылынан шыққан ағаның атақ-даңқы аймақтан асып, Алашқа жетті ғой. Атақ-абырой сатып алынбайды. Сатып алынған абыройдан ауып қалу оп-оңай. Мәңгілік абыройдың серігі сауда-саттық бола алмайды. Өкінішке орай, арзан абыройды малданатын қауанас, қауқарсыз пенделер бұл өмірде жетіп жатыр. Жасыратын несі бар, кейде өнерліден өлермен озып та жатады. Алайда, өлерменнің жолы

түптің түбінде таусылмай ма? Мақтай аға сынды ел тұлғаларының абыройы мәңгілік. Ірі мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесін иеленудің өзі оның тектілігінен болар, тегі. Не десең де, оның жолы – сара, тұлғасы – дара! Ғұмыр жолының небір адам тәнті болар кезеңдері, өзге ілтипатты інілері сияқты, менің де көз алдымда. Қарапайым ауыл баласы өткен өктем-зорлығы басым ғасырдың қиын-қыстау сәттеріне тап келген аға оқу мен талпынудан танбаған. Талғардың ауылшаруашылығы техникумын тамамдаған, Семейдің мұғалімдер институтын тауысқан, жиырмадан сәл асқан тұсында ордабұзар адамның өзінен озып, партия қызметінде көзге түскен. Шаруашылықтарды басқарып, кейін Соколов, Жамбыл аудандарының саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларын бір арнада тоғыстырған бірінші басшының тізгінін алған. Ұлттық басшы кадрлардың аса өрлей бермейтін қиямет-қайым, қысталаң тұсында арнаны бұзған мұзжарғыштай алда жүрген кездерін айтсаңшы, шіркін! Торғай, Қостанай облыстарында Атқару комитетінің басшысы болған! Ағаның өсуі мен өрлеуі тәнті етерлік. Бұл өсу мансапты аңсап ғазиз басты тау мен тасқа ұру емес, нағыз азаматтың ардақты жолы ғой. Қашанда ізгі, ілтипатты, жанбаурар қасиеттен айныған да, ауып кеткен де емес! Аға ақылман, жанашыр, «өзімде емес, өзгеде болсыншы» дейтіндей жомарт, даркан, даңғайыр. Әр лебізінің түбіне көз салсаң, жанарыңа асыл тас шалынатын ардақты бір жан еді.

Сол бір жылдарымен де өз қадери-халімше ел көзіне түскенімде Мақтай ағаның осы бір сипаттарын бойыма қондырғым келді, оны алдымдағы шамшырақтай көрдім. Жүріп келе жатқан жолыма, сүріп отырған жылдарыма ой көзін салсам, жаңылмаппын ғой сол бір таңдаудан.

Осы ағам Көкшетау облыстық партия комитетін ердің жасы елуден асқанда басқарып, тіпті жүз жыл армандағанға бұйырмайтын Жоғарғы Кеңес төрағасының тізгінін қолға ұстаған шағында асып-тасқан емес. «Мен – Қазақ елінің екінші лауазымын арқалап тұрмын!» деген астамшылық көрсетпестен, қашанда қаққан қазықтай, нық, бәйтеректей биік қалпында көз алдымызда тұрды. Міне, асыл азаматқа тән тектілік осындай-ақ болар!

Оның елден алған марапаттары мен мадақтары – еңбегінің жемісі. Сіңірген еңбегінен асырып абырой іздейтін адам ол емес! Еңбегі сіңбей тұрып, сіңірін созатындармен оның ауылы іргелес болмады.

Тегі, «маңыма жақын адам осы болар-ау!» деп игіліктіні іздейтіндіктен де шығар, Мақтай ағаның көзіне түскеніме мен де қуаныштымын. Арамызда бозбаланың жасындай айырма бола тұра, ол мені сырлас, сыйлас көріп кетті. Сонысына ғұмырбақи алғысым шексіз.

Қай заманда да адам басын бұлт шалмай тұрмайды. Бірдің залым пиғылы мыңның ордасын ойрандап, шаңырағын шайқалтатын тірлікте қу түлкінің күні ардақүрең азаматты аттан жығатын зымияндық қалсын ба – менің де қиын-қыстауға душар болған күндерім болды. Сондай күйзелісті күндерде жаныма нұр құйған ағам осы Мақтай Рамазанұлы еді.

«Құдайберген шырағым, атамыз қазақ: «Ит үреді, керуен көшеді!» деп тегін айтпаған. Иттердің үргенін елең қылма. Менің ағалық ақылыма құлақ сал. Менің Трусковец шипажайына барып тынықпақ ойым бар. Жаныма серік болып бірге аттанайық, Сәуле келінді, немереңді ерт те, менімен сапарлас болып, ойыңды бөліп, бойыңды ширатып қайт!» деп тілек білдіргенін құп алдым да, кейін оған өкінбедім де! Осы сапарда ағаның асыл жанын аңғара түсіп, асқан ілтипаты бойыма ұялап қалды. Сол жолы ол немерем Даниалға Ресей Президенті Владимир Путин өзіне сыйлаған атаулы тарту – кол сағатын шешіп берді. Бұл ағаның зор тәбәрігі сынды, сондықтан оны жақсылыққа жорыдым. Өйткені, мұндай тұлғалы азаматтың жасаған сыйлығы қазақи ырымшылдықтан ба деп ұқтым. Көнекөз кәрілерді көріп өскен Мақтай аға, ел тәрбиесіне жетік, сол ырымға орай жас өскеннің жолы даңғыл болсын деген ақ тілек жатыр деп ойлаймын бұл тартудың астарында. Немерем Даниал атасының жолын қуып, ақ батасын ақтайды деген сенімдемін.

Былтыр асыл азамат, Алаштың ағасы Мақтай Рамазанұлы оралмайтын алыс сапарына аттанды, өзінің мәңгілік мекеніне көшті. Асыл аға, жаныңыз жаннатта болсын, бақұл болыңыз. Артыңызда қалған балаларыңыз, немере-шөберелеріңіз, еліңіз аман болсын.

Тілектес АЙСИН,
қоғам қайраткері

ҮЛКЕН ПАРАСАТ ИЕСІ

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тамаша сөз бар. Мақтай Рамазанұлы сынды жақсы ағаның пәниден бақилық болғанына да бір жыл болып қалыпты. Осындайда ол кісі жайлы көңілдегі көркем ойды, жүректі тебіренткен жылы сөзді, жақсы лебізді ұрпаққа тағылым, ағаның аруағының алдында парыздай көріп, қолыма қалам алып отырмын.

Мақтай Рамазанұлы сықылды маркасқа тұлға туралы естелік айту бір жағынан оңай, екінші жағынан қиын. Оңай болатыны – ол кісінің есімі елге мәшһүр. Қазақ елінің игі жақсылары, зиялы қауым өкілдері Мақтай Рамазанұлын жақсы таниды. Ағамыздың жарқын істері, үлкен азаматтығы, биік парасаттылығы жайында айтылған, жазылған неше алуан естеліктер, қымбат сөздер бар. Соншама мол мағлұматтың басын бір параққа сыйғызуға болатын еді. Алайда, Мақтайдай заңғар тұлғаның сан қырлы кісілік қасиетін, қайраткерлік тұлғасын, ағалық қамқорлығын, бір сөзбен айтқанда, адамдық игі жақсы келбетін түгел қамту мүмкін емес секілді. Ондай терең талдау жасауға шағын естеліктің ауқымы тар. Сондықтан біз осы жерде жақсы ағаның мазмұнды өмірінен өзіміз куә болған жарқын парақтарды ғана айтып өтсек деген ниет бар.

Мақтай Рамазанұлымен өткен ғасырдың жетпісінші жылдары ол кісі Солтүстік Қазақстан облысында аудан басшысы болып тұрған кезде таныстым. Менің де қызметім ол уақытта Солтүстік Қазақстанда болатын. Біріміз іні, біріміз аға болып басталған сондағы сыйластық, тумасақ та, бірге туғандай болып кеткен туыстыққа, бауырмалдыққа ұласты. Кейін ағамыз Торғай жеріне, мен Алматыға ауыстым. Алайда, қарым-қатынасымыз үзілмеді. Мақтай аға Балық шаруашылығы министрі, Республика Жоғарғы Кеңесінің Президиум Төрағасы болып үлкен-үлкен лауазымды орындарға отырды. Бірақ ол кезде де арамыздағы інілік бауырмалдық сезім баяғыдай болды.

Осы жерде мен Мақтай ағаның бойындағы ең бір асыл қасиеттерінің біріне ерекше тоқталғым келеді. Мен білетін баяғы аудан басқарған Мақтай Сағдиев пен Республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы болған Мақтай Сағдиев бір адам еді. Бұл

орайда оның мінезі, адамға сәлем бергені, адамның сәлемін алғаны еш өзгермегенін айтқым келеді. Қызмет баспалдағымен қандай биікке көтерілсе де, Мақтай аға бұрынғыша қарапайым, бұрынғыша парасат иесі болып қала берді. Ағамыздың осы керемет бейнесі көптің аузында, ол кісіні танитын зиялы азаматтардың естеліктерінде жиі айтылады. Мақтай ағамыздың қанында бар тектілігі, ұяда көрген қазақи тәрбиесі, білімпаздығы, өмірден көріп-түйген парасаттылығы оның жамандар қатарынан емес, жақсылар сапында екендігін көрсетеді. Осы күнде қызметі жоғарыласа, кеудесіне нан піскендей көкірегін көтере кететіндерді де көріп жүрміз. Бұл орайда қазақ атамыздың «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» деген керемет сөзі бар. Мақтай ағаның қарапайымдылығы, кісілігі сондай шолақ ойлы шенеуніктерге, билікте жүрген кейбір «қайраткерсымақтарға» ғибрат боларлықтай деуге болады.

Таудан аққан тас бұлақ,
Тасыса, құяр теңізге.
Қанша малы көп болса,
Бай қуанар егізге.
Жаманнан жақсы туса,
Жақсыдан жаман туса,
Тартпай қоймас негізге, –

деген екен дүлдүл Бұқар жырау. Мақтай Рамазанұлының асыл қасиеті, мінезінің қазақтың даласындай даркан келгені, биік парасат иесі болғаны оның асыл тегінен екендігін біз кейін таныдық. Біле білсек, Мақтай Рамазанұлының арғы бабасы – XIX ғасырда жасаған аты аңызға айналған сұлтан Зілғара бай екен. Оның бел баласы – әйгілі Ақан серімен дос болған Әлібек батыр. Осындай текті тұқымның тұяғы, алтынның сынығы, бұлақтың тұнығы Мақтай ағаның бойында ұсақтықтың болмағаны заңды еді. Мақтай ағаның денесі қандай ірі болса, сөзі мен ісі де сондай ірі, заңғар еді. Қанында бар қасиетті дарытқан жаратқан Құдайдың құдіретіне осындайда тағы бір таңғалмасқа лажың жоқ.

Сексенінші жылдары Мақтай аға Қостанай елінде Облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметінде болған кезде мен қызмет бабымен сонда іссапарға бардым. Сонда Мақтай ағаға сәлем берейін деп ол кісіге арнайы кіріп шықтым. Аға мені сол жолы құшақ жайып қарсы алды. Ниетіме риза болып, көптен күткен бауырындай сыйлады. Екеуіміз кабинетінде ұзақ отырып әңгімелестік. Қонып кет,

қонақ бол деп қыстады. Сол бір қызық, керемет отырыс әлі күнге дейін көз алдымда.

Енді бір тамаша күндерді Мақтай ағамен шетелде бірге демалғанда өткіздік. Қазақстаннан бірнеше отбасы Карловы Вары шипажайында кездесіп қалдық. Мақтай ағаның үйімен біз әуелден бірге баратын болдық. Сонда шетелде Мақтай Рамазанұлы қазақтың қонақжайлығын көрсетіп, бізді де, шетелдіктерді де бір риза қылды. Чехословакияда болсақ та, Мақтай аға арнайы қой сойғызып, оның етін қазақтың дастарқанына қоятындай етіп жасатты. Етпен бірге қойдың басын үйіткізді. Сөйтсек, бастың үйітілгені тамаша екен де, бірақ оның жағы айырылмапты. Жағы айырылмаған қойдың басын көріп, бәріміз бір күліп алдық. Ал оның әзірлеу байыбын білмейтін шетелдіктерге ренжімедік. Мамыражай таудың қойнында, бал бұлақ ағып жатқан жер жаннатында сол жолы Қазақстаннан келген танысы бар, таныс емесі бар, әйтеуір бірталай адам Мақтай ағаның жомарт дастарқанының қадірлі мейманы болды. Әрине, өмірдің осындай шуақты күндерін, жақсы ағамен бірге өткізген керемет шақтарды еш ұмыта алмаймыз.

Мақтай ағамыз бен Төкеш жеңгеміздің Ғалия, Алма, Раушан, Роза, Сәуле есімді бес баласы жақсы ата-ананың тәрбиесін көріп бой түзеді. Олармен Мақтай аға мақтана алатын еді. Кісілігі мен кішілігі бойларында бар қыздар да нар тұлғалы әкелерімен мақтана алады. Түгел мен Алма, Ғұмырбек пен Роза қазір Астанада тұрады. Олармен біз Мақтай ағамен сыйласқандай қарым-қатынас жасап тұрамыз. Біз – олардың, олар – біздің үйдің қадірлі қонақтары. Әкесі өлсе де, әкесінің көзін көрген өлмесін дегендей, Мақтай ағаның балалары біздерді ерекше құрметтейді.

Мақтай Рамазанұлы мәселенің бәрін байыппен шешетін, даусын еш көтермейтін. Өте бауырмал, кішіпейіл жан еді. Сымбаттылығы мен сыпайылығы, байсалдылығы мен сабырлылығы, отырған жерінде, жүрген жерінде бірқалыпты болатындығы, ізетпен сөйлейтіндігі, маңайына құрметпен қарайтындығы Мақтай ағаны өзге жұрттан даралайтын еді. Ардақты аға алып бәйтеректей болып, көлеңкесін бәріне төгетін. Үлкенге үлкендей, кішіге кішідей қарап, бәрімен бірдей қарым-қатынас жасайтын. Мақтай ағаның осы бір тамаша қасиетін оның өмірлік ұстанымы деуге болады. Жақсы ағаның жарқын бейнесі есімізде мәңгі бірге жасайды.

Нұрын төгіп, жастарға жол ашатын,
Білім беріп, қамқор боп, қарасатын.

Әзілдейтін жаспен де, кәрімен де,
Әзілі де әдемі жарасатын.

Көркем еді, керемет керім еді,
Сағынғанда қабырғам сөгіледі.
Тау тұлға боп қалады есімізде,
Тау да алыстап кеткенде көрінеді.

Манарбек ДАИРОВ,
почетный строитель Казахстана

ГЛУБОКИЙ СЛЕД НА ЗЕМЛЕ

На географической карте нашей огромной казахстанской земли Северо-Казахстанская область по своей территории, да и по численности населения занимает небольшое место. А какие яркие личности родились на этой благодатной земле! Поэты, писатели, ученые, космонавты, общественные деятели. Магжан Жумабаев, Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Габиден Мустафин, Иван Шухов, Владимир Шаталов, Сергей Викоренко, Байкен Ашимов и многие-многие другие выдающиеся сыны народа. К их числу принадлежит и Махтай Рамазанович Сагдиев.

Не хочет мое перо писать в прошлом времени об этом удивительном человеке. Сильной воли, с прямой, честной и открытой душой, внешне красивый, высокий, статный, с волнистыми пышными волосами – это был Махтай аға. Когда он выступал перед народом, люди собирались со всей округи, не столько для того, чтобы послушать его, а просто посмотреть. До того он был привлекателен как мужчина и великолепен как оратор, специалист, профессионал своего дела.

Писать о Махтае Рамазановиче непросто. Мы с ним земляки, даже, как говорится, одного рода и племени – атыгайцы. Большая разница в возрасте, различные профессии, да и вместе работать нам не довелось, все это мне не позволяет давать ему оценку. Нас объединяла лишь братско-товарищеская дружба. Когда судьба свела нас, Махтай Рамазанович стал считать и называть меня своим младшим братом.

Трудиться нам пришлось, в основном, в разных регионах. Он рос профессионально в партийно-советской среде в Северном Казахстане.

Мне, после окончания в 1966 году института, два года по направлению пришлось работать старшим прорабом в «Молодогвардейском» совхозе Булавского района. Затем была служба в рядах Советской армии. После службы десять лет работы в системе «Главалмаатастроя» – от прораба до секретаря парткома, с правами райкома партии, крупного строительного треста «Алмаатакультбытстрой».

В этот период Махтай Рамазанович вместе с другими талантливыми руководителями республики создавал и развивал Тургайскую область. Когда он возглавлял Министерство рыбного хозяйства, я уже работал в Отделе строительства ЦК Компартии Казахстана. В январе 1985 года Махтай Рамазанович был избран первым секретарем Кокшетауского обкома партии. В октябре 1984 года меня избрали первым секретарем Актюбинского горкома партии. В 1989 году Махтай аға возглавил Президиум Верховного Совета Казахской ССР, меня избирают вторым секретарем Актюбинского обкома партии.

Так решено было судьбой, что не пришлось в тот период с ним поработать ни в одном из регионов.

В 1987 году я избираюсь депутатом Верховного Совета республики. Только здесь, уже в Верховном Совете, мы трудились рядом.

Что тогда меня поразило в Махтае Рамазановиче?

По Конституции Казахской ССР он являлся номинальным главой республики, но ни пренебрежения, высокомерия, заносчивости, ни других отрицательных качеств по отношению к подчиненным, ни к депутатам я не замечал. В нем всегда присутствовали только положительные черты характера – доброжелательность, заботливость, желание помочь в работе.

Время быстро пролетело.

В мае 1989 года Махтаю Рамазановичу исполнилось 60 лет. Спустя несколько месяцев, он не стал ждать, когда ему предложат уйти на так называемый «заслуженный отдых», сам подал заявление и оставил высокий пост председателя Президиума Верховного Совета республики.

Но на этом не закончилась его трудовая деятельность и служебная карьера. Он был еще востребован в элите независимой казахстанской политической и государственной службы. Указом Президента Республики Казахстан Махтай Рамазанович был назначен членом Государственной комиссии по экономической реформе.

В последующем он избирается депутатом Мажилиса Парламента по партийному списку партии «Нур Отан». С 1991 года Махтай Рамазанович становится руководителем ветеранской службы Казахстана. Исполнял он эту миссию почти до последних дней своей жизни.

В дальнейшем мне не приходилось встречаться с ним по служебным делам. Больше общались вне, по выходным и праздничным дням. Однако еженедельно, по четвергам, обязательно мы были вместе, потому что это был наш так называемый «банный день». Такие «дни» продолжались около семи лет, до его отъезда в Алматы.

Во время тех прекрасных встреч, он подолгу рассказывал о своей «малой родине», о своем ауле, о дедушке и, особенно об отце – Рамазане. Говорил, как отец вырастил из саженцев берез, осин, тополей и сосен огромный лес, который, когда вырос, люди называли «Рамазановской рощей», она до сих пор сохранилась и превратилась в замечательный, уникальный природный уголок.

Гордился Махан и тем, что родился и вырос на реке Ишим. Рассказывал, каким он, Есиль, в те годы был полноводным, величавым, красивым, но и своенравным в пору полноводья по весне. Ишим затапливал долины на десятки километров, а в пригороде Петропавловска дачи, находящиеся в пойме реки, уходили под воду. И только к середине июня Ишим отступал, возвращаясь в свое русло. Он об этом часто вспоминал, потому что, когда переехал в Акмолу, его квартира находилась на берегу Ишима, по набережной которого он ежедневно прогуливался.

С особой любовью Махан вспоминал совхоз «Афанасьевский», где работал директором. «Как специалист и руководитель, я стал благодаря этой работе. Эта должность стала для меня основой, прочным фундаментом для будущей руководящей работы на более значительных постах», – говорил Махтай Рамазанович.

Однако недолго ему пришлось оставаться на любимой директорской работе.

В один из дней зерноуборочной страды совхоз посетил Димаш Ахметович Кунаев. Ему понравился молодой, тогда 37-летний энергичный директор.

Конечно, прежде всего тем, что поставил работу на высоком организационном уровне. Поскольку совхоз был, в основном,

зерноводческим, здесь на полях применялись все агротехнические нормы. С большой любовью люди относились к земле – вовремя ее обрабатывали, подкармливали удобрениями, давали ей отдохнуть. И, как результат, ежегодный высокий урожай – в среднем по 15-17 центнеров с гектара. Обратил внимание Димаш Ахметович и на заботу директора о тружениках совхоза. Десятки новых домов, Дом культуры, школа, детсад – не остались не замеченными Димеке.

«Таких руководителей надо растить, выдвигать на уровень районных руководителей, затем на областные и республиканские уровни», – сказал Димаш Ахмедович, уезжая из области, тогдашним руководителям В.П. Демиденко и С.К. Кусаинову.

Вскоре, после уборки урожая, Махтай Рамазанович избирается первым секретарем Соколовского райкома партии. С должности директора совхоза сразу стать первым секретарем райкома партии – это огромный карьерный рост по тем временам.

У Махтая Рамазановича в дальнейшем такие резкие подъемы по службе проходили с постоянной периодичностью.

В конце 1970 года принимается решение о создании Тургайской области. Махтай аға решением бюро ЦК Компартии Казахстана направляется в Аркалык первым заместителем председателя облисполкома.

Ровно девять лет он отдал делу служения Тургайской области. Не боялся трудностей, постоянно выезжал в командировки в самые дальние районы, добирался до самой отдаленной чабанской точки, вникал во все проблемы и принимал все меры для их решения. Его знали в лицо практически все жители области. Все эти годы Димаш Ахметович следил за продвижением Махтая Рамазановича. И в июле 1980 года Махаң был приглашен в ЦК к Кунаеву. В беседе он сказал: «Махтай, ты, оказывается, уже девять лет в Тургайской области, стал там ветераном, все твои соратники давно выросли, работают на других, более высоких постах. Пора и тебе на повышение. Бюро ЦК предлагает тебе возглавить Министерство рыбного хозяйства республики. Как смотришь на это?». Несколько опешив от такого предложения, Махтай Рамазанович ответил, что кроме как ловить и есть рыбу он ничего о ней не знает. «Нам не рыбак нужен, а министр! Ты хороший организатор, надо создать там атмосферу работоспособности, сейчас в коллективе министерства сплошной развал, потоки писем поступают к нам с жалобами на руководителей министерства,

– сказал Димеке. Мы тебе доверяем, с Москвой уже обговорили твою кандидатуру. Завтра вылетай в ЦК КПСС и в Министерство рыбного хозяйства СССР».

После беседы с другими секретарями ЦК, Махтай Рамазанович зашел в отдел строительства, нашел меня, рассказал о предложении руководства ЦК Компартии Казахстана. Затем говорит: «Мне сегодня нежелательно куда-то идти и меня не должны лишний раз видеть ни в ЦК, ни в Совмине. Буду сегодня вечером с тобой и твоей семьей. После шести часов вечера жди». А время было уже около 16.00 часов.

Сразу позвонил домой, сказал Алие готовь, мол, ужин, у нас в гостях будет Махтай Рамазанович. Оказалось, что в холодильнике у нее, кроме замороженной курицы и банки красной икры, ничего не было. Но Алия не растерялась. Вместе с дочерью Аделией (она перешла тогда во второй класс) быстро сообразили, что делать. Разморозив и замариновав на малое время курицу, запекли ее в духовке с картофелем. Красиво оформленная овощами, сдобренная пряностями и уложенная на большое блюдо, курица выглядела очень аппетитно. А красная икра, фрукты, курага, изюм и куймак (оладьи) украсили стол и спасли положение.

Когда в дом приходят хорошие люди и с добрыми намерениями, все получается удачно, гласит казахская поговорка. Так и случилось.

Махтай Рамазанович, уходя, сказал: «... Давно так не расслаблялся, как сегодня, очень рад, что пришел именно к тебе, Манарбек». Мы в семье часто вспоминаем этот эпизод.

В январе 1985 года Махтай Рамазанович избирается первым секретарем Кокшетауского обкома партии. Весь его огромный организаторский талант раскрылся именно в этой должности.

В те годы, годы горбачевской перестройки, по всей стране не хватало продовольственных товаров. Не исключением была и Кокшетауская область. И тогда по инициативе Махтая Рамазановича, под началом облпотребсоюза по всей области начали создаваться кооперативы по откорму скота, организовываться новые малые мясо-молочные заводы. Эти мини-предприятия через год начали обеспечивать всю область мясной, молочной, колбасной и консервной продукцией. Все продовольственные магазины были забиты мясом, колбасой и другими видами мясной и молочной продукции. Опыт кокшетауцев перенимала вся республика.

До сих пор в памяти и другая инициатива кокшетауцев. Бюро обкома партии принимает решение по обеспечению сельских тружеников благоустроенным жильем. Образцовым поселком в этом плане стало село Александровское, ныне поселок Кенесары, под Кокшетау. За короткий срок здесь были возведены жилые дома, построенные по интересным архитектурным проектам, удобные для проживания именно сельских жителей, включая горячую и холодную воду, туалеты, ванные.

Большое подворье, теплые сараи для скотины, городское благоустройство территории. Эти образцовые дома до сих пор хорошо сохранились и служат сельчанам.

В дополнение было построено много объектов социальной инфраструктуры – красивый Дом культуры на 300 мест, торговый центр, детский сад на 240 мест, поликлиника, здание администрации поселка. Почин кокшетауцев также подхватили все строители 19 областей республики.

Возглавить инициативную делегацию Актюбинской области по изучению опыта кокшетауцев бюро обкома партии поручило мне. С какой гордостью я смотрел на этот прекрасный поселок, построенный по личной инициативе Махтай аға! Так и хотелось во весь голос кричать, что это мой земляк, мой старший брат.

И, действительно, как не гордиться таким старшим братом!

К сожалению, он рано ушел из жизни, но какой он оставил на земле глубокий след.

Прекрасные дочери, одна красивее другой, – самодостаточные, образованные, умные.

Замечательные внуки и правнуки. Пусть они будут похожи на своего дорого дедушку.

А у нас, его благодарных земляков, глубокая память и настоящая гордость о великом человеке – Махтае Рамазановиче Сагдиеве сохранится в сердцах навечно.

Қайырлы ЕДІРЕСОВ,
Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАПТЫРМАС ЖАНАШЫРЫ

Бұл кісімен алғаш кездесуім қазіргі Есіл ауданы Орталық ауылында ауыл басқармасы болып қызмет еткен Махмет Әлжановтың үйінде болды.

Сол кезде мен Мақтай Рамазанұлының мұғалімдер институтын тамамдағаннан кейін Ленин ауданындағы Қарағаш мектебінде оқу бөлімінің меңгерушісі болып бастап, онан кейін мектеп директоры қызметін атқарғанын білдім.

Осы кезеңде ол Махмет Әлжановтың үйінде пәтерде тұрды. Сондықтан ол өз таныстарын аралап шығуды жөн көрді, оның қасында сол кезде Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істеген Мінайдар Жақыпұлы Жақыпов пен аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Ядгар Шамсутдинович Ситмулин бар еді.

Мен Явленка селолық мектебінің 10-сыныбында оқып жүргенмін. Жаз уақытында ауылда кешкілікте волейбол ойнайтынбыз, көрші ауылдарға да барып ойнап жүрдік, әдеттегідей Орталық ауылының командасы жеңіп шығатын. Біздің спорттық жетістіктеріміз жөнінде мен аудандық «Есіл» газетіне жазып жүрдім.

Махмет Әлжанов менің әкемнің немере ағасы, ол мені қонақтарға таныстырды. Мақтай Рамазанұлы өзіне тән аздап қарлыққан ұнамды дауысымен біздің ауыл жастарының әрекетін құптады. Шамамен сол кезде Бегайдар мен Өмірзақ Рамазановтардың басшылығымен көркемөнерпаздар концерті, спектакльдер қойыла бастады. Олар да көрші Қарағаш, Алқа, Жаңалық, Аралағаш ауылдарына барып жүрді. Кейінірек Өмірзақ Орталықта халық театрын құрды. Бұл үлкен жетістік еді. Ауыл ақсақалдары Молдабай, Қабиден, Махмет, Досымбай, Есләм, сол кезде ағаш шебері болған менің әкем Едірес жастарды ұйымдастырып, сенбіліктерге қатыстыру әдісімен қайың бөренелерден 100 орындық клуб салды. Одан әрі әкесінің ісін ұлдары Амангелді мен Спартак жалғастырды. Спартак Рамазанов қазір Н. Погодин атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық драма театры директорының орынбасары, Амангелді Бескөлде Мәдениет үйінде жұмыс істейді. Олар Жылғара руынан. Мақтай Рамазанұлымен

мен Ленин ауданы Ильич атындағы кеңшарда партия комитетінің хатшысы болып істегенде жиі кездесе бастадым. Оның кіші інісі Болат Сағдиев осы кеңшарда бас зоотехник, ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс істеді. Әкесі Рамазан Сағдиев Болатпен бірге тұратын, сондықтан Мақтай Рамазанұлы демалысының басында не соңында, әйтеуір, әкесіне барып, халін біліп шығуға уақыт табатын. Ол Торғайда облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақ КСР-і Балық шаруашылығының министрі, Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет істегенде де Ленин ауданы Ильич селосына келіп тұратын. Мұнда оның достары Қанаш Шәкенов, Иван Иванович Синенко, Мінайдар Жақыпұлы Жақыпов, Сергей Александрович Ржевскийлер жиналды. Мақтай Рамазанұлы Ильич кеңшарының директоры Всеволод Петрович Андреевпен өте жақсы қарым-қатынаста болатын. Кезінде Сабыр Біләлұлы Ниязбеков Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы болған кезде ол Возвышен ауданында жұмыс істеп жүріп, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесіне депутат, Жоғарғы Кеңес Президиумына мүше болып сайланған. С.Б. Ниязбековтің іскерлік қасиеттері туралы олар өзара әңгімеледі. Мақтайдың әкесі Рамазан КОКП мүшесі болатын, жарналарын маған үйге келіп төлейтін, ол өте көп оқыған, жас кезінде ұжымдық шаруашылық төрағасы болып істеген, шай үстінде ақылын айтып отыратын, мен ол кісіден көп мағлұмат алдым. Рамазан атаның жұбайы 13 құрсақ көтерген, соның тірі қалғаны екі ұлы ғана. «Мақтайдың да өміріне қатер төнген сәт болған, – деп әңгімеледі әкесі. – Оның тамағына балықтың сүйегі қадалып қалған. Жұбайымда тұмарға ұқсаған мырыш жалпақ тілік (жұмсақ) бар еді, соны күштеп өңешіне дейін тығып жіберіп, сол тілікке сүйек жабысып алынған, содан кейін бала жеңілдеген. Соның салдарынан болар, сөйлегенде оның даусы аздап қарлығыңқырап шығады».

Мен Есіл ауылшаруашылық колледжінде жұмыс істеген кезде (1991–2008 жылдары) Мақтай Рамазанұлына ҚР Парламентінің депутаты, біздің республикамыздағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы болған кезде бірнеше рет барғанмын.

Солтүстік Қазақстан облысында орман көп, әр ауданда орман шаруашылығы бар деуге болады, ал ондағы мамандардың тиісті білімдері жоқ. Маған колледжде «орман-орман саябағы шаруашылығы» мамандығын ашу туралы ой келді, бірақ Білім министрлігінде маған Щучье ауданы Бурабай кентінде колледж бар, сол

жеткілікті деген. Ал Мақтай Рамазанұлы менің ойымды қолдады, ормандар ескіріп келеді, питомник керек, орман өсірумен айналысу қажет, сондықтан білікті мамандар қажет деп, Білім министрлігімен және Қазақстан Республикасы Орман комитетіндегілермен сөйлесіп, олар өз кезегінде колледжге мамандарды әзірлеу мен орманды пайдалануға 15 жылға лицензия берді.

Бұл студенттерге оқу-өндірістік тәжірибе жұмыстарын өздеріне бекітілген учаскелерде өтуге мүмкіндік берді. Колледж ағаш материалдарын жинаумен, отын сатумен айналыса бастады. Үш жыл ішінде 50 га ағаш отырғызылды.

Міне, республикалық деңгейдегі басшының данышпандығы. Мен Мақтай Рамазанұлының туған жері Өндірісте 70 және 75 жылдық мерейтойларын өткізу жөніндегі комиссия мүшесі болдым.

Ол өте қарапайым адам екен, сән-салтанатты аса ұната қоймайтынын байқатты. Бізге ат жарыс, айтыс және басқа шараларды өткізбей-ақ қойыңдар деп тапсырды.

Ол өзі ауылға келіп, өзімен бірге Афанасьев кеңшарында, Жамбыл, Соколов, Ленин аудандарында жұмыс істеген адамдарды жинап, олардың әрқайсысына алғысын айтып, сыйлықтарын тапсырды. Той өте кеш аяқталды. Мақтай Рамазанұлын өзінің тәлімгері әрі ұстазы деп санайтын аудан әкімі Әнуарбек Мамырұлы Сағитов маған 100 адамға жатақхана әзірлеуді тапсырған. Бәрі дайын болатын, бірақ Мақтай Рамазанұлы қонақтарына, Сіздер маған қонаққа келдіңіздер, аудан орталығында әзірше қонақүй жоқ, ал сендердің көңіл күйлерің «көтеріңкі», онда мемлекеттік оқу орны, жастар, – деп, тағы да парасаттылық танытып, қонақтарымен қош айтысты.

Өзі сенатор Фарит Хабибрахманович Галимов пен ҚР Үкіметінің инспекторы жұмыс бөлімінің бас инспекторы Аманбол Мұхаметқалиұлы Оразалинмен колледжге келді.

